


66

ӨНЕРПАЗДАР ӘУЛЕТИ







ӨНЕРПАЗДАР ӘҮЛЕТИ



JFOLIANT
БАСПАСЫ

АСТАНА-2012

УДК 78

ББК 85.31

Θ 48

Редакция алқасы:

- 1. Бекет Тұрғараев – шығарушы, жауапты редакторы**
- 2. Абай Тасболатов – Парламент Мәжілісінің депутаты**
- 3. Социал Жұмабаев – құрастырып, баспаға дайындаушы**
- 4. Қаратай Биғожин**

Θ 48 **Өнерпаздар әuletі / Кұраст. Жұмабаев С. – Астана: Фолиант, 2012. –352 бет.**

ISBN 978-601-292-581-4

48722

Бұл жинаққа Қазақстанның солтүстік өңірінің тумасы, есімі ел жадында сакталған әйгілі Дәулен батыр Таузарұлының ұрпактарынан тараған сан қырлы өнер иелерінің өмірі мен шығармашылығы туралы тарихи деректер, зерттеу мақалалар топтастырылған. Ұлттық музыка, әдебиет әлемінде есімдері елге етene таныс Дәстем сал, Қожаберген жырау, Серіз сері және т.б. өнер иелері мен би-батырлардың болмысы суреттелген.

Кітаптың шытырман тарихи оқиғаларға толы желісі оқырманга өткен дәуірдің тыныс-тіршілігінен мол мағлұмат береді.

УДК 78

ББК 85.31

Серия

ISBN 978-601-292-581-4

Соғыс Студия – 2012 жыл

Адрес: 100000, Астана, 010000

Телефон: +7 701 222 22 22

© Жұмабаев С., 2012

© «Фолиант» баспасы, 2012

KIPICPE

Құрметті оқырман, «өнерпаздар әuletі» деп Дәулен батыр Таузарұлының ұрпақтарынан шыққан есімдері іісі қазакқа мәлім сардарлар мен батырлар, ақын-жыраулар, би-шешендер, мемлекет қайраткерлерін айтып отырмыз.

XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың бірінші ширегінде өмір сүрген Дәулен – Қызылжар өнірі мен Батыс Сібір хандығы қазақтарының ордабасысы болып, Сібір хандығын орыс елінен қорғау соғысына қатысқан көрнекті тұлға. «Бұл замандарда Қазақ Ордасы мен Сібір хандығының еншісі толық бөлінбеген, шектестігі өз алдына, әуел бастан-ақ Сібір жұртындағы ең негізгі түрік рулары – Керей, Уақ, Арғын, Қыпшақ, Жалайыр және Табын болған» (*Мұхтар Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы, 1995. – 154-бет*).

Бұл жөнінде Дәстем сал:

*Қазақтың ордабасысы
Дәулен батыр дер еken.
Керей-Уақ көсемі –
Дәулен асқан ер еken.*

*Өз тұсында сол Даулен
Мұсылманға бел еken.
Жармақта қарсы соғыста
Ерлігі оның көп еken.

Орта жуз Керей-Уақтар
Жармақпен қатты соғысқан.
Естекке де татарға
Олар шындал болысқан, –*

деп жырлаған.

Дәуленнің ордабасылық орнын баласы Толыбай сыншы (1603-1680) басып, қазақ-қалмақ соғысында қазақ, ноғай,

каракалпак халыктарының біріккен әскерін баскарады. 1644 жылы Салқам Жәнгірдің хандығы тұсында Толыбай ордабасының қолы мен сол уақытта Самарқанды билеп түрған Жалаңтөс батырдың әскері қалмақты ойсырата жеңген. Бұл соғыс тарихта «Ор соғысы» деп аталып калды. Осы соғыста Толыбай сыншы жасатқан «Күлдірмамай» мылтығы тұнғыш рет пайдаланған деген дерек бар. «1643-1644 жылдардағы ойрат-қазақ майданында Салқам Жәнгірдің от қарулы арнайы жасағы болуы (*Толыбайдың жасағы болуы мүмкін.* – С.Ж.) – қазақ ордасының ғана емес, бүкіл Орталық Азияның әскери өміріндегі өзгеше оқиға», – деп жазды тарихшы Мұхтар Мағауин.

Толыбай сыншының үлкен баласы Майлы Тәүке ханың бас биі, кіші баласы Қарабас тархан Тәүке ханың әскери өнерге үйреткен ұстазы болыпты. Толыбай сыншының кенже баласы Қожаберген – кең байтак жерімізді, бытырай қонған елімізді қызығыштай корғаған атакты батырларымыздың бірі, 1688-1710 жылдары қазақ, ноғай, қаралпак халыктарының біріккен жасағына қолбасшылық жасаған ордабасы, жырау, «Елім-ай» жырының авторы, елші, мемлекет қайраткері, «Жеті жарғы» заннамасын жазуға қатысқан қазақ тарихындағы өте ірі дара тұлға екені кейінгі жылдары айттылып жүр.

Қарабас тарханың немересі Жанкісі Көшекұлы (1736-1817) 1751-1756 жылдары Жоңғар қалмақтарымен, 1771 жылдары Еділ бойы қалмақтарымен болған соғыстарға қатысып, мыңбасы, батыр, сардар атактарын алған.

Дәулен батырдың бұдан кейінгі ұрпақтарын іріктең айтсақ, Шакшак Көшекұлы (1740-1832), Салғара Жанкісіұлы (1758-1859), Баһрам Шакшакұлы (1779-1826), Серіз сері Баһрамұлы (1818-1854) жер-су үшін орыс армиясымен соғысып, өздерінің өлең-дастандарында патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын әшкерелеп, катты сынға алды.

Серіз сері шығарған біраз әндердің халық әні болып айттылып жүргенін де мойындей бастадық. (*Жәнібек Кәрменов. Халық әндері мен халық композиторларының әндері.* – Алматы: Өнер, 1991).

Жарты ғасырға жуық уақыт Қызылжар аймағының шорасы (кіші хан) болған Шакшак Қөшекұлы бастаған Орта жүз қолының Корған, Екатеринбург (ол кезде қазактар «Қатын қала» деп атаған), Шадринск, Петропавл қалаларына шабуыл жасағанын орыс тарихшылары жасырып келді. Мұрағаты жок қазактар бұның бәрін және терістік өнірдегі неше түрлі орыстардың озбырлық істерін жоғарыда Дәүлән ұрпактарынан шыққан акын-жыраулардың шығармаларынан біліп отырмыз. Мысалы, Шакшак қолының 1773 жылы Петропавлды орыстардан тазартып, қаланы мұсылман қаласы етеміз деп татарларды көшіріп әкелгенін қазіргі тарихымыз мойындармай отыр. Өйткені тарихымыз орыс колымен, орыс көзімен жазылды. Біздер әлі де қазақ мұрағатының, қазақ тарихының шындығы қазақ шығаруларының шығармаларында екенін мойындармай келеміз.

Серіз серінің әкесі Баһрам өзінің әкесі Шақшак туралы «Қайғылы белдеу» дастанында былай деп жазды:

*Әкем Шақшақ жасынан
Қызылжар аймағы шорасы,
Болмасын деп бұйырды
Ағайынның іште аласы.*

*Алдан алған қазақтан
Қайырлы болмай қонысы.
Ғайып болды бір түнде
Қызылжардың орысы.*

*Бұйрығымен әкемнің
Көшіп келді татарлар.
Әкелмекші Бұқардан
Мылтық пenen маталар.*

*Қызылжарға татарлар
Сол кезден бастап орнықты.
Кәпірге қарсы аттанды
Көрмеу үшін зорлықты.*

Орыс отаршылдарына қарсы ғазаат соғысын жүргізген Шакшак бидін Пугачев көтерілісін пайдаланып, біраз женіске жеткенін ешкім теріске шығармайды.

Сөз жок, осы сиякты ірі тарихи тұлғалар неге қазак әдебиеті мен тарихынан қалыс қалды деген занды сұралқ туады. Бұл сұралққа атакты тарихшы Манаш Қозыбаевтың сөзімен жауап беруге болады.

«...Қожаберген жырау маңында ұзақ жылдар бойы неғе меніреу зона орнады, есімі неге аталмай келді?» деген саяулға тіреледі. Себеп екеу. Бірінші – Қожаберген баба орыс империясына ашық қарсы, оның «Елім-айы» – империяға қарсы туынды. Онда ол орыс империясы қалмақтарға қару сатты, қолдады деп айыптауды. Ал оның ізбасар мұрагері Серіз сері – ұлт-азаттық қозғалысының көсемі, орыс отаршылдары баба Қожабергеннің қонысына Преснов селосын орнатты, атамекенін қара шекпенділер жайлап, казактар Горькая линияны – қазак мемлекеттігінің тірегі болған өлкені баса көктеп салды. Отаршылық, одан қалды кейінгі Кенес заманаусында Сәбит те, Ғабит те бұл тақырыпқа белсеніп кірісе алмағаны осыдан болса керек» (*Қожаберген жырау*. – Алматы, 2007. – 16-бет).

Манаш Қозыбаевтың бұл сөзін жоғарыда есімдері аталған тұлғалардың бәріне де айтуға болады. Өйткені бәрі де орыс отаршылдарына қаруларымен, қаламдарымен қарсы шыққандар.

Елдің шетінде, желдің өтінде, мәдени орталықтан жырак орналасқан терістік өнір тарихының зерттеушілердің назарынан тыс қалуы да көптеген тарихи тұлғалар есімдерін ұмыттырып, көмексілendіріп жіберді.

Өнерпаздар әuletінің ең соңғы өкілі – Серіз серінің шөбересі Қаратай Биғожин (1937-2007). Бұл кісінің есімі қазак ауыз әдебиетін зерттеуші ретінде әдебиетсүйер қауымға көптен танымал. Кезінде баспа беттерінде бабалары жайында зерттеу мақалалары жарияланып жүргенмен, ғылыми айналысқа түспей келді.

Кітапқа енген осы әuletтен шыққан ақын-жыраулар шығармаларының көшілігін Қаратай Биғожиннің жеке мұрағатынан алғанымызды айтуды бұл кісінің рухы алдындағы парызымыз деп санаймыз.

Редакция алқасы

ӨНЕРПАЗДАР ӘУЛЕТІ

Қазактың рулық жөнімен айтқанда, Дәулен ордабасының елі – Орта жұз Қерей, оның ішінде Ашамайлы, оның ішінде Көшебе.

Дәулен батырдың әкесі Таузар Қараораз баласы да өз заманында үлкен әскербасы, батыр, Үш жүзге есімі әйгілі шешен адам болыпты. Дәулен сардар Таузардың үлкен баласы екен, ол Кіші жұз Алшын ішінде Әлімұлына жататын Төртқара руынан шықкан атақты Сейітқұл батырдың үлкен кызы Жамалды алған екен. Дәулен батырдың Жамалдан туған Малыбай, Аулабай, Ақшыбай, Жақсыбай, Ертісбай, Тұрсынбай, Наурызбай, Толыбай сыншы, Жарқынбай, Қарқынбай, Садақбай, Еңсебай, Арыстанбек, Барқынбек есімді он төрт ұлы болыпты. Сол он төрт ұлының ішінде Таузарұлы ордабасының өз орнын басып, қазак, ногай, қарақалпак халықтарының біріккен әскерін басқарған қолбасшы-батыр да, өнердің алуан түрінен хабары бары да Толыбай сыншы екен. Бірақ Дәуленнің ел басқармады демесе, басқа ұлдары да ержүрек, батыр кісілер болыпты.

Толыбай сыншы Орта жұз Арғын елінің Сүйіндік әуле-тінен шыққан Айдабол бидің кызы Ақбілекті алған екен. Толыбай сыншының Ақбілектен туған Майлы би, Өтежан, Өтеген, Өтебай, Өтеулі, Өтебек, Өтекелді, Қарабас, Әмір, Әмір, Темір, Батыр, Бадыр, Бабыр, Еділбай, Жайықбай, Оралбек, Тобыш, Барқыт, Қожаберген жырау есімді жиырма ұлы, ал әменгерлік жолымен женге алған әйелі – Халимаштан (башқұрт елінің қызынан) туған Өтегұл, Өтеп, Өтеміс, Өтепберген есімді төрт ұлы болған. Толыбай сыншының Ақбілектен туған Бабыр, Бадыр, Әмір, Әмір, Еділбай, Жайықбай (үш рет егіз туған) деген ұлдары егіз-егізден туған балалары екен.

Толыбай сыншының Өтежан, Өтеген, Өтебай, Өтебек, Қарабас, Әмір, Темір, Өмір, Өтеулі, Батыр, Бадыр, Еділбай, Жайықбай, Оралбек, Өтен, Өтеміс есімді он жеті ұлы да қамал бұзған, жаудың бетін қайтарған әскербасы-батырлар екен. Олар жайында сол батырлардың ең кіші інісі Көшебе Керей Қожаберген жырау Толыбайұлы (1663-1763) өзінің жас жігіт кезінде шығарған «Қызылжар» атты дастанының ішінде былай дейді:

*Қол бастап, әкем Толыбай туын тіккен,
Есілдің күнгей бетін күздік еткен.
Көлденең көк Есілдің жарқабағын
Әкеміз Қызылжар деп атап кеткен.*

*Қызылжар содан бері атанаңты,
Әкемнен ерлер сонда бата алыпты.
Ту ұстап, тұлпар мінген он жеті ағам
Қол бастап, жау қалмаққа аттанаңты.*

Өтежан Толыбайұлынан 5 бала – Ермен, Сарай, Сатай, Көккөз, Адай.

Ермен батырдан 3 бала – Алдажар, Амандос, Айдос. Алдажардан 3 бала – Байшегір, Жаншегір, Алшағыр күйіші.

Айдос Кекшетау жерін жаудан тазартқан ақырғы ұрыста жеңіске жеткен сон, Сырымбет тауында демалып, сыйбызыңы тартып отырғанда 1745 жылы мамыр айында оны жасасырынып қаша алмай қалған қалмақ мергені абайсызда садақпен атып мерт қылады. Қалмақ мергенін Айдостың сарбаздары ұстап алып, отқа қақтап өлтіреді. Айдос жиырма сегіз жастағы сардар әрі ақын екен. Оның сүйегін елі Қызылжар аймағындағы Гүлтөбе қонысына апарып, Толыбай сыншы зиратына жерлейді. Айдосқа арнап оның келіншегі Қараашаш сұлу жоктау шығарған екен. Сол жоктаудың үзіндісі ел есінде бертінге дейін сакталған. Сондай-ақ Айдостың қазасына туысқан ақындары – Қожаберген жырау, Дәстем салдар да жоктаулар, зарлы күйлер шығарған. Бұл күнде Қожаберген шығарған «Айдос» күйін, Дәстем сал шығарған «Есіл ер» күйін тартатын адамдар калмады. Айдос батырдың өзі шығарған жырлар да, Қо-

жаберген ақынның «Айдос батыр» атты дастаны да ел есінен ұмыт болған.

Алшағыр күшінің «Алшағыр», «Боз тұлпар», «Көкжендет», «Бүркіт» күйлерін де тартатын домбырашылар осы кезде ел ішінде кездеспейді. Жариялылық кезеңнің өзінде шығармалары әлі күнге дейін жарық көрмей отырған солтүстікказақстандық карт ақын Қазыбек Оразбеков жоғарыда есімі аталған Алшағыр күшігে «Алшағыр батыр» дастанын шығарған.

Амандос батырдан 2 бала – Тоқымбет, Баубек; Баубек батырдан 2 бала – Майемер, Кеменгер.

Кеменгер мерген әрі аңшы, әрі құсбегі, әрі атбегі болыпты. Майемер әнші, домбырашы, қобызышы, сыйбызышы әрі балуан кісі танылып, көп уақытын сал-серілік құрумен өткізіпті.

Қарабас тарханнан 7 бала – Аскап, Рұстем, Дәстем, Алдабек, Бұқпа, Қараشا, Қаумен (Алтын әжеден).

1719 жылы шілде айында Төле, Қазыбек, Эйтеке, Әнет билер мен қолбасы, жырау Қожаберген, Бөгенбай, Жәнібек, Хангелді батырлардың үйимдастыруымен Үш жүздің иті жаксылары Әз Тәуке ханға арнап құран оқытып, үлкен ас беріпті. Асты карт би Әнет бабаның ұсынысы бойынша Аскап баһадүр Қарабас Тарханұлы (1673-1769) басқарыпты. Аскап басқарған ас өте жаксы өтіпті. Қайып Әз Тәукеұлы катты риза болғанмен, сол тәре әuletінен шыкқан ағайынды Жолбарыс, Әбілқайыр және басқа төрелер күншілдік жасапты. Қазак билері осы аста 1720 жылы жаздын басында ханның бір баласын хан етіп сайлау үшін құрылтай өткізбекке келіседі. Үш жүзді басқаратын болашақ ханға Қайып тәре лайық екені жүртқа сол аста-ак мәлім болыпты. Осы ас туралы Дәстем сал Қарабасұлының «Әз Тәуке хан» атты тарихи дастанынан үзінді келтірейік:

*Тағдырдың жазуымен дәмі бітіп,
Жетпіс үш мүшелінде ажсал жетті.
Тұп-тұмас Үш жузімнің соғы ханы
Фәниден бақи жайға Тәуке кетті.*

*Ханның қырқы болғанда Қазыбек, Төле,
Әйтке, Қожаберген мәжіліс құрып,
«Келер жаз ханның асы болады» деді,
Әлеумет мақұлдады құлақ түрін.*

*Үш жұздің бектеріне хат жолданып,
Осылай ас уақыты белгіленді.
Қазақтың уақытша ханы болып
Жында Қайып сұлтан әйгіленді.*

* * *

*Салтанатпен Тәуkenің асы өтті.
Ас басқарған Асқап та еді етті.
Қожаберген, Әнет пен Ер Бөгенбай
Үш би менен Асқапқа жәрдемдесті.*

*Осылайша Тәуkenің жабдығы өтті.
Хан болуды Қайып ер арман етті.
Хан сайлауы боларын күткен ерге
Аң аулап жүргенінде қаза жетті.*

*Тәуkenің басқа уәзірі жігерсіз бол,
Хандықтың бөлшектенер шағы жетті.
Би мен бек, төре, шонжар келісе алмай,
Даурені Үш жузімнің өтін кетті.
Осыны сыртқы жауалар пайдаланып,
Бақыт құс қазағымнан ұшып кетті.*

Қарабас тарханның үшінші баласы Дәстем сал 1677 жылы туып, 1752 жылы қайтыс болыпты. Ол да Қожаберген жырау туған Гүлтөбеде дүниеге келген. Көп кисса-дастан, өлеңдер шығарған ірі ақын, әскербасы, батыр адам екен. Дәстем салдың бізге жеткен ірі шығармасының бірі – «Дәстемнама» деген тарихи жыр.

Аскап батырдан 2 бала – Көшек, Марқаш. Көшек сардардан 12 бала – Сүгіrbай, Кәдіrbай, Сәдіrbай, Қалан, Қамбар, Жанкісі, Байкісі, Шакшак, Әбдіkадір, Әбдіkәрім, Тілеулі, Сартай (1750-1821); Шакшак биден 16 бала –

Әйтемір, Байтемір, Ертемір, Міртемір, Жантемір, Өстемір, Шынтемір, Шыттемір, Бitemір, Бектемір (Сексен қажы атандып кеткен), Баһрам, Бауыржан, Есенжан, Кайыржан, Шағырай сал, Жанат сері.

Баһрам батырдан 7 бала – Қорпеш, Нәупіл, Сүйір, Сүйін, Сейіткерей, Мұхамкедханафия (Сегіз Сері), Куаныш.

Жанкісі жыраудан 5 бала – Салғара, Зілғара, Шопан, Орхан, Бұрхан.

Олар өз заманында Жанкісінің «Бес қасқасы» атанған. Астары кең «қасқа» сөзі бұл жерде батыр деген мағынаны білдіреді.

Әрі батыр, әрі әнші Жанкісі Қешекұлы – «Бөгенбай батыр» (Қөшебе Керей Бөгенбай батыр Маянұлына арналған), «Бердіожа батыр», «Бақсары батыр» сияқты үлкен тарихи дастандар шығарған айтулы ақындардың бірі. Жанкісі жырау мен оның үлкен ұлы Салғара ақын белгілі жазушы Нәбиден Эбуталиевтің «Сегіз сері» атты ғылыми зерттеу еңбегінен орын алды, оған дейін олар туралы көлемді ғылыми мақалалар да жазылды. Әкесі, ағасы сияқты ірі ақын-жырау болмаса да, Зілғара, Шопан, Орхан, Бұрхан – төртеуі де әнші, домбырашы, қобызышы, сыйызғышы, балуан адамдар атанған. Олар Қожаберген, Дәstem сал секілді аталарының, өздерінің әкесі мен ағасының өлең-жырларын ел ішіне кеңінен таратып насиҳаттаған. Жалпы алғанда, Жанкісі балалары өз тұсында көпке танымал атбегі, құсбегі, саятшы, аңшы әрі ат ойынының шебері болыпты.

Тілеулі молдадан 1 бала – Дауыл мерген.

Дауылдан – 2 бала: Қожамжар шешен, Жетімек. Қожамжар Аманқарағай дуанына қараған Керей руының аға старшинасы, өз тұсында әділ би болған екен. Ол өнерге үлкен жанашырлық танытып, өнер иелерін жоғары бағалапты. Қожамжар шешен атақты әнші-акын, композитор Біржан сал Қожағұлұлының (1825-1897) «Мешін – тауық» деген өлеңінен («Білім және еңбек» журналы, №11, 1986) орын алған. Ол да өз ата-бабалары – Қожаберген, Дәstem сал, Жанкісі, Шакшак, Салғара, Баһрам, Айdos ақындардың шығармаларын ел ішіне кең түрде таратып, әрдайым насиҳаттап өткен адам екен. Қожамжар әрі әнші, әрі домбырашы

кырын таныта білген. Ол өз әкесі Дауылдың немере ағасы Салғара композитор шығарған «Жиырма бес» әнін және Сегіз сері, Нияз сері, Күшан сері, Сейітжан салдар шығарған көп әндерді өз мәнінде жақсы орындаған. Сонымен бірге Қожамжар әнші Қожаберген бабасының «Елім-ай» жырын, Дәстем сал бабасының «Дәстемнама» киссасын, Баһрам атасының «Қайғылы белдеу» дастанын және олардың басқа да шығармаларын жатка білген әрі соларды әнмен айтқан.

Қожамжар шешеннен (1820-1890) 5 бала – Мінімжан, Кәуken, Қабжан, Қожан, Конқай. Бесеуі де әнші, домбырашы атасынп, өнерге жақын болған.

Қожамжар әншінің (Сегіз серінің немерелес інісі) Әнапия есімді әрі тұңғышы, әрі жалғыз қызы Бике Керей Оңайбай есімді жас қажы жігітке ұзатылыпты. Оңайбай қажы Әнапиядан Жартыкей, Қабыл, Казы есімді үш үл көрген. Сол Қазидың кіші ұлы Абай журналшыға түп нағашыларынан ақындық дарыған.

Жетімек шежірешіден (1826-1903) 3 бала – Әбжан, Абық, Әбілқайыр.

Абықтан 3 бала – Ерғали, Етай, Үкітай және Қарашаш есімді қыз туған.

Үкітайдан 3 бала – Асылбек, Ермағамбет, Ерман.

Әбілқайырдан 4 бала – Жанмырза, Жанәбіл, Жолдыбай, Үкітай туды.

Жолдыбай Әбілқайырұлы Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Благовещенка (Жекекөл) совхозының Богдановка (Толыбай) бөлімшесінде тұрды.

Шакшактан 7 бала – Сексен (Бектемір), Баһрам, Бауыржан, Есенжан, Қайыржан, Шағырай сал, Жанат сері.

Сексен балуанның шын аты – Бектемір. Көшек батыр немересі Бектемір туғанда сексен жаста екен. «Сексен жасымда туған Сексенім» деп атап кеткен. Сексен жігіт кезінде немере ағасы Иманға еріп, Меккеге барып, қажы атанған. Ел ішіндегі дауларда әрдайым әділ билік айтып, екі жағын да татуластырып отырғандықтан, пара алмайтының білген халық оны Ғаділ қазы деп атаған. Ол үнемі гаріп-қасерге, кем-кетікке, жетім-жесірге көп жәрдемдесіп, қайырымдылық танытып отырған. Сексен әкесі Шакшак

биден қобыз, сыйбызы, домбыра тартуды жас бала кезінде үйренген. Үлкен ән орындаушы ретінде танылған. Оның өз бәйбішесі Ақмаржанның қайтыс болғанын, баласы жоктығын қосып шығарған толғауын халық «Сексеннің зары» деп атаған. Бұл толғау кезінде ел ішіне кең тараған екен. Қазірдің өзінде де ел ішінде бұл толғауды жатқа білетін адамдар аз емес. Сексен Шақшакұлы (1777-1877) – қазақтың ғасыр жасаған әншілерінің бірі. Ол да өз ата-бабаларының, әкесінің өлеңдерін елден-елге таратып өткен.

Шақшактың Сексеннен үлкен Ханшайым есімді қызы да өнерлі, ержүрек, жауынгер болыпты. Ханшайым Сибан Керей Еламан Жолымбет баласы деген жігітке ұзатылған екен.

Еламанның Ханшайымнан Әсіреп, Мұсіреп, Кенжетай есімді үш ұлы туған.

Мұсірептен екі бала – Кәжімбай, Ботбай сері.

Кәжімбайдан 4 бала – Махмұт, Ақан, Мақан, Самұрат.

Махмұттан белгілі академик-жазушы Ғабит Мұсірепов, Хамит, Баязит, Әшім аксақалдар туған (Дина деген бәйбішесінен).

Ботбай серіден 2 бала – Шалабай, Шарданбай.

Шалабайдан 4 бала – Әбділда, Дулат, Әмір, Мұрат.

Шақшақ бидің бәйбішесі Айман он төрт ұл, бір қыз баланы дүниеге әкелген. Қыз бала – жоғарыда аталған Ханшайым. Он төрт ұлдың жетеуінің жасы Ханшайымнан үлкен де, қалған жетеуінің жасы кіші екен. Шақшактың (1740-1837) Ханшайымнан жасы үлкен Өстемір, Шынтемір, Шойтемір, Таstemір, Жантемір, Жалаңтөс, Байтемір есімді әнші-акын ерібатыр ұлдары патша өкіметі отаршылдарының әскерлерімен жер-су үшін XYIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында жиі болған қанды шайқастарда ерлікпен каза тапқан.

Сексеннен 1 бала – Мұсазада батыр (1823-1841); Баһрамнан (1779-1826) 7 бала – Қөрпеш, Нәупіл, Сүйір, Сүйін, Сейіткерей, Сегіз сері, Куаныш батыр (Жамал Бақықызы бәйбіshedен).

Қөрпеш (1798-1851) – көптеген діни қиссалар шығарған сұрыпсалма әнші-акын, әрі Бұхара шаһарындағы жоғары

дәрежелі діни оку орны – медресені тәмам еткен ғұлама, әрі қазақ халқының жер-сүн қорғау жолындағы жауға карсы соғысқа қатысады, отаршылдармен көп дауласқан жауынгер жан. Ол – Қызылжар шаһарында өз қаражатына мешіт салдырып, медресе ашып, бала оқытқан ұстаз. Кейін оның артында үрпақ қалмаған соң мешітін де, медресесін де татар молдалары иемденіп кетіпти. Ал Қөрпештің діни шығармаларын XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ ауыз әдебиет үлгілерін жинаушылардың кейбіреулері өз максаттарына пайдаланып кеткен көрінеді.

Имам Қөрпештен 2 бала – Сейітжан сал, Құшан сері.

Нәүпіл батырдың алғаны Бидалы Уақ елінің қызы Балым екен. Нәүпілдің Балымнан туған Қазыбек күйші, Қозыбай шешен деген өнерлі екі ұлы болыпты. Алайда Нәүпіл мен Балым дүниеден ерте кетіп, Қозыбай шешенді нағашы жұрты Бидалы Уактағы шешесінің інілери – Есенғұл, Балпаш деген нағашы ағалары қолына алады. Қозыбай шешеннің өмірі әлі де дұрыстап зерттеуді қажет етеді.

Сүйірдің шын аты – Мұхаммед Әли; Сүйірден 1 бала – Мейрам сал.

Сүйіннен 2 бала – Әмірхан ақын (1836-1901), Темірхан зергер.

Сейіткерейден екі бала – Ерімбет, Жолымбет; Ерімбеттен үш бала – Қөшім, Бесін, Есім сері.

Ерімбеттің келіншегі Жәмила Тобыл өзенінің батысын мекендейтін Қыпшақ елінің қызы екен. Ерімбет пен Жәмила көп жасамай, ерте қайтыс болып, Қөшім, Бесін деген екі ұлы Мейрам салдың қолында қалады да, кішісі Есімді нағашылары сұрап алып кетеді. Сол нағашыларының қолында өскен Есім әнші, балуан, мерген, әрі қолөнерін менгерген, әрі аңшы, құсбегі, атбегі жігіт болады. Ол Кіші жұз Алшынға жататын он екі ата Байұлдығы Алтын елінен Зылиха есімді сұлу қызды алып қашып, Каракалпак жеріне өтіп кетеді. Сол жақта он шақты жыл тұрып, кейін нағашысымен, одан соң өз елі – Қөшебе Кереймен табысады. Есім сері мен Зылиха қалған өмірін Батыс Сібірдегі Түмен губерниясына қарасты «Қош қарағай» деген коныста өткізеді. Шежіре деректеріне қарағанда, Есім

сері 1860 жылы – мешін жылы туып, 1915 жылы – қоян жылы күзде қайтыс болған. Олар турасында бірнеше ақын жырлаған екен, соның аркасында «Есім сері – Зылиха» атты он шақты вариантты дастан дүниеге келген. «Есім сері мен Зылиха» да зерттеуді кажет етеді.

Заманының ірі балуанды атанған Жолымбет Омбыда біраз жыл тұрыпты. Сол Омбы шаһарында тұрғанда, үйретінді аюлармен күресіп, аюларды жығып жүріпті. Ол орыс балуандарын да женген. Жолымбет домбыра, сырнайға (гармонға) қосып, ән орындаушылық қабілетін танытқан. Сондай-ақ ағаш шебері де болған. Өмірінің соңғы жылдарын «Қош қарағайда» өткізіпти. Жолымбет Сейіткерейұлынан (1845-1917) басқа да үйретінді аюлармен, цирктең орыс балуандарымен күресіп, оларды жығып жүрген Көшебе Керейдің Сәмерке атасынан шыққан Каракесек Өтенұлы деген түйе балуан өмір сүрген, ол кісі шешен де болыпты.

Куаныш батырдың әйелі Бану Жалтырдағы (Ялугордағы) Кәрім деген татар байының кызы екен. Куаныш батырдан бір бала – Сапарғали акын (1855-1914). Сапарғали Куанышұлы – акын, Қазақ Совет энциклопедиясының алғашқы жарық көрген он екі томдығынан орын алды. Мектеп оқулығына да кірді.

Әмірхан Сүйінұлы да түйе балуан, мерген, суырыпсалма әнші-акын болған. Біржан салдың бас шәкірті Әмірхан – «Біржан – Сара» айтысын алғаш рет хатқа түсірген кісі. Әмірхан сері «Біржан – Сара» айтысының бір нұсқасын Зайсан шаһарынан Қазан баспасына жіберген. Өзі патша өкіметі отаршылдарының қуынына ұшырап қашып жүргендіктен, өз атын көрсетпеген. Ол жайында Сүйінұлы акын өзі былай дейді:

*Бұл қисса шықса да Арқа даласынан,
Жайсаның әкесінен жіберілді қаласынан.
Атауға өз атымды бармады аузым,
Ұлықтың қуғын көріп жаласынан.*

Көшебе Керей Әмірхан балуанның (1836-1901) өзі тұралы шығарған «Әмірхан» әні өлеңінің ел есінде төмөндегі бір шумағы ғана сакталып қалған:

*Әмірхан Сүйінұлы – менің атым,
Салдықпен көрдім дүние рахатын.
Нағашым Жалпақ Қанай деп айтады,
Керейде Ашамайлы асыл затым.*

Баһрам батырдың жалғыз қызы Ғайша Атығайдың Бәйімбет атасынан шыққан Ендібай деген жігітке ұзатылыпты. Ғайша Ақжан, Тоғыжан деген ұлдарды дүниеге әкелген. Ақжан – молда, Тоғыжан ірі айтыс ақыны болыпты. Ендібай өзі Қарауылға жиен екен.

Серіз сері батыр, ақында Ұрысбике деген бір ғана әйелі болып, ол алты баланың анасы атанған: Мұстафа, Мұсабек, Мұсайын, Мұсажан, Мұсахан, Мұсағұл (Ұрысбике Елғұн қызынан).

Сегіз серінің ер балалары да, жалғыз қызы Бибізара да мұсылмандар сауаттарын ашқан. Оның үстіне, Мұстафа, Мұсайын Сегіз сері ұлдары мал емшісі болыпты.

Серіз серінің бәйбішесі Ұрысбике Елғұн қызы (балуан шешей) сынықшы, тоқымашы, тігінші, әнші, домбырашы ана болған екен.

Қожаберген жырау, Сегіз серілер туралы арнаулы зерттеулер, шығармаларының жинақтары кітап болып шыққаны көпшілікке мәлім.

КОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ

*Жырыма құлағың сал, азаматым,
Ұнаса менің айтқан насихатым.
Кеуденде шыбын жаңың болса егер,
Жоғалтпа жер бетінен қазақ атын.*

Кожаберген жырау


Қазақ халқының XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген ақынжырауларының, әнші, күйші-сазгерлерінің және халық батырларының бірі – Қожаберген жырау Толыбай сыншы ұлы (1663-1763). Толыбай сыншы ұлы – ақын, тек жай ғана батыр емес, кезінде қазақ халқының әскерін басқарған қолбасшы, әйгілі ғұлама, шежіреші. Оған оның өз шығармасы «Елім-ай» жыр-дастанының бірінші бөліміндегі мына шумактар да айғақ бола алады:

*Өнерге жас шағымнан құштар болғам,
Самарқанд, Бұхарадан білім алғам.
Атанаң үздік шәкірт қатарында,
Ең улкен медресесін тәмамдағам.*

*Ерлікпен мағлұм болдым алыс-жатқа,
Ән шырқап, қобыз тарттық көңіл шатта.
Бітіріп медресені шыққаннан соң,
Имам бол он жетімде міндім атқа.*

*Он сегізде әйгілі балуан болып,
Он тоғызда іліндім батыр атқа.
Жиырмада имам болмай, ақын болып,
Сыймайтын іс жасадым шарифатқа.*

*Тіліне араб, парсы болдым жетік,
Оны да қолданбадым өнер етіп.
Шамамаша қол бастаған сардар болып,
Мен жүрдім мұсылманға қызмет етіп.*



Сонымен қатар, Қожабергеннің ғұлама ордабасы, әскербасы-батыр екендігіне оның шәкірті Бұқар жыраудың «Ұстазым» атты дастанындағы мына шумактар дәлел:

*Қожаберген ұстазым,
Бұхара барып оқыған.
Төрт-бес тілді үйреніп,
Көкейге берік тоқыған.*
‘

*Жалаулы найза, қобызды,
Домбырасын қолға алған.
Қамалға шабар алдында,
Шығарып өлең толғаған.*

*Жырын сүйген баршасы,
Болмаса кейбір онбаған.
Алла, аруақ жебеу бол,
Жорықта жолын оңдаған.*

*Қыын-қыстау кезеңде
Намысын қозғап өлеңмен,
Батыр, ақын ұстазым,
Қалың қолға дем берген.*

Қожаберген 1663 жылы наурыз айының басында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының (бұрынғыша Қызылжар аймағының) Жамбыл ауданындағы Благовещенка селосы орналасқан жерде бұрын болған Толыбай сыншы қарағайы деген орманның қойнауында дүниеге келіп, сол тұған жерінде 1763 жылы қазан айында жұз бір жасқа қарағанда ауырып қайтыс болыпты, оның сүйегін сол төніректегі «Бүркіт конған» деген орманның маңындағы әкесінің есімімен аталатын Толыбай сыншы бейітіне елі жерлепті. Ақынның әкесі Толыбай сыншы Дәуленұлы (1603-1680) заманында Қазақ, Ноғай (Қарағаш, Маңғыт рулары), Қарақалпақ, Сібір татары, (Ескер, Барабы, Құралаш рулары, Шалабай естектерінің (Челябинск башқұрттарының)) біріккен әскерінің ордабасысы болыпты. Барабы, Ескер, Құралаш руларының, Шалабай башқұрттарының жаса-

ғының қазак әскерінің құрамында шайқасуына қазақ хандығы ықпалының басымдығы себепкөр болған еken. Қожабергеннің өз әкесі Толыбай сыншы да, атасы Дәулен батыр да, бабасы Таузар сардар да – Үш жүздің өз замандарындағы әскербасылары және Орта жүз қазактарының ардақты ел билеушілері. Оларды өздерімен тұстас ақын-жыраулар өлеңдеріне косып, ерліктерін жырларына арқау етіпти (шежіре деректері бойынша).

Жыраудың анасы Ақбілек – Баянауыл өнірін мекендейтін Орта жүз Сүйіндік Арғын Айдабол бидін қызы. Ол кісі де тоқымашы, тігінші, өнері аскан сынықшы. Ақбілек ана жайында Қожаберген өзінің «Елім-ай» жырының бірінші бөлімінде былай дейді:

*Орта жүз Арғындағы асыл тектен,
Анамның шыққан заты Сүйіндіктен.
Жиырма үлдан көкжал туған ең кіші ем
Тұңғыш қызы Айдаболдың Ақбілектен.*

Толыбай сыншының өз анасы Жамал кезінде Самарқанд шаһарын және оған қоса Самарқанд уәлаятын билеп-төс-теген, сол шаһарда үлкен ғимараттар салуға үлес косқан, медресе ашқан. Кіші жүз ішінде Әлімұлының Төртқара руынан шыққан әйгілі Жалаңтөс баһадүр Сейітқұлұлының (1576-1656) туған апасы еken. Сол себепті Толыбай сыншы өзінің Майлы би, Өтежан, Өтегелді, Өтеген, Өтепберген, Өтеулі, Өтеміс, Қарабас, Әмір, Әмір, Темір, Батыр, Бабыр, Бадыр, Өтебай, Өтегұл, Еділ, Жайық, Қожаберген есімді үлдарын нағашылары Ақша би, Жалаңтөс баһадүрдің Самарқанд, Үргеніш, Бұхара шаһарларындағы жоғары дәрежелі діни білім беретін медреселерде ұстаздық қызмет атқаратын өнерлі, білімпаз үлдарына ертіп апарып, солардың үйлеріне қойып, сол білім ордаларында оқытады. Сыншының жиырма төрт баласының он тоғызы аталмыш қалалардағы медреседе оқып, қадымша сауаттарын же-тілдіріп, діни білімдерін толықтырып, көне түрік, араб, парсы, өзбек тілдерін жаксы үйреніп, сол оку орындарын ете жаксы тәмамдап шығыпты.

Қожаберген өзінде дейінгі қазактың ақын-жырауларының өлең-жырларын, медреселерде оқып жүргенде шығыстың

жеті жұлдызы атанған Жәми, Низами, Науаи, Физули, Фирдоуси, Сағди, Рудаки шығармаларын оқып-жаттап, солардан нәр алыпты. Сонымен бірге ол ертеде өткен Рашид ад-Дин, Мырза Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыри және өзінен аз бүрын өткен Әбілғазы баһадүр хан сиякты білімпаздардың жазып қалдырған шежірелерімен танысқан. Сондай-ақ, ол тастағы ескі жазуларды да оқи алады еken әрі оған көп мән беріпті. Бұл айтылғандарына оның «Ата тек», «Баба тіл» дастандары толық дәлел бола алады.

Өзінің «Ата тек» дастанында Толыбай сыншы ұлы жырау қазақ халқын оғызы түріктегінен шығарады:

*Түріктен тараған ел тоғыз дейді,
Тартатын күй аспабы қобыз дейді.
Башқұрт пен қазақ, ноғай, қарақалпақ –
Төртеуін шежірешілер Өгіз дейді.*

Сондай-ақ Қожаберген ақын сол «Ата тек» дастанында казакқа жататын тайпаларды Алаштан шығарады:

*Аннас тархан бабамыз –
Ер Алаштың бұтағы.
Біздің қазақ бабамыз –
Сол Аннастың үрпағы.*

*Алаштан әрі Өгіз бар,
Өгізден әрі Тұран бар.
Кім десендер тегіміз,
Арғы атамыз – осылар.*

*Өгіз түрік ішінде
Аннастан қазақ жаралған.
Біздің Үш жуз елінің,
Алаштан бәрі таралған.*

Толыбай сыншы ұлының шежіреші, жырау екендігін XX ғасыр басында өмір сүрген классик ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров өзінің «Құрбыма» деген өлеңінде былайша жырлайды:

*Толыбай сыншы баласы Қожаберген,
Тарихынан Оғыз түрік хабар берген.*

*Умбетей, Бұқар жырау, Тәтіқара –
Үшеуі Кожекеңнен үлгі көрген.
Керейде Қожаберген, Сегіз өткен,
Үш жүздің шежіресін жыр қып шерткен.*

(С. Торайғыров ақынның бұрын жарияланбаған өлеңдері. «Орталық Қазақстан» газеті, / 7 тамыз 1988 ж.)

Қожаберген жыраудың шежіреші болғандығы туралы және оның «Елім-ай» әнін, «Елім-ай» күйін, «Елім-ай» жырын шығарғандығы жайында қазақ халқының XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасыр басында өмір сүрген белгілі философ-акыны Мәшіүр Жүсіп Қөпейұлы (1858-1931) өзінің «Даналарға» атты өлеңінде былай деп жырға қосады:

*Өнерге құлаш үрпін бала жастан,
Тарихын бұл уш жүздің етіп дастан,
Баласы Толыбай сынши Қожаберген
Бой үрған ерлік іске әуел бастан.
Ұрпағы оның батыр Сегіз өтті,
Нияздай асыл ерді қасына ертті.
Қолына қобыз алып өр шабытпен,
Мұрағын шежіре-жыр тастап кетті.
Қолбасы, ақын-жырау һәм елши-би
Шығарған «Елім-айдай» тамаша күй.
«Елім-ай» әні менен жырын тағы
Шығарған Қожаберген бабаңды сүй.*

Қожабергенге ақындық әруақ оның жеті жасында қоныпты. Жырау ақындықта өзінің әкесімен бірге туган ақын Аулабайдан, өз ағалары Майлыш шешен мен Қарабас тарханнан үлгі-өнеге алыпты. Қожабергенді батырлықка ағалары Өтежан мен Өтегелді баулыпты.

Діни медреселерді өте жақсы тәмам етсе де, Қожаберген жырау мен оның ағалары дінбасысы бола алмайды. Себебі қазақ, ноғай, қарақалпак, шалабай естектері, Сібір татары халықтарына XVII ғасырдың бірінші ширегінен бастап ноғай даласын мекен еткен қалмақтар Еділ өзенінің батысынан шабуыл жасаса, шығыстан жонғар-қалмақ басқыншылары үздіксіз шабуылдан, екі жақтан қыспакқа

түсken мұсылмандардың әділетті, яғни азаттық жолындағы соғыстары ұзак жылдарға созылуы салдарынан Толыбай сыншы қолбасшының балаларының имам, ишан, сопы, молда болуларына еш мүмкіндігі болмайды. Себебі Толыбай сыншының ержүрек жиырма төрт ұлы (жиырмасы Ақбілектен, төртеуі әменгерлікпен қосылған жары Халимаштан туған екен) жоғарыда аталған мұсылман жұрттарының сыртқы басқыншы жаулардың екі жақты шабуылдарына карсы бағытталған ұлт-азаттық әрі қорғану соғыстарына белсенді түрде қатысып, олардың көбісі әскер басқарыпты. Ел-жұрттың шапқыншылардан қорғау жолындағы әділетті соғыста Толыбай сыншы тарханның ұлдары мен немерелері асқан ерліктің үлгісін көрсетіп, олардың бірталайы көппен бірге майданда каза тапқандығы шежіреден, сол кездегі ерлік жырлардан елге мәлім.

Кожаберген жырау 1683-1688 жылдары Әз Тәуке ханның елшілік қызметінде бес жыл басшылық етіпті. Соナン кейін немерелес туысы Бөгенбай Маянбайұлы ордабасы ауыр жараланған сон, соның орнына Әз Тәуkenің ұсынысы бойынша құрылтайда Толыбай сыншы ұлы батыр, ақынды (боз биенің сүтіне шомылдырып, үстіне ақ киім кигізіп, ақ кигізге отырғызып көтеріп) халық 1688 жылы ордабасы сайлайды. Сол күннен бастап Кожаберген жырау өзінің немере ағасы Бөгенбай баһадүрдің қызметін ақсатпай, әрі қарай жалғастырып, Үш жүздің жасағына бас қолбасшы болыпты. Ол қазақ әскеріне қоса ногайдың Манғыт, Қарағаш руладының, Сібір татарына жататын Ескер, Барабы, Құралаш тайпаларының, Шалабай естектерінің (Челябинск башқұрттарының), карақалпақ халқының жасактарына да ордабасы болған екен.

Толыбай сыншы ұлы ақын әнді домбыраға қосып, күйді сыйызғыға қосып, жырды әнмен айтып, кобызға қосып орындаған екен (шежіре деректері мен ерлік жырлар бойынша).

Кожаберген сардар – 1688-1710 жылдар бойында қазақ, ногай (Карағаш, Манғыт тайпаларының), карақалпақ халықтарының біріккен қолына әскербасы болып, екі жақты қалмақ шапқыншылығына қарсы ұзак жылдарға

созылған соғыстарда талай рет үлкен-үлкен жеңістерге жетіп, ордабасы, тархан атағын алған үлкен баһадүр, әскери қайраткер. Оның жиырма үш жыл әскер басқарғанына өзінің «Үш би» атты өлеңіндегі мына шумактар айғак:

*Басқарып Үш жұз қолын жиырма уш жыл,
Орнымды Бөгөнбайға бердім биыл.
Еш сардар қайт қылған жсоқ жарлығымды
Кезінде үзақ соғыс күндер қиын.*

Жырау 1710 жылы жаздың алғында өз шәкірттерінің бірі жас батыр Қанжығалы Арғын Бөгөнбай Ақшаұлына ерекше ықыласы түсіп, өзінің орта жасқа таяп қалғанын, үзақ жылдарға созылған ауыр соғыстарға үздіксіз қатысып, қалжырап-шаршағанын мойындал, Әз Тәуке ханға өзін ордабасы қызметінен босату туралы өтінішін айтады. Әз Тәуке әуелі келісім бермесе де, өз орнына қоятын кісі барын айтқан соң, хандықтың астанасы – Түркістан шаһарына Үш жүздің шораларын, бектерін, билерін, батырларын арнайы түрде хат жазып, кісілер жіберіп шакыртып алып, ордабасы сайлау үшін Құрылтай өткізеді. Онда уәзірлер, шоралар, билер, бектер, батырлар Толыбай сыншы ұлының ордабасылықтан кетуін қаламайды. Ақыры олар Әз Тәукеғе зорға дегенде келісім береді. Сонда Қожаберген баһадүр ақ батасын беріп, ұсыныс жасап, өз орнына Бөгөнбай батыр Ақшаұлын қазақ, ноғай, каракалпақ жұрттарының біріккен әскерін басқаратын бас қолбасшы етіп сайлатады. Ол жайында өз ұстазы Толыбай сыншы ұлы батыр, ақынға арнап шығарған «Ғаділ ер» деген өлеңінде әйгілі Бұқар жырау былай дейді:

*Қожаберген ғаділ ер,
Қадірін білген қалың ел.
Бөгөнбайдай батырға
Билігін берген ардағер.*

*Қожекеме Бөгөнбай
Шәкірт болған жсан еді.
Сайлатақан оны ұстазым,
Қарадан шыққан хан еді.*

1710 жылдың жазының аяғында өз еркімен ордабасылық қызметтөн босаған Қожаберген батырды кезінде өзін тәрбиелеп-өсірген ағасы Қарабас тархан жасы ұлғайғанын айтып, өз орнына Орта жүз Керей-Уак елдеріне шора сайлатады. Сөйтіп, Толыбай сыншы ұлы жырау өз ағасының орнына шора тағайындалып, 1710-1723 жылдар аралығында өз жұрты Керей-Уакқа басшы болыпты. Ол 1723 жылы көктемде Сыр бойында мекен еткен Кіші жұздегі қайын жұртына қонаққа аттанарда ел-жұртының иғі жақсыларын жиып, мәжіліс өткізіп, өзі ақ батасын беріп, ұсыныс жасап, өз орнына ағасы Қарабас тарханның үлкен баласы Асқап сардарды Керей-Уак елдеріне шора сайлатады.

Толыбай сыншы ұлы жырау – 1723 жылғы «Актабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апатты өз басынан өткеріп, көзімен көрген, қырғынның жуан ортасында болған қарт баһадүр. Сол аса қатерлі сапарда ол Науан, Эсет есімді екі батыр баласынан, өзіне әрі өкіл бала, әрі атқосшы саналған Айбек, Ермек атты екі батыр азаматтан айрылып, бәйбішесі екеуі әрен дегендеге көппен бірге жау коршауын бұзып өтіп, аман құтылады.

«Елім-ай» әнін, «Елім-ай» күйін, «Елім-ай» жырының бірінші бөлімін Қожаберген ақын сол қоршауда тұрған кезінде шығарыпты. «Елім-ай» атты өлең де, жыр да, ән де әр кезеңде дүниеге келген. Сонын ішінде 1723 жылғы «Елім-ай» әнін, дастанын шығарған – Толыбай сыншы ұлы жырау. Мысалы, «Елім-ай» атты өлең Міржақып Дулатовта да бар. Ал «Елім-ай» деген дастанды халық ақыны, әдебиетші-ғалым, белгілі әнші Тұрысқан Әблірахманова да жазған. Әдебиетте бір-бірімен аттас әндер, күйлер, жырлар жиі кездеседі. Бірақ оларды бір-бірімен шатастыруға әсте болмайды.

Ақындықта Қожаберген жырауға Дәстем сал, Бұқар, Актамберді, Үмбетей, Тәтікара, Жанкісі (Көшебе Керей) жыраулар шәкірт болып, оны үлгі-өнеге тұтса, батырлықта Баксары, Бөгенбай, Жәнібек (Кіші Арғын) үшеуінен бастап, Бөкенбай Мергенұлына (1717-1758) дейінгі батыр атаулы сол Толыбай сыншы ұлы ордабасыға шәкірт болып, одан тәлім-тәрбие алышты.

Қожабергеннің бар айыбы сол – оның өмірі мен қоғамдық қызметінің, шығармаларының дер кезінде жиналмайзерттелмей қалғандығы, іздеушісі болмағандығы. Қожаберген шығармаларының кейбіреуі казақ халқының XIX ғасырда өмір сүрген педагог-жазушысы, ағартушы-демократы Ыбырай Алтынсарин құрастырып, 1879 жылы Орынбор баспасында жарық көрген «Қазак хрестоматиясынан» (жинақ) және оның 1896 жылы Казанда жарық көрген «Мәктубат» деген кітабынан орын алған, ол жинақтарда ақынның бірнеше өлеңдерінен үзінділер берілген. Соңғы жиырма бес жылда Толыбай сыншы ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы біршама зерттеліп, ол 1983 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген. «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» атты жинаққа енді және онда Қожаберген жыраудың «Елім-ай» әні мен құйін, жыр-дастанын шығарғандығы айтылып, сол зерттеуде талданып жазылды.

Қожаберген ақынның өмірі мен қоғамдық қызметі туралы деректер және оның «Елім-ай» әнін, «Елім-ай» құйін, «Елім-ай» тарихи жырын шығарғандығы туралы республикалық газет-журналдарда, облыстық, аудандық газеттерде бірттай зерттеу мақалалары жарияланды. Атап айтқанда, филология ғылыминың кандидаты М. Жармұхамедов «Қазак әдебиеті» газетінде 1981 жылы 15 мамырда «Елім-ай» жыр-дастаны» атты, ғылыми қызметкер Г. Тұрсынова «Мәдениет және тұрмыс» журналының 1981 жылғы 6-санында «Каратаудың басынан көш келеді» деген, белгілі драматург-жазушы Н. Эбуталиев «Жұлдыз» журналының 1984 жылғы 3-санында «Қожаберген жырау» атты, осы жолдардың авторларының бірі «Мәдениет және тұрмыс» журналының 1988 жылғы 6-санында «Елім-ай» деген, 1988 жылы 27 қыркүйекте жазушы Н. Эбуталиев пен әдебиетші-ғалым М. Жармұхамедов «Алматы ақшамы» газетінде «Елім-айдың» авторы кім?» атты, шежіреші М. Болатов «Жезқазған туы» газетінің 1982 жылғы 22 қантардағы санында «Елім-ай» жыр-дастанының авторы Қожаберген жырау хақында» деген, белгілі әдебиетші-ғалым Т. Сулейменов «Еңбек таңы» журналының 1989 жылғы 2-санында «Қазақ есімі хақында» атты, шежіреші, карт мұғалім Е. Калданов «Қызыл ту»

газетінің 1990 жылғы 23-24 қазандағы сандарында «Елім-ай» атты деректі де қолемді мақалаларын жариялатқан еді. Бұлардан басқа да Қожаберген жырау туралы бірнеше автордың 1982-2001 жылдар аралығында газет-журналдарда отызға тарта зерттеу мақалалары жарық көрді және сол Толыбай сыншы ұлы акынның есімін атап, оның шығармаларынан үзінділер келтірілген бірнеше автордың жиырма шақты мақалалары 1988-2001 жж. аралығында республикалық газет-журналдарда, облыстық, аудандық газеттерде жарияланды. Олардан басқа Ш. Смағұлов, К. Омаров, К. Биғожин, К. Мұқанов, Ф. Қадрәлі, С. Жұмабаев сияқты жергілікті зерттеушілердің ғылыми мақалалары және жергілікті жазушы Ожан Қалиевтің Қожабергенге арнаған дастаны жарық көрді. Сондай-ақ Қожаберген жырау филология ғылымдарының кандидаты Т. Сүлейменовтің 1991 жылы «Өнер» баспасынан жарық көрген «Сегіз сері» атты монографиялық еңбегінен орын алды, онда автор Қожаберген жырау – Сегіз серінің арғы бабаларының бірі екендігін әрі оның ірі тарихи тұлға, үлкен акын екендігін айтыпты.

Сонымен қатар жазушы Н. Эбуталиев өзінің 1991 жылы «Жалын» баспасынан шыққан «Сегіз сері» атты зерттеу еңбегінің бүтіндей бір бөлігін Қожаберген жырауға арнағанын айтуда міндеттіміз. Осы аталған автор Толыбай сыншы ұлы акынға арнап, «Ордабасы Қожаберген» атты монографиялық еңбек жазып, ол 1995 жылы «Жеті жарғы» баспасынан жарық көрді. Сол Н. Эбуталиевтің 1998 жылы баспа бетін көрген «Шок жұлдыз» деген зерттеу еңбегінен де Қожаберген жырау орын алды. Осы сөз зергерінің 1986 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Өттің дүние» повесінде Қожаберген жырау тұлғасының сомдала түскені байқалды.

Қожаберген жырау да, оның жолын қуушы мұрагерлерінің бірі – Сегіз сері Баһрамұлы да 1989 жылы жарық көрген Казак Кенес энциклопедиясының қыскаша төрт томдығының төртінші томынан орын алды. Онда да «Елім-ай» әнін, «Елім-ай» қүйін, «Елім-ай» жырын 1723 жылғы казак халқына келген ірі апат кезінде шығарғандығы айтылған. Сонымен катар, «Елім-ай» жыр-дастанының бірін-

ші бөлімі толығынан және екінші бөлімінің бас жағы «Дала дидары», «Ауыл» газеттерінің беттерінде 1991-1992-1993 жж. жарық көруі де актаңдак орнын ретімен жаба түскендей.

Солтүстік Қазақстан облысының (Қызылжар аймағының) топырағында бұрын-соңды дүниеге келген ақын-жыраулардың (Кенес дәуіріне дейінгі) өмірлері мен қоғамдық қызметтері туралы деректер мен шығармаларының дер кезінде жиналмай, зерттелмей қалуына, біріншіден, облысымызға 1936 жылға дейін де, одан кейін де әдеби-тарихи экспедицияның сапарларғашықпауы себеп болды. 1936 жылы жазда жазушылар Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Ғабит Мұсірепов – үшеуі бастаған бір топ әдебиетшілер мен тарихшылар экспедиция жасаған. Олар облысымыздан Қожаберген жыраудан бастап, Біржан Берденұлы ақынға дейінгі ақын-жыраулардың өмірлері мен қоғамдық қызметтері туралы деректер мен олардың шығармаларын жинапты. Алайда атапты экспедициялық топтың жинаған мұралары 1937 жылғы зобаланда құрып кетіпті. Екіншіден, облысымыздан не әдебиет зерттеушісі, не тарих зерттеушісі, не ән-күй зерттеушісі шықпауды да ақын-жырау, шешен ба-баларымыздың еңбектерінің зерттелмей қалуына тағы себепкер болды.

Қожаберген жырау шығармалары, әсіресе «Елім-ай» тарихи жырының бірінші бөлімі және екінші, үшінші бөлімдерінің үзінділері, «Баба тіл» дастаны және басқа өлеңдері туған республикамыздың әр облысында тұратын жекелеген азаматтардың абынрасының түбінде сакталып, біздің кезенге жеткен. Ел ішінде «Ата тек», «Қойлыбай әулие», «Қызылжар» дастандарының үзінділері, «Үш би», «Үш Тәуке», «Үш құрдас», «Құлдірмамай», «Едіге биге», «Жеті жарғы» және басқа өлеңдері ұшырасып қалып жүрді.

Толыбай сыншы ұлы ақын «Бағылан баба», «Фархад баһадүр», «Ғаділ Танаш», «Едіге баба», «Балға-Балта батырлар», «Ер Аббас», «Ер Көшебе», «Ата тек», «Баба тіл», «Алтай батыр», «Елім-ай» және басқа көптеген дастан, «Қойлыбай әулие», «Білдерсің», «Құлдірмамай», «Жеті жарғы», «Үш би», «Қайран жастық», «Едіге биге», «Жастық», «Ақсауыт» және басқа бірталай өлеңдер, «Бұркіт конған»,

«Көк Есіл», «Айша», «Кызылжар», «Кайран Арқа», «Елім-ай», «Калмак қырылған», «Ел айырылған» және біраз күйлер шығарса да, оның толып жаткан шығармаларының басым көпшілігі біздің кезенге келіп жетпеді. Қожабергеннің әндері мен күйлерінің соңғы орындаушысы Иргебай Коржынқөлұлы (1891-1966) осыдан отыз жеті жыл бұрын Ресейге қарасты Корған облысының Макушин ауданындағы Күміскөл (Қожаберген жыраудың Күміс көлі атанған көл гой) деген селода ауырып қайтыс болды.

Бұл күнде «Елім-ай» әнін Алматы қаласының тұрғыны, сәулет өнері ғылыминың кандидаты Төлеубек Сейіткалиұлы Карамендегі орынданап жүр.

Сонымен катар 1723 жылғы аса ірі апаттың халық ұғымында қалған атауы «Ақтабан шұбырынды, Алакөл сұлама» деген сөз тіркестері де Қожабергеннің «Елім-ай» жыр-дastanының бірінші бөлімінің аяқ жағында келетін мына шумакта әдемі зерленген:

*Атсыз қап, жүрт жүрісі шабан болды,
Халқыма аштық, соғыс жаман болды.
Басталып ел сұлауы Алакөлден,
Ақтабан шұбырынды заман болды.*

Алакөлді кейін біреулер жаңылысып Алқакөл деп кері ұғынған сияқты. Өйткені, Алқакөл деген атақты үлкен көл казақ даласында арғы-бергіде болған емес.

Баба жырау бәйбішесі Айшаны ертіп, сол 1723 жылдың қараша айында (бас кезінде) өз еліне келе жатып, орталық Сарыарқадағы Корғалжын көлі аймағында ағайын-туғандарымен, ұлдарымен, қызымен аман табысады. Өйткені Қожабергеннің елі Керей-Уақ та, оған көшіп келіп панағаған Барабы, Барын, Ескер атты Сібір татарының рулары да, Шалабай башқұрттары да 1723 жылы ала жаздай жонғар-калмақ басқыншыларымен соғысып, акыры жеңілген соң көше қашып, сол жылы жаздың аяғында Корғалжын аймағына келіп қоныстаныпты. Оны Толыбай сыншы ұлы батыр-акын «Елім-ай» жырының екінші бөлімінің басында айқын суреттеп кеткен.

Кожабергеннің бәйбішесінің есімі – Айша, ол Кіші жүз ішінде Он екі ата Байұлыға жататын Есентемір елінің басшысы Кабылан бидің қызы екен. Толыбай сыншы ұлы жыраудың Айшадан Әди, Әли, Әсет, Есет, Әбет, Науан, Мәди, Нәби, Ақыл, Бағдат, Мамай, Ноғай, Сагади, Токтамыс, Бектеміс, Бекет, Балқан есімді он жеті ұлы, Зейнеп есімді жалғыз қызы туады. Ақынның аттары аталған он жеті баласының жетеуі және ер жеткен он бір немересі ұзак жылға созылған ұлт-азаттық соғыста жау қолынан мерг болған екен.

Кожаберген жырау өмір сүрген заманда Керей-Уақ бытырамаған, қалың ауылды, адам саны көп ел болыпты. 1723-1759 жылдар аралығындағы қанды айқастарда көп жауынгерлерінен айырылса да, Орта жүз Керей-Уақ 1795 жылдың наурыз айына дейін аражігі ажырамаған, ауызбірлікті жүрт болыпты.

Орталық Сарыарқадағы Қорғалжын аймағында (казіргі Ақмола облысының Қорғалжын, Вишневский аудандары мен Қарағанды облысына қарасты Теніз ауданы жерлері) Орта жүздің Керей-Уақ елі сол Орта жүзге жататын басқа жүрттармен, башқұрт, ноғай, Сібір татары халықтарының біраз руладымен, Кіші жүздің кейір тайпаларымен бірге тұрмыстың киыншылықтарын бірдей көріп, өздеріне нан-дық, атка жемдік егін салып, ан, құс, балық аулап, 1723-1745 жылдар арасында сол өлкеде тіршілік еткен. Құрамында Шалабай естектері, Сібір татары елдері сарбаздары, Орта жүздің Атығай, Қарауыл деген екі жасаң руының жігіттері бар Керей-Уақ жасағы қарт сардар Қожаберген жырау мен оның інісі Аскап ордабасының басшылығымен Шортанды мен Түмен арасындағы, Аманқарағай мен Үшбұлак (казіргі Омбы облысы мен Новосибирский облысының шектесетін жеріндегі коныс, XIX ғасырда осы атамекеннің атымен аталған Үшбұлак дуаны құрылған) аралығындағы орманды, көлді, өзенді, қыратты коныстарды жауға үсті-үстіне бас көтермestей, күйрете соккылар бере отырып, басқыншылардан 1745 жылдың жазының бас кезінде то-лық тазартады. Сөйтіп, Керей-Уақ жүрті өздерінің атамекендеріне кайтадан көшіп барып орналасады. Оларға

бұрын Ұлытау өнірін мекендеген, 1724 жылы жазда қоныстарынан айырылған Атығай-Қарауыл рулары да ілесе көшеді. 1723 жылы жазда жонғар-қалмақ басқыншыларымен соғыста қырылып, артында үрпақ қалмаған Керейдің бес руының босап қалған жеріне Аскап ордабасының рұқсатымен Атығай-Қарауыл және Шалабай естектерінің бір топ елі көшіп барып қоныстаныпты.

Қожаберген мен оның інісі Аскап шора қоныстарын жаудан тазарткан соң Керей-Уактың билері мен бектеріне, батырларына бұрынғыша төрт ауылға ортақ бір медресе, бір мешіт ашу туралы бұйрық береді. Содан сол жарлық бойынша әрбір төрт ауыл бір медресе, бір шағын мешіт ашу үшін үйлер салуға кіріседі, молдалар дайындау үшін жасөспірімдер мен жас жігіттерді арнаулы кіслерге ертіп, Бұхар хандығы қалаларына аттандырыпты. «Елім-ай» жыр-дастанын Толыбай сыншы ұлы жырау қолжазба арқылы елден-елге таратуды өз мирабқорларына өсиет етіп-ті. Баба өсиетін орындауда жыраудың өз балалары мен немерелері, шәберелері және ақынның туған ағасы Қарабас тарханның үрпактары ерекше енбек етіп, Толыбай сыншы ұлы ғұламаның осы қолжазбаның 12-13-беттерінде аталған кисса-дастандарын, өлеңдерін елден-елге қолжазбалар және әншілер арқылы таратыпты.

Қожаберген жыраудың «Елім-ай» эпопеялық жыры – казақ халқының сыртқы жауларға қарсы бағытталған жарты ғасырлық әрі әділетті, әрі азаттық соғысын суреттеуге арналған маңызы кесек тарихи шығарма. Жырдың бірінші бөлімі де, жырмен аттас келетін Толыбай сыншы ұлы өнер-паздың «Елім-ай» әні мен «Елім-ай» күйі де 1723 жылғы күзде болған орасан қырғынды, ел басына келген ауыртпалықты қөпке сол күйінде жеткізуғе бағышталған. Сонымен катар «Елім-айдың» бірінші бөлімін жартылай өмірбаяндық дастан десек, ешбір қателеспейміз. Өйткені осы жырда Қожаберген сазгер өз өмірінен бірталай мағлұмат берген.

Толыбай сыншы ұлы жыраудың «Елім-ай» дастаны – бір нұсқалы жыр. Оның кейбір сөздері ауыздан-ауызға көше жүріп, өзгеріске ұшырағанына қарамай, әркімдердің

қолында жүрген үзінділерін сол дастанның өзге нұсқалары деп теріс түсінуден аулак болайық. Егер сол үзінділерді бөлек нұска деп, керісінше ұғынып жүрген адамдар әркімдердің қолында жүрген үзінділерді жинап әкеп, «Елім-ай» жырының бірінші бөлімінің толық нұсқасымен салыстырса, олардың «Елім-ай» дастанының бірінші бөлімінің ел ішінде шашырап жүрген үзінділері екенін анық аңғарар еді.

«Елім-ай» жырын окуға жүртшылық неге ынтық? Себебі Қожаберген шығарған «Елім-ай» дастанының тарихи жағынан күндылығы өте зор! Қожаберген бабаның өмір жолы да, оның тарихи шығармасы «Елім-ай» да жастарды, жас-өспірімдерді, жас балдырған шәкірттерді отаншылдыққа, адалдыққа, бауырмалдыққа, турашылдыққа, әділдікке, татулыққа, ұйымшылдыққа, көпшілдікке, жауынгерлікке, дос-тыққа тәрбиелеуге үндейді.

Сонымен қатар, Толыбай сыншы ұлы сардар «Елім-ай» жырында 1723 жылғы үлкен апат тек өзінің туған халкы қазаққа ғана емес, туысқан көрші ноғай, қарақалпак, қырғыз, Шалабай башқұрттары, Сібір татары халықтарына да кенеттен келген зор індет екенін ашық та дәлелді түрде баянdap өтеді. Эрине, бұл жағдайды екінің бірі біле бермеуде мүмкін.

Ақын «Елім-ай» қиссасының бірінші бөлімінде тек қана соғыстарды баянdap коймай, туған халқымыздың жер-суларының бұрынғы кездегі атауларын, тұрмыс-салтын, кәсібін, елдің ішкі-сыртқы саяси жағдайларын, көршілес мемлекеттермен қандай қарым-қатынаста болғанын, түрік текстес елдерді, Сібір татарына жататын руларды, қалмақтын шықкан тегін, оның түрік халқына жатпайтынын, қалмаққа жататын тайпаларды дұрыс, айқын түрде көрсетіп берген. Мұның кейінгі үрпактар үшін маңызы аса зор екеніне ешбір дау жоқ.

Қожаберген ақынның «Елім-ай» дастанын дұрыс та жоғары бағалаған көрнекті білгір адамдардың бірі – халқымыздың әскери қайраткері, білімпаз да аса дарынды, қадірлі жазушысы, атақты батыры, есімі әлемге әйтілі Бауыржан Момышұлы «Керей Қожаберген жыраудай бұ-

рынғы-соңды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындағ берген емес. Ол кісінің «Елім-ай» жыры – әскери дастан! Жас бала кезімде оны әншілердің аузынан талай рет естіп едім. Шіркін, сол әскери дастан қайда бар екен?» деген болатын бірде. Ал қазақ халқының аса көрнекті ғылым қайраткерлерінің бірі, тарих ғылыминың докторы, профессор Ермұхан Бекмаханов «Атаң Қөшебе Керей Қожаберген ақын Толыбай сыншы ұлының «Елім-ай» дастаны – тарихи эпопеялық жыр. Эрі сол «Елім-ай» ерлік киссасының бірінші бөлімі – 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апаттың суретін ел көзіне елестеткен бірден-бір тарихи құжат!» деп тұжырып еді. Осы мазмұндас бағаны академик-жазушы Ғабит Мұсірепов, академик Әлкей Марғұлан, академик Ақай Нұсіпбеков, тарих ғылыминың докторлары Бек Сүлейменов пен Төлтай Балақаев ағаларын да кезінде шегелеп айтқан еді.

Қожаберген жыраудың біздін кезенге жеткен екі дастанының бірі – «Елім-ай» болса, екіншісі – «Баба тіл». Бұл дастанды қазақ ауыз әдебиетіндегі бізге жазбаша түрде жеткен тұнғыш көне шығармалардың бірі емес, бірегейді деу керек. Дастан мазмұнын екіге бөлуге болады. Бірінші бөлімде жырау қазақ шежіресі туралы, қазақ халқының қалыптасуы, құрамы жайында өз пайымдауларын жазса, екінші бөлімде баба тілі – қазақ тілі туралы, қазақ тілінің тарихы, жазба тіліне және көне тіл, бай тіл екендігіне ғылыми талдау жасайды. «Баба тілді қастерлеу – азамат ерге лайық» деп, туған тілді қадірлеуге, құрметтеуге, жетік білуге шакырады. «Елім-ай» дастанынан және лирикалық өлеңдерінен Қожабергеннің қол бастаған батыр, сардар, ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, топ жарған ақын-жырау екенін білсек, «Баба тіл» дастанынан оны басқа қырынан шежіреші, тіл білімінің маманы, ғалым екенін анғарамыз.

«Баба тіл» дастанының мазмұны Әбілғазы баһадүр хан (1603-1663) мен оның «Түрік шежіресі» деген атақты да көлемді еңбегін сынаудан басталады. Бұл енбекті кезінде

«хандардың хронологиялық тізбесі ғана» деп, «Қазақ ше-жіресі» деген еңбегінде Шоқан Уәлиханов та, «Тұрік, қырғыз, казак һәм хандар шежіресі» деген еңбегінде Шәкәрім Құдайбердіұлы да сынаған болатын. Ал олардан бүрын Толыбай сыншы ұлы жырау былайша сынайды:

*Біле тұра ол сұлтан
Еске алматты Үш жүзді.
Соның ушін, жарапандар,
Айттақ болым бұл сөзді.*

*Айналайын, Үш жүзім,
Әбілғазыға нальма.
Шежіресі бар елімнің,
Қоймаспыш жатқа жалына.*

Кожаберген жырау «Қазақ» және «Үш жүз» деген ұғымдар бір жүрттың екі атауы болып, бірдей шықкан сөздер деген пікір айтады:

*Қазақ деген атауға
Ілескен Үш жүз есімі.
Бір жүрттың екі аты бол,
Тағдыры ерте шешілді.*

*Шыңғыс ханнан көп бұрын
Қазақ пен Үш жүз бар атау.
Сөзіме нан, жәмиғат,
Болмасын көңіл еш жадау.*

Сөйтіп, батыр-жырау «Қазақ» пен «Үш жүз» атауларының Шыңғыс ханға дейін пайда болғанын үзілді-кесілді айтады. Сонымен қатар, «Баба тіл» дастаны ауыздан-ауызға көше жүріп, оның сөздері өзгеріске ұшырағанын байқадық. Мысалы, оны Керей, Жәнібек дегеннің орнына Әз Жәнібек деген сөздің қолданылуынан аңфарамыз. Шыңғыс хан жорығының алдында ғана халық бол қалыптаса бастаған казаққа Хорезм мемлекетінің құрамында хандық болу мүмкіндігі туады, Шыңғыс ханның шабуылына ұшырап халық болу дәрежесінен айырылып, хандық та бола алмай,

токырау кезені басталады. Екі жарым ғасырдан кейін ғана Керей, Жәнібек хандардың тұсында қайта хандық болып, казақша жазба да қайта қалыптасқан екен.

Көлемі 325 шумак «Баба тіл» дастанының бізге жартысынан көбі жетті. Алайда Жейхұндария, Сейхұндария, Еділ-Жайық өзендерінің бойларын, Кердері, Атырау теніздері жағалауларын, Орал тауы мен оның батыс, шығысын, Батыс және Шығыс Сібір аймақтарын, Алтай, Тянь-Шань тауларын мекендереген түрік жүрттарында X-XI ғасырда, яғни Хорезм шахы Мұхаммедтен әлдекайда бұрын сонау Алаша ханың тұсында ислам дінінің толық орнығып, салтанат құрғанын, араб әрпінің негізінде түрік ғарпі пайдада болып қалыптасқанын баяндаған «Баба тіл» дастаны шумактарының түсіп қалып, естен ұмытылғаны кімді де болса қынжылтарлық жайт.

*Керей ханың кезінен
Екінші рет таңба іске асқан.
Арабтың ғарпін негізгіе ап
Қазақша жазу құрасқан.*

*Таза қазақ тілінде
«Жеті жарғы» жазылған.
Әз Тәүкедей ханымыз
Жоқ еді елді аздырған.*

*Откенде дейін Әз Тәүке
Қолданды ел қазақ таңбасын.
Осы күнде сұлтандар
Қолға алды татар жазбасын.*

*Үш жүз жылдан аса уақыт
Қазақша жазды ел жазуын.
Сөйтеп тұра көрдің бе
Бектердің бүгін азуын?! –*

деп, «сұлтандарға ермендер, қазақша жазуларынды тастамаңдар» деген ой түйеді.

Дастанның бір топ шумактары баба тілді – ана тілді қадірлеуге, құрметтеуге, пайдалануға, тазалығын сактау туралы насиҳатқа арналған. Жыраудың бұл насиҳат сөздерін өзінен артық сөзбен жеткізу киын, сондықтан үзінді келтірейік:

*Баба тілді сақта деп
Айтып түрмыйн жсалтыға.
Ақындардың жырларын
Салып көр деп талқыға.*

*Кезің жетті Үш жузім,
Ашатын анық көзіңді.
Түріктің басқа ұлынан
Кем санама өзіңді.*

* * *

*Осы тілді жек көрген
Дүниеден қалар құр.
Багаласаң шынымен
Баба тілің – асыл-дұр.*

*Пайдалан қазақ сөзіңді
Жазғанда өз қалпында.
Тұған тілді құрметте,
Кір жүкшірмай салтыңа.*

Бұдан әрі жырау казақ тілінің қалыптасу тарихына тоқталады. Қазіргі қазақ тілінің байлығы бір ғасырдың ғана жемісі емес, мын жылдан артық уақыттың жемісі дей келе, түрік текстес халықтар тілдерінің ішіндегі ең сөзге бай, дамыған тіл дейді. Ақынның бұған дәлелі – тіліміздің оралымдылығы, бірнеше мағына беретін сөздердің молдығы және бірнеше сөздің бір мәнде келетіні, яғни синонимдік катардың көптігі.

«Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» дегендей, қорыта келгенде, Қожаберген жырау Толыбай сыншы ұлының қазақ тарихынан да, қазақ әдебиеті тарихынан да өз орнын алатын уақыты жетті.

«Иә, өлмейтін жан жок. Абай бабамыздың «Өлді деуге бола ма, ойландаршы, өлмейтүғын артына сөз қалдырған?» дегеніндей, қазақ халқының үш ғасырлық жүрекжарды жыры «Елім-айдың» авторы – Кожаберген жырау өз халқымен мәнгі бірге жасайды.

Кожаберген есімі Әз Тәуке хан, Абылай хан, Эбілқайыр хан, Бұқар жырау, Әйтеке би, Төле би, Қазыбек би сияқты үлтгымыздың ұлыларының қатарында Отан тарихында хатталады». (*M.K. Қозыбаев, Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Тарих және этнология институтының директоры. Дауылпаз баба – Кожаберген (Кожабергентану проблемалары хақында)*).

ДӘСТЕМ САЛ

Әдебиет тарихында аты елеусіз қалып, артында калдырыған мұралары жиналмай келген тұлғалардың бірі – XVII ғасырдың соңғы ширегі мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген суырыпсалма әнші-ақын, қүйші-композитор, халық батыры – Дәстем сал Қарабасұлы.

Ақынның туған жері – қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының маңы. Оны сан қырлы өнерге – әншілік, мергендік, қолөнершілік және басқа өнердің көптеген түрлеріне өз ағасы Қожаберген жырау Толыбай сыншы ұлы баулыған. Ел аузында сакталған кейбір деректерге қарағанда, Дәстем бала кезінде ауыл молдасында, кейін медреседе оқып, білім алған көрінеді.

Аты мәлім өнерпаздың шығармалары көптігіне қарамастан, дені біздің кезге жетпеген, ел есінен ұмыт қалған. Оның шығарған «Қызылжар», «Гүлтөбе», «Қарағай», «Ақ сауыт», «Көктау» атты әндері, «Адырна», «Мір», «Бұқпелім», «Сібір», «Ертіс» деген күйлери, «Жалаңтас баһадұр», «Салқам Жәнгір», «Ғаділ Энет», «Данышпан Қазыбек», «Қайран, Әйтеке», «Ақша батыр», «Дәстемнама», «Абак ана», «Жаман батыр», «Бозқозыұлы Бөкенбай» атты тарихи, ерлік жырлары да болыпты. Қазір бұл шығармаларды жатқа билетін де, домбырамен тартып, нақышына келтіре айтатын да көнекөз адам қалған жоқ.

Ел ішінде Қарабасұлы жыраудың тек Абылай ханға, Жабай, Баян, Бөгенбай, Тұрсынбай, Малайсары, Қабанбай, Айdos, Олжабай, Есет, Жәнібек батырларға, Байжігіт күйшіге, Бұқар, Тәтікара, Үмбетей жырауларға берген баталарының үзінділері мен «Жаман батыр» деген дастанның үзіндісі, «Дәстемнама» атты тарихи жыры ғана сакталған.

«Дәстемнама» тарихи дастанының қазіргі сан түрлі ауытқымалы, пікір қайшылығына толы дүбірлі заман көзімен қарағандағы танымдық қуат-құндылығы неде? «Дәстемнама» нендей толғакты мәселе көтеруімен ғасырлар сын-елегінен өте келе бізге қымбатты казына болып тұр? Жауап ізделеп көрелік.

Біріншіден, «Дәстемнамада» орта ғасырлар шеніндегі Орта Азия халықтары басынан кешірген сан тарихи өткелектер жолай шолу түрінде болсын айтылып өтіп, түркі халықтары тағдыр талайы, елдік қадір-касиеті, мекен еткен жер-су аймағы жыр жолдарымен зерленді. Екіншіден, Сібірдегі түркі жұртын қан қақсата жүріп, белсенді отарлау саясатын жүргізген Ермак қарақшының жауыздығы мен оның ит өлімі аталмыш тарихи мұрада өз кезеңі тұрғысымен алғып қарағанда алғаш рет көркем шығармаға арқау болып, біршама айқындықпен ашылып көрсетіледі.

Жалпы Ермактың өмірі мен өлімі жөнінде нешеме қылыштылықты пікір-байламдар бар. Алайда «Дәстемнама» дастанының тарихи айғақты көлденең тартуы тұрғысынан келсек, халық жадында сакталып келген Ермак өліміне қатысты «итке талатып өлтіруі» нұсқасының өміршендене түсетінін байқаймыз. Сол секілді «Дәстемнама» жырлаушы Ермакты Жармақ деп, оның әкесі Тимофейді – Темепей, Ібір-Сібірді жаулаушы саудагер алпауыт Строгановтарды – Ыстыраған, Ібір-Сібірдің кіші санды халықтарын қазақ тілінің ауызша айтылу мақамына қарай әр түрлі айтып, жырлай береді. Жырдағы:

*Орта жуз Керей Сейдек те
Ер еді асқан санаттан.
Сүйреп әкен Жармақты,
Қабаған итке талатқан, –*

деген шумақтағы Ермакты итке талатып өлтірген Сейдек батырдың Көшебенің Еламан атасынан тарайтынын, Еламан атасының кейбір ұрпактары Жамбыл ауданында тұратынын көпшілік біле бермеуі мүмкін.

*Жана шыққан қыран ем
Қияға шырқар талпына.
Сәлем бердім әуелі
Жиналған тойға халқыма.*

*Ақтарайын, ел-жұртый,
Буулы теңді қоймада.*

«Дәстемнама» дегенге
Мақтаншак деп ойлама!

Қазактағы Орта жұз
Керейден шыққан серімін.
Өленгө де, соғысқа
Бірдей боп жүрген бөрімін.

Толыбай сыншы баласы
Қарабас ердің ұлымын.
Халқын жаудан қорғаған
Жас сардардың бірімін.

Ұстаз болған өзіме
Қожаберген ағамыз.
Ақындық пен ерлікке
Баулыған сол данамыз.

Ағам аты Ер Асқап,
Өз есімім Дәстем сал.
Қызылжар деген өнірде,
Мекенім менің Өзентал.

Әріден жайды қозғайын
Мұсылманға паш қылып.
Жәрдем еткей жалғыз Ҳақ,
Көнілді койма аш қылып.

Зейінге мықтап тоқыдым
Молданың берген білімін.
Бойыма тағы сінірдім
Жақсылардың ілімін.

Шежіреден көргенді,
Оқып жақсы білгенді
Жария етсек жарасар
Құлаққа және ілгенді.

Мұны бізге қалдырған
Тарих етіп ескі көз.
Керейдің және жырауы –
Шаншарбектен жеткен сөз.

Шаншарбек жазған шежіре
Әркімдердің колында.
Қызмет қылған ер екен,
Дін исламның жолында.

Он сегізге келген соң
Ел корғауға сайланып,
Тұлпар мініп, жер шалдық,
Әр аймақты айналып.

Сері болдым, топ бастап,
Домбыра, қобыз қолға алып.
Сібірлік түрік ахуалын,
Жыр етпекке толғанып.

Өтіндіндер шығар деп
Тыңдауға қисса, халайық.
Олай болса, жарандар,
Сіздерге қызмет қылайық.

Ата-баба шежіресін
Әрдайым еске алайық.
Тіршілікте, әлеумет,
Ел қамқоры болайық.

Ерен шабыт шақырып,
Шырқап әнге салайық.
Жыраулық пен ерлікті
Көрдім бойға лайық.

Қазактың бегі – Сейдекті
Өзек қып жырға алайық.
Бекболаттай атасын
Аруакты ерге санайық.

Қолға көбыз алған соң
Жұрт көніліне толайық.
Шыңғыс ханнан бастауды
Макұл деп білдім, халайық.

Татар, қырғыз хандығын
Билей алмай жалғанда
Өткен екен Есуқай
Шерлі болып арманда.

Кім десеңіз Есуқай?
Шыңғыс ханның әкесі.
Татардың маңғұл жұртының
Тұсында болған серкесі.

Татар, қырғыз хандығын
Біріктірген шығыста.
Ғаскерін бастап батысқа
Аттанған жылжып Шыңғыс та.

Жол-жөнекей көп елге
Көрсеткен татар зорлықты.
Бағынышты талай жұрт
Көрмеу үшін қорлықты

Басшысына әр елдің
Шыңғыс хан бұйрық жолдаған.
Карату үшін көп жүрттый
Ислам дінін қолдаған.

Мұсылманның дініне
Басқа дін тең келмеген.
Шыңғыс хан елі жартысы
Ислам дініне енбекен.

Кей көсемді Шыңғыс хан
Алдап-сулап көндірген.
Елемесе бұйрықты
Кауіп-катер төндірген.

Мейірімсіз Шыңғыс хан
Өз мизамын ендірген.
Тыңдамаған халыктың
Шырағын бірден сөндірген.

Қан-жоса қып Шыңғыс хан,
Қырылып нелер ел қалған.
Өз жұрты ере көшкен соң
Құлазып жері бос қалған.

Алған екен татарлар
Шыңғыс ханның кезінде
Том мен Еділ арасын,
Жалған жоқ осы сөзімде.

Шыңғыс ханға дейін де
Еділ-түрік өзенін.
Ел басынан көп өткен
Тұрмыстың ауыр кезеңі.

Болып өткен Еділде
Шыңғыс ханның шайқасы.
Мекендереген Қазанды
Татардың маңғұл тайпасы.

Хандығына Шыңғыстың
Татардың бәрі болған мас.
Қызыл сары жұздері,
Көздері көк, жирен шаш.

Осылай болған маңғұлдың
Ұқсап, халқым, өндері.
Алтай таудан әрі екен
Ежелгі татар жерлері.

Маңғұл, мешер, қырғыз бен
Бұлғар да татар тайпасы.
Оң қолы болған Шыңғыстың
Қызғанда жаумен шайқасы.

Кұмар боп жұртты жаулауға,
Дегендей бізді сен байқа,
Шыңғысты қатты қолдапты
Бұл аталған төрт тайпа.

Тоқтаған жері Шыңғыстың –
Еділдің Қалқа саласы.
Қайтыс болған сол жерде
Есуқай бектің баласы.

Жерленген жері Шыңғыстың –
Қалқа өзені жағасы.
Әлтіріп оны көмгендер
Табылмай кеткен моласы.

Ханы қайтыс болған соң
Татардың көнілі торықты.
Сүбетайдай сардары
Тоқтатқан созбай жорықты.

Маңғұл, бұлғар, мешерлер
Мекендер шаһар Қазанды.
Салдырып сонда мешітті,
Молдасы айтқан азанды.

Ер жеткенше Бату хан
Бастамай татар соғысты.
Иемденді берік ұстап
Өздері алған қонысты.

Айлалы сардар Сүбетай
Алдын болжап шолыпты.
Еділдің екі жағына
Сол шакта татар толыпты.

Көп жұртқа зиян шектірген
Шыңғыс ханың соғысы.
Әлі қүнге бос жатыр
Ежелгі маңғұл қонысы.

Бос қалған татар жерлері –
Аңдардың қазір мекені.
Мәшіүр болды баршаға
Иесіз аймақ екені.

Ескер, Барын, Барабы,
Құралаш, Сұнқар, Карабаш –
Бұлар да татар тайпасы
Сібірде тұрған аралас.

Осы алты елі татардың
Астана еткен Тұменді.
Мекендеген жерлері
Ертіс, Есіл, Тобылдың
Тұтасар жері төменгі.

Қазак, естек, өстектер,
Кәми, манса, қанттар да
Қоныс кылып Сібірді,
Көрші тұрған татарға.

Осы елдерге хан болды
Шыңғыс ханның ұрпағы.
Бакыты аскан ұл болды
Жәдігер деген сұнқары.

Хан сайланып Жәдігер,
Орда тігіп, так құрған.
Салдырып егін халқына,
Өсіртіп малын бақтырған.

Татар сұлтан Жәдігер
Салмаса да тас қамал,
Ор каздырып әр жерден,
Корғануға етті амал.

Сібірлік тұрік жұртына
Жәдігер жайлы хан болды.

Дак түсірмей ғұрпына,
Айтқаны онын зан болды.

Жәдігер ханның сардары –
Орта жұз Керей Еламан.
Жәдігер билеп тұрғанда
Ел-жұрттың болды басы аман.

Жәдігер өліп орнына
Көшім сұлтан хан болды.
Ол да Шынғыс ұрпағы,
Ақылға күші сай болды.

Жәдігер де, Көшім де
Татардың белді сұлтаны.
Шынғыс ханның тұсынан
Татарлар болды ел ұлтанды.

Хан болған соң Көшім ер
Түменнен әрі Тобылда
Өз ордасын қондырды
Тоғайлы, сулы орынға.

Жасыл ала ту тігіп,
Ауылын хан жайнатты.
Еламан ұлы Сейдекті
Бас уәзір сайлатты.

Қымыз бен шұбат ішпек бол,
Бие мен інген байлапты.
Қолына қобыз ұстатьып,
Жырауларын сайратты.

Сейдекті көшіріп әкеліп,
Ауылымен маңға қондырды.
Би мен бегін көбейтіп,
Өз дегенін болдырды.

Жәдігер де, Көшім де
Қазақтармен дос болды.
Тату көрші молайып,
Көңілдері хош болды.

Тобыл өзен бойынан
Көшім хан үйлер салдырды.
Балташи, ұста, зергерді¹
Көшіріп сонда алдырды.

Өзі қонған мекенде
Көшім хан базар ашады.
Ол базарға барғандар,
Түменнен әрі асады.

Жұз үйлік ұлken ауылды
Хан қыстағы деп атады.
Хан базары сонда орнап,
Мал мен астық сатады.

Тобыл өзен бойында
Айбынды ауыл орнады.
Ғаскерін қойып жан-жакқа
Жұртын Көшім корғады.

Жерге тоймас қалмақтар
Көшім ханмен өш болды.
Дұшпаннан кегін әперген
Еламанұлы Төс болды.

Татардың ханы Көшім де
Келешегін ерте ойлаған.
Еламанұлы Сейдекті
Ордабасы етіп сайлаған.

Төс – Сейдектің ағасы,
Қазақтың еді данасы.
Сейдек еді шын жомарт,
Артықша жігіт бағасы.

Том жағынан жау тиіп,
Көшім хан соған аттанған.
Қанішер қалмақ дүшпаннан
Алдын ала сактанған.

Ар жағынан Қазанның
Ыстыраған деген жау шығып.
Қара Епанды қолдаушы
Байлығы мол дәу шығып.

Қара Епан мен Ыстыраған
Мұсылманға қас болған.
Татар менен қайсаққа
Көңілдері тас болған.

Мұсылманды жаулауда
Жауыздарға бас болған.
Дүшпандар шауып Қазанды,
Көзіне жүрттың жас болған.

Қазан мен жаулап Үпіні,
Шығыска қарай жылжыған.
Ыстыраған, Епан жалмауыз
Байлығын жүрттың қылғыған.

Жармақ деген дүлейді
Ыстыраған, Епан жалдаған.
Жиып беріп көп жendet,
Соғысты әрі жалғаған.

Тепемей күшігі – Жармақты
Татар мен Қайсақ қарғаған.
Неге десен, жыртқыштың
Қырмаған ауылы қалмаған.

Сібірдің ханы Көшімнің
Қонысы болып базарлы.
Тұрганында еріксіз
Аударды іске назарды.

Жазығы жоқ Көшімге
Батыстан сол жау тап болды.
Бейғам жұртты бас салып,
Ес жидырмас шақ болды.

Орал таудан бері асып,
Істыраған сүмьрай жасағы
Анғал түрік жұртына
Тағы да соғыс ашады.

Жармақ деген хайуанның
Кан төксө көнілі тасады.
Естекті шауып жазықсыз,
Үлкен обал жасады.

Он алты мың ауыр қол ертіп,
Желгіш атпен заулаған.
Жендеттер бес жұзден
Бөлініп жұртты жаулаған.

Кәми мен Қант, Мансага
Жан-жактан дүшпан саулаған.
Бейбіт жатқан жуас ел
Емес жауды анлаған.

Жармақ деген жалмауыз
Батыстан солай ұрынған.
Шығыста Көшім жүргенде
Момын жұрт Манса қырылған.

Істырағандар жендеті –
Ел тонағыш Жармақ сүм.
Бетпе-бет келмей майданда
Жігерін көптің қылған құм.

Сабыла жүріп ел шауып,
Сібірдің жерін қандаткан.
Дамылсыз жортып құзғындар,
Көк шалғынды шандаткан.

Өлмеген екен аждаһа,
Алса да халық қарғысын.
Қырғызған Жармақ қанішер
Манса жұрты жартысын.

Кәмси, Манса, Өстекті
Абайсызда олар шапты да.
Дүниеконыз дүлейлер
Сау коймады Қантты да.

Атаңа нәлет Жармақ сүм
Қантты да қырып шулатты.
Бейғам жатқан ауылға
Корғасын оқты зулатты.

Батыстан жау болар деп
Ойламаған Көшім хан.
Есітіп дүшпан тигенін,
Шошынды сүйк хабардан.

Жармақ есірік шапқыншы
Соғыс ашып басынған.
Адамын босқа қырған соң
Кәми, Қант, Манса ашынған.

Қайырымсыз қабандай
Сібірді кезіп шарлаған.
Мәнжұндерден шошынып,
Естек пен татар зарлаған.

Татармен көрші қазақта
Торын Жармақ камдаған.
Көшімнің уәзірі Ер Сейдек
Болар деп қауіп аңлаған.

Бастаған Төс көп қолды
Қалмак жаққа қалдырды.
Астанаға қайтпак боп
Боз атты хан алдырды.

Ішіне ханның шоқ түсіп,
Өзегін өрттен жандырды.
Жарты жасақ қайтады деп
Ғаскерге хабар салдырды.

Жартысын көлдүн бөліп ап
Өз соңынан ергізді.
Ер Сейдекке ым қағып,
Ораздың күйін шерткізді.

Қырылғанын естіп халқының
Хан келеді қайғы артып.
Көңілін аулап Сейдек ер
Сыбызығыдан күй тартып.

Тұменге келді Көшім хан
Соңынан қолын қаптатып.
Қоймаймын деді малғұнға
Ел-жұртыймды таптатып.

Бұйрық берді халқына
Отырсын деп орманда.
Жарлық шашты жалпыға
Бекінсін деп қорғанға.

Қанішер сұмырай Жармаққа
Бастаса да қарсы жорықты
Қырылған соң шеткі елі
Ханның да көнілі торықты.

Сібірлік түрік жұртыйның
Жарлысы да шонжары
Қару асып жинальп,
Халқын жаудан қорғады.

Жармақ сұмға Ер Сейдек
Шық десе де жекпе-жек,
Алыстан барып оқ атып,
Келмей койған қашып шет.

Ұрысқа қамдап қауымын
Батыр мен би, бегі де,
Кетті деп жауда күйінді
Мұсылманның кегі де.

Бермеу үшін қонысты
Татарға қазақ болысты.
Көрген түсін сардардың
Жақсылыққа жорысты.

Қазақтың ордабасысы
Дәулен батыр дер екен.
Керей-Уақ көсемі –
Дәулен асқан ер екен.

Өз түсінда сол Дәулен
Мұсылманға бел екен.
Жармаққа қарсы соғыста
Ерлігі оның көп екен.

Орта жұз Керей-Уактар
Жармақпен қатты соғысқан.
Естекке де, татарға
Олар шындал болысқан.

Естектің биі – Шалабай,
Қазақтың бегі – Ер Дәулен.
Жармақты бөгеп соғысып,
Қарсы тұрды көлденен.

Соғысам деп Қөшіммен
Жармақтың қолы азайды.
Бермек болды Ер Сейдек
Жалмауызға сазайды.

Қалмақтармен соғыста
Женіске жеткен Сейдек ер.
Жармақтың қолын көп қырып,
Бедел алған кеменгер.

Татар, казак, естектін
Қарсылығы жауды қажытты.
Бес жыл бойғы қанды ұрыс
Жармақ сүмдү алжытты.

Алғашқы жылдар женсе де,
Көшімнен кейін женілген.
Жендеттер саны көп кеміп,
Женістен Жармақ түнілген.

Сібірлік түрік елдерін
Бес жыл бойы тонаған
Қанішер, жауыз Жармаққа
Қайғылы жағдай орнаған.

Құтылмақ боп тажалдан,
Татарлар ұрыс салыпты.
Он алты мұңжылтықтынан
Бес жұз бұзық қалыпты.

Көшім хан ісі ондалды
Халқы ылғи қолдаған.
Аштық жайлап ақыры
Бес жұз ұрыс сорлаған.

Бекінген жерін Жармақтың
Көшім мен Сейдек барлаған.
Андыған ерге тап болды
Бес жұз құзғын сандалған.

Жармаққа пана болмады
Ертістің Бағай саласы.
Коршауға алды ел жауын
Мұсылманның баласы.

Таң алан-елең атқанда,
Шырт ұйқыда жатканда
Бағай өзен бойында
Түсірді жауды какпанға.

Шашын жұлды Жармақ сүм
Татарлар дабыл какқанда,
Тұс-тұсынан аңдыздал,
Мұсылман қолы шапқанда.

Бұйрық беріп Көшім хан
Соғысқан құндіз жөн деді.
Бірде-бірін күтқармай,
Жан-жағынан төн деді.

Тірі ұста деп Жармақты
Көшім хан айтты жарлығын.
Көрсетем деді жауызға
Кең дүниенің тарлығын.

Андыңдар деді залымды
Тұсірмей суға барлығын.
Орындақ болды жұрт
Ханның еткен жарлығын.

Атқармақшы қалың қол
Көшімнің берген бұйрығын.
Тірі ұстап әкеп Жармақты
Алмак боп ханның сыйлығын.

Татар, казак, естектер
Жармақтың қолын қырады.
Құтылтпай тірі ешбірін,
Қылышпен бәрін турады.

Кетпесін деп тіріліп
Қанжармен ішін жарады.
Жармақтың бес жұз жендеті
Түгел қаза табады.

Ыстыраған жыртқыш ғаскері
Қынаша қырған Кәмиді.
Солары еске тұскенде
Тұріктер қалай жібиді?

Бізді қыр деп мұсылман
Шақырған жок Жармақты.
Қайта олардан Көшім хан
Бейбіт жұртын қорғапты.

Көрінсе де майданда,
Ұстайын десе Жармақ жок.
Құтылмас деп қашқанмен
Көшім ханның көңілі тоқ.

Өліктің қарап арасын
Жармақтың ғаскер таппады.
Сүзіндер деп сай-сайды
Хан сабырлық сақтады.

Шоқпар тиіп әлсіреп,
Жармақтың басы дақ болды.
Софысам деп татармен
Денесі жара, қан болды.

Жылатқан жұртты жауыздың
Іші өртеніп шоқ болды.
Есалансыған Жармақ сұм
Тоғайға кіріп жоқ болды.

Арасына еніп талдардың
Халы азайып құлады.
Ісіне қылған өкініп,
Сақалын жұлдып жылады.

Еске алмады сол сэтте
Сауыт-сайман құралды.
Ішіп-жеуге тамақ жок
Аш тышқандай бүралды.

Күшін жинап ақырғы
Шықпақ боп сыртқа бет алды.
Тоғайдан шетке шығарда
Тұрып-жығылып қиналды.

Ханнан Сейдек қалаған
Бағай өзен тоғайын.
Қыстап сонда шықлақшы
Шаруаның ойлап онайын.

Көшіл кеп қонған құздікке
Бағай өзен бойына,
Бас уәзір Ер Сейдек
Қолайлы жер деп қойыма.

Ілеңе келіп Сейдекке
Қазактар да үй тіккен.
Бес ауыл ғана қазақ бар
Хан тобымен біріккен.

Ол бесеуі шынында,
Сейдектің ерткен ауылы.
Білмек болсаң басқасын,
Татардың таза қауымы.

Ұстаған жерде Жармақты
Талатып итке өлтір деп.
Өз қылғанын хайуанның
Алдына бүтін келтір деп.

Сол арада Көшім хан
Өзгертіп бірден бүйріғын.
Өлігін әкеп көрсे�тсөн,
Дайын деп алар сыйлышың.

Жауыздығы Жармақтың
Халық аузында сөз болды.
Тоғайдан сыртқа шығарда
Ер Сейдекке кез болды.

Алғашында татарлар
Көп шабылып зорлапты.
Сол себепті Жармақты
Мұсылман жұрты қарғапты.

Казактың бегі Сейдек те
Жармакқа бұғау арнаған.
Ізіне түсіп тажалдың,
Соңынан, сірә, қалмаған.

Көшімді Сейдек қостаған,
Бұғалық жауға тастаған.
Жармақты мықты десе де,
Сейдектен күші аспаған.

Адал еді Сейдек ер
Харам жолға баслаған.
Құн-тұн жортып елі үшін
Басына ерін жастанған.

Соғыспаса жауымен
Ұрпаққа кейір атасы.
Халық пен хан, билердің
Қабыл болып батасы,

Орта жүз Керей Сейдек те
Ер еді аскан санаттан.
Сүйреп әкеп Жармақты
Қабаған итке талатқан.

Қанға жерік қаракшы
Қолға түсті қазаққа.
Қазақ, татар, естектер
Салды оны әбден азапқа.

Жұрттың алған мазасын
Тартты жауыз жазасын.
Тәнірім әр кез қолдайды
Пенденің адал, тазасын.

Ел талағыш тағылар
Сібірді жаулап алған жок.
Көшім хан женді Жармақты,
Бұл сөзімде жалған жок.

Жармақтың дал-дал болғаны
Татар жұрты дері еді.
Азаптап оны өлтірген
Қазақтың Сейдек ері еді.

Қаза тапқан соғыста
Халықтың небір данасы.
Уақиға болған осыдан
Жүз он бес жыл бұрын, шамасы.

Хан мен батыр, бектердің
Ел-жұртқа болған опасы.
Жоқ шығар деп ойлаймын
Осы сөздің қатасы.

Әрқашан да жарандар,
Жаксы ғой елдің аманы.
Жармақпен соғыс болған кез –
Шығай ханның заманы.

Жәдіктің ұлы Шығай да
Сол тұста қазақ ханы екен.
Такқа отырды демесе,
Жай бір жүрген жан екен.

Татар, қазақ, естектің
Бәрі айтады осылай.
Шежірені негізге ап,
Жыр жырладым тосылмай.

Кисса еттім қысқаша
Болған жайдың төтесін.
Орыстан келген елшіден
Жармақтың білдік әкесін!

ЕСЕТ БАТЫР ҚОЖАБЕРГЕНҰЛЫ

Есет батыр Қожабергенұлы 1688 жылы Жамбыл ауданындағы Гүлтөбе жерінде туған. 1772 жылы Түмен облысы Есет ауданында қайтыс болған.

Есет – Қожаберген жыраудың төртінші баласы. Самарқанд медресесін бітірген. Қазақ-қалмак соғысында қол бастаған батыр болады. Есет татар, башқұрт, казактардың біріккен қолын басқарады.

Есет батырдың ерлігі жайлы Дәстем сал, Жанкісі, Тәтікара, Үмбетей, Жанак, Қотеш ақындар жырлап өткен.

Сібір татарлары билері мен бектерінің өтінішімен Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан Сібір татарларына басшы (шора) кылышп жібереді. 1746-1772 жылдар арасында татар аймағының шорасы (кіші хан) болады. Қазіргі Ресейдің Түмен облысында өзі басқарған елден ағатын бір өзен Есет өзені деп, бір аудан Есет атымен аталады, орталығы – Есет каласы.

ЖАНКІСІ ЖЫРАУ

Жанкісі Көшекұлы 1736 ұлуттық жылы жылы казіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Гүлтөбе-Маманай деген жерінде дүниеге келеді. Сол туған жерінде 1817 сиыр жылы қайтыс болады. Руы Орта жүз Ашамайлы Керей ішіндегі Көшебенің Таузар тайпасынан. Жанкісінің әкесі Көшек Асқапұлы (1695-1783) да 1723-1758 жылдар арасындағы жат ел басқыншылығына қарсы азаттық соғысқа қатысып кол бастап, батыр, сардар атағын алған адам. Ол жөнінде атақты Қожаберген жырау Толыбай сыншы ұлы (1663-1762) өзінің 1723 жылғы Ақтабан шұбырынды оқиғасына шығарған «Елім-ай» дастанында:

*Қыншылық ылғи болмас, әлі-ақ өтер,
Ерлерім жауды ұзатпай төнтіретер.
Бөгөнбай, Ерсары, Асқап, Жабай, Көшек
Қалмақты қойша қырап, зар еңіретер, –*

деп жырлайды. Бұл жырдан соғысқа Жанкісі мен Кәшектен басқа батырдың атасы Асқаптың да қатысқанын көріп отырмыз. Көшек батырдың соғыстағы ерлігін Қожабергеннен басқа Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Бұқар, Жанак (улкен Жанак), Көтеш есімді ақындар да жырға қосқаны белгілі.

Қожаберген, Дәстем сал, Сегіз сері, Жанак сиякты Қарабас би тұқымынан ертеде аты елге белгілі көп ақын-жыраулар шыққан еken. Көшек батырдың өзі Кіші жүзге күйеу еken, ол белгілі Сырым Датұлының апасы Ақбота сұлуға үйленген. Біз сөз етіп отырған Көшектің көп баласының бірі Жанкісі осы Ақботадан туған. Жанкісі Көшекұлының өмірі ете қыншылықпен өтеді. Өйткені ол қалмақпен жаугершілік тұста өмір сүрген. Жонғар басқыншылары тізе бүккеннен кейін Жанкісі Бұхара шаһарындағы медреседе оқып білім алады. Ақындық, жыршылық өнермен айналысады. Жонғар мен Еділ бойы қалмақтарының шапқыншылығына қарсы азаттық соғысына белсене қатысқан жауынгер ақын еken. Жанкісі сонымен бірге әлгі айткан соғыста Қожекеұлы Бөгөнбай батырдың (1698-1759) жаса-

ғында болып, талай-талай жорыққа қатысқан және халықтың бостандық жолындағы күреске шақырып, үгітшілік қызмет аткарған. Ол өзінің тұста шығарған бір өлеңінде:

*Мен Таузарда Жанкісі,
Жырыма құмар әр кісі.
Ұран сап атқа мінгенде
Соңыма ерген бар кісі.*

*Жау келгенде жасқанбау –
Батырлықтың белгісі.
Мирас болған біздерге
Бабалардың үлгісі, –*

деп жырлайды. Жанкісі жырау Көшекұлы жас жігіт кезінде өз аталасы Орта жүз Ашамайлы Керей Баксыры батыр Рай-жанұлы (1683-1778) ордабасының мыңбасысы болып, Еділ-Жайық бойын қалмак басқыншыларынан азат ету жорығына қатысады. Жорықтан еліне женіспен оралған кезінде Үрғыз өзені бойында түрікпендер шауып кеткен бірнеше ауылдың үстінен шығады. Шапқыншылыққа ұшыраған ауылды көрген ақын осы жолы өзінің «Баксыры батыр» атты дастанын шығарады.

Сексен жасқа келіп, науқас боп жатқанында шығарған үзак өлеңінің бірінде осы Жанкісі былай деп толғанады:

*Үш жүзге атым әйгілі
Керей Жанкісі батыр ем.
Қожаберген бабамның
Жолын қуған ақын ем.
Қыын-қыстау кезеңде
Қамал бұзған сардар ем.
Қыын дауды өлеңмен
Шешкен талай дегдар ем.
Сексен деген жас жетті,
Науқас жеңіп мендетті.*

Жанкісі Көшекұлының өзі жайынан өмірбаяндық көп мағлұмат беретін бұл үзак өлеңі осы құнғе дейін дұрыс жиналмай, әркімдердің қолында жүр. Ол осы өлеңінің бір жерінде өзінің өткен жасы туралы тағы да былай дейді:

*Жанған оттан таймаған қайран он бес,
Таудан аққан бұлақтай өр жиырма бес.
Отызда қамал бұзып жауды құған
Ол күндер енді маған қайтып келмес.*

*Қырықта бәйге атындағы қылаңдайсың,
Елуде боз жорғадай бұлаңдайсың.
Алтыс деген жас болар аш бурадай,
Жетпісте жер таянбай тұра алмайсың.*

Жанкісі Көшекұлының Бөгөнбай батырға арнаған шығармаларымен қоса Қожаберген жыраудың інісі Бердіқожа Тобышұлына арнаған «Бердіқожа батыр» атты белгілі дастаны бар. Жанкісі ақынның бұдан өзге де «Абылай хан», «Тұрынбай батыр», «Тайлак мерген», «Ер Сырым», «Батыр Жайнак», «Ер Ақпанбек», «Азат батыр» атты жырқиссалары, өзінің кім екені жайында өлеңі және басқа жыр мұралары ел аузында көп сакталған. Бұлардың дені, әсіресе Кызылжар, Омбы өніріндегі Қорған, Тұмен, Сверловск облыстарындағы қазактар арасында кеңінен тарағанын айта кетуіміз керек. Өзіміздің академияда сакталғаны «Керей Бөгөнбай батыр», «Бердіқожа батыр» дастандары ғана. Осы арада тағы бір деректі еске сала кетелік. Жанкісінің әкесі Көшек батыр ата қонысы Гұлтөбе-Маманайда 1763 жылы қаза болғанына бір жыл толған Қожаберген бабасына арнап ас береді. Ол асқа Абылай хан, Бұқар жырау, Бөгөнбай, Қабанбай батырлар, Ақтамберді, Үмбетей, Тәтікара, Қотеш жыраулар катысады. Жанкісі ақын осы аста Қожаберген бабасына арнап ұзак жоктау жыр шығарған. Бір айта кететін нәрсе, аты елге кеңінен танымал ауыз әдебиеті дүлдүлдерінің бірі – осы Жанкісі шығармаларының әлі қүнге дейін жиналып, толық зерттелмей келе жатқаны. Жанкісінің Мақпуза есімді әйелінен Салғара, Зілғара, Шопан, Орхан, Бұрхан атты бес ұл туады. Осы бесеуі де найзагер, мерген, балуан болғандықтан оларды арқа елі «Жанкісінің Бес қасқасы» деп атаған. Бұлардың ішінен Жанкісінің ұлken ұлы Салғараның атақты ақын, композитор болғаны жұртқа белгілі. Оның «Жиырма бес», «Токсан бес» атты өлеңдері қазак елінің тұстұсына кеңінен тараған. Осы Жанкісі Көшекұлының өзге балаларының да өнерлі болғанын ел аузындағы деректер дәлелдейді.

Бақсары батыр

Мекендеген Бақсары¹,
Кызылжар, Бағылан² арасын.
Жат көрмеген тірлікте
Мұсылманның баласын.

Бақсары ердің қыстауы –
Немеребай, Рай³ орманы.
Заманында ол сардар
Жұртын жаудан корғады.

Қаза тапты майданда.
Бақсары батыр ұлдары.
Перзентіз қалды қарт сардар,
Көп болса да пұлдары.

Байдос, Қайдос батырлар
Қарт сардармен аталас.
Бақсарының ол екі ер
Тұнғышымен шамалас.

Балта Керей Бақсары –
Батырлардың асқары
Әз Тәүкенің тұсында
Қалың қолды басқарды.

¹ Бақсары батыр Райжанұлы (1683-1778) Ашамайлы Керейдің Балта атасынан шыққан казак-қалмақ соғысының батыры. Қол бастаған сардар. Кожаберген жырау Толыбай сыншы ұлының шәкірті. Әз Тәуке, Сәмеке ханның тұсында Керей-Уақ қолын басқарған әскерім колбасшы

² Бағылан – қазіргі Корған облысына қатысты Звериноголовск селосының қазақша атаяу

³ Немеребай, Рай – қазіргі Корған облысы, Мақушин ауданына қарасты орман, село атаулары. Бұрынғы Керейдің Балта атасының атаконыстары болған жерлер

Қожаберген бабама
Шәкірт болып үлгі алған.
Жекпе-жек шығып ылғи да
Өлтіріп жауын жұлде алған.

Тәуке ханнан кейін де
Бақсары сардар аталды.
Қамалын бұзып қалмақтын,
Халайықтан бата алды.

Сәмеке ханның тұсында
Жасақтың бірін бастаған,
Ел қорғауға бел буып,
Үш жүзге ұран тастаған.

Қанжығалы Бөгенмен
Қатар шыққан ер екен.
Ақылына күші сай
Бақсары көпке бел екен.

Абылай ханның кезінде
Ұлғайған оның шағы еді.
Қартайса да қол бастау
Тәнірдің берген бағы еді.

Әбілқайыр, Сәмеке,
Әбілмәмбет төреге
Қарсы шыққан Бақсары
Ел тағдырын шешерде.

Жолбарыс ханға ермеген,
Сәмеке ханға көнбекен.
Әбілқайыр сұлтанның
Сөзіне айтқан сенбеген.

Әбілмәмбет сұлтанға
Топта қарсы сөйлеген,
Бөгенбайды көп қолдап,
Хандарға тізгін бермеген.

Қазақ пен ноғай ерлері
Баксыры ерді костаған.
Қалмакты қып ыдыратып,
Бір-біріне жауды коспаған.

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Құренді мінген Баксыры.
Жолбарыс түсті шұбарды
Мінуге ауған аңсары.

Шығыршығы торғай көз
Соқтырған арнап сауытты.
Тіктірмек болып шекпенді,
Алдырған асыл мауытты.

Сардар болған амалды,
Бұзған талай қамалды.
Қалмақпен көп соғысқан,
Майданда тіреп табанды.

Төрт ханның көріп заманын,
Жылқының мінбей шабанын,
Орта жүз қолын басқарған,
Тауысқан жаудың амалын.

Қаздауысты Қазыбек,
Қошқар ұғылы Жәнібек,
Әйтеке, Төле санаған
Баксыры ерді ғаділ деп.

Бөгенбаймен дос болған,
Жұрт қорғап көңілі хош болған.
Әблқайыр сұltанмен
Саттың деп елді өш болған.

Абылай ханға Баксыры
Ықыласпен берген батасын.
Ескерту айтып кешірген
Азды-көпті қатасын.

Ақтамберді Арғынға
Күш айтқанда шүйіліп,
Атынның басын тарт деген
Бақсары оған бұйырып.

Бет алдына шаптықпай
Жөн сөзінді айт деген.
Шаба алмайсың Арғынды,
Ізінмен кейін қайт деген.

Ел арасын бұлдірмей,
Дұрыс ақыл тап деген.
Мықты болсан, найманым,
Жау қалмақты шап деген.

Ақтамберді, алқынба
Жеңе алмай жатып қалмақты.
Ақылыннан, биім, адасып,
Түсірме елге салмақты.

Дегенде оған Бақсары,
Тайқып шыққан наймандар.
Тосылып қатты аусары,
Жұмсалмай қару-саймандар.

Арғын менен Қыпшакты
Бақсары сонда жақтаған.
Ақтамберді, Қабанбай
Соғысуға батпаған.

Қожаберген бабадан
Жасынан нұсқа үйреніп,
Үлгі көрді Бақсары,
Жамандықтан жиреніп.

Бұқар жырау, Үмбетей,
Тәтіқара ақын – үшеуі
Бақсарыны жырлаған,
Жыршының бірнешеуі.

Солардан кейін мен-дағы,
Ниет қойдым жырлауға.
Құдайдың берген өлеңін
Болмас, сірә, бұлдауға.

Халқын, жерін қорғауда
Қырылып шыққан әuletі,
Ауыр тиді батырға,
Әкелген қалмак нәубеті.

Түркістан өлкे шығысын
Тазартқанмен жаулардан,
Еділ-Жайық бос емес
Дұшпан құрған аулардан.

Қазақ-ноғай аралас
Мекендерген Самар даласын.
Қыстайтұғын еркімен
Еділ мен Жайық арасын.

Иемденіп қырық жыл
Қалмактар алып жерлерін.
Беттепеді соғысып
Алшын мен ноғай ерлерін.

Алшын мен Ноғай билері
Бас қосып, кеңес құрады.
Орта жүздің жұртынан
Көмекке ғаскер сұрады.

Алшын ханы Нұралы
Абылайға елші жіберді.
Дәл сол кездे Бөгенбай
Тұран жақта жүр еді.

Тұрсынбай мен Қабанбай
Бөгенбаймен бірге еді.
Хан Абылай сол себеп
Лайықты сардар іздеді.

Арғын-Кыпшақ жасағын
Бөгенбай бастап кеткен соң,
Жәрдем сұрап Алшындар,
Ханға елші жеткен соң,

Әбілмәмбет, Абылай
Билерін жинап кеңесті.
Бақсарыны басшы етіп,
Қол жіберу жөн десті.

Сарыарка, Сібір астасқан
Жерін мекен ететін
Керей-Уақ қалың ел,
Жәрдемге күші жететін.

Орта жұз Керей-Уақтың
Бақсары бастап жасағын.
Еділдегі қалмақтың
Жаймақ болып азабын.

Тыймақ боп жаудың мазағын
Қалың қол болып аттандық.
Суыт жүрдік қос атпен,
Дей алмаймын баптандық.

Ішінде болдым жасақтың:
Сөйлеуге жалған хақым жок.
Қан майданда адамға
Қарудан басқа жақын жок.

Қазак пен ноғай бірлесіп,
Қалмақпен жерге таласқан.
Кезең тумай тұр екен
Ақ Жайықтан әрі асқан.

Жиырма күн қонып арада
Жайыққа ақыр жеттік біз.
Мамырдың болып аяғы,
Қалмаған еді жерде сыз.

Біздерді көріп қуанды
Алшын мен ногай бектері.
Кайтарына сеніп түр
Қалмаққа кеткен кектері.

Қазак, ногай ғаскери
Тізілте тіккен шатырын.
Ордабасы сайлапты
Алшынның Сырым батырын.

Шығысынан Жайықтың
Кұмақ болып қалмақты.
Бастауға ұрыс бел будық,
Карауылдан жан-жақты.

Сенген екен қалмақтар
Естек Таймас батырга.
Кіназдармен үндесіп,
Майдан ашты ақырда.

Еділ мен Жайық тоғайын
Кіназдарға тарту қып
Берген екен қалмақтар,
Кінәны соған арту қып.

Қазақ пенен ноғайдың
Қонысын алып қинаған.
Шонжарына орыстың
Шұрайлы жерді сыйлаған.

Естек, Татар биінен
Нұралы хан жәрдем сұраған.
Шарт жасасып олармен,
Қосымша ғаскегер құраған.

(Таймастың жолын бөгеуге
Татардың койды жасағын.
Қалмаққа қарсы жіберді
Алшын мен Ноғай жасағын.)

Біз жолығып Таймасқа,
Жауыздың бетін кайтардык.
Кіші жүзге жібермей,
Жасағын қырып жайпардык.

Нұралыға жеткізбей,
Таймастың бетін кайырдык.
Жайыққа қарай өткізбей,
Олжасынан мұлде айырдык.

Айқасты естіп басталған
Татардың колы кеп жетті.
Ажалды жастық жастанған
Таймас жақтан хал кетті.

Таймас қашты еліне,
Өзінің мекен жеріне.
Лағынет айтып жөнелді
Өздерін сатқан бегіне.

Бақсарыдан шошынды,
Кіре жаздал көріне.
Қара саннан оқ тиіп,
Жылап қайтты егіле.

Ұран салды Кіші жүз
Ноғаймен бірге желігіл.
Қамалға шапты қасқалар
Қол алдында көрініп.

Олардан кейін ат қойды
Татарлар мен қайсақтар.
Қыын болды Жайықта
Қалмақтарға жан сақтар.

Керней тартып Бақсары,
Дабыл ұрды, ұран сап.
Соңынан шаптық сардардың
Ілгері қарай аттандалап.

Керей-Уақ ұранын
Қосарлап атап шақырып,
«Ошыбайлап!» ат қойдық,
Калмақтарға ақырып.

«Жаубасарлап!» тағы да
Ұран салдық ұмтылып.
Кездескен қалмақ біздерден
Кете алған жоқ құтылып.

Жайықтан етіп кетуге
Шошынған қалмақ асықты.
Қайыққа, салға отырып,
Жағаға арғы қашыпты.

Үлгергені сал мініп,
Су арқылы өтіпті.
Аласұрып әрі қарай
Нарын құмға жетіпти.

Садактан жебе зулатып
Байлап аттық дүшпанды.
Дәлдеген оқ дөп тиіп,
Көрдік жерді қүшқанды.

Найзаға ұшты, оққа ұшты,
Сұмырай қалмақ жер құшты.
Сардарымыз Бақсары
Көрінді жауға тым сұсты.

Жетпіс жеті жасында
Женіске жетті тағы да.
Картайғанша қол бастау
Тәнірдің берген бағы да.

Емен сапты найзамен
Талай жауды шанышты.
Батырымен қалмақтың
Аянбай сұнгі салысты.

Арқан бойы қалғанда
Лақтырдық жауға шыжымды.
Шолақ найза дәл тиіп,
Талай қалмақ шынғырды.

Добы болмай ататын
Дәу мылтық қалды қаңырап.
Жараланып қалмақтар,
Жылап жатыр аңырап.

Екі жағын Жайықтың
Тазартуға қатыстық.
Қалмақтармен бетпе-бет
Қарап жатып атыстық.

Шіреңе тартып садақты,
Сұллattyқ нелер қалмақты.
Айдарын жұлып жылады
Қонтайшысы ардақты.

Фархад⁴ сынды бабама
Қан майданда сыйындым.
Ата жауым қалмақтан
Кек алуға жиылдым.

Құлдірмамай мылтықпен
Көздел жауды көп аттым.
Оғым қате кеткен жок,
Қалмақты талай құлаттым.

Мың сарбазды бастадым,
Дұшпанға бұғалық таstadtым.
Қарсы келген жауима
Ажалды жастық жаstadtым.

⁴Фархад – Ашамайлы Керейдің арғы атасы

Қаншама мықты болсам да,
Бақсарыдан аспадым.
Көзбен көрдік майданда
Жаудан күші асқанын.

Байдос, Қайдос – қос Керей,
Олар да топтан озған ер.
Қатарынан артық бол,
Биікке колды созған ер.

Батырлықта олар да
Бақсарыдан аскан жок.
Болғанмен күшті карт сардар,
Батырмын деп тасқан жок.

Қартайса да найзалап,
Қалмақты баудай түсірді.
Ақырып келген қалмактың
Біржола үнін өшірді.

Қазактардан жеңіліп,
Жартылай сөнген жұлдызы,
Кіші жұз бен ноғайға
Тұтқын болып ұл-қызы.

Бөліске түсті қалмактың
Ел шауып алған малдары.
Соғыста көп қырылды
Бас көтерер жандары.

Қазак пенен ноғайдың
Дүшпанды соғып киесі.
Олжа болды Үш жүзге
Қалмактың жиған дүниесі.

Қаза тапқан майданда
Мал-мұліктің иесі.
Тонаудан түскен қалмакқа
Бейбіт жұрттың дүниесі.

Желмен келген қалмақтан
Желмен кетті ақырда.
Алдына келді сұмдардың
Зорлығы еткен пақырға.

(Екі жағын Жайықтың
Тазартыстық дүшпеннан.
Болмады жаңға еш пайда,
Тонаған мүлкін құсканнан.)

Құтылмақ боп ажалдан
Ойға-қырға қашпакқа,
Қамданған екен басшысы
Еділден әрі аспакқа.

Тас-талқан қып қалмақтың
Бекінген берік корғанын,
Жау өртінен сақтады
Жайықтың тоғай-орманын.

Орындалп ҳалық тілегін
Жұрты үшін барып шатаққа,
Ие болған Бақсары
Ордабасы атаққа.

Жоржа деген қонтайшы
Сардардың түсіп колына,
Құрбан қып шалды Бақсары
Азаттықтың жолына.

Жайық үшін болған соғыста
Қалмақтың туы құлады.
Көк найзамен түйреліп,
Мындаған дүшпан сұлады.

Жетпіс жеті жастағы
Сардарың жасап ерлікті,
Ордабасы Бақсары
Кіші жұз бен ноғайдан

Бақсарайға бұл тойда
Сыйлыққа малды көп берді.
Таралғы-тарту беруді
Оған халық дөп көрді.

Тараған соң үлкен той
Ел жаққа қарай бет бұрдық.
Кіші жүзбен, ноғаймен
Қошастық та аз тұрдық.

Олжа малды айдауға
Жігіттерді сайладық.
Асықпай аман жұргуғе
Уағдалы сөзді байладық.

Қарауыл қойып сактанып,
Берікке қосын қондырып.
Мәжіліс құрдық шаттанып,
Семіз тайлак сойдырып.

Сарбаздардың бәрін де
Тамаққа әбден тойдырып,
Асықпай қолды түнетіп,
Қайғы-шерін жойдырып,

Қонған жерде жасакты
Тамашаға батқызып,
Ән шырқатып ақынға,
Шығартып кисса айтқызып,
Сыбызғы беріп қолына,
Алуан қүйлер тартқызып,
Орнатып баған ортаға,
Мергенге тенге атқызып.

(Арада түнеп, дем алып,
Көп кідірмей жол тарттық.
Ат шалдырған дұрыс деп,
Ырғызға ғаскер тоқтаттық.)

Думанмен жүріп осылай
Ырғызға да кеп жеттік.
Уайым жок, қайғы жок,
Сыбызғы алып күй шерттік.

Ырғызға қосын қондыр деп
Бұйрық берді Бақсары.
Олжа малға қарық болып,
Қолдың халі жаксарды.

Түнетуге жасакты
Жағдайлы жерді көздедік.
Тігуте шатыр тізілтіп,
Сайлау жерді іздедік.

Ойда жокта біздерге
Шабылған ауыл кез келді.
Тірі адам жұртта бар ма деп
Айтатұғын сөз келді.

Ыңырсыған біреудің
Құлаққа үні естілді.
Біздерді келген сезініп,
Жаралыға ес кірді.

Кеудеде жаны бар ма деп
Қырылған елді тексердік.
Тірісін жиып алуды
Алдын ала ескердік.

Ауылдар жайын шабылған
Бақсарыға хабарлап.
Кім шапқанын біле алмай,
Қайғырдық сонда аландалап.

Қанды ұрысты көп көрген
Қазақтың сайын даласы.
Капияда шабылған
Кіші жұз-ау дедік шамасы.

Кеше өткен түн шабылып
Нәр татпастай жатырмын.
Сөйлеуге енді шама жок,
Кеше ғөр мені, батырым»

Деді де әйел үні өшті
Қош айта алмай біздерге.
Мәңгілікке көз жұмды ол,
Жан тапсырып сол жерде.

Жас ару өліп кеткен соң
Бауырынан алдық баласын.
Киімін түгел сыптырып ап,
Әйелдің жудық жарасын.

Үш үйдің жаткан орнында
Тағы да таптық үш бала.
Өлуге жақын қалыпты,
Оларға болдық біз пана.

Биенің сүтін аузына
Тамызып, тірі сақтадық.
Өлікті түгел арулап,
Жудық, дамыл таппадық.

Шүберекке орап бәрінің
Денелерін көмдік жер қазып.
Жау шапқан соң қырылған,
Болмаса жұртта жок жазық.

Олжа болып сүмдарға
Ат, атан, нар, тайлары.
Бейқүнә елдің жататын
Тар лақат болды-ау жайлары.

Келесі бір ауылдың
Жұртынан таптық үш бала.
Ол ауыл да шабылған,
Ісіне тағдыр жок шара.

Кырылған жеті ауылдың
Адамын жуып жерледік.
Соларды көміп болғанша
Ешбір тыныш көрмедік.

Ата жолдан жаңылмай
Дүға оқыдық, мал шалып.
Сонан соң жасақ дамылдай,
Ұйқыға кетті демалып.

Тайлақ сойып, тай сойып,
Үш күн жаттық тыныстап.
Еш пенде жоқ жалғанда
Дүниені өткен уыстап.

Алып қалдық жеті ұлды
Себепкер болып ажалдан.
Қаза тапқан көп кісі
Тұрікпен деген тажалдан.

Тұскенмен жаудың соңына,
Оларды Қайдес таппаған.
Тұспей дүшпан қолына
Бізге қарай аттанған.

Жауырыншы да көп болжап,
Таба алмапты еш дерек.
Ұстапасқа қазақа
Қашқан сүмдар ертерек.

Алмақ боп жаудан ер Қайдос
Ауылдар кегін шабылған,
Үш күн бойы із кесіп,
Әрлі-берлі сабылған.

Қайдос келді жасакпен
Жолықтыра алмай дүшпанды.
Жете алмай жауға қалған соң
Денесін ыза қыскан-ды.

Қол қышуы қана алмай,
Көнілсіз қайтты жабырқап.
Жеткізбей дүшпан кеткенге
Біз де қалдық танырқап.

Жол болмады деген сөз
Құлағына шалынды.
Жолықпадым деп кезінде
Бақсыры сардар нальыды.

Ауылдарды шапкан шағында
Тұспедім деп үстінен.
Соққы көрер деді ол .
Түрікпен сүмдар құштіден.

Соны айтып ойланды аз,
Тоқ етер сөзін айтардай.
Дайындалдық біз-дағы
Елге карай кайтарға-ай.

(Ұйқыдан тұрып, таң атып,
Тамақтанды ғаскер жайланаип.
Аттарды ертеп, жүк теңдеп,
Бармақ боп елге сайланып.)

Алмаймын деп олжадан
Бір кезде сардар үн катты.
Ойлап тұрсам пендеге
Деді бала тәп-тәтті.

Бір перзенттің болмауы
Жаныма менің тым батты.
Алғашқы тапқан төрт үлдың
Біреуін сыйла деп айтты.

Ренжімей, қалын қол
Біреуін үлдың қи деді.
Көрсеткендерің сол маған
Болсын ерлер сый деді.

Бөліске малды салындар,
Дүниеге көзді салмаймын.
Үлесімді сендер алындар,
Қызғаныш іске бармаймын.

Дегенінде сардарға
Төрт ұлды түгел ал дедік.
Көтерілсін көңілін,
Бауырына сал дедік.

Басын сонда көтеріп
Жасаққа қарай көз салды.
Көптің айтқан ұсынысын
Бақсары қарт құп алды.

Төрт баланы алған соң
Аға батыр қуанды.
Шүкіршілік етіп Тәнірге,
Көнілі ердің жұбанды.

Екінші бір ауылдан
Табылған үш баланы
Метейіме іні болсын деп
Байдос батыр қалады.

Малды өздерің алғай деп,
Ол да үлесін алмады.
Бақсары қарт пен ер Байдос
Олжаға көзді салмады.

Бақсары алып төрт бала,
Байдос алып үш бала,
Елге қарай бет қойдық
Қарық болып олжаға.

Аттанарда карт сардар
Әрлі-берлі толғанып,
Күй шертпек болды сол жерде
Сыбызығы, қобыз қолға алып.

Кіші жүзге барып көмекке
Женіспен кайттық оралып.
Тұрікпенге қашқан жете алмай
Қалған жөн бе омалып?

Деді-дағы Баксыры ер
Жасакты шола қарады.
Ұнатпай аңғал Қайдосты
Маған көзін қадады.

Бұйыра сөйлеп қарт сардар,
Айтбай⁵ менен Жанкісі,⁶
Тұрікпенге жет деді
Жасактан ертіп мың кісі.

Анғалдығына кейіп өзінің
Қайдос та рұқсат сұрады.
Үн қатпай оған қарт батыр,
Билермен кенес құрады.

Корытып тағы сөз айтты
Ескертіп бізге көп жайтты.
Аманқарағайда⁷ тосамыз,
Сол жерден табыс деп айтты.

⁵ Айтбай батыр – Ашамайлы Керейдің Самай атасынан шықкан казак-қалмақ батыры

⁶ Жанкісі жырау Көшекұлы (1734-1817) Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданы Гүлтөбе-Маманай жерінде дүниеге келген. Баксыры батырдың мыңбасшысы, «Баксыры батыр» шежіредастанының авторы. Жанкісі жырау бұдан өзге «Абылай хан», «Тұрсынбай батыр», «Тайлак мерген», «Ер Сырым», «Батыр Жайнак», «Ер Ақланбек», «Азат батыр» атты дастандар жазған. Қожаберген жыраудың Карабас атты ағасының немересі. «Жиырма бес», «Токсан бес» әндерінің авторы Салғары ақынның әкесі

⁷ Аманқарағай – қазіргі Қостанай облысына қарасты жер, аудан атауы. 1834 жылы Аманқарағай дуаны құрылған болатын, 1840 жылы бұл дуан (округ) Құсмұрын дуаны деп аталды

Ер, ерме саған демеймін,
Бару-бармау еркінде.
Ісінді еш хош көрмеймін,
Жүре бер өз бетіңе.

Деді-дағы Бақсары ер
Үн қатпады Қайдосқа.
Аңғалдық жайға өкініп,
Бірге аттанды Қайдос та.

Намыстанип Бақсары
Дегенінен еш қайтпады.
Тұрікпенді шауып кел
Дегеннен басқа айтпады.

Самай Керей Ер Айтбай,
Бике Керей Манақа⁸ –
Қасымда жүрген екі жас
Бірге шапқан қалмаққа.

Үш жұз кісі қасында
Қайдос та келді Ырғызыға.
Бір кемпір-шал балықшы
Бар екен кедей Ырғызыда.

Тұрікпеннен шошынып,
Жасырынған екен тоғайға.
Кара жүрек сұмдардан
Құтылу картқа оңай ма?

Дауысымыздан қазақ деп
Тоғайдың шығып сыртына,
Сәлем беріп айтты қарт
Жау тигенін жұртына.

⁸ Манақа – Еменәлі Керейдің Бике атасынан шыққан казак-тамақ соғысының батыры. Казак халқының XIX ғасырда өмір сүрген жыл салма әнші-акындарының бірі – Шәрке сал Корабайұлының (1824-1907) әкесі. Мамлют ауданында Манақа атты қоныс бар

Айтуынша ол ғаріптің
Адам тұтқын етпеген,
Нарларға тәндеп жиһазды,
Мал айдал, күмға беттеген.

Кісінің бәрін қырып сап,
Мал мен мұлкін тонаған,
Мейірімі жоқ түрікпен
Жау көрші екен онбаған.

Жау жаққа шықпай, батырым,
Лактың деп басқа бағдарға,
Жетпеді сізге дауысым деп
Шал айтты Қайдос сардарға.

Болжауынша қарияның,
Дүшпандар ұзап кетпеген.
Ел шабуды тағы ойлап,
Борсыққұмға беттеген.

Бір апта жүріп жорықта
Үш топқа бөлініп іздедік.
Не қылса да дүшпанды
Құтқармау жағын көзdedік.

Кезіп жүріп тоғыстық
Алшынның құмдақ даласын.
Шалқарда үш топ бірігіп,
Жаудың да көрдік қарасын.

Ел жайлаудан қайтпаған,
Ауылдар болмай жолында,
Кетпек болып сайланған
Және олжа түспей қолына.

Сол жағдайда жолықтық
Тонаушы дүшпан тобына.
Кез боп қалған жауыздар
Бейбіт жүргттың сорына.

Жайлауға шыкса жеті ауыл
Қырылмас па еді, қайтер еді?
Соктыртпай жауға еш дабыл
Күйп сап ерлер кайтар ма еді?

Аттанбақ болып жиналып
Жатқан шакта тидік кеп.
Садактан жебе зулатып,
Октарымыз жауға тиді дөп.

Ту сыртынан дүшпанның
Найзалы топ тигенде,
Көрдік жерде күшқаның
Өкпеден қан сиғенде.

Келтірмей сүмдар шамасын,
Байқатпадық жан-жақты.
Жүректің жаздық жарасын,
Кыргандай қып қалмақты.

Бір де адамын жібермей
Кескіледік, аттық та.
Найзаладық аямай,
Мың үш ерді жаптық та.

Қазактан алған олжасын
Қайтарып алдық еселең.
Қайдос та күшін жұмсады
Қалмасын деп жау «өкпелеп».

Жаракат алды женілдеу
Отыз жігіт біз жақтан.
Қыын әмес оны әмдеу,
Сияқтанар бит шакқан.

Олжалап түгел аттарын,
Алдық жиған заттарын,
Қалдырмай тірі біреуін,
Найзамен іреп жақтарын.

Ұзап шығып сол жерден
Тыныстадық дем алып.
Күтылмады біздерден
Жұрген дұшпан ел шауып.

Семіз тайлақ сойдырып,
Ұйқысын жүрттың қандырып,
Қосынды етке тойдырып,
Аттарды әбден шалдырып

Дайындалдық жол жүрмекке,
Жігіттерді емдең жаралы,
Жағып тез дәрі-дәрмек те,
Арылтып мұң мен наланы.

Сарбаздар ән сап, күй тартты,
Шаттыққа бөлеп даланы.
Көрмек болдық сағынған
Үйдегі қатын-баланы.

Он құн жүріп ырғалып,
Демалып жолда жырғалып.
Аманқарағайға жеттік біз,
Кернейлетіп ән салып.

Сәлем беріп сардарға,
Болғанды айтып жеткіздік.
Олжаға түскен малдарды
Санап түгел өткіздік.

Күтіп жатқан қалың қол
Куана бізді қарсы алды.
Сәлемдесіп оң мен сол,
Женді деп жауды жар салды.

Жаршы шығып қобыз ап,
Баяндан жырмен женісті,
Алғыс айтты біздерге
Болды деп шаруаң келісті.

Екен деп жорық табысты
Дүйлдасты сарбаздар.
Жібермей жауға намысты
Қайтты кек десті маңғаздар.

Жасатып тойды Бақсары,
Екі күн атты шалдырып,
Сонан соң елге аттандық,
Ұйқыны әбден қандырып.

Сарбаздар айткан тілекті
Бақсары қойды макұлданап.
Шырқап әнді, тартып күй,
Елге де қалдық жақындалап.

Жиырма жеті жасқа қараған
Шағым еді осы жыл.
Атқардым ғой сардардың
Бұйрықтарын санап пұл.

Сыбызығы, керней тартқызып,
Жолға шықтық ыргалып.
Екеу-екеу ән салдық,
Үлеске нар мен жорға алып.

Атанға артып жиһазды,
Асықпай біраз жол жүрдік.
Жол-жөнекей дем алып,
АЗ ғана емес, мол журдік.

Ақыры, міне, кеп жеттік,
Теріскей Арқа, Сібірге.
Елге таяп кідірдік,
Қондырып қосын інірде.

Ертеңіне біздерді
Жұртыймыз туған қарсы алды.
Күшақтасып көрісіп,
Амандастып хош алды.

Жеңіспен елге келген соң,
Би мен бектер той жасап,
Зор шаттыққа кенеліп,
Өткіздік күнді бір ғажап.

Балуан күрес, жамбы атыс,
Көкпар тарту, атжарыс
Болды қызық тамаша
Қорғаған соң мол намыс.

Намысын жұрттың қорғаған
Бақсары, Байдос ойлап ой.
Ұлдарына ат қойды,
Жалпыны жинап, жасап той.

Өйтетүғын ерлер себебі –
Балалардың атын білмейді.
Жетеуі де жас сәби,
Сейлеуге тілі келмейді.

Той үстінде Бақсары
Халқына айтты шешімін.
Қоямын деп ұлдарға
Ежелгі ата есімін.

Тойға келген халайық
Сардардың сөзін қостады.
Ұлдарына ат қойды,
Жаңадан сөз қоспады.

Дұрыс десті қуанып,
Жиналған көп дуылдап.
Арғын, Алшын, Керейт,
Үйсін деп койды ырымдап.

Үйсін, Арғын, Алшын,
Керейт деп атаған
Бақсарының төрт ұлы
Мырза боп елден бата алған.

Ат койды Байдос үш ұлға
Баксыры қартқа еліктең,
Жағалбайлы, Жалайыр
Және бірін Естек деп.

Өсө келе жетеуі
Жеті үй болды ақыры.
Мырза деген ат алды
Өлгелі жатқан пакыры.

Ақжәмидің аузынан
Естілген сөз сакталып,
Құлағына тиғен ұлдардың,
Бірден-бірге жатталып.

Керей болып кеткенмен,
Балалар білген атасын.
Осындайды айтам деп
Күнәға тағы батасың!

Осы аз ғана өлеңді
Бір сапарға арнадым.
Жеті ұлдың жайын сөз еттім,
Тереңге әрі бармадым.

Келер жылы көктемде
Көмек сұрап Кіші жұз,
Түрікпенге аттанып,
Көрсетпек жауға ұлken күш.

Оны тағы бір бөлек
Өлең етіп шығарам.
Оқиға ғой өзекті,
Қисса етуге ұйғарам.

Төрт ұлдың бірі – Үйсіннен⁹
Туған бала Есентай¹⁰
Бақсарының тұқымы
Болғаннан соң көнілі жай!

Шағын осы дастанды
Келтіріп сөздің бұрауын,
Шығарған бұл Керейде
Жанкісі әнші, жырауын.

Әкем менің Ер Көшек
Калмақтың туын құлатқан.
Алтайдан әрі асырып,
Халхиды қуып шулатқан.

Бақсарыұлы Арғыннан
Туған анау Ерденбай.
Алшыннан туған егіз ұл –
Өздембай мен Мергенбай.

Төртінші ұлы Керейттен –
Туған ана төрт бала:
Мұсәпір мен Мұсіреп,
Ең кенжесі Ескожа,
Тағы бірі Байғана.

Екі сардар жеті ұлы
Бәрі де менің бalamдай.
Болған жайлар ып-рас,
Көзбен көрген адамға-ай.

⁹ Үйсін – Бақсары батырдың Кіші жүз жерінен бала қылып алған баласы. Балуан Шолактың бесінші атасы

¹⁰ Есентай – Үйсіннің баласы, Балуан Шолактың төртінші атасы

ШАҚШАҚ БАТЫР КӨШЕКҰЛЫ

Шақшак батыр Көшекұлы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының Гүлтөбе-Маманай деген жерінде 1740 жылы дүниеге келіп, 1832 жылы осы қоныста кайтыс болған батыр, би, шора (хан) болған. Шақшак жас кезінде Самарқандтағы медресені тәмам етіп, діни білім алған. Оның ақындық дарындылығы да болған екен. «Ақтық пен шактық» атты толғауы сақталған.

Шақшак халықтан батырлық атты Ресей отаршылдарына қарсы құресте алған. 1819 жылға дейін Қызылжар уәлаятының шорасы міндетін атқарды. Марал ишан қозғалысын колдады. Шақшак биден 16 бала – Эйтемір, Байтемір, Ертемір, Міртемір, Жантемір, Өстемір, Шынтемір, Шойтемір, Битетір, Бектемір (Сексен қажы атанаған кеткен), Баһрам, Бауыржан, Есенжан, Қайыржан, Шағырай сал, Жанат сері. Бұл балаларының бәрі де өнерпаз, ел билеуші адамдар болды.

Шақшак би өз тұсында Петропавл қаласында мешіт-медресе салғызған. Есеней Естемісов және тағы басқа көрнекті тарихи тұлғалар Шақшак медресесінен білім алды.

Орыс отаршылдарының «Ашы белдеу» жүргізгеніне қарсы болып, ғазауат соғысын ашты.

Адамның жасы туралы

Әуелі бөбек, онан соң болдық сәби,
Уаткан сөзді естіп деген «әлди».
Ес кірмей, тіл шықпаған дүлей шақта
Беймәлім болды ғұмыр, жалған фәни.

Беске дейін тал ат мініп болдық бала,
Жетекпен әуре болды ата-ана.
Асық, топай ойнауды менгере алмай,
Мәз болдық құр жүгіріп шаршағанға.

Он жасқа дейін тағы болдық бала,
Қуандық асық атып ойнағанға.
Он жыл өтті ойынмен босқа жүріп,
Істеген тұзу іс жоқ, бәрі шала.

Бейнет болдық әрдайым ата-анаға,
Өсірді машакатпен күшін сала.
Он үште тай-құнанды ерттеп мініп,
Он төртте әуес болдық домбыраға.

Он бесте қосылдық кеп бозбалаға,
Көз салып әрбір жерде қыз балаға.
Жүрген менен тұрғанның жөнін білмей,
Таңылдық өсек пенен көп жалаға.

Дайындал жолға азық біраз күндік,
Алысқа оқ жеткізер садақ идік.
Әуелі қатардағы сарбаз болып,
Ел қорғап, үран салып, жауға тидік.

Жігіт боп он жетіде сауыт кидік,
Жылқыдан таңдап тұлпар, жүйрік міндік.
Асынып бес қаруды талаптанып,
Жорықшы ағалармен бірге жүрдік.

Жастықта ойлағанның бәрі шалыс,
Жиырмада талайлармен болдық таныс.
Бірде сері, бірде өжет батыр болып,
Ауылдан ұзап шықтық сапарға алыс.

Жиырма бесте қол бастап, болдық батыр,
Шеру тартып, әр жерде тіктік шатыр.
Тұрініп ақ балтырды топқа түсіп,
Атандық түйе балуан сол кезде ақыр.

Сол жаста және болдық аскан мерген,
Топталып бізге ылғи маңғаз ерген.

Садақпен ат үстінде шірене тартып
Тигіздік жыртқыштарға көрген жерден.

Отыз жас ол да жетті бізді қуып,
Тен келер жан болмады бізге жуық.
Байқасам сақал мен мұрт шығып қапты,
Сонда мен қапа болдым ішім сұып.

Білдірмей неге шықтың, сақал мен мұрт,
Құледі ғой қартайды деп көрген сон җұрт.
Көңілім айтты қолыңа ұстара алып,
Өсірмей қырып таста, тұқымын құрт.

Көңілім орнықпайды жасты жоқтап,
Достарға айтып жүрмін сөзді мықтап.
Мұртты қырып жүргенде сақал шықты,
Үстіне жығылғанның жұдырықтап.

Ту көтеріп, болсақ та ғаскербасы,
Жетті қуып токтаулы отыз бес жас.
Көркемдікке келтіріп үлкен нұқсан,
Көріндің жігіттікте, сақал-мұрт, қас.

Хабарсыз келіп жетті жылжып қырық,
Болдым ғой бекер әуре мұртты қырып.
Бұған айла таба алмай жоғалтуға,
Дағдарам өз-өзімнен қарап тұрып.

Ойландым бұған амал табайын деп,
Жүзімді жастық ізге салайын деп.
Колыма айна менен ұстара алдым,
Өсірмей таза қылып алайын деп.

Айтады сақал мен мұрт сонда маған:
Орнықтым, Шақшақ биім, енді саған.
Өсемін күн-түн демей токталмастан,
Шығармай ұстарамен алсан әлемам.

Қыра берсөң көбейем онан сайын,
Шакшағым, ажарсыз боп кетер баған.
Ұзамай қырық бес кеп болса мейман,
Болсан да көсем батыр келмес шаман.

Елу жас келіп қалды енді саған,
Өшіктім, Шақшак, сізге тіпті жаман.
Елу бесте молайып бұрынғыдан,
Алпыста қыр соңынан мүлде қалман.

Алпыс бес жылжып келді сізге таман,
Жұма сайын өсемін көп боп жаман.
Алпыста шашыңызға, ақ кіріпті,
Тоқтауға келменті, биім, шаман.

Жетпіс келсе әуелі көркінді алар,
Бұрынғыдай қүшетпей еркінді алар.
Ерлігің мен билігің хош айтысып,
Уәде, серт бәрі де адыра қалар.

Жетпіс бесте бас салып тісінді алар,
Билік кетіп қолыннан ісінді алар.
Онан ассан, өзіннен қуат кетіп,
Белін менен тізеннен қүшінді алар.

Сексен келсе нұрың мен жүзінді алар,
Тісін түсіп аузыннан сөзінді алар.
Жұқарып сүйектерің, тәнің тозып,
Жаудырап екі ғана көзің қалар.

Сексен бесте беттерің шабдарланып,
Тұс бұзылып, жүдейсің жақ суалып.
Шаш пен сақал-мұртыңды, Шақшак биім,
Ерегіссең ақ көбікке алам малып.

Тоқсан келсе көрмейді екі көзің,
Бұзылар аузындағы сөйлер сөзін.
Айырылып жолдас болған дос-жараннан,
Құрбысыз шал боларсың сенің өзін.

Тоқсан бесте төмендеп қымбат басын,
Жок болар тандап алған жан жолдасын.
Көз алдына жарынды елестетіп,
Зар боларсың көруге бір тал шашын.

Көшек батыр баласы шешен Шақшақ,
Жұз жаста сөйлемессің сөзді қақсал.
Болған соң құлақ мүкіс, көз нұрың кем,
Еститін сөздеріңнің бәрі де болар жаңсак.

САРТАЙ БАТЫР

XIX ғасырдың орта кезінде Ресей үкіметі казақ же-
рін отарлау ісіне шұғыл кірісіп, Сібірдегі шектерін «Қал-
мактардан қорғану үшін» деген сылтаумен Есіл өзені ба-
ғытындағы шекарасын кей тұстарда 200-250 шақырым
созып «Горькая линия» («Ашы белдеу») жүргізгенін тарих-
тан жақсы білеміз. Қазіргі Қорған облысының Поло-
винка, Лебяжье, Макушино, Мокроусов, Петухов, Тұмен
облысының Қазан ауданы жерлеріндегі қазактарды (Керей,
Уақ рулары) зорлық, қорқыту, алдаумен Ертіс өзені
сыртындағы Құлынды даласына көшірді. Осы бір уақиға
туралы Серіз сері:

«Құлындыға төрт жүйе елің көшіп,
Баласы Керей-Уақ бағың тайды.
Ол жерге барғаннан соң тұрып қалмай,
Алтайға ауамыз деп тартты қайғы» – деп жазған.

Жоғарыда аталған «Ашы белдеу» қазіргі Жамбыл ауданы
жерінен Қостанай-Петропавл тасжолы бойымен жүргізіл-
ген. Шекараны күзеткен казактарға «Ашы белдеуден» қа-
зак жері бағытында он бір шақырым жер тиесілі болған.
Осыны пайдаланған казактар он бір шақырым емес, 20-
30 шақырым жерлердегі қазактың шұрайлы жерлерін
тартып алған. Патша отаршылдарының бұл заңсыздық
істері жергілікті қазактардың наразылығын тудырып, кол-
дарына қару алғызыды. Жамбыл ауданы жерінде Баян бай
Ақшаұлы, Марал ишан Құрманұлы, Шакшақ би, Сартай
батыр Қәшекұлдары, Алдай Сексен батыр Жабайұлдары
бастаған қазак жасактары отаршылдармен ашық соғысқа
шығып отырды. Бұны айғақтайтын құжаттарда Тобыл,
Омбы қаласы архивтерінен кездестіруге болады. Осы жолғы
әңгімені Сартай Қәшекұлына арнадық.

Көшебе Толыбай сыншыдан – Карабас (Қожаберген
жыраудың туған ағасы), Карабастан – Аскап батыр, Аскап
батырдан – Қәшек батыр, Қәшектен Сартай туады. Сартай
Қәшекұлының атақонысы қазіргі Айымжан мен Островка
селоларының арасындағы бұрынғы Қожаберген, кейін

Молалы, Шөптікөл аталатын көлдің маны болған. Преснов бекінісі казактары он бір шақырым жер бізге тиесілі деген желеумен Сартайды атаконысынан ығыстырмақ болады. Бұған көнбекен Сартай кол ұстап казактармен ашық соғысып отырған. Найза, қылыщ, жабайы құралдармен қаруланған Сартай жауынгерлерінің саны 150-ге жетіл, Преснов станицасының өзіне қауіп төндіріп отырған. Бұл жөнінде Серіз сері «Туған еліме» дейтін өлеңінде:

*Туған ел, сіздер үшін болып алаң,
Дүшпанға қарсы аттанған Сартай бабам.
Талқандап ата жаудың бекінісін
Ер болды халайықтан алғыс алған, —*

деп жазған.

Қатты сескенген Преснов станицасы басшылары өздерінің жазалаушы отрядының шамасы жетпегендіктен, Тоғыз қаласынан арнайы армия бөлімін алдыратады. Жасырын келген қарулы отряд 1821 жылдың тамыз айында алансыз отырған Сартай ауылын оқтың астына алады. Сартай батыр жасағы жан аямай соғысқанмен, қапыда келген күші басым жауға қарсы ештене істей алмайды. Сөйтіп бүкіл ауылды қырып кетеді. Сартай батыр 150 сарбазы, 17 баласымен окка үшады. Ауыл адамдарын тегіс өлтіріп, ауылды өртеп жібереді. Өздері де біраз солдаттарын даласында көмусіз қалдырып, шұғыл аттанып кетеді. Жергілікті халық бүкіл ауылды қырып кеткенін келесі күні ғана білген екен. Бұндай қырғынды көрмеген халық аза тұтып, осы Шөптікөлдің дөңінде каза тапқан ауыл адамдарын жерлеген екен. 1821 жылғы осы қанды оқиғаның ізіндегі казір де осы көлдің дөңінде кабірлері сакталған. Көлдің аты осы оқиғадан кейін «Молалы көл» деп аталады.

Бұл қайғылы оқиға жергілікті халықтың орыс отаршылдарына қарсы ашу-ызасын тудырды. Сартай батырдың туысы Шакшак би және оның балалары, оның ішінде Серіз серінің әкесі Баһрам батыр, Марал ишан, Алдай Сексен батырлар отаршылдармен ашық соғысты.

Серіз серінің жазалаушы отрядқа қызмет етуден бас тартуы, орыс армиясымен қактығысып қалуы, сөз жок, атадан

келе жатқан кек болуы керек. Осы оқиға туралы Сегіз сепі «Тұған еліме» атты өлеңінде былай деп жазған:

*Ер Сартай жау әскерін кескілеген,
Жай өлмей, көп міндетті ала өлген.
Он жеті ұлы, жұз сарбазы көп соғысып,
Дүшпанға өлмей, тірі берімеген.
Оларды зеңбірекпен атқылаған,
Өлігін қылышпен шапқылаған.
Колына түсken малды алдына сап,
От қойып, ата дұшпан кете берген.
Өрт шалған солдаттарға қарамаған,
Жерлеуге өліктерін жарамаған.
Өзінің адамына мейірімсіз жау
Kici деп басқаларды санамаған.
Тұған ел, бұл сүмдықты қөрдіңіздер,
Қайғырып Сартай үшін жүрдіңіздер,
Осындай айуандыққа барған жаудың
Ешкімді аямасын білдіңіздер.*

Бұл оқиғаны қөвшілік біле бермеуі мүмкін. Тарихтың койнауында қалып қойған бұл тарихи қайғылы оқиғаны Кеңес өкіметі кезінде айтуға мүмкін болмай келді, өйткені Ресей мемлекетіне тіл тигізу Құдайға тіл тигізумен бірдей болды. Шынырау түбінде қалған осындай шындықтарды шығарудың уақыты енді туғанда жасырып қою ұлтыңа жасаған қиянатпен бірдей деу керек.

«Ашы белдеу» («Горькая линия») бойына орналасқан Жамбыл ауданының қазактары кезінде отаршылдардың құрығына бірінші түсіп, құлдықтың қасіретін бірінші болып тартты.

САЛҒАРА ЖАНКІСІҰЛЫ

. XIX ғасырда Қызылжар өнірінде өмір сүрген көрнекті ақындардың бірі – Салғара ақын.

Салғара 1758 барыс жылы бұрынғыша Қызылжар аймағындағы Ащылы-Тұщылы деген екі көлдің аралығында Карабас жалы деген орманды (казіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданының орталығы Пресновка ауылы орналасқан қоныста) мекен еткен әрі ақын, әрі батыр Жанкісі Көшекұлының (1734-1817) шаңырағында дүниеге келген. 1859 жылы қазан айында соңғы қыстауы Марқаш жалы орманындағы өз ауылында аз күн ауырып, жұз бір жастан асынқыраған шағында қайтады. Салғара сазгердің сүйегі өз әкесі Жанкісінің бейтінің жанына жерленіпті (Жамбыл ауданындағы Айымжан ауылынан алты шақырым жердегі Сүгіrbай батыр зиратында Пресновка ауылының батысында он шақырым қашықтықтағы бейіт).

Салғараның әкесі Жанкісі Көшекұлы 1751-1758 жылдары жонғар қалмақтары басқыншыларына қарсы және 1759-1771 жылдары Убашы қалмак шапқыншыларынан жерсуды тазарту жолындағы туған халқының әділетті де азаттық соғысина үздікіз қатысып, майданда көрсеткен ерліктері үшін мынбасы сардар атағын иеленген (шежіре бойынша және Тәтіқара жырау өлеңдері бойынша). Салғараның анасының есімі – Мақпуза.

Жанкісінің сол Мақпуза атты зайдыбынан Салғара, Зілғара, Шопан, Орхан, Бұрхан есімді бес ұл туған екен. Бұл бесеуі де ауыл молдасынан оқып, қадымша хат танып, діни білім алады. Одан кейін Жанкісі жырау балаларын туған жеріндегі (Гүлтебедегі) өзі оқыған Қожаберген-Асқап медресесіне оқуға беріпти.

Атамыш медреседе Жанкісі балалары жақсы оқып, қадымша сауатын жақсартып, діни білімін жетілдіріп, араб, парсы, көне түрік тілдерін үйреніп шығады. Қожаберген-Асқап медресесін үздік оқып тәмамдаған үлкен ұлы Салғараны әрі қарай оқыту мақсатымен Жанкісі ақын өз керуенімен бірге шығып, Үргеніш шаһарындағы медресеге

окуға орналастырады. Сөйтіп, Жанкісі үлкен баласы Салғараны Үргеніштегі досы Хафиздің үйіне койып оқытыпты.

Салғара Үргеніш медресесін тәмам етіп, діни терең білім алғып, қадымша сауатын жетілдіріп, араб, парсы, көне түрік тілдерін бұрынғыдан да жақсы біліп шығады. Ол ауылына келген соң шағын медресе, мешіт ашыпты. Салғара өзі ашқан медреседе ұстаз болып, өз ауылының және көрші ауылдардың балаларын оқытады. Салғараның інілері де Үргеніш медресесін тәмамдаған. Салғара өз орнына Орхан есімді інісін мешітке имам, медресеге ұстаз етіп қалдырады да, өзі бірынғай өнер жолына түседі. Ол өленді он жасынан шығара бастапты.

Салғара өзінің бабаларының бірі – Дәстем салдан кейін үзіліп қалған сал-серілікті әрі қарай жалғастыруши, дамытуши өнерпаз саналған. Ол заманында үш жүзге есімі әйгілі сал-серілердің жетекшісі болған дарын иесі екен.

Салғара әнші-акындығымен катар, батыр, балуан, мерген, сынықшы, жауырыншы, диқан, қолөнерші, атбеті, құсбегі, аңшы да атанған. Осындай алуан түрлі өнер иесі Салғараға Бақытжамал есімді сұлу қызығашық болған екен.

Бақытжамал кім? Ол жерінде қуанышылық боп уақытша мал қыстаратуға Көлденен Әсіл бойына көшіп келген Кіші жүз Он екі ата Байұлыға жататын Жаппас руының Үңгіт атасының жиырма үйінің басшысы Таубай есімді кісінің қызы екен. Бірде Таубай ауылының тұсына үстеріне қызылды-жасылды шапан, шалбар киген бір топ жігіт тоқтап, шатырларын тігіп, малды сойып, от жағып, казан асады. Аттарын арқандап қойып, қолдарына кобыз алғып, күй тартып, ән шырқайды. Таубай ауылы ән естіген соң бұларға келіп, жөн сұрап танысады. Салғара бастаған сол серілер екен. Таубайды бала-шағасымен коса дәмге шашырып, дастарқандас болады. Содан соң тайлак сойып, Таубай да Салғара тобын мейман етіпті. Алтыбакан құрып, жастар екеу-екеуден косылып ән шырқап, әткеншекте тербеліпті. Сол түні Бақытжамал мен Салғараның таныстығы басталып, ақыры бұлар кейін қыста да ойын-тойда бірнеше рет кездесіп, бір-бірін ұнатып, Есілдің мұзы бұзылмай түрғанда косылмақшы болып уағдаласады.

Салғара Бакытжамалды алып қашуға дайындалған кезде ауырыл қалып, уақытында бара алмапты. Кейін алып қашуға Салғара барған кезде Есіл өзені тасып кетіп, Бакытжамал судың күнгей бетінде, Салғара терістігінде тұрып қол бұлғап амандасып, екеуі де дауыстап қоштасып әрқайсысы өз жағына кетіпти. Ол 1783 жылдың көктемі екен. Осының алдында Салғара өзінің атақты әні «Жиырма бесті» шығарылты. Оның мәтіні төмендегіше:

*Тастап кет жүзігінді мыс та болса,
Жүрейік күліп-ойнап қыс та болса.
Шеш-дағы қосай етік байпақшаң кел,
Көрейін өз сорымнан үстап алса.*

*Есілдің ар жағында көрдім сені,
Сыргаңды қайық қылып өткіз мені.
Сыргаңды қайық етіп өткізбесен,
Болсан да хордың қызы көрмен сені.*

Бұл – Серіз сері шежіресінің ішіндегі нұсқа. Сондай-ақ ауыздан-ауызға көше жүріп өзгеріп, «Тастап кет жүзігінді мыс та болса» деген жол «Беріп кет сақинанды мыс та болса» түрінде берілген, басқа жолдарда өзгеріс жок.

Есіл өзенінің тасуы токтаған соң Салғара бір топ серіктерін ертіп барып, өткелден атпен өтіп, ел жайлауда отырғанда Бакытжамалды алып қашады. Салғара қазак арасында кең тараған атақты «Жиырма бес» әнін осы уақыға арнап шығарған. Екеуі тату-тәтті өмір сүріпті. Бір киыны сол – олардың балалары сәби кездерінде шетінеп кете беріп, перзенті болмапты.

Жанкісінің Салғара, Зілғара, Шопан, Орхан, Бұрхан есімді бес ұлы да ислам дінін насихаттаушы болыпты. Бұлар Батыс Сібір мұсылмандарының (казак, татар, башқұрт елдерінің) жер-су үшін Ресей отаршылдарына қарсы бағытталған, Қөшебе Керей Шакшак Қошекұлы бастаған ғазауатына (діни әрі халық-азаттық көтерілісіне) белсене катысып, сондағы болған киян-кескі шайқастарда көрсеткен ерліктері үшін батыр атағын алыпты. Бұл бесеуін халық «Жанкісінің Бес қасқасы» деп атапты.

Салғара мен оның інілері өздерінде перзент болмаған соң ел ішіндегі жетім-жесірлерді, үйсіз-күйсіз ғаріптерді мандарына топтастырып, соларға камкорлық жасапты.

Жанкісінің Бес касқасы егіншілікпен, мал өсірумен, колөнершілікпен, ан-құс аулаумен шұғылданыпты. Олар өздері тәрбиесіне алған жетімдер мен ғаріптерді де аталмыщ кәсіптерді менгеруге баулыпты. Сейтіп бірнеше ауыл бол отырыпты. Салғара тәрбиелеген жетім жігіттер сауда-сатықпен де айналысыпты.

Салғараның ауылында жел диірмен және әкесі ұйымдастырған шеберханалар болған.

Салғара мен оның інілеріне қыындықты Ресей отаршылдары әкеліпті. Бұлардың жасы ұлғайып қалған кезде 1824 жылы құзде қоныстарының жартысынан көбін Ресей әскері зенбіректен оқ жаудыра отырып, тартып алыпты. 1825 жылы Көшебе Керейдің старшинасы Бақтыгерей Токбердіұлының Преснов бекінісінің айналасындағы егістік, шабындық жерімізді, құздік пен қөктеуімізді өзіміздік пайдалануымызға рұқсат етініз деп жазған Ресей патша өкіметіне өтініші болыпты. Бұл өтінішті Ресей патшасы министрі қанағаттандырыпты. Бірак Салғараның қыстауын, Ашылы-Тұшылы көлдерді Ресей отаршылдары кайтармаған. Ол жерде штаб орнап, солдаттар тұрган, кейін бірте-бірте ол қоныска «казачы станица» орнап, Пресновка деп аталған. Солдаттарды басқарған офицердің фамилиясы Преснов екен. Қазактар оны «Кіпитан» деп те атайды. Өйткені Пресновтің әскери атағы капитан екен.

Кейін Ресей отаршылдары Салғараның жер-суын кайтарып беруге атсалысқан оның немере туысы Бақтыгерей Токбердіұлы рубасының да жер-суын тартып алып, оның қоныстарына Островка деген казак-орыс станицасы орнайды. Салғараның өзіне қайтарылған жерлерді де казак-орыс байлары қайта тартып алыпты.

Салғара «Козы Қөрпеш – Баян сұлу», «Бозжігіт», «Қасым – Жомарт», «Жұсіп – Зылиха», «Сейфілмәлік – Бәлі-ғұлжамал», «Иранғайып» ғашықтық жырларының, «Шора батыр», «Қаһарман» қиссаларының бір-бір нұсқасын, «Керқұла атты Кендебай», «Күн астындағы Күнікей

кызы», «Ахмет хан», «Эз Жәнібек хан», «Ер Жәнібек», «Есет баба», «Ер Бекенбай», «Байжігіт мерген», «Айдабол батыр», «Ер Жанатай», «Күйік шаяр», «Шатыра соғысы», «Жалтыр шайкасы», «Корғанға жорық», «Құлынды даласы» дастандарын, «Үш төре», «Шатыра», «Жас», «Көшкен жұрт», «Қонысынан басқа ауған ел», «Бала зары» атты тарихи толғауларын, «Қызыл бидай», «Тобылғы сай», «Мұнанай», «Ұзын қызыл», «Жиырма бес», «Токсан бес», «Алай көк» (I түрі), «Шалқыма» (I түрі), «Ахай, айым», «Еркем-ай», «Жамал-ай» әндерін, «Ащылы-Тұщылы», «Бәйбіше», «Боз тұлпар» күйлерін шығарыпты.

Салғара шығармалары да белгілі бір оқиғаға негізделініп шығарылған. Оның «Көшкен жұрт» толғауына Батыс Сібірдегі қонысынан айырылып, Арқадағы Мәтен карағайы өніріне ауа көшіп барған Балта Керейдін бір топ ауылдары арқау болса, «Қоныстан басқа ауған ел» толғауы 1795-1822 жылдар аралығында Омбы, Түмен аймактарынан қоныс аударған Орта жүздің Керей-Уақ елдерінің басым көпшілгіне арналған (олар әуелі Құлынды даласына, одан әрі Шығыс Түркістан өлкесіне ауа көшкен). Ал «Шатыра соғысы», «Жалтырдағы шайқас», «Корғанға жорық» дастандары өз әкесінің інілері Шақшак, Сартай Көшек үлдары (Сегіз серінің аталары) бастаған Батыс Сібір мұсылмандарының (қазақ, башқұрт, татар халықтарының) жер-су үшін Ресей патша өкіметі отаршылдарына қарсы бағытталған ғазауаты тақырыбын көтереді. Бұл діни және халық-азаттық көтеріліске Салғараның өзі де, інілері де белсене қатысыпты.

Жанкісіұлы сазгер «Ащылы-Тұщылы» күйін өз қыстауын Ресей отаршылдары тартып алғанда, «Боз тұлпар» күйін аты картайғанда, «Бәйбіше» күйін өмірлік қосағы Бақытжамал кайтыс болғанда шығарыпты. Сондай-ақ, Салғара өз өлеңдерінің бірі – «Үш төрені» өздерінің ортанышы ағасы Уәлиханның ел билеуіне көнілі толмаған әрі оның басқа да іс-әрекеттерін ұнатпаған, тере атағынан безініп, қара казакқа айналған Абдолла, Бақай, Бақтыбай Абылай хан үлдарына арнаған.

Салғараның «Қызыл бидай», «Ахай, айым», «Алай көк», «Шалқыма», «Еркем-ай», «Жамал-ай», «Тобылғы сай» әндері оның бозбала кезіндегі шығарған туындылары екен.

Салғара Кіші жүз елінде салдық құрып жүріп Орынбор жаңындағы Мұнанай жәрменекесінде 1836 жылы Исадай, Махамбетпен кездеседі. Қазактар ол кезде ақша айырбастап сауда-саттық жасайтын «Меновый дворды» «Мұнанай» деп атағаны белгілі. Мұнанай жайында халық аузында мынадай өлең бар:

*Көрінген анадайдан Мұнанай-ды,
Мұнанай тастан соққан құламайды.
Бір оттық бір тай өгіз болғаннан соң,
Пайданы патша қайтып құрамайды.*

Исадай мен Махамбеттің өтініші бойынша Салғара өзінің «Жиырма бес» әнін шырқап коя бергенде Мұнанайдағы сықаған халық оның ашық даусына таң-тамаша қалады. Әнді айтып болғанда ұзын бойлы, кең маңдайлы Салғараның алдына бір әйел торсықпен қымыз әкеліп құйып береді. Ақын қымызды ішіп тағы бірнеше ән салған... Сол жолы Салғараны ертіп ел аралаған, оның әншілігіне разы болған Исадай батыр ақынға өзінің ак боз атын сыйға тартады. Осыдан кейін көп жыл өткеннен соң шығарған бір өлеңінде Исадай, Махамбетпен кездескенін ақынның өзі де айтады.

*Салдықпен Кіші жузге барған едім,
Сайранды Астраханъда салған едім.
Беріште көсем батыр Исадайдың
Сыйлыққа ак боз атын алған едім.*

*Кәрілік меңдеткен соң түпке жетті,
Кезінде болсам да ер құдіретті.
Жеттіс жеті жасымда қобыз алып,
Жырладым Исадай мен Махамбетті.*

Салғараның ел арасына кең тараған тағы бір белгілі әні – «Тоқсан бес». Әннің шығу тарихына зер салсақ. Тоқсан бес жасқа келіп, ән мен жыры саябыр тартып жатқан ақынға

ауылдың жігіт-желені жиылып келіп, хал сұрайды. Сонда Салғара жаткан орнынан басын көтеріп, етек-женін жиып бір серпіліп «мен де ел-жұрттыма керек екенмін-ау» деп табанды ұзак өлең шығарады.

*Койдың ғой тоқсан бес жас қалжыратып,
Өлеңді қайтіп айтам алжып жастып.
Кешегі қайран жастық қайта оралса,
Қызық-қалқа ойнар едім қалжыңдасып.*

*Жас жетіп тайып түрмын ер күйімнен,
Кәрілік келіп қапсың бүйірімнен.
Қадірлі жастық шағым өтіп кетіп
Шыққандай болып қаптын үйірімнен.*

*Пендеге ақ өлімнің бөлегі жоқ,
Жастықтың, іздемеймін, дерегі жоқ.
Қалғаны тоқсан бестің мынау болса,
Жұз жастың сұрамаймын керегі жоқ.*

Жанкісінің жоғарыда аталған бес баласының бесеуі де найзагер, батыр, балуан болғандықтан ел оларды «Жанкісінің Бес қасқасы» деп атағанын айттық. Осы арада бір ескерте кететін жайт, Жанкісінің Зілғара, Шопан деген батыр, балуан, әнші ұлдарымен замандас болып қатар өскен Атығай Байтоқа мырза осылардай елге белгілі болсын десе керек, Жанкісінің әлгі екі баласының атын кейін дүниеге келген өзінің екі ұлына қойған. Байтоқаның балаларына атқою себебі былай болыпты.

Байтоқа мырзаның ауылы Кекшетаудағы Салқынкөлде жаз жайлауда отырады. Екінші перзентіне жүкті әйелі Жәнипа күні жетіп толғатып жатыр екен. Он екі қанат, сегіз қанат, алты қанат акбоз үйлер тігілген көл жағасындағы ауылға мырзаның бәйбішесі толғатып жаткан үстіне ел арапап салдық құрып жүрген әнші Зілғара Жанкісіұлы қырық бес сал-сері жігітін ертіп келеді.

Келген бойда олар ат басын Байтоқаның үйіне тірейді. Байтоқа алдарынан шығып карсы алып, Зілғара жігіттерін

он екі қанат екі ақ үйдің біріне тұсірген соң, «Балуан аға, кош келдіңіз, келініңіз толғатып киналып жатыр, соған шапағатыңыз тисе дұрыс болар еді» депті. Сонда Зілғара Жәнипа толғатып жатқан үйге кіріп, шымылдықтың сыртынан көбызын боздатып, Кожаберген жыраудың «Бозайғыр» күйін тартады. Ауырлап, киналып жатқан жүкті әйел қөбыз үніне елтіп, тез женілденіп, үл бала табады. Байтоқа шілдехана тойын жасап, Зілқараларды жібермей қонақ етеді де «Балуан, сіздің есіміңізді осы перзентіме кояйын деп отырмын, жақсы ырым болсын, сіз келгенде туды» дейді. Зілғара «Іә, қоя бер, мен құдай емес, құдайдан былай емеспін» деп өлеңмен бата берген екен. Содан үл бала өсе келе елде Байтоқаның Зілғарасы атанады. Бұның жас шамасы Жанкісінің Зілғарасынан отыз жастай кіші. Содан соң туған екінші ұлына Байтоқа Зілғараның інісі Шопанның атын тағы қояды.

Сөйтіп, Жанкісінің Зілғара-Шопаны (Таузар Керей) Байтоқаның Зілғара-Шопаны (Атығай) атты адамдар дүниеде болғанын тарихи деректерден білеміз. Атығай Зілғара (кіші Зілғара) Байтоқаұлы айтулы би, аға сұлтан болып Көкшетау дуанында көп жыл ел билеген. Үкіметке жақсы қызмет еткені үшін ол 1852 жылдың 11-дегі патшадан қазак дворяны және подполковник атағын грамотасымен коса алған.

Зілғараның бұл грамотасы Петропавл қаласындағы облыстық тарихи өлкетану мұражайында күні бүгінге дейін сақтаулы. Бұл Зілғара, яғни кіші Зілғара болған. Ал осы Зілғара туралы өздерінің мағлұматы аз біреулер оны әнші, ақын болған деп лақап таратып жүр. Шынында үлкен Зілғара да, кіші Зілғара да ақын, жырау болмаған. Ал әрі ақын, әрі композитор ағасы Салғара екенін біз жоғарыда айттық. Оның «Жиyrма бес», «Тоқсан бес» атты әндері халық арасына, қазактың байтақ өлкесіне кең тарағанын да әнгіме еттік. Салғара мен Байтоқадан туған әлгі кіші Зілғараның екеуін ажырата білмейтіндер осы күнге дейін шатастырып, оқырманды адастырумен келеді.

*Жаратып мінген атым Сұр күігім,
Көремін Сұрга мінсем жер биігін.*

*Келгенше тоқсан бескө перзент алмай,
Құдай-ау, тартқызыдың гой үл күйігін.*

*Кәрілік, келемін деп айтқан жоқсың,
Жастық шақ, енді оралып маған жоқсың.
Мен өлсем әруағымды шақыратын
Бір перзент Салғарадан қалған жоқсың, –*

дейді.

Ал кіші Зілғараның үш әйелінен он үш ұлы, төрт қызы болған. Ол он үш ұлдан көп немере сүйген. Тіпті, кіші Зілғара ақын болған күннің өзінде де, он үш перзенті бола тұра балам жок деп айтпас еді. Салғара «Тоқсан бесте» қызының да жоқтығын айтады. Сондай-ақ кіші Зілғара картайғанда тоқал алмаған. Ал әйелі тұрмай, картайғанда үш тоқал алған – Салғара.

*Тоқсан бескө келгенде торғайдаймын,
Ел көшкенде жылқыны зорға айдаймын.
Үш тоқалым тілімді алмаған соң
Отырып отбасында ойбайлаймын, –*

деген Салғара Жанкісіұлы болатын.

Сонымен бірге Салғара осы «Тоқсан бес» өлеңінде:

*Баласы Жанкісінің Салғара едім,
Алмаған пенде тілін көкжас едім.
Кешегі қайран жастық қайта оралса
Дүниенің төрт бүршынын шарлар едім, –*

деп өкінеді. Салғараның сол өлеңін өзгертіп:

*Белгілі Атығайға Зілғара едім,
Алмаған кісі тілін ділмәр едім.
Кешегі жиырма бес жас қайтып келсе,
Дүниенің төрт бүршынын былғар едім, –*

деп Зілғараның атына аударып, тарихи шындыққа қиянат жасап жүргендер де бар. Кіші Зілғара да жүз жасқа таяп кеп қайтыс болған. Жасы үлғайған шағында үйіне әнші-акындар жиналғанда оларға: «Шырактарым, Таузар Керей Жанкісінің Салғарасының «Жиырма бесін», «Тоқсан бе-

сін» айтындаршы, әкем Байтоқа маған да, бірге тұған інімде сол Салғараның Зілғара, Шопан атты әнші, балуан екі інісінің атын қойған еді» дейді еken. Бұл әңгімені кіші Зілғараның шөбересі Еламан Ибатұлы аксақал да айтып отырған. Еламан қария Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданының Смирнова станциясында 1970 жылы 85 жасында қайтыс болды. Осы деректерге қарағанда Салғара мен Зілғараның кім екендерін анық ажыратуға болады деп ойлаймыз.

«Солтүстік Қазақстан» газетінің 19.01.2001 жылғы нөмірінде облысымызға танымал атақты журналист, шежіреші Дүйсенбі Әуелбековтің «Зілқара бүрмаланған есім» атты мақаласы шыққантүғын. Дүйсенбі ағамыз Зілғара Байтоқинмен аталас әрі бұл өүлетті зерттеушілердің бірі болған. (Дүйсенбі Әуелбеков бұл мақаласында Зілғараны «Жылғара» деп атаған). Жоғарыда аталған мақаласында былай деп жазған еді.

«Соңғы жылдары кейбір басылымдарда Жылғара жайғана бай емес, ол сонымен бірге керемет ділмәр, шешен әрі ірі ақын болды деген сөз айтылып жүр. Мен бұл пікірді қате деп есептеймін. Андағұл ұрпақтарының ішінде Жылғараның мұнданы да өнері болғанын қуаттайтын кісі жок. Бір білсе, менің әкемнің інісі Әуелбеков Мәлгаждар білуге тиіс еді, өйткені бұл кісі ел ішіндегі ауызша айтылып жүрген шежіре, аныздарды көп жинаған кісі ғой, бірақ оның мендегі қолжазбаларында бұл жайында ешқандай да дерек жок. Соңдай-ак Жылғараның өзінен тараған үрім-бұтағында да атапарының байлықтан басқа өнер қуғанын біletін кіслерді мен өзім де кездестірген емеспін.

Осы арада айта кетейін, жақында мен Фаббасов Мәжікен ағайдын касына еріп барып, Бескөлде тұратын Ережепұлы Кабдірәшит ақсақалмен сұхбаттасқан едім. Сексеннің төртеуін бөктерген Қабан әлі тың, ескілікті сөздерді көп біletін кісі. Жылғара оның сегізінші атасы еken. Мен атасының ақындығы, шешендігі жайында не біletінін сұрап ем, ақсақал мұның бекер сөз, күр дәкпірт еkenін кесіп айтты.

Шынында да, егер Жылғараның аузына салынған «өзім би, өзім шешен, ділмәр едім» деген сөзіне дәлел боларлық

мысалдар халық жадында неге сакталмаған? Ал енді оның токсан беске келіп, алжуға айналған шағында кәрілгіне на- заланып айтыпты деген өлең шумактарына келетін болсақ, біріншіден, бұлары шешендікке дәлел бола алмайды; екін- шіден, осы кара өлең үлгісімен жазылған сөздерді Жылғара өзі шығарды дегенге сену киын. Атақты байдың ауы- лында айлап жатып тамағын асыраған ақынсызмактар аз болды ма, бұл міне сондай жарамсақтардың «пысықтығы» арқылы тараған сөз болуы әбден мүмкін. Ажалының жа- қындан қалғанын сезген шал мұн шаққандай бірдене десе деген де шығар, оны әлгі асыранды «акындар» өз ка- лыптарына салып, мәнерлеп отырғанға ұқсайды. Менің бұл ойымның шындыққа жанасатынын сол «мәнерленген» өлең жолдарының өзі де айтып тұр. Мәселен, Жылғараның аузына сөз салушылар тіпті үйқасты да алыстан ізdemей, не өз жаңдарынан шығармай, дайын үлгілерден ала салыпты. Біржан салдың бір өлеңі «Әудемжер жүре алмаймын ая- ғымнан» деп басталса, бұлар да Жылғара айтты деген алты шумақ өлеңді «Жүре алмаймын кәрілік аяғымнан» деп бастапты. Одан соң осы өлеңнің соңғы шумағында: «Омбы, Семей жол салдым өгіз айдал...» делінген. Бұған илану мүмкін емес. Тіпті осы рас болған күннің өзінде, Ресей мем- лекетінің тағына Романовтар әулеті отырғанына 300 жыл толғанда, патшалық тойына тарту ретінде 300 жылкыны Петербургкө айдатқан Жылғара, сол үшін II Николайдан шен алып, шекпен киген Жылғара Омбы мен Семейге апарып өгіз сатқанын мактандырып етпесе керек еді».

Жылғара Байтоқиннің ақын болмағанына бұдан басқа көптеген мысал келтіруге болады.

Кезінде Салғара жырауға Теріскей Сарыарқада туып- есken Көшен Бауыржанұлы, Имамғабит сері Ырғызбекұлы, Қорпеш, Серіз сері Баһрамұлдары (Көшебе Керей ақын- дары), Құлтума Bodықұлы (1811-1903), (елі – Балта Керей, Казақ әдебиеті тарихындағы бірінші Құлтума ақын), Нияз сері Бекдәүлетұлы (елі – Еменәлі Керей, оның ішінде Мадияр атасынан), Асанбай, Элеке, Арыстанбай (Атығай ақындары), Орынбай Бертағыұлы (1813-1906, елі – Қөлдей Карапуыл), Өске Тасеменұлы (1813-1902, елі – Карабалық

кыпшак), Әбүтәліп (Бағаналы найманның Қарабала руынан шықкан ақын, Жанкиса жыршымен аталас) шәкірт болып, одан үлгі-өнеге алыпты.

Тұған жер

Қазіргі Жамбыл ауданының орталығы Преснов селосы «Аңзы белдеу» («Горькая линия») бойында әскери бекініс ретінде 1752 жылы салынғанын тарихтан жақсы білеміз. «Аңзы белдеу» бойындағы бұл бекініс Петропавл бекінісінен кейінгі патша үкіметінің Қызылжар өлкесін отарлау ісінің үлкен орталығы болды. Бекініс салғанға дейін Преснов селосының жерін Қожаберген жырау Толыбай сыншы ұлы (1663-1763) иелік етті.

Қожаберген жыраудың өзі осы қоныста дүниеге келген. Кейін Қожаберген жырау Гүлтөбе жеріне (казіргі жыраудың ескерткіш-кесенесі тұрған жер) қоныс аударғанда, бұл жер (Преснов селосы жері) Жанкісі жырауға беріледі.

Жанкісі жыраудың шежіресі былай таратылады:

Толыбай сыншы-Қарабас (Қожаберген жыраудың ағасы)-Асқап-Көшек-Жанкісі жырау. Бұлардың бәрі де қазак-қалмак соғысында қол бастап, батыр-саңдар атағын алған адамдар. Қожаберген жырау «Елім-ай» дастанында:

Қыншылық ылғи болмас әлі-ақ өтер,
Ерлерім жауды ұзаттай тентіретер.
Бөгөнбай, Ерсары, Асқап, Жабай, Көшек
Қалмақты қойشا қырап, зар еңіретер, –

деп жырлаған болатын.

Жанкісі «Бердіқожа батыр», «Абылай хан», «Тұрсынбай батыр», «Тайлак мерген», «Ер Сырым», «Батыр Жайнак», «Ер Ақпанбек», «Азат батыр», «Бақсары батыр» атты жыр-дастандар жазған. Жанкісі жырау Көшекұлы жас кезінде Орта жүз Балта Керей Бақсары батыр Райжанұлы (1683-1778) ордабасының мыңбасысы болып, Еділ-Жайық бойын қалмак басқыншыларынан азат ету жорығына қатысады.

Жанкісі жырау қайтыс болғаннан кейін Преснов село-сынын жері бес баласының үлкені Салғара ақынға мұра болып қалады. Осы кезеңде бекініс басшысына капитан Пресновский деген казак сайланып, бекініс казак әскерлерінің штабына айналады. Бекініс жерін кеңітпек болған Пресновский жерін тартып алды, Салғараны басқа жерге күған. Салғара өз жерін қорғау үшін Пресновскиймен соғысады. Салғара ақынның «Тұған жер толғауы» атты өлеңі осы оқиға және Есеней Естемесұлының киын уақытта ел басқарып, елге қамкор болғаны жайлы айтылады. Өніріміздің тарихы туралы бұрын ғылыми айналымға түсілеген күнды деректер кездеседі.

Касірет байланған соң ұлғайғанда,
Дерт келіп жайылған соң біздің маңға,
Жас орнына қару ап өзім шықтым
Зор қауіп төнгеннен соң бүгін танда.

Мен тұрып, жуындым да, тамактандым,
Қолыма кәрі жолдас садакты алдым.
Тұсімде бір колайсыз іс көрген соң,
Өнімде қорғануға бел байладым.

Жібердім көрші ауылға хабаршыны,
Тоспай-ақ сапардағы жолаушыны.
Жүрегім бір пәлені сезінгендей,
Мен күттім келетүғын тонаушыны.

Жаманға қорыққанда ес кірмейді,
Надандар қауіп жайын еш білмейді.
Орманнан жау қарасы көрінбейді,
Кернейдің дауысы-дағы естілмейді.

Әуелі сыйызғы алып, күйді шертіп,
Белгісі білінген соң зор індettін,
Азырақ жаңбыр жауа бастаған соң,
Колға ұстап сыйызғымды үйге кеттім.

Төрге іліп сыбызғыны, кидім сауыт,
Елестеп көз алдыма катер-қауіп.
Асындым қару-жарап, атты қамдал,
Ұрысқа қартайсам да көңілім ауып.

Ештеңе оралмайды зарлағанға,
Көзінен ыстық жасы барлағанға.
Дұшпанмен кескілесіп бір қалмақпын,
Алпыстың тоғызына қарағанда.

Саяқ ат байқайын деп шықтым дөнгө,
Естілді үлкен дүбір таяу жерде.
Асынған мылтығы бар қол көрінді,
Бәрі де қылыш ілген қынай белге.

Үш жендет топтан маған мылтық атты,
Мылтығы от алмады састы қатты.
Бәрін де өз көзіммен көрдім анық,
Бұл корлық қабырғама жаман батты.

Сол кезде қарсы шаптым найзаны ала,
Алдында жылап келеді татар бала.
Балаға тигенім жок, жауға ұмтылып,
Лактырдым етегінен түйреп ала.

Оқ атса жараптар еді мені саннан,
Бір қазақ аға деді сасқанынан.
Түсірдім жиырма бірін найзаменен,
Күшімнің шал да болсам асқанынан.

Жиырма бір бос ат ойнап шыға берді,
Мақтанбан карт қайратын дұшпан көрді.
От алмай мылтықтары тонаушының,
Алла, аруақ маған үлкен жәрдем берді.

Жас қазак «Ассалаумагалайкүм, ата!» деді,
«Ісіміз болды келген қате» деді.
«Мен жүрген аранызда елші едім,
Алуға және келдім бата» деді.

«Бұл жауды қырғанменен арты қын,
Салмайсыз зеңбірекке ешбір тыйым.
Су тиіп патрондарға атылмады,
Әйтпесе болатын еді Сізге қын.

Ата-еке, қонысының жау көзінде,
Қате жоқ айтып түрған бұл сөзімде.
Бұл дұшпан қыстауыңа штаб салмақ,
Не істейді онан әрі еркі өзінде.

Ол берген бір қонысты аласыз да,
Сол жерге Сіздер көшіп барасыз да.
Тағы да оған қоса сыйлық берер,
Болмасын жүректе еш жараңыз да.

Қаруы солдаттардың қалсын сізде,
Ата, сіз найза салма енді бізге.
Жерініз алғанменен жер береді,
Болмасын ешбір кіrbің көнілінізде.

Атажан, солдаттарды байламаңыз,
Қосактап тұтын етіп айдамаңыз.
Мылтығын алдыңыз сол сізге олжа,
Бітпейтін артқа жаулық сайламаңыз.

Ата-еке, мылтық атып ұрыспаңыз,
Келіңіз татулыққа, жұлышпаңыз.
Қайтесіз қартайғанда қырғын салып,
Жөн болар шарт жасасып ұғыссаңыз».

Десе де, тұрдым жауға ызғар шашып,
Бір тобы көрмек болды қылыштасып.
Ауылдан келгендеге мылтық беріп,
Майданға дұшпанменен шықтым ашық.

Білді олар түк өнбесін жауласқанмен,
Көрсеттім үлкен қайрат алдаспанмен.
Шегініп онтүстікке қашты дұшпан,
Ала алмай қолма-қолда шайқасқанмен.

Қылышы талайының үшты қолдан,
Оларды қып шықтым қара жолдан.
Сабалап мәстектерін қашты бәрі,
Асық бол құтылғандай құрған тордан.

Арада үш күн өтті, елші келді,
Соңынан зенбіректі қол ере келді.
Қолымен ақ жалауды көтере ұстап,
Бұрынғы қазақ жігіт сәлем берді.

Он боз ат, он аппақ нар, топ кездеме
Тарту деп, қант, мейіз, шай қоса берді.
Тайтүяқ, күміс жамбы, жанат ішік,
Парсылық түкті кілем және берді.

Дүниенің қызығамын мен несіне,
Зенбірек коркынышты салды есіме.
Мылтықты бес жұз алпыс жендет келді,
Еркім жок қойған шартқа көнбесіме.

Әкеліп ақ былғары жазды әпесар,
Жылмандарап сөйлегенде желдей есер.
Қонысты айырбастауға қолды қойдым,
Кез келді мәселені анық шешер.

Үш бөлек былғарыға жазу жазып,
Қол қойып аяғына мөрін басып.
Біреуін былғарының маған беріп,
Менімен қол алысты көнілі тасып.

Қазакты басшы етіп, солдат бөлді,
Ауылды тез көшір деп бүйрый қорді.
Бір семіз мәстек атты сойының деп,
Көлденен алдыма әкеп тарта берді.

Жықтырып мәстек атты бата жасап,
Сойғызып болдық сонда қазан аспақ.
Соғыспай татуласып жер алдық деп,
Сіз бізге қонақсыз деп сөзді бастап.

Танысып шырай кіріп келбетіне,
Отынды дайындағып жендетіне,
Тағы да бір мәстекті сойғызды олар,
Сілейе тоймақ болып жылқы етіне.

Ауылдың әйелдері ыдыс тасып,
Қаздырып жер ошақты, казан асып.
Біз ішкен сары қымыздан сұрап ішіп,
Жайланды кіпитан сүм көнілі тасып.

Пырасынау¹¹ кіпитанның¹² екен аты,
Жауыз фой сұмырайдың шыққан заты.
Алдында жік-жаппар боп сөйлейді,
Түссін деп біздей шалдың ілтипаты.

Мен қайрат көрсеткенде қылыштасып,
Қалып еді баскесердің көнілі жасып.
Жоқ екен бұл шіркінде ұят деген,
Қанішер отыр бүгін шарт жасасып.

Татардың сұлу қызын тарту етті,
Доспын деп қылыш сыйлап, берді сертті.
Сенімді бір-бірімізге болайық деп
Алдында көпшіліктің уағда етті.

Қазактай аңқау емес орыс жұрты,
Іші арам, жылтырайды ылғи сырты.
Жас сұлу көрі шалға жар болмайды,
Дүние – тіршілікте көздің күрты.

Қазактай орыс елі алданбайды,
Дүние үшін жанын сатар, арланбайды.

¹¹ Пырасынау – Пресновский – бекініс бастығы, қазіргі Солтүстік Казахстан облысы Жамбыл ауданының орталығы Преснов селосы осы кісінің есімімен аталған

¹² Кіпитан – Капитан Пресновский деген сөзден шықкан. Казактар Преснов селосын «Кіпитан» деп атаған

Жылқының етін бізбен олар жеді,
Байқаймын ештеңені талғамайды.

Тұтқын боп тартқан байғұс қасіретті,
Еткен соң маған тарту, сәлем етті.
Сактаған мұсылманның әдет-ғұрпын,
Көркем қыз маған енді мұнын шертті.

Куандым бергеннен соң сізге деді,
Адалмын шын сеніңіз бізге деді.
Осыдан жиырма күн бұрын дәлдеп айтсам,
Шыкқанда тұтқын болдым түзге деді.

Киындық түсті бұлай біздің басқа,
Маңдайым соғылғандай менің тасқа.
Өзіңіз асыл бабам көрінесіз,
Болғайсыз деді пана біздей жасқа.

Тоқтатты соны айтып сұлу сөзін,
Бұрып ап бәйбішеме мұнлы жүзін.
Ішімнен тәуір келін боларсың деп,
Лайық Азamatқа¹³ көрдім өзін.

Мен сонда қобыз алып қайғыландым,
Орттеніп бүкіл денем от боп жандым.
(Бар денем өртенгендей от боп жандым)
Корлықтан көркем қызды босатқандай,
Саяапқа қиналсам да тағы қалдым.

Дүшпаның сыйлықтарын қабыл алдым,
Отырып түрлі-түрлі әнге салдым.
«Қоныстан көшу» деген күй шығарып,
Амалсыз ойға шомып қапаландым.

¹³ Азamat – Серіз серінің әкесі Баһрамның ағасы Сексен қажын¹⁴ баласы

Кезінде кіші бесін тарқады той,
Дариға, іске аспады ойлаған ой.
Бәйбішем сұлуды ертіп үйге кетті,
Келетін мезгіл таяу сиыр мен кой.

Ұлғайтып картайғанда қайғы-дерпті,
Ақыры ежелгі жау түпкө жетті.
«Андыған алмай қоймас» дегендейін,
Еріксіз ата қоныс қолдан кетті.

Сан жұлып батырының кеңірдегін,
Жасымда талай жауды женіп едім.
Еш қайран зеңбірекке қыларым жоқ,
Дұшпанға кетті бүгін төнірегім.

Амал жоқ үйге келдім қатты налып,
Бәйбішем қойған еken төсек салып.
Шерімді тартпақ боп қобыз тарттым,
Кеткен соң жер қайғысы өзек жарып.

Қайғымен қара шайды ішіп жаттым,
Сонан соң шаршап әбден ұйықтап қаппын.
Бәйбішем еппен келіп оятқанда,
Мамықта есенгіреп аң-таң қаппын.

Оянып орныман тұрдым атып,
Киіндім, жуындым да, ойға батып.
Дастарқан басына кел отырған соң
Сейлестім бәйбішеммен жауап қатып.

Маркашта¹⁴ Азаматқа салдық хабар,
Білдіріп жолымызды сонда баар.
Бер дедім әпесерге бізге жәрдем,
Көшуге енді ауылым даярланып.

¹⁴ Маркаш – жер атаяу

Шалқар көл, ну орманды жауға беріп,
Ез болып, басымызда болмай ерік.
Ыңғалып-жырғалумен көшті бастап,
Күздікке Тобылғы сай¹⁵ қондық қеліп.

Жоймақ боп қайғы отын өшірісіп,
Қоштастық туған жермен біз көрісіп.
Солдаттың қомегімен бізді әкелді,
Азамат Сексенұлы көшірісіп.

Күздікке үйлер тіктік жайланаысып,
Қыстауға үй салуды ойланысып.
Шарт бойынша кіпитан уәде еткен,
Бермек боп үйді бұзып, тез-тез тасып.

Секілді ұлық біткен шырмауықтай,
Бірімен бірі жатыр байланысып.
Бір кездे елші қазақ жетіп келді,
Біздерге жаны ашып аяғансып.

Қасында елу солдат ерген жаңа,
Киімі үстерінде сап-сары ала.
Хутордан мұжықтарды қып салдық,
Атеке, болма деді іске нала.

«Бұрынғы кеткен жерің қайтарылды,
Мұжықтар коныс іздел әрі ағылды.
Етпеске сізге қастық қағаз берді,
Орайы пайдалы істің тез табылды.

Мұжықты Тұмен жаққа кудым, ата,
Сескенбе, айтқанымда жоқ дүр қате.
Сыйлаймын боз жорға атты, батаныз бер,
Мен журмін ризықты түзден тата.

¹⁵ Тобылғы сай – жер атаяу

Атеке, мен жасымнан жетім едім,
Ілесіп керуеншіге кетім едім.
Ұлыққа биыл ғана тілмаш болып,
Ес жиып, енді осы ғой жетілгенім.

Сатпасқа ел-жұртымды бекінгенім,
Болғанға тілмаш тағы өкінгенім.
Алуға Сізден бата ниет қылған
Уақтан шыққан Ықылас жетімегін.

Сақтанам Есенейдің айласынан,
Қорқамын оның қанды найзасынан.
Жексүрын тілмаш деген атақ алдық,
Зияны көп бұл жұмыстың пайдасынан.

Атеке, жиырмаға келді жасым,
Сізден мен жасырмаймын істін расын.
Баландай өзінізді сыйлап eter,
Қасында осы отырған Ықыласын».

Деген соң жас жігітке бата бердім,
Шын сөзін айтқаннан соң оған сендей.
Қасыма Ықыласты ертіп алып,
Мұжықтан босап қалған жерді көрдім.

Ол-дағы ата-баба алған жері,
Қалмақпен талай соғыс салған жері.
Тірлікте қоныс қылып, егін егіп,
Мұра боп ұрпағына қалған жері.

Хуторын орнатам деп ұлық келіп,
Осыдан төрт жыл бұрын алған еді.
Онда да зеңбірегін сүйретіп кеп,
Көнілге үлкен қаяу салған еді.

«Қайыры кайтқан малдың бар» дегендей,
Бұл қоныс аумағы мол тиді қолға.
Жерімнің бірі кетіп, бірі оралып,
Өзгеріс үлкен болды осы жылда.

Солдаттар үй бұзысып, тасыды ағаш,
Әйелдер пісіріп жүр жұмсақ тоқаш.
Қызмет қылғандарды біз де құттік,
Көмегі кіпітанның болмады оғаш.

Жүктердің бәрін-дағы арбаға артып,
Қалдырмай нәрселерді басы артық.
Жеткізіп бергеніне масайрап тұр
Кіпітан шикіл сары, қарны шартық.

Дәстемжал¹⁶ ну орманын қыстау еттік,
Бұздық та жиырма ағаш үй тасып біттік.
Қайынды октай түзу тандап кесіп,
Ағашты жаңартатын дайын еттік.

Қалғам жок ұтылсам да мұлде жасып,
Үйлерді түрғызбақпын жанталасып.
Шірігін астындағы алып тастап,
Орнына жуан ағаш салдық аршып.

Томардан, Шөпті көлден¹⁷ балдыр алдық,
Тезірек күн жылы да үйлер салдық.
Қойдық та орны-орнына ағаштарын,
Тығыздап ара жігін балдырладық.

Осылай қыска әзірлік жасап қойдық,
Той жасап тайлақ пенен құнан сойдық.
Бас қосып қазак, орыс Дәстемжалда,
Қымыз бен шұбат ішіп, етке тойдық.

Тарасты құрмалдыққа келген халық,
Үйлерді дайын еттік, түгел салып.

¹⁶ Дәстемжал – жас ағаш атауы. Маркаш, Тобылғы сай, Дәстемж – жал – казіргі Айымжан ауылы мен Островка селосының арасындағы жер, ағаш атаулары

¹⁷ Шөпті көл – Айымжан ауылынан 4-5 шакырым батыс жағындағы көл. Бұл көлді Қожаберген көлі, Обалы көлі деп те атайды

Іқыластың бәрімізді жарастырған
Отырдық ақылына қайран қалып.

Татардың тұтқын болған бір қызы екен,
Бұл-дағы ата-ананың жұлдызы екен.
«Азамат, сұлуды өзің жар етіп ал,
Біреудің қымбат баға құндызы екен»

Дегенде қатты ұялып Азамат та,
Айта алмай ішкі ойын жақын-жатқа.
Әлден соң келісімін берді жігіт
Қалдырмай ел алдында бізді ұятқа.

Мензифа татар қызы екен аты,
Барын жұрты – сұлудың шыққан заты.
Бәріміз бірауыздан мақұлдағық
Сексеннің алсын десіп Азаматы.

Керейдің маңымдағы бәрін жиып,
Той жасап, Құлыш молда неке қиып.
Азаматқа нихақ етіп Мензифаны,
Болған деп олар тату сүттей ұйып.

Екі жас бірін-бірі шынымен сүйіп,
Үй болып қолдарына тиді билік.
Азамат жас болса да ұстаушы еді,
Қыран құс, алғыр тазы, бәйге ат жүйрік.

Зілғара, Орхан деген екі інім
Салдықпен уақыты өткен көрмей тыным
Сапардан оралып кеп енді білді,
Иектеп бір қырсықтың жүргендігін.

Кейіді қоныстан олар айырылғанға,
Алдаспан тасқа тимей майырылғанға.
Бұрыннан өздері де күә еді
Қанаты Баксыры әулет қайырылғанға.

Деді олар Бақсары әулет кебін кидік,
Шошынды кетеді деп бастан билік.
Атанып Жанкісінің Бес қасқасы,
Қалайша деді жауға басты идік.

Соны айтып ызаланды жау ісіне,
Сия алмай ашу кернеп терісіне.
Омбыға арыз айтып, бармақ болды,
Аянып қаламыз деп біз несіне?

Әуелі жолықпақшы Есенейге,
Қозғалған қонысынан Есеней де.
Қазактан орыс рұқсат сұрар емес,
Сол жағын ақыл болса ескермей ме?

Тосып ап төрт інімді Қызылжарда,
Оларды мейман етіп тіккен орда.
Еппенен тиісіндер депті Есеней,
Құламай дүшпан қазған терен орға.

Есеней арыз айт деп ақыл салған,
Төртеуін аттандырып Қызылжардан.
Кенесін Есенейдің кабыл алып,
Төрт тентек өтініш қып Омбы барған.

Кенесін жандаралдың жағалаған,
Өзіне Ғаршакоудың¹⁸ кіре алмаған.
Шекара бастығына барғанменен
Шағымын төрт інімнің күп алмаған.

Тұрлыбек¹⁹ тұз сепкен соң жарасына,
Қарамай ыза буып шамасына.
Әлтіріп құзетшісін түнде барып,
Ұлықтың кірген олар қорасына.

¹⁸ Ғаршакөу – Горчаков Батыс Сібір генерал губернаторы

¹⁹ Тұрлыбек – Тұрлыбек Көшенов, Омбы облыс басшысының қазак елін басқару жөніндегі кенесшісі

Білдірмей бір топ атты алып кеткен,
Кақпаға сондай құлып салып кеткен.
Із-түзін құғыншыға білдірмеске
Өлігін құзетшінің алып кеткен.

Жоғалып қарауылы болған ғайып,
Жылқыны түнде айдал кеткен тайып.
Қораны құзететін төбет қайда,
Тартқызбак енді ұлыктар кімге айып?

Төртеуі сол бетімен Самар өткен,
Алысқа елден ұзап сапар шеккен.
Самардың базарында жылқы сатып,
Жолы боп саудагерлік кәсіп еткен.

Есеней, Тұрлыбекпен ұннес болып,
Ақылы қос мырзаның құлаққа қонып.
Жылқы алған өздерінше өнер етіп,
Төрт сотқар ат қораны түнде торып.

Орынын серіліктің ұрлық басып,
Бұл қысты өткізді олар Еділге асып.
Сезген жок жандарал да, басқа ұлық та,
Жүргенін төрт әншінің елден қашық.

Ит жылы біздің елге ауыр болды,
Қоныстан жұрт айырылып жауыр болды.
Тартып ап Бәйімбеттің қыстауларын,
Жағдайы Андағұлдың тәуір болды.

Шайгөз²⁰ бен Баржақсыны²¹ қырына алған,
Мырзаға Жар секілді айып салған.
Шакшақтың²² үйде жоғын пайдаланып,
Уактың боздақтарын байлап алған.

²⁰ Шайгөз – Уақ руының бір атасы

²¹ Баржақсы – Уақ руының бір атасы

²² Шакшак – Сегіз серінің атасы

Бекжандай саятшыма ұрындық деп,
Алуға каршығасын бұрылдым деп,
Ауылын Жар²³ мырзаның шауып алды
Көргенде адамымды қуырылдың деп.

Бұл шаруа Есенейдің тарапынан
Уақтың екі еліне соққы болған.
Олардың күздігіне Қапсыт Керей²⁴
Мырзаның бұйрығымен келіп конған.

Әлдіге әлсіз шіркін бата ала ма,
Қоныссыз енді Уақ жата ала ма?
Кеш-дағы атап берген қыстауга бар,
Деді енді басты ауыртып шаталама!

Айтқызып осы сөзді шабарманнан,
Шайгөзді, Баржақсыны қуалаған.
Амалсыз Ыстап²⁵ маңын мекен етті,
Батырға олар карсы тұра алмаған.

Баржақсы Ыстаптан да әрі асып,
Каймығып Есенейден қатты жасып,
Нұскаған шабарманнның қонысына
Үй салды қыс келеді деп асып-сасып.

Ыстаптың дәл түбіне орналасып,
Шайгөздер қыстау бөлді ризаласып.
Көпестің малын бағып жарлылары
Күн көрмек Керейлермен қофамдасып.

Өсіпті²⁶ қонысынан сырғатпақ бол,
Есеней сөзін сөйлер жинады топ.

²³ Жар – Керей руының көрнекті адамы

²⁴ Қапсыт – Керей руына қарасты бір ата

²⁵ Ыстап – Қазіргі Пресногорьков селосы

²⁶ Өсіп – Уақ руының көрнекті адамы. Бекіpte орталығы – Преснов²⁸ селосына өрт салған адам

Баржақсы, Шайгөздерге ерген Өсіп
Штабка қашқын жұмсал қойғызған от.

Сол үшін тоқсан бесін байлатам деп,
Кісендеп Омбыға енді айдатам деп
Жасаған айып хатын оқып берді
Орнын абақтыдан сайлатам деп.

Шайгөз бен Баржақсыдан келген мықты
Көргенде жаза хатты тайқып шықты.
Есеней бір пәлеге ұшыратар деп
Көшпеске болмайтынын Өсіп те ұқты.

Киік бай, Шақшақ, Тіленші
Басалқы сөз айтып мырзаға.
Шағымыңды қой бір жолға,
Деді көз сал обалға.

«Ағайынды байлатпа,
Кісен салып айдатпа.
Мейірім қыл, шырағым,
Қараңғы орын сайлатпа!

Үрпаққа кетер өштігің,
Ісін қылма кекшілдің.
Тоны тозбас, аты арымас
Көнілі адап көпшілдің.

Кешірім жаса туыска,
Әуес болма ұрыска.
Басшы боп елді тоздырар
Ісің, мырзам, дұрыс па?»

Деп айтқан сон үш дана,
Ой ойлап батыр аз ғана.
Ынғайланып сөйлеуге
Жүзін бұрды қозғала.

Өзім бөлген мекенге
Олай болса барсын деп.
Сіздер айттың, тыңдадым
Бір жолға ашу қалсын деп.

Ағалар, сізді сыйладым,
Айткан сөзді қимадым.
Айдатпайын бір жолға,
Дегенін болсын тыңдадым.

Майлыш өзек, Шойқара жал, Қабыл көлі,
Шөптікөл, Сулы томар, Ерман дөні.
Караағаш, Талдысай мен Балықты көл –
Мырзаның Баржақсыға берген жері.

Бермес деп мұрша тағы казак, орыс,
Сары копа, Қызыл шілік, Шолак өзек.
Шайгөзге лайықтап бөлген қоныс,
Каратал, Маусым көлі, Жал желбезек.

Өсіпке Қаршығалы жақтан берді,
Кеткенін оның шалғай мақұл көрді.
Караоба маңындағы бес қыстауды,
Тұшықөл, Құмдықөлді оған бөлді.

Атанған жастайынан Ғаділ қазы,
Үш кәрі бүл бөліске болды разы.
Осылай қыстау, құздік елге беріп,
Бектердің болды Есеней білімпазы.

Дау бітіп соныменен жұрт тарады,
Есеней көп Керейді басқарады.
Ерғожа, Сауыт деген батырынан
Орыстың князі де жасқанады.

Қоластынан елдерді кетірмеуге,
Басқа дуан жеріне көшірмеуге,
Есеней қүшін сала жанталасты
Өзінің атына дақ түсірмеуге.

Есілде медресе мен Көктеректі
Жактасы Қожағұлға тарту етті.
Жібермей Ақсары мен Шарышты да
Тәп-тәуір қоныс беріп разы етті.

Көшпеніз басқа жаққа оң көзім деп,
Қауіп төнер жаққа отырам мен өзім деп.
Аумағы бір жарым есе көп жер берді,
Қозғалмай отыра бер шын сөзім деп.

Қожеке, осы қоныс жетеді деп,
Лайық сіз отырап мекенің деп.
Кетпеніз Көкшетауға деп өтінді,
Сіз көшсөн, көп ел еріп кетеді деп.

Қожағұл көшті бірақ Көкшетауға,
Болған соң өзі қазы Көкшетауда.
Би еді Орынбасар Токтамыска,
Жұмсайтын аға сұлтан оны дауға.

Қожағұл көшіп мекен қалды жайға,
Есеней сатты ол жерді Атығайға.
Тышқаннан қоныс үшін көп жылқы алды,
Өсіріп табамын деп малдан пайда.

Есілде қалған жердің жартысын да
Керейдің бөліп берді жарлысына.
Екі ұлы өліп жабырқап журсе-дағы,
Алды ол кедей-кепшік алғысын да.

Барабар батырлықпен ақыл-айла,
Жұртына кенес берер әрбір жайда.
Екі талай болғанда жол көрсетер,
Амалды Есенейден кісі қайда?

Баласы Жанкісінің Салғара едім,
Өзім би, өзім шешен, ділмәр едім.
Қолыма зеңбірек пен мылтық тисе,
Халқымды сыртқы жаудан қорғар едім.

Алайда ондай бізге жоқ қой заман,
Дариға-ай, болып барады уақыт жаман.
Тарылмай сүм дүние мұсылманға,
Ел-жұртым әрқашан да болсын аман!

Қыын ғой ақын болу жыр жосылмай,
Мәселе шешу ауыр бас қосылмай.
Жарандар бұл кеңесті аяқтаймын,
Ит жылдың оқиғасы болды осылай.

Сұрапыл қан майданды жаста көрдім,
Біреуді дос, біреуді қас та көрдім.
Қоныссыз қалмағанға, мың шүкірлік,
Мен биыл алпыс тоғыз жасқа келдім.

Кіпітан болды разы Ықыласқа,
Адал қызмет атқарады Ықылас та.
Шықпакшы ол панарап бекіністе
Төңген соң қатер-қауіп ғазиз басқа!

Есенейді кіпітан шақырыпты қонаққа,
Мырза оған келетін ақыл-ойға олақ па?
Шақырса да батыр келменті,
Пырасынауға мүлде сенбепті.

Төрт зенбірек, көп мылтық
Жұз солдаттың қолында.
Қырылуға бел буған
Жер алудың жолында.

Көбі кетіп солдаттың,
Жұзі қалды сонында.
Жұз жендеттің билігі
Пырасынау сүмның қолында.

Ұн мен буылдық бөлісіп,
Дос-жар болды бізбенен.
Бірақ жауыз жетпекші
Мақсұтына көздеген.

Таңдана басын шайқады ол
Қазактар еккен егінге.
Біріп астық салмақшы
Ортактас бол телімге.

Жолыктырды-ау, тәнірім,
Пырасынаудай желімге.
Дөрекі сөзді айтпайды
Келер деп ойлап көнілге.

Мәстекті топтап алдырды
Билерге сыйлық беруге.
Аузын алып мықтының
Тату күйде жұруте.

Сардар еді бір кездे
Арыстандай ақырған.
Араласпай соңғы шақ
Еш билікке Баһрам.

Бейтарап қалды ақыры,
Имам болды ақылды
Өленді қойып, сопы бол
Қазактың үлкен ақыны.

Қырық жетіден асқанда,
Қырық сегізге аяқ басқанда
Тататын дәмі таусылды,
Жұртқа білім шашқанда.

Бәйбішесі Жамал да
Бірге аттанып сапарға.
Уақыты бітіп өлшеулі
Қосылмады олар қатарға.

Сөйтіп, інім, келінім
Дүниеден өтіп осы жаз.
Қонысым кетіп дұшпанға,
Қажып қалым мен біраз.

Контайшы деп аталып,
Қалмақтарға хан болған.
Мұсылманға соқтығып,
Соғыста басы даң болған.

Жасына жетпей қартайып,
Сыбан Рабтан шал болған.
Карғысы атып Үш жүздін,
Ауырып содан сал болған.

Ашамайлы Керейдің
Сибан атты елінде.
Болыпты зор касиет
Күнгене деген begіnde.

Аруақ орнап, құт қонған,
Тараған содан көбіне.
Жырламақ болдым бір еріп,
Ұнаған сон көнілге.

Күнгене бектің өзінен
Талай жақсы тараған.
Мама деген биінің
Аузына қауым қараған.

Сол Маманың бір ұлы –
Бекенбай деген ер екен.
Қаһарын төккен кәпірге
Адамзатта шері екен.

Бекенбайдың ұстазы –
Балта Керей Тұрсынбай.
Шайқасқан дауын бұқтырып,
Қылған екен мұрсындай.

Мама биді Тұрсынбай
Аға тұтып сыйлаған.
Тұбіміз бір туыс деп
Бірігіп сарбаз жинаған.

Қолға тұсken кәпірді
Жазалап қатты қинаған.
Мұридтері оларды
Жамандыққа қимаған.

Тұрсынбайдың шәкірті –
Сибан Керей Бекең ер.
Жонғармен жастай соғысып,
Шындалған әбден кеменгер.

Сауыт киіп үстіне
Мылтық, садақ асынған.
Қалмақты көрсе, денесін
Қайрат кернеп тасынған.

Намыстанып Бекенбай
Жекпе-жекке көп шыққан.
Талай ауыр шайқасты
Өткеріп бастан шыныққан.

Сәмеке ханның кезінде
Көзге тұсken батыр боп.
Жұрт аузына ілініп,
Сонына ерген қалың топ.

Түрікпенмен соғыста
Мықтысын шаншып құлатқан.
Шабылған Алшын ауылын,
Жаудан қорғап жұbatқан.

Қайтарып малын берген соң
Кіші жұз оны ұнатқан.
Керейдің Бекең сардары
Жылағанды уатқан.

Дүшпеннан жылқы айырып,
Қайғылы жанды қуантқан.
Татардың Қырғыз руын
Шулатып қалмак қуғанда.

Жан сауғалап байғұстар
Казакқа бетін бұрғанда.
Оларды Бекен корғаған
Жайыққа жеткен кезінде.

Соққы берген қалмакқа
Он сегіз жастың өзінде.
Шәкіртіне риза боп,
Бетінен сүйген Тұрсынбай.

Тұлпарын берген Бекене
Балта Керей Құлшынбай.
Ор бойында Бекенбай
Қалмақтың туын құлатқан.

Тұтқын етіп тушысын,
Убашыны шулатқан.
Қожаберген бабамыз
Ерекше оны ұнатқан.

Ерлігіне қатты сүйсініп,
Батасын берген бабамыз.
Бағалап ісін Бекеннің,
Үлгі еткен көпке данамыз.

Тұрсынбайдан тәлім ап,
Қамалды бұзған жасынан.
Ғаскер бастап, ту ұстап,
Данқын жаудан асырған.

Тұтқын болып кәпірлер,
Аяғына бас ұрған.
Пенде болып ел жауы
Алдында жездей жасыған.

Қарсы болған қағынып
Өзінің халқы – башқұртқа.
Орыстарға жағынып,
Соқтыға берген әр жұртқа.

Сатқын болып әрдайым
Жылатқан елін Таймас та.
Қалмақтарға табынып,
Бетін бұрған болмасқа.

Зорлық көріп Таймастан
Естек жүрты аһ ұрған.
Сол Таймасты Бекен ер
Жекпе-жекке шақырған.

Таймас деген опасыз
Жекпе-жекке шықпаған.
Шайқасуға серт етіп,
Жаудан Бекен бұқпаған.

Таймас қашып құтылған
Бетпе-бет келмей Бекене.
Жолыға қалса жауызды
Құтқармас еді Бекен де.

Естектер де панаlap
Тұрсынбай мен Бекене.
Көзден жасын төгіпті,
Мұндарын шағып екі ерге.

Казак, орыс пен қалмақтар
Еділ мен Жайық бойларын
Қазақтан тартып алыпты
Сәтті етіп харам ойларын.

Убашы деген сұмырай
Қалмақтың еken тайпасы.
Мылтық алып орыстан,
Күшті болған шайқасы.

Зенбірекпен атқылап,
Ығыстырған қазақты.
Кіші жұз бер татарға
Көрсеткен сөйтіп азапты.

Орал таулық башкүртқа
Жасаған қалмақ жорықты.
Убашы менен орыстан
Естектер көрген зорлықты.

Естекті қорғап Бөкенбай
Убашыға қауіп төндірген.
Дін, тілі бөлек қалмақтан
Корқытып айып өндірген.

Өткерген бастан майданды
Қолданып құрал-сайманды.
Наркескенмен тураған
Қанға құмар хайуанды.

Тазартқан екен Бөкен әр
Ор өзені бойын қалмақтан.
Алғыс айткан сардарға
Алшындар келіп жан-жақтан.

Бата берген би мен бек
Маманың ұлы Бөкенге.
Қайтарған соң жаудан кек,
Бек шаттанған Бөкен де.

Сыбызғы, керней тарттырып,
Барабан, дабыл қақтырып,
Ғаскер бастап ұрандал,
Ата жауын шаптырып.

Дүшпаннан түскен олжаны
Атан мен нарға арттырып.
Жасыл ала ту тіккен,
Торғауытты тойтарып.

Разы еткен бектерді
Жаудан малды қайтарып.
Екі етпей Бөкеннің
Орындаған жарлығын.

Жасакқа олжа бөліпті
Риза етіп барлығын.
Мамаұлы солай білдірген
Әзінің ерлік-нарлығын.

Батыста да шығыста
Қалмақпен соғыс созылған.
Убашы, Ойрат дегендер
Жұрт екен каны бұзылған.

Қытай тектес Солонды
Ерлерім женіп көндірген.
Қанға құмар қалмактың
Шырағын талай сөндірген.

Керейдің begi – Бөкен
Сол ерлердің басында
Сөз сейлеген шаттанып
Мұридтері қасында.

Бөкенбайдай шаһбаздың
Өзгеше еді түр-тұлғасы.
Қадірлекен батырды
Замандасы – тұстасы.

Ерлігін жырлап Бөкеннің
Әкем де дастан арнаған.
Айтулы сардар Мамаұлы
Зорлыққа еш бармаған.

Наданмен мәжіліс құрмаған,
Өсекке мойын бұрмаған.
Тірісінде Бөкен өр
Намазын қаза қылмаған.

Бөкеннен бата ал деді
Жанкісі жырау әкеміз.
Оның сөзін костады
Қамбар мерген көкеміз.

Сапарға шықтым аттанып,
Бата алмақ бол шаттанып.
Жол бойы елге мейман бол,
Сері бол жүрдім баптанып.

Жорға мен сыйлап ішікті
Сәлем бердім Бөкене.
Қабыл алып сәлемді,
Төрге шық деді Бөкен де.

Мейман етті қадірлеп
Көпті көрген кеменгер.
Жырымды аса ұннatty
Тарқатқандай іштен шер.

Қонақ етті құрметтеп
Інісі менен баласы.
Ән-күйімді көп тыңдал
Сүйсінді елдің данасы.

Ұлғайса да Бөкен өр
Әлі де елдің панаы.
Алғыс айтты өзіме
Жұртымыздың ағасы.

Он күн бойы мен-дағы
Жыр айтқам жоқ бекерге.
Қоштастым да Бөкенмен
Батасын алдым кетерде.

Тоқсан бес

(Terme)

Ер болып он жетімде міндейтім атқа,
Көп алдым жақсы сөзін ілтипатка.
Атанып он сегізде түйе балуан,
Жайылды Салғара атым алыс жаққа.

Атандым он тоғызда Керей балуан,
Бойымда өнер болып алуан-алуан.
Лактырып шыжым найза жүрген шакта
Жүрегім шайлықкан жоқ ешбір жаудан.

Жиырмада жігіт болдым гулдей жайнап,
Секілді наркескендей қойған қайрап.
Қолыма домбыра мен қобыз алып,
Ән салып, өлең айттым топта сайрап.

Менгердім жиырма бесте өнер ойлап,
Ән мен күй шығармақ боп терең бойлап.
Шығарып «Жиырма бестей» әсем әнді,
Жарыммен Бақытжамал күлдім-ойнап.

Жырлауға қисса-дастан белді байлап,
Кірістім жиырма алтымда оған жайлап.
Жиырманың сегізінде сарбаз бастап,
Дұшпанға соққы бердім «Ошыбайлап!»

Отызда сауыт кидім қолды бастап,
Қырандай әр кияға көзді тастап.
Асынып қару-жарқ түллар мініп,
Еліме жолатпадым жауды женіп.

Отыз бес – кемеліме толған кезім
Оянып ерлік пенен елдік сезім.
Ақын боп жиын-топта жырлағанда
Ем болды бозбалага айтқан сөзім.

Қырықта бүркіт салып, саят құрдым,
Айтылған уәде-серт сөзде тұрдым.
Жүгіртіп қансонарда алғыр тазы,
Қасқырды сойылменен тұмсыққа ұрдым.

Қырық бесте топтан озған болып тарлан,
Елінде Керей-Уақ едім бағлан.
Оралдың ақиығын салғанымда,
Алдынан құтылмаушы еді бөрі-тарлан.

Елуде кырмызыдай қыланадым,
Елу бесте бекіредей бұланадым.
Алпыста бәйге атындаш алшаң басып,
Серілікті алпыс бесте тыя алмадым.

Жетпісте малға мойын бұра алмадым,
Әңгіме бозбаламен құра алмадым.
Қолыма жетпіс бесте таяқ ұстап,
Орнынан жер таянбай тұра алмадым.

Сексенде құлын болдым желідегі,
Биледі буын босап кәрілік мені.
Бойынан сексен бесте қуат кеміп,
Қайратым күннен-күнге кеміді енді.

Қазакқа даңқым шыққан Салғара едім,
Жасынан сөзге шешен, ділмәр едім.
Баяғы жастық дәуір қайта орнаса,
Маңыма әнші-акынды жинар едім.

Халқымның біле алмаймын есен-сауын,
Тоқсан жас салды аяққа шынжыр бауын.
Бұрынғы сал-сері ерткен заманым жоқ,
Арқаның аралайтын орман-тауын.

Мен толдым биылғы жыл тоқсан беске,
Айналып жастық дәурен көрген түске.
Көзімнің нұры кеміп, бағам тәмен,
Кәрілік нұқсан беріп ақыл-еске.

Қойдың ғой тоқсан бес жас қалжыратып
Өлеңді қалай айтам алжып жатып?
Кешегі қайран жастық қайта оралса,
Кыз қалқа ойнар едім қалжындастып.

Жасында бағалаушы ем сөздің нәрін,
Бұл күнде сәби болған мен бір кәрің.
Калдым ғой тоқсан бесте нардай шөгіп,
Жоғалтып ақыл-ой мен қайрат – бәрін.

Жасымда жаудан елдің өшін алдым,
Ән салып сұлулардың есін алдым.
Еркіме бұғауын сап жібермейтін,
Жұртым-ау, тоқсан бестің несін алдым?

Мен келдім дәл тоқсанның бесеуіне,
Кездесіп кәріліктің кеселіне.
Қолғанат ұл мен қызым болмаған соң,
Әйелдің жағаластым көсеуіне.

Алдырдым тіс шұқитын таудан арша,
Жырыма құлак қойды халқым барша.
Ақырған аюдайын Салғара едім,
Отырмын отбасында балаларша.

Тұңғышы Жанкісінің мен Салғара,
Қатардан жасымда озып шықтым дара.
Тұрмыста құнделікті қасірет шектім,
Артымда қалмаған соң бір ер бала.

Сақалым белден түсіп мұртым қияқ,
Бұзылды біздің көрік, сымбат сиық.
Ордама ие болар мұрагер жок,
Алданыш болмаған соң жалғыз тұяқ.

Жас кезде кетуші еді шабыт кернеп,
Ән салсам, кетуші еді аспанға өрлеп.
Үш жүзге атым мәлім Салғара едім,
Сарғайдым тоқсан бесте болмай ермек.

Айырылып жас құндеғі ер күйімнен,
Кәрілік келді андып бүйірімнен.
Тоқсан бес күшімді алып әлсіретіп,
Шыққандай болып тұрмын үйірімнен.

Келгенде тоқсан беске торғайдаймын,
Ел көшкенде жылқыны зорға айдаймын.
Жұмсайтын ұл мен келін болмаған соң,
Отырып отбасында ойбайлаймын.

АРУАҚТАРМЕН АЙТЫСПАЙЫҚ

(«Егемен Қазақстан» газетіне жазылған мақала)

«Егемен Қазақстан» газетінің 2 наурыз 2011 жылғы салында республикамызға танымал сазгер, өнер зерттеуші Илья Жакановтың «Пай-пай, «Жиырма бес» атты мақаласы жарық көрді. Мақаланың ұзын-ырғасы халық арасында көнінен таралған «Жиырма бес» және «Жылой» әндерін, яғни бұл әндердің авторлары мен орындаушыларын сез етеді. Салғара ақын Жанкісіұлының (1758-1858) «Жиырма бес» және Серіз серінің «Жылой» әндерін басқа ақындарға теліген. Құдай берген ғұмыр жасы мен сазгерлік және өнер зерттеушілік жасы да аксақалды дәрежеге жеткен Ілекен бұл мақаласында аталмыш әндердің авторлары жөнінде біздіңшे кате басқан. Рас, білмегені үшін, әдетте біреуді кінәлау, құстәналау әбестік болады. «Білмеген у ішеді» деген сез де тегін айтылмаған ғой. Тек атак-абырой үшін, «мен білгенді кім біледі» деп мактан үшін қия тартудан құдай сақтасын.

Ілекен қатардағы сазгер, өнер зерттеушісі ғана емес, бұл саладағы ірі тұлғаға айналған адам. Оқырманымыз осындай ән өнеріндегі атақты адамға қарсы макала жазып отырған кім өзі деп ойлауы мүмкін. Біз де қара жаяу емеспіз. Жоғарыда аталған әндердің авторлары жерлестеріміз (ата-рымыз деуге де болады). Салғара ақын мен Серіз серілердің шығармашылығын зерттеп, Серіз серінің екі томдығын шығарып, Салғара ақынның бір томдық кітабын баспаға дайындал отырған авторлардың біріміз.

Ілекен мақаласында «Күллі «Жиырма бестің» тәнірісі – бұл «Жиырма бестің» иесі – Зілғара Байтоқаулы (1761-1856)» деп, Мұхтар Әуезов пен Затаевич осылай жазып кеткен деген дерек келтіреді. Әрине, Мұхтар Әуезов пен Затаевич біздің өнірге келіп бұл әнді кім жазғанын зерттеген жок. Бұл кісілер де ән өнерін зерттеушімін деген біреулерден алып жазған. Затаевичтің біздің терістік өнірде болмағандығынан бұл жақтың көптеген әндері жазылмай калғандығы туралы баспа беттерінде талай рет жазылған болатын.

Бір қызығы, 1991 жылы жазылған «Халық әндері мен халық композиторларының әндері» жинағының (Алматы:

Өнер, 1991 ж.), (Құрастырған Жәнібек Кәрменов, редакция алқасы мүшесінің бірі – Илья Жақанов) бірінші томының 267-бетінде: «Салғара ақын Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданына қарасты Гұлтөбе-Маманай деген жерде өмірге келген. Экесі Жанкісі батыр, әрі жырау болған екен.

Әнші, ақын, композитор Салғара – өнерімен алдына жан салмаған адам. Оның өз кезінде тараған әуелеген әндерінен бізге жеткені «Жиырма бес» ғана» деген кіріспе сөз жазып, «Жиырма бес» әнінің төмөндегідей мәтінін жазған.

*Берін кет сақинаңды мыс та болса,
Жүрейік күліт-ойнап қыс та болса.
Таста да етігіңді байпақшаң кел,
Көрейін өз сорымнан үстап алса.*

Қайырмасы:

*Аға-хай, жалған.
Жиырма бес қайта айналып,
дүние-ау, келмес саған.*

*Қайғысыз қара жүрек зарламайды,
Екі дос бірін-бірі алдамайды.
Қара тас үйқың келсе болар мамық,
Шын ғашық ұлулықты таңдамайды.*

Қайырмасы.

Арада жиырма жыл өткен соң Ілекен жоғарыда жазғандарынан тайқып шығып, мақаласында «Жиырма бес» әнін жазған Зілғара Байтоқин деп жазған.

Салғара ақынның «Жиырма бес» әнін шығарғандығына көптеген бүлтартпайтын дәлелдер келтіруге болады.

Жайық Беріш Асанбек шешен Нұрғожаұлы (1752-1846) «Серіз сері» атты тарихи толғауында былай деп жазды:

*Қожаберген, Дәстем сал Байжігіттен
Кейінгі ел ән мен қүйді қумап еді.
Болмаса Салғараның «Жиырма бесі»,
Жақсы әндер біздің тұста тумап еді.*

Сонымен қатар, Салғараны өзіне ұстаз тұтқан ақындардың бірі – Орта жұз Қарабарық Өске Тасеменұлы (1813-1902) да «Жиырма бес» әнінің шығарушысы Салғара Жанкісіұлы екендігі туралы «Макпал – Сегіз» дастанының өзі жырлап шығарған нұсқасында былай дейді:

*Сал Сегіз батыр еді өтте есті,
Жасынан көп көрсеткен жауға сесті.
Қайғысын топ ішінде жасырмақ бол,
Шырқады Салғара әні – «Жиырма бесті».*

Сондай-ақ, Сегіз серінің «Қыз сипаты» дастанындағы мына шумақта «Жиырма бес» әнін Салғара шығарғандығына айғақ болады:

*Қайтармай өтінген жүрт месесін
Шырқадым Салғара атам «Жиырма бесін».
Өзімнің алты әнімді қоса айтып
Қоздырдым бозбаланың делебесін.*

Міне, осы сияқты «Жиырма бес» әнін Салғара шығарғандығы жайында айғақ боларлық шумақтар XIX ғасырда өмір сүрген басқа да ақын-жыраулардың шығармаларынан көп кездеседі.

«Жиырма бес» әнінің авторы Салғара екендігіне тағы бір дерек келтірейік:

Салғара Кіші жұз елінде салдық құрып жүріп Орынбор жанындағы Мұнанай жәрменкесінде 1836 жылы Исадай, Махамбетпен кездеседі. Қазактар ол кезде ақша айырбастап сауда-саттық жасайтын «Меновый дворды» «Мұнанай» деп атағаны белгілі. Мұнанай жайында халық аузында мынадай өлең бар:

*Көрінген анадайдан Мұнанай-ды,
Мұнанай тастан соққан құламайды.
Бір оттық бір тай өгіз болғаннан соң,
Пайданы патша қайтып құрамайды.*

Исадай мен Махамбеттің өтініші бойынша Салғара өзінің «Жиырма бес» әнін шырқап коя бергенде Мұнанайдағы сықаған халық оның ашық даусына тан-тамаша қалады. Әнді айтып болғанда ұзын бойлы, кең маңдайлы Салғараның

алдына бір әйел торсықпен қымыз әкеліп құйып береді. Ақын қымызды ішіп тағы бірнеше ән салған... Сол жолы Салғараны ертіп ел араған, онын әншілігіне разы болған Исадай батыр ақынға өзінің ақ боз атын сыйға тартады. Осыдан кейін көп жыл өткеннен соң шығарған бір өлеңінде Исадай, Махамбетпен кездескенін ақынның өзі де айтады.

*Салдықпен Кіши жүзге барған едім,
Сайранды Астраханьда салған едім.
Беріште көсем батыр Исадайдың
Сыйлыққа ақ боз атын алған едім.*

*Кәрілік меңдеткен соң түпке жетті,
Кезіндегі болсам да ер құдіретті.
Жеттің жеті жасымда қобыз алып,
Жырладым Исадай мен Махамбетті.*

Салғараның ел арасына кең тараған тағы бір белгілі әні – «Тоқсан бес». Әннің шығу тарихына зер салсақ. Тоқсан бес жасқа келіп, ән мен жыры саябыр тартып жатқан ақынға ауылдың жігіт-желені жиылып келіп, хал сұрайды. Сонда Салғара жатқан орнынан басын көтеріп, етек-женін жиып бір серпіліп «мен де ел-жұрттыма керек екенмін-ау» деп табанда ұзақ өлең шығарады.

*Қойдың ғой тоқсан бес жас қалжыратып,
Өлеңді қайтіп айтам алжып жасып.
Кешегі қайран жастық қайта оралса,—
Қызық-қалқа ойнар едім қалжыңдастып.*

*Жас жетіп тайып тұрмын ер қуїмнен,
Кәрілік келіп қапсың буйірімнен.
Қадірлі жастық шағым өтіп кетіп
Шыққандай болып қаптын үйірімнен.*

*Пендереге ақ өлімнің бөлегі жоқ,
Жастықтың, іздемеймін, дерегі жоқ.
Қалғаны тоқсан бестің мынау болса
Жұз жастың сұрамаймын керегі жоқ.*

Жанкісінің жоғарыда аталған бес баласының бесеуі де наизагер, батыр, балуан болғандықтан ел оларды «Жанкісінің Бес қасқасы» деп атағанын айттық. Осы арада бір ескерте кететін жайт, Жанкісінің Зілғара, Шопан деген батыр, балуан, әнші ұлдарымен замандас болып қатар есекен Атығай Байтоқа мырза осылардай елге белгілі болсын десе керек, Жанкісінің әлті екі баласының атын кейін дүниеге келген өзінің екі ұлына қойған. Байтоқаның балаларына ат қою себебі былай болыпты.

Байтоқа мырзаның ауылы Көкшетаудағы Салқынкөлде жаз жайлауда отырады. Екінші перзентіне жүкті әйелі Жәнипа күні жетіп толғатып жатыр екен. Он екі қанат, сегіз қанат, алты қанат ақбоз үйлер тігілген көл жағасындағы ауылға мырзаның бәйбішесі толғатып жатқан үстіне ел аралап салдық құрып жүрген әнші Зілғара Жанкісіұлы қырық бес сал-сері жігітін ертіп келеді.

Келген бойда олар ат басын Байтоқаның үйіне тірдейді. Байтоқа алдарынан шығып қарсы алып, Зілғара жігіттерін он екі қанат екі ак үйдін біріне түсірген соң, «Балуан аға, қош келдіңіз, келініңіз толғатып киналып жатыр, соған шапағатыңыз тисе дұрыс болар еді» депті. Сонда Зілғара Жәнипа толғатып жатқан үтеге кіріп, шымылдықтың сыртынан қобызын боздатып Қожаберген жыраудың «Бозай-ғыр» күйін тартады. Ауырлап киналып жатқан жүкті әйел, қобыз үніне елтіп, тез женілденіп, ұл бала табады. Байтоқа шілдехана тойын жасап. Зілқараларды жібермей қонақ етеді де «Балуан, сіздің есіміңізді осы перзентіме кояйын деп отырмын, жақсы ырым болсын, сіз келгенде туды» дейді. Зілғара «Иә, коя бер, мен құдай емес, құдайдан былай емеспін» деп өлеңмен бата берген екен. Содан ұл бала өсе келе елде Байтоқаның Зілғарасы атанады. Бұның жас шамасы Жанкісінің Зілғарасынан отыз жастай кіші. Содан соң туған екінші ұлына Байтоқа Зілғараның інісі Шопанның атын тағы қояды.

Сөйтіп, Жанкісінің Зілғара-Шопаны (Таузар Керей) Байтоқаның Зілғара-Шопаны (Атығай) атты адамдар дүниеде болғанын тарихи деректерден білеміз. Атығай Зілғара

(кіші Зілғара) Байтоқаұлы айтулы би, аға сұлтан болып Көкшетау дуанында көп жыл ел билеген. Үкіметке жақсы қызмет еткені үшін ол 1852 жылы ақпан жүлдізының 11-де патшадан казак дворяны және подполковник атағын грамотасымен коса алған.

Зілғараның бұл грамотасы Петропавл қаласындағы облыстық тарихи өлкетану мұражайында күні бүгінге дейін сактаулы. Бұл Зілғара, яғни кіші Зілғара болған. Ал осы Зілғара туралы өздерінің мағлұматы аз біреулер оны әнші, ақын болған деп лақап таратып жүр. Шынында үлкен Зілғара да, кіші Зілғара да ақын, жырау болмаған. Ал әрі ақын, әрі композитор ағасы Салғара екенін біз жоғарыда айттық. Оның «Жиырма бес», «Тоқсан бес» атты әндері халық арасына, қазақтың байтак өлкесіне кең тарағанын да әңгіме еттік. Салғара мен Байтоқадан туған әлгі кіші Зілғараның екеуін ажырата білмейтіндер осы күнге дейін шатастырып, оқырманды адастырумен келеді.

*Жаратып мінген атым Сұр күігім,
Көремін Сұрга мінсем жер биігін.
Келгенше тоқсан бескес перзент алмай
Құдай-ау, тартқыздың ғой үл күйігін.*

*Кәрілік, келемін деп айтқан жоқсың,
Жастық шақ, енді оралып маған жоқсың.
Мен өлсем аруағымды шақыратын
Бір перзент Салғарадан қалған жоқсың, —*

дейді.

Ал кіші Зілғараның үш әйелінен он үш ұлы, төрт қызы болған. Ол он үш ұлдан көп немере сүйген. Тіпті кіші Зілғара ақын болған күннің өзінде де он үш перзенті бола тұра балам жоқ деп айтпас еді. Салғара «Тоқсан бесте» қызының да жоқтығын айтады. Сондай-ақ кіші Зілғара қартайғанда тоқал алмаған. Ал әйелі тұрмай, қартайғанда үш тоқал алған — Салғара.

*Тоқсан бескес келгенде торғайдаймын,
Ел көшкенде жылқыны зорға айдаймын.*

*Үш тоқалым тілімді алмаған соң
Отырып отбасында ойбайлаймын, –*

деп Салғара Жанкісіұлы болатын.

Сонымен бірге Салғара осы «Токсан бес» өлеңінде:

*Баласы Жанкісінің Салғара едім,
Алмаған пенде тілін көкжап едім.
Кешегі қайран жастық қайта оралса
Дүниенің төрт бүрышын шарлар едім, –*

деп өкінеді. Салғараның сол өлеңін өзгертіп:

*Белгілі Атығайға Зілғара едім,
Алмаған кісі тілін ділмәр едім.
Кешегі жиырма бес жас қайтып келсе,
Дүниенің төрт бүрышын былғар едім, –*

деп Зілғараның атына аударып, тарихи шындыққа қиянат жасап жүргендер де бар. Кіші Зілғара да жүз жасқа таяп кеп қайтыс болған. Жасы ұлғайған шағында үйіне әнши-акындар жиналғанда оларға: «Шырактарым, Таузар Керей Жанкісінің Салғарасының «Жиырма бесін», «Токсан бесін» айтындаршы, әкем Байтоқа маған да, бірге туған ініме де сол Салғараның Зілғара, Шопан атты әнші, балуан екі інісінің атын қойған еді» дейді екен. Бұл әңгімені кіші Зілғараның шөбересі Еламан Ибатұлы аксақал да айтып отырған. Еламан қария Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданының Смирнова станциясында 1970 жылы 85 жасында қайтыс болды. Осы деректерге қарағанда Салғара мен Зілғараның кім екендерін анық ажыратуға болады деп ойлаймыз.

«Солтүстік Қазақстан» газетінің 19.01.2001 жылғы нөмірінде облысымызға танымал атакты журналист, шежіреші Дүйсенбі Әуелбековтің «Зілқара бүрмаланған есім» атты мақаласы шыққантұғын. Дүйсенбі ағамыз Зілғара Байтоқинмен аталас әрі бұл әулетті зерттеушілердің бірі болған. (Дүйсенбі Әуелбеков бұл мақаласында Зілғараны «Жылғара» деп атаған). Жоғарыда аталған мақаласында былай деп жазған еді.

«Соңғы жылдары кейбір басылымдарда Жылғара жайғана бай емес, ол сонымен бірге керемет ділмәр, шешен әрі

ірі ақын болды деген сөз айтылып жүр. Мен бұл пікірді қате деп есептеймін. Андағұл үрпактарының ішінде Жылғараның мұндай да өнері болғанын қуаттайтын кісі жоқ. Бір білсе, менің әкемнің інісі Әуелбеков Мәлгаждар білуге тиіс еді, өйткені бұл кісі ел ішіндегі ауызша айтылып жүрген шежіре, аныздарды қөп жинаған кісі ғой, бірақ оның мендегі қолжазбаларында бұл жайында ешқандай да дерек жоқ. Сондай-ақ Жылғараның өзінен тараған үрім-бұтағында да атalarының байлықтан басқа өнер қуғанын білетін кісілерді мен өзім де кездестірген емесспін.

Осы арада айта кетейін, жақында мен Фаббасов Мәжікен ағайдың қасына еріп барып, Бескөлде тұратын Ережепұлы Қабдірәшит ақсақалмен сұхбаттасқан едім. Сексеннің төрттеуін бөктерген Қабан әлі тың, ескілікті сөздерді қөп білетін кісі. Жылғара оның сегізінші атасы еken. Мен атасының ақындығы, шешендігі жайында не білетінін сұрап ем, ақсақал мұның бекер сөз, құр дақпырт екенін кесіп айтты.

Ілекен макаласында «Жылой» әні туралы былай деп жазады: «Атыраудың бір киелі жері – Жылой. Жылой топырағында ежелден келе жатқан «Жылой» әнінің бірнеше нұсқасы бар. Ән зерттеуге қатысы жоқ біреулер осы әнді Серіз серіге жапсырып жүр. Бұл кате!» деп, леп белгісін койып, тіпті ашумен жазыпты. Мақаласында осылай деп жазса, жоғарыда аталаған Жәнібек Кәрменов құрастырып Ілекенің өзі редакция алқасының мүшесі болған «Халық әндері мен халық композиторларының әндері» кітабының бірінші томының (*Алматы: Өнер, 1991 ж.*) 285-бетінде «Жылой» әнінің авторы Серіз сері деп, төмендегідей мәтінін жазыпты.

Жылой

*Орынбор, Тұзтөбенің тұзын көрсөң,
Жылойдың таңғаларсың қызын көрсөң.
Атыңнан түссөң қайтып міне алмайсың
Еркемнің судан қайтқан ізін көрсөң.*

*Торайғыр тоқпақ жалды тоғайда бар,
Қыпша бел, жазық маңдай ноғайда бар.*

*Көрінген қыздың бәрі сұлу емес,
Сұлу қыз, көзі қара Жылойда бар.*

(*Кітаптың редакция алқасы мүшелері: Ахметова М., Әлімбаев М., Жақанов И., Кенжитаев К., Мұқтарұлы С., Рахметдиев Е., Рсалдин Ж., Оралинов С., Тілендиев Н.*)

Ілекен бұл әннің де авторының араға жиырма жыл салып өзгертіп, Сегіз сері «Жылой» әнін жазған жок депті.

Енді Сегіз серінің «Жылой» әнін жазғаны туралы дерек келтірейік:

Сегіз сері «Бақытжамалға» деген өлеңінде бұл әнді өзі шығарғандығы туралы ашық айтады.

*Жайықтан әрі де өттім, бері де өттім
Жылойды жол-жөнекей басып өттім.
Қызы едің Кенжебайдың Бақытжамал,
Бөркіңе бір шоқ үкі қадап кеттім.*

*Біздерді сыйласп құлу мейман еттің,
Ішіме от тусыріп әуре еттің.
Сол көрсеткен ерекше құрмет үшін
Өзіңе «Жылой» әнін арнап кеттім.*

Белгілі әнші, ақын, әрі композитор Жаяу Мұса Байжанұлы (1835-1929) өзінің «Ер Сегіз» атты қөлемді толғауында «Әйкен-ай», «Жылой», «Қарғаш», «Бескарагер», «Шолпан қызы», «Дайдидау» мен «Боз қарағай» – бәріде Сегіз шығарған ғажап әндер деп жырлады. (Жаяу Мұса Байжанұлы. «Ер Сегіз», «Ленин туы» газеті, 24.05.1990 жыл).

Әнші-акын Нұржан Наушабайұлы (1859-1919) да өзінің «Сегіз сері» толғау өлеңінде:

*Сегіздің түрган елден иығы асып,
Еске алмас өскен сөзді белден басып.
Шығарған «Жылой» атты тамаша әнді
Сұлуға Бақытжамал болып ғашық, –*

деді.

Айтулы ақын-жыраулардың бірі Шәнгерей Сейітке-ретұлы (1847-1920) «Сардар Сегіз» дастанында:

*Жылойда аз күн Сегіз сайрандаған,
Ән салып, сауық құрып жайраңдаған.
Гөзелге Бақытжамал көңілі ауып,
«Жылой» деп есім беріп ән арнаған, –*

деп жазды.

1991 жылы «Өнер» және «Жалын» баспаларынан жазуышылар Төлеш Сүлейменовтің, Нәбиден Әбутәлиевтердің бір аттас «Сегіз сері» атты бөлек-бөлек кітаптары шыққанын жақсы білеміз. Бұл екі автор да зерттеу кітаптарында әңгімемізге тиек қылыштырып отырған екі ән – Салғара ақынның «Жиырма бес», Сегіз серінің «Жылой» әндері туралы кеңінен жазды.

Әсіресе, марқұм Нәбиден Әбутәлиев екі әннің шығу тарихын накты деректермен жазды. «Жиырма бес» Есіл бойына жерінде қуаныштық болып уақытша мал қыстаратуға келген Кіші жұз Он екі ата Байұлыға жататын Жаппас руы Үнгіт атасының басшысы Таубай есімді кісінің сұлу қызына арнап шығарған Салғара Жанкісұлының әні екенін жазса, «Жылой» Сегіз серінің Жылой жеріндегі атакты адам Кенжебайдың қызы Бақытжамалға арнап шығарғанын жазған болатын.

Әрине, Ілекен бұл екі автордың кітаптарын олардың өмірде бар кезінде оқыды. Жоғарыда аталған әндер жинағында оларды тірі кезінде қолдап, «Жиырма бес» әнін Салғара ақын, «Жылой» әні Сегіз сері әні екенін жазғанын жоғарыда жазды.

«Тірі адамдардың жақсысы жок, өлі адамдардың жаманы жок» деп Қадыр Мырза Әлі айтқандай Ілекен жаңылып, өмірде жок адамдармен айтысқа шықпаса да жарайтын еді. Ілекене бұдан артық ауыр сөз айтуға ренжісек те қия алмадық.

*Социал Жұмабаев,
«Жемі жарғы» және Қожаберген жырау»
қайырымдылық қорының мүшесі,
Қызылжар өлкесі*

СЕКСЕННИҢ МҰҢЫ

Орта жұз Ашамайлы Керейдің Көшебе елінен шыққан Сексен қажы Шақшақұлының 1845 жылан жылы жазда ел жайлауда отырғанда Есеней ордасында кездесіп, Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдерінің би мен бектеріне мұн шакқаны:

Өзендей аса алмаған арнасынан,
Темендең бұрынғы ерлік бағасынан.
Жүрсе де би мен бектер хал сұрайды
Ұлғайған Сексен сынды ағасынан.

Сіздерді бұл ордада көрдім, бектер,
Тағдырын жазмышына көндім, бектер.
Көруге жүздерінді ынтық болып,
Мейман бол Есенейге келдім, бектер.

Мен келдім, Есеней, сізге мұн шағуға,
Иесі сіз едіңіз елдін, мырза.
Жасымнан жан серігім Ақмаржанды
Мен бердім құшағына жердін, мырза.

Ағайын сол себепті болдым дерпті,
Жүрекке тағдыр салды сөнбес өртті.
Түйе балуан атанған Сексен едім,
Ағаңыңың биылғы жыл мәні кетті.

Қайғы ойлап, ақылымнан танып жүрмін,
Дак түсіп азыумды шалып жүрмін.
Жасымнан бірге өскен жарым өліп,
Картайып осы күнде налып жүрмін.

Сөзімді жан бәйбішем тындаушы еді,
Артықша мені күтіп сыйлаушы еді.
Жатсам жастық, жантайсам төсек болып,
Ешқашан жаман сөзге қимаушы еді.

Құлкісі келмесе де құлуші еді,
Ерекше қадірімді білуші еді.
Сыр мінез жастайымнан болғаннан сон,
Айтпай-ак ойдағымды сезуші еді.

Жұргенде ақбөкендей заулаушы еді,
Әрқашан қөңілімді аулаушы еді.
Үйіме мейман келсе жақсы күтіп,
Оғындан зенбіректің зулаушы еді.

Дариға-ай, жастық дәурен өткен жері,
Денемді қайғы улап біткен жері.
Ажалға тоқтау салар шарам бар ма,
Бәйбішем оралмас боп кеткен жері.

Баласы ем Ер Шақшақтың атым Сексен,
Кісі едім бұғау үзер қатты тепсем.
Жасымда талай рет жорық жасап,
Жауымды етіп едім жермен-жексен.

Жастық шақ шешек атқан гүл секілді,
Құлімдеп нұрын төккен күн секілді.
Алтында иесіз қалған маңыз бар ма,
Дариға-ай, кәрілік күн түн секілді.

Сұлуға жігіттікте көрінуші ек
Бейне бір алып күшті піл сиякты.
Жалынды жастық шағым өтіп кетіп,
Уақытқа кез боп тұрмын бұл сиякты.

Кәрілік мендеп алды біздей шалды,
Тер сіңген жас күнімнен жарымды алды.
Бейне бір жана үйреткен ат секілді
Енді бір жас тоқалға күнім қалды.

Ұйықтатпай қыска түнде атар таңы,
Пенденің ұл болмаса харам малы.
Ұл-қыздарын ертерек ажал жалмап,
Қажынның күйік тартқан бұл бір шағы.

Болсам да жас күнімде хан секілді,
Ешкімді менсінбейтін паң секілді,
Осы бір кейінгі алған жас тоқалға
Көрінем мен аждаға жан секілді.

Бұрыннан сыр мінез боп жүрмеген соң,
Бұлғақтап қол ұстасып құлмеген соң
Бұл тоқал Сексен жайын қайдан білсін,
Батырлық қасиетімді көрмеген соң.

Жастықта бәйге атындағы озар адам,
Топ көрсе, делебесі қозар адам.
Жас жетіл, қайғы басып, қасірет шексе,
Ет кетіп, тәні қуарып тозар адам.

Елуде едім жап-жас ұл сиякты,
Базарға жана түскен пұл сиякты.
Басымнан жақсы дәурен өте шыкты,
Болсам да бір кездे аппак ұн сиякты.

Жан емен ел қадірін жүрген білмей,
Қалғам жоқ ешқашанда топқа кірмей.
Қозғанда жігер шіркін қайтуыш едін,
Қимылдан аяқ-қолың жерге тимей.

Жас кезде өнер-білім алар адам,
Қаймықпай қыындыққа барап адам.
Дәүірі жігіттіктің өткеннен соң
Сарғайып күзгі гүлдей қалар адам.

Ер болып көп ұстап ем болат сұнгі,
Ұйықтамай өткізіп ем талай тұнді.
Нұр жүзі бәйбішемнің көз алдымда
Елестеп еш кетпейді әлі күнге.

Дарияның секілденген ақ шабағы,
Әйел заттың емес пе еді ақ маралы?!

Ақ кеседей кіршіксіз бәйбішемнің
Болады көрінгендей ақ тамағы.

Ақ күба, қарақат көз, бұраң белім,
Құюшы еді қою шайды көзі жайнап.
Айырылып бір жасасқан сол жарымнан,
Қолды ғой ұлғайғанда сорым қайнап.

Алла, әруақ тіршілікте жөн бере көр,
Жайынды қөп ақ иыққа білдіре көр.
Шабыт келсе тұлпардай бұлқынушы ен,
Өлең мен көрі тарлан жүгіре көр.

Жас шақта аяқты өрге басар пенде,
Нелер бір асуладан асар пенде.
Жігіттік кемеліне толғаннан соң,
Жұрты үшін игілікті іс жасар пенде.

Жар шіркін жүрсе жақсы жайды біліп,
Алтынның сынығы еді деп ойнап-құліп.
Осы бір кейінгі алған жас тоқалға
Қадірін би Сексеннің біледі деп,
Артықша жүре алмаймын сенім қылып.

Сөйлеймін әр жиында аузым бағып,
Кетпейін артық сөйлеп, босқа лағып.
Әйелін жұрт алдында сөз қылды деп
Кетпесін отырған ел мінін тағып.

Тілегін иманды ердің тәнірім берсін,
Сөйлейтін кәрі тарлан жөні келсін.
Бектерім, қазы көнілін көтеріндер,
Жыр айтып Сексен қартың жүре берсін.

Әйелін топ ішінде сөз етті деп,
Мырзалар сынға алмасын біздей қартын.
Алпыстың тоғызына келген шақта
Перзентсіз не болады менің артым?

Жүруші ем әділдікпен жүртқа жағып,
Жырласам қыран құстай кетем ағып.

Наз айтар бауырларым кездескен сон,
Отырмын ортаңызда мұным шағып.

Қайғырдым бәйбішемді ажал алып,
Қартайдым ұл-қызы көрмей қатты налып.
Қобыз ап қажы өлең айтыпты деп
Жүрмейін қартайғанда сөзге қалып.

Ғашық боп жаста басын имеген сон,
Дертіне махаббаттың құймеген сон,
Қадірін Ер Сексеннің қайдан білсін
Бал татып шырын тілден сүймеген сон?

Әйелдің алшысы мен тәйкесіне
Жазбады жазмыш ісі кездесуге.
Бәйбішемдей жар болса деп іздегенмен,
Бұл Сексен қосылмады тенденсіне.

Қазыңыз уағда да тұрады да,
Жақсымен әлі мәжіліс құрады да.
Алайда еш перзенті болмаған сон
Қажы ағаң жете алмады мұратына.

БАҢРАМ ШАҚШАҚҰЛЫ

Қазақ халқының XVIII ғасырдың соңғы ширегі мен XIX ғасырдың басында өмір сүрген сұрыпсалма әнші-акындарының, әрі халық батырларының бірі – Баһрам Шақшақұлы.

Баһрам – әйгілі әнші-акын, құйші, композитор, әрі ел корғаны-батыр, әрі атақты түйе балуан Сегіз сері өнер-паздың туған әкесі.

Баһрам 1779 доңыз жылы наурыз айында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Благовещенка (Жекекөл) кеңшарына қарасты Гүлтөбе деген орманды, көлді қоныста Шақшак би Қөшекұлының шаңырағында дүниеге келіп, Омбы шаһарында 1826 ит жылы жазда ауырып кайтыс болған (шежіре деректері бойынша).

Баһрам жас бала кезінде ауыл молдасынан оқып хадисше хат таниды, онан соң әкесі Шақшак би Баһрамды Уфа, Казан шаһарларындағы достарының үйлеріне койып, сол калалардағы медреселерде оқытады. Баһрам әуелі Қазан медресесінде оқып, оны жақсы бітіреді де, онан кейін Уфадағы медресеге оқуға түсіп, оны ойдағыдай тәмам етеді. Шақшак би 1793 сиыр жылы өзінің тоғызыншы баласы Баһрамды Самарқандағы таныстарының үйлеріне қойып, сондағы медресеге оқуға береді, оны тәмамдаған соң, Бұхара шаһарындағы медреседе Баһрам екі жыл оқып, діни білімін жетілдіре береді. 1798 жылдың жазынан бастап ол жер-су үшін отаршыл әскерлермен болған соғыстарға қатысып, 1821 жылдың аяғына дейін Марал Ишан Құрманұлын қолдап, құреске қатысады. 1821-1826 жылдары аралығында Омбы шаһарында медреседе балаларға дәріс беріп, үстаздық қызмет атқарады. Баһрам ақын кезінде «Жағыфар – Тайир», «Жанәбіл сардар», «Хамза балуан», «Кайғылы белдеу», «Дәүлелен батыр», «Таузар сардар», «Сойырғаш батыр», «Кара батыр» және басқа дастандар шығарған. Оның көптеген насиҳат өлеңдер де шығарғаны елге мәлім.

Баһрамның анасы Айман Атығай Құлеке батырдың қызы екен, ал оның зайдыбы Жамал – Жаулыбай Қарауыл Қанай шешеннің Бақы деген баласының қызы.

Баһрам ақынның бар айыбы – шығармаларының дер кезінде жиналмай, зерттелмей қалғандығы.

Баһрам сынды батыр-акынды елге таныстыру үшін оның «Қайғылы белдеу» дастанынан ұзіндіні оқырмандар на- зарына ұсынып отырмыз.

Қайғылы белдеу

(Тарихи дастан)

Жалбарынып әрқашан
Алладан көмек сұраймын.
Аруак, әулие қолдаса,
Нелер қисса жырлаймын.

Тәнірім кері кетірмес,
Ілгері аяқ басқанды.
Алла, аруак жар болса,
Шығарайын дастанды.

Ұрпакқа мұра қалдырған
Бұрынғы өткен көнекөз.
Шежіреге әзіл жүрмейді,
Елге айтарым осы сөз.

Өнерімен тірлікте
Аузына жұртты қаратқан.
Ислам дінін Алтайда
Өз еркінше таратқан.

Өгіз Түрік шешені,
Бір тайпа елдің көсемі,
Ашамайлы атанған
Ғали деген кісі еді.

Атажұрты Сібірге
Қайта келіп орнықкан.

Татар, қырғыз туыстан
Көнілі қалып торыққан.

Ашамайлы атадан
Ағайыны бата алған.
Бұрынғы Керей атымен
Орта жұз Керей атанған.

Сол кезден қоңыс болыпты
Орманды Сібір даласы.
Мұхаммед шахқа қараған
Ашамайлы Керей баласы.

Қазақтығын берік ұстап,
Айналмаған татарға.
Батыс Сібір мекен боп,
Ілінген қайта қатарға.

Өгіз Түрік ұрпағы –
Ашамайлы Керей баласы.
Қазақтығын сактаған
Болған соң ақыл-санасы.

Шыңғыс ханның тұсында
Әуелгі қазақ бытырап,
Қалыбынан төмендеп,
Күйзелген мұлде құлдырап.

Керей ғана емес, қазақтың
Толып жатыр тармағы.
Ошақ болған үш жүзге
Сарыарқаның аймағы.

Батыс Сібір, Сарыарқа,
Орал таудың құнгейі
Мекен болған қазаққа
Толғанда елдің деңгейі.

Денгейдің орнын бұл күнде
Кемел деген сөз басқан.
Кемел-дағы ескі сөз,
Әртіннен²⁷ қалмай жалғасқан.

Астана болып Астрахан,
Құрылған Қазақ хандығы.
Үш жүзбен бірге күнелткен
Ноғай жұрты қалдығы.

Қарақалпақ халқы да
Казактармен біріккен.
Олардың да би-бегі
Қағылған жоқ биліктен.

Қожаберген бабамыз
Бұл жайға қисса арнаған.
«Ата тектей» дастанда
Баяндап бәрін талдаған.

Тауарихын²⁸ түрік жұртының
Түптен тартып қозғаған
Қожаберген бабамнан
Тұсында ешкім озбаған.

Жырлап бабам толғаған
Дәйекті етіп бәрін де.
Түсінікті болған шежіре
Жасың менен кәріне.

Мен де өзімше бір жайды
Әрі қарай жырлайын,
Кезегі келген жерінде
Босқа қарап тұрмайын.

²⁷ Әртіннен – бұрыннан, әріден, көнеден, ескіден, түптен деген сөздердің баламасы болып табылады

²⁸ Тауарихын – тарихын

Екі ғасырдан аса уақыт
Осыдан бұрын өткенде.
Жауламақ боп Сібірді
Кәпірден ғаскер жеткенде.

Сібірге дейін кәпірлер
Алған басып Қазанды,
Тоқтата алмаған татарлар
Қара жандай тажалды.

Татарды женіп кәпірлер,
Басып алған Оралды.
Башқұрттың Қайсақ жұрты да
Қырылып қатты тоналды.

Қайғылы белдеу тартылды,
Айласы кәпір артылды.
Татарды сөйтіп жылатты
Қажет етпей шартынды.

Басқыншы кәпір әскерін
Қанішер Жармақ басқарған.
Өстек²⁹ деген саны аз ел,
Екпінінен жасқанған.

Естектен Өстек бөлек ел,
Аң мен балық аулаған.
Шоқындырып Өстекті
Кәпірдің қолы жаулаған.

Кәми мен Қант, Мансаны
Кәпірдің қолы шапқан-ды,
Халқын қырып, малын ап,
Дүшпандар олжа тапқан-ды.

²⁹ Өстек – Остяк

Кәми мен Қант, Мансаны
Шоқындырған кәпірлер.
Жармақ сұмнан шошынды
Тыныш жатқан көп елдер.

Терістік жақты жағалап
Жүргізген соңғы сүм Жармак.
Халқы сирек жерлерді
Болған бірден жауlamak.

Менен бұрын бұл жайды
Дәстем сал бабам жырлаған.
Бабамыздын қиссасы
Мұсылман жұртқа ұнаған.

Жаңғырықтырып сол жайды
Халық есіне салайын.
Қазіргі жайды жырлауда
Ескіден бастау алайын.

Татар ханы Жәдігер
Алдын ала қорғанған.
Сол соғыста дүшпанға
Сібір жері он болмаған.

Жәдігер пысық жан еді,
Сібірлік татар хан еді
Ойлағаны оның да
Бейбіт жұрттың қамы еді.

Көне Түрік Керейі –
Сібірлік татар үйіткысы.
Шыңғыс ханның тұсында
Көп болған жұрттың қыркысы.

Керей ханның – Уанның
Ұрпағы татар ішінде.
Төмен деген ел болды
Қарамай солар күшіне.

Ескі Түрік Керейдін
Бір тобы ноғай жұртында.
Манғытпен бірге үйтқы болп,
Көндірген көкті ырқына.

Шыңғыс ханның тұсында
Быт-шыт бол Түрік Керейі.
Тарап кеткен солайша
Үстем болмай мереій.

Барабы, Ескер, Карабаш
Татарлары Керейден.
Қырылса да олар әуелі,
Кейіннен өсіп көбейген.

Көне татар, Керейлер
Сібірге келіп бірлескен.
Араласып екі жұрт,
Бір халық бол елдескен.

Алтын Орда ханына
Сібірлік татар қараған.
Ағаштан бұйым көп жасап,
Керегіне олар жараған.

Жәдігер атты төрені
Татар жұрты хан сайлап.
Әрі қарай ел болды
Еркіндікке бел байлап.

Жәдігер өліп кенеттен,
Орнына Көшім сайланған.
Көшімге бақыт оралып,
Жаудың бағы байланған.

Жәдігер де, Көшім де –
Шыңғыс ханның үрпағы.
Табанды жұрты болған соң,
Олар кімнен корқады.

Алайда жаулар желігіп,
Майдан ашқан ерігіп.
Көп мылтықты болса да
Бағынбады елдер көндігіп.

Бастап кәпір соғысты
Жүргізді талмай ұрысты.
Мұсылмандар бас қосып
Жауға қарсы тұрысты.

Алмақ болып қонысты
Жүртты сырттан торысты.
Қазақ, естек, татарлар
Бір-бірін қорғап болысты.

Бағай деген тоғайын
Қыстаған татар ауылы.
Ел жайлаудан қайтқанда
Сезілген дүшпан дауылы.

Көк мылтықты тонаушы
Жыларат көрсө жолаушы.
Адамның азған тобы екен
Момын жүртты талаушы.

Көшімнен алып хабарды
Сібірлік татар жиналған.
Есітіп соғыс боларын
Естек³⁰ пен қазақ киналған.

Көшімнен алып жарлықты
Көрмейік деп тарлықты.
Ашамайлы Керей Сейдек ер
Көрсетпек болды жарлықты.

³⁰ Естек – Остяк

Сейдектің тегін сұрасан,
Ашамайлы Керей ішінде
Көшебе деген әuletten
Сүйсінген жұрты ісіне.

Әкесі оның Еламан
Қалмактармен өш болған.
Қолбасы болып Татарға,
Жәдігер ханмен дос болған.

Еламанұлы Төс, Сейдек
тұсында, казақ дегдары
Көшім ханның кезінде
Төс болған татар сардары.

Татарға күйеу қос батыр
Орныққан Тобыл бойына.
Татардан қыз алған соң
Қатысқан ас пен тойына.

Татардың begi Сейтақпен
Жолдас еken Төс, Сейдек.
Бұл үшеуі әр жылда
Қалмакпен шыққан жекпе-жек.

Мұсылман жұртын көп корғап,
Қайтарған жаудан талай кек.
Ерліктерін халық бағалап,
Батасын берген дүйім көп.

Еламаның екі ұлы
Көшімнің болған оң қолы.
Кәпірлермен соғыста
Болып жүрген ер жолы.

Қарақшы кәпір жасағы
Бағайға таман кеп жетті.
Атаңа нәлет Жармақ сүм
Қаптатпак бол індettі.

Жолдарын бояп қанменен,
Өлкені бөлеп шаң деген.
Атылған мылтық даусынан,
Үркіп қашты мал деген.

Күштері жұрттың қосылып,
Ерсілі-қарсылы жосылып.
Есіріп келген Жармақ сүм
Бағайда қалды тосылып.

Бағай деген өзеннің
Ертіске құяр жерінен
Теріскей жақ ашықта
Көшімнен Жармақ жеңілген.

Қан ішкенге кәпір семірген,
Әйтсе де күші кеміген.
Тәубасы жүрмей жауыздың
Быт-шыт бол қолы бөлінген.

Жармаққа жақпай елірген,
Мұсылман қауіп төндірген.
Тоғайына Бағайдың
Ғаскерін Көшім ендірген.

Адамға тән иғі істен
Сүм еді Жармақ жерінген
Қамсыз жатқан елдерге
Аждана бол көрінген.

Сөйтсе-дағы Жармақтың
Жорығы іске аспады.
Бағайда сүмдар бөгелді,
Мұсылманның күші аспады.

Бағайдан өте алмады,
Сол манда қалды жасқанып
Жармақты халық қоршады,
Көшім мен Сейдек басқарып.

Жасанған жүртқа соктығып,
Жармақ сұм қатты ұтылған.
Жасағы тегіс қырылып,
Жауыздың өзі-ак құтылған.

Жаралы болып Жармақ сұм
Қашуға бет ап бұрылып,
Құрыған соң иттің шарасы
Кетпек боп топтан жырылып.

Бірде-бір адам өтпестей,
Құтылып дұшпан кетпестей,
Ертіске жауды жеткізбей,
Кәпірмен қоймас беттеспей.

Жауыздардың қалдығын
Көшімнің қолы ораған.
Беттепес қып кәпірді
Садақтан жебе бораған.

Жармақтың сасып жасағы,
Өзінше болды қорғанған.
Жұртты қырган малғұндар
Жараланып қорланған.

Тонаушы басын құраған
Жендеттер азып қураған.
Мұсылмандар қылышпен
Құтқармай жауды тураған.

Жауыздан мұлде ес кетіп,
Ұлғайып жара, күш кетіп,
Басынан қашып ақылы,
Тоғайға кірген тез жетіп.

Халі жоқ кетер алысқа,
Кіре алмаған қамысқа.
Жорығы кейін мандымай,
Таянды ажал шабыста.

Жендеттердің көздерін
Шоқыды қарға-сауысқан.
Сарбаздар атып кәпірді,
Қалдырмай бірін тауысқан.

Жармақ кетті жаралы,
Ақылы қатты ауысқан.
Өлікті ерлер санады
Өздері қырып тауысқан.

Есалансыған қанішер
Тоғайда жүрген сандалып.
Қолында оның қару жоқ,
Қаларлықтай корғанып.

Алышарға кайрат жоқ,
Кескінінде айбат жоқ.
Жаралы, аш, шамалы ес,
Отырарға тағат жоқ.

Тез жүрерге шама жоқ,
Тамак табар амал жоқ.
Кеп қарғысы дәп тиіп,
Ішіне сұмның түскен шоқ.

Аяқталып қан майдан,
Дүшпанды қырып сай-сайдан,
Іздел еді жұрт Жармақты
Шықпады өлігі маңайдан.

Тірі ұстаяға жауызды
Тұсірмеген суға андып.
Таппаған соң өлігін,
Кеткен деп үқтү ол қанғып.

Сейдекке ерген аз ауыл
Бар еді қазақ сол манда,
Көбісі татар ауылы —
Барлығы қарсы дүшпанға.

Тосқауыл болып жауларға,
Қазак, татар – бәрі де.
Соккы берген Бағайда
Шапқыншы мәжнүн кәпірге.

Көшім ханның елімен
Біздің хандық шектескен.
Тату көрші болған соң,
Жок еді жері кектескен.

Қазак, татар, естектер
Жармакқа қарсы бірлескен.
Татулық пен туыстық
Бұзылмаған жөн дескен.

Көшімнің ісін дұрыс деп,
Мұсылмандар құптаған.
Шапқыншы Жармақ соғыста
Ұлтанды елді ұтпаған.

Бас уәзір екен сол кезде
Көшебе Керей Ер Сейдек
Көшімнің болып батыры
Кәпірмен шыққан жекпе-жек.

Көшім хан берді бүйрығын
Жармакты тез тапқай деп.
Жазаландар тез жауызды,
Жұрт үмітін ақтай деп.

Жолыға қалса Жармақты
Қабаған итке талат деп.
Жасауылдарды жұмсады ол
Бүйрығымды көпке тарат деп.

Жарлықты елге таратты,
Аралап жүріп жасауыл.
Орындалмақшы талапты
Естіген хабар бар ауыл.

Өлтірген ерге **Жармақты**
Көшім хан бермек сыйлығын.
Алмақ бол тарту-таралғы
Атқармақ қауым бұйрығын.

Хан да жатпай құр бекер,
Ертіп шықты көп нәкер.
Іздеген соң барша жүрт
Құтылып қалай жау кетер?

Өні қашып ес кеткен,
Жарақаты мендеткен.
Жазықсыз төгіл ел қанын,
Жүрт жүрегін шерлеткен.

Есалансып сұмырай,
Шыққан сыртқа тоғайдан.
Карғыс алған ит еді,
Татар, естек, ноғайдан.

Болмаса да кегі бұрыннан
Мұсылмандарға ұрынған.
Көшімнен қатты жеңіліп,
Кезі еді топтан жырылған.

Жер-су үшін **Жармак** сұм
Сейдекпен де ұрыскан.
Сібірлік түрік елдерін
Жоқ қылуға тырыскан.

Қазаққа да соктықпақ
Жармак итте ой болған.
Кәпірлер қасқыр өзінше,
Мұсылмандар кой болған.

Қазақ жұрты ішінде,
Орта жұз Керей-Уақтар
Жармакпенен соғыста
Женіске жеткен бірқатар.

Қәпірмен Керей жұлысқан,
Жармақтан емес ығысқан
Татарлармен үндесіп,
Жауызға қарсы тұрысқан.

Қазақ, естек, татарлар –
Тұбі бір елдер туысқан.
Көшім мен Сейдек бірігіп,
Жұрттың кегін қуысқан.

Наукас пен аштық мендеткен,
Кү шөпті жеп қүнелткен.
Шықпак болды тоғайдан,
Айырылып түгел жендеттен.

Күдер үзіп тірліктен,
Ілбіп жүрді сілімтік.
Үміт те жок, мақсұт жок,
Болмақшы енді өлімтік.

Тұрып-жығылып сұмырай
Тоғайдан сыртқа шығады.
Жалғанда аман қалмасын
Шынымен сонда үғады.

Естен танған бетінде,
Желдің жүріп өтінде
Сейдектің ауылына кез болды,
Орманның шығып шетіне.

Жармақты көріп Ер Сейдек
Қабаған итті қаптатты.
Қоршауга алып малғұнды,
Тірідей итке талатты.

Қанішердің денесін
Дал-дұл қылды ит талап.
Жазасын тартты осылай
Жүрген бұзық ел тонап.

Қарақшыны шынғыртты
Жанды жерден ит қауып.
Қорлықпен өлді мазақ бол,
Шулатқан мәжнүн ел шауып.

Жұртты шапқан Жармақты
Тәбеттер талап өлтірді.
Қан ішкенін тажалдың
Алдына солай келтірді.

Жазықсыз көпті жылатқан,
Оқ атып ерді сұлатқан.
Атана нәлет Жармақ сүм
Жүрген жерін шулатқан.

Сөйткен бұзық қан қапты,
Өлгін сүмның шаң жапты.
Саусақтан-қарға үймелеп,
Көздерін шоқып жеп жатты.

Орындалп ханның бүйріғын,
Көшімнің алып сыйлығын,
Үлестірді жұртқа олжасын
Сейдектей өрен жүйрігін.

Шежіре болып хатталды,
Халық есінде жатталды.
Жүрген жолы қан болып,
Артында жаман ат қалды.

Асқақтаған кәпірлер
Жене алмады соғысып
Қазақ, естек, татарды,
Бес жыл бойы жұлысып.

Бағайда жауыз маталды,
Жок қыла алмай татарды.
Ит талап, оны жыртқан жер
«Жармақ өлген» аталды.

Көңілде содан тат қалған,
Кетпестей болып дақ салған.
Жармак сүмнан басталып,
Талас-тартыс жалғаған.

Бабалар солай жол салған,
Жауыздан мықтап өш алған.
Арада содан кек болып,
Кәпірлер кейін жерді алған.

«Қайғылы белдеу» шер болып,
Сол кезден жұртқа жабысқан.
Жер-су үшін халайық
Дүшпанмен көп жыл шабысқан.

«Қайғылы белдеу» күн санап,
Жылжиды ылғи құнгейге.
Үйқыда жатпай мұсылман
Мәнісін оның білмей ме?

«Қайғылы белдеу» сор болды
Қазақ, естек, татарға.
Қауіптенбей бұл істен
Ер жігіт босқа жатар ма?

Қорған, Үшбұлақ арасы
Әуелден Керей жері еді.
Сол кең жерді мекендер
Керей-Уақ жүр еді.

Экем Шақшақ жасынан
Керейдің белді бегі еді.
Сонына ерген оның да
Керей-Уақ елі еді.

Экем Шақшақ бастаған
Игі істі халкы жастаған.
Бермейік деп қонысты
Жұртқа ұран тастаған.

Халкының қамын ойлаған,
Беліне семсер байлаған,
Ағамыз Сартай батырдың
Жүргегі жаудан таймаған.

Нұрымбет Керей Құрман мен
Жантекей Керей Жәнібек
Батасын беріп әкеме
Костаған ісін макұл деп.

Қайын атасы Құлеке,
Атығайдың батыры
Жантелі Жәпек, Құлсағы –
Рулас соның жақыны.

Батасын берген олар да
Шақшақ бидей әкеме.
Және де берген батасын
Сартай батыр көкеме.

Шақшақ пен Сартайға
Келген ерлөр әр елден
Құран ұстап серт етіп,
Сарбаз болды берілген.

Жұзбасы болды Нашан жас
Балта Керей елінен.
Құрманың ұлы Арап да
Адал дос боп көрінген.

Жұзбасы болған сол Арап
Ерлік жасап кейіннен,
Кандай ауыр жағдайда
Жан емес дейді кейіген.

Бике Керей Манақа
Олардан жасы ересек.
Манақаға әуелде
Бата берген Ер Қөшек.

Батасын алып Көшектің
Манака да ер болған.
«Қайғылы белдеу» жақындал,
Ішіне оның шер толған.

Үздік-создық ұлғайды
«Қайғылы белдеу» жанжалы.
Қызыл канға боялды
Ерлердің қылыш-қанжары.

Қатын патша сиқырмен
Мұсылман халқын алдаған.
Бейбіт жатқан ел-жүрттан
Алмаған жері қалмаған.

Қанаған қатты халықты,
Салған турлі салықты.
Аулатпауға айналған
Өзен мен көлден балықты.

Ескер, Барын, Барабы –
Татардың үлкен елдері.
Олжа болды кәпірге
Бұйырмай өзе-көлдері.

Бағынышты боп кәпірге
Батыс Сібір ұлысы,
Татардың бұл үш елінің
Басталды жаумен ұрысы.

Қарабаш пен Құралаш –
Татардың екі руы.
Теріскей батыс Сібірде
Қыын болды-ау тұруы.

Батыс Сібір жерінің
Теріскей Шығыс жағында
Тұрған Оңғұт, Сағайға
Кәпірлер кетті жабыла.

Оңғұт пенен Сағай да
Сібірлік татар елі еді.
Кәпірмен көп жыл соғысқан
Адамдары ер еді.

Қаптал дүшпан қосыны-ай,
Дүрлікті жұрттар шошып-ай.
Қасқырлар келіп жер-суға,
Мұсылман састы жосып-ай.

Сауда-саттық жасауға
Ашпак болды базарды.
Базар ашқан жеріне
Орнатпақ болған қамалды.

Бекініс салып әр жерден,
Тіремек дүшпан табанды.
Ұйқыдан солай ояткан
Жақсы менен жаманды.

Халықтың қойған тілегін
Еске алмай, жұртты қысыпты.
Сол себепті қынжылтқан
Момын менен пысықты.

Биге, бекке, шаруаға
«Қайғылы белдеу» кауіпті.
Хутор салу дегенді
Жаулар ойлап тауыпты

Хутор деген ауылы –
Құштерін топтау қауымы.
Терістік пен Батыстан
Жаудың сокқан дауылды.

Әкем Шақшақ дәл тәрт жыл
Қарсы тұрған дүшпанға.
Мұсылман тұрік топтанған
Жан-жақтан кәпір қысқанда.

Толыбай бабам тұсынан
Аманкарағай, Омбы арасы
Қызылжар өнірі атанған
Жұз елу жыл бүрын шамасы.

Қоныс қарап қолайлы
Толыбай бабам шарлаған.
Жақсы қыстау болар деп
Гұлтөбені таңдаған.

Әкем Шақшақ жасынан –
Қызылжар аймағы шорасы
Болмасын деп бұйырды
Ағайынның іште аласы.

Алдап алған қазақтан
Қайырлы болмай қонысы.
Ғайып болды бір тұнде
Қызылжардың орысы.

Бұйрығымен әкемнің
Көшіп келді татарлар.
Әкелмекші Бұхардан
Мылтық пенен маталар.

Қызылжарға татарлар
Сол кезден бастап орнықты.
Кәпірге қарсы аттанды
Көрмеу үшін зорлықты.

Жорыққа жорық жалғассын,
Жер үшін ерлер жаулассын.
Майданда көрсет күшінді,
Женіс күн бізге алмассын.

Женіске женіс ұлассын,
Көсемдер жаумен даулассын.
Қайтарып алып конысты,
Көнілі көптің бір тассын!

Жаратушы жалғыз Хак,
Дұшпанға келтір зауалды.
Алла, аруақ жебеу бол,
Аудартпағай табанды.

Он бес мың үй қоян жыл
Бекерге көшті, дариға-ай.
«Хандық қып патша бөледі» деп,
Алданып түсті қайғыға-ай.

Қарт Жәнібек бекерге
Бауырды бөліп бауырдан.
Көшсө-дағы шіркіндер,
Құтыла қоймас дауылдан.

Қарамай жүрттың жайына,
Істін бармай байыбына.
Босқа көшіп Жәнібек,
Тап болды ақыр уайымға.

Ажырап ауыл ауылдан,
Айырылып бауыр бауырдан,
Он бес мың шаңырақ көшкенде
Жүргегіміз қатты ауырған.

Кешуі жүрттың жырыла –
Азғандықтың белгісі.
Дей алмаймыз Жәкенді
Қарт батырдың естісі.

Иықтауы елді жаулардың –
Тозғандықтың белгісі.
Ондайды көзбен көргенде,
Еріксіз қажыр ер кісі.

Алауыз қауым болуы –
Бұзылғандық белгісі.
Оның өзі көрсетер
Аздығын елдің белдісі.

Жәнібек деген қарт көсем
Кетуге жүртты азғырған.
Қол астынан халқы көшкен соң,
Әкеміз Шақшақ налыған.

Сексен бесте жасы бар,
Төңкерме деген асы бар,
Жәнібек сынды кәрінің
Алпак ку сақал-шашы бар.

Қадау-қадау тісі бар,
Жиырма мың сарбаз күші бар.
Ұятқа батқан алданып,
Әшкере болған ісі бар.

«Хандық құрып берем» деп,
Патша уәкілі нандырған.
Іргесін қозғап жерінен,
Аяқсыз істі қалдырған.

Ертістің шығыс жағына,
Сен бұзылмай өткен-ді.
Кешу үшін сол жұртый
Бір қыс дайындық еткен-ді.

Ақсақалын халқымның,
Жандарал солай аздырған.
Қонысына қайта алмай,
Қарт сардар өзін жазғырған.

Аман-есен өтсе де,
Максұтына жетпеді.
Үміт қып олар кетсе де,
Ұлыққа сөзі өтпеді.

Жиырма мың сарбаз налыды,
Босқа көшіп қажыды.
Дегеніне жете алмай,
Жәнібек би де бажыды.

Биесі аман құлындал,
Інгені түгел боталап,
Адамнаң, мaldan шығын жок,
Сапары сәтті оп-онды-ак.

Ботадан құлын көп болып,
Туғанына қауым таң қалды.
Сол себепті барған жер
«Құлынды» деген ат алды.

Ертіс шығысында иесіз жер
Құлынды даласы аталған.
Қымызмұрындық беріп көктемде,
Қарттардан жастар бата алған.

Көшкен жұрт солай сандалды,
Арбау сөзге малданды.
Теріс азу би Жәнібек
Ұлықтан сөйтіп алданды.

Хандық құрып бермеді,
Оларға көніл бөлмеді.
Шарт жасауға гәуірдің
Елшілері келмеді.

Конысқа қайта оралмай,
Өкінішті арман бар.
Туыстарын көре алмай,
Бөлінген ел-жұрт болды зар.

Дегеніне дүшпан көнбеді,
Алданған жауым сен деді.
Жәнібектей қартыңын,
Талабын хош көрmedі.

Жауына қылыш сермеген,
Қалмаққа теңдік бермеген.
Абылай ханмен жолдас боп,
Жас кезде бағы өрлеген.

Алданған соң гәуірден
Денесін ашу кернеген.
Қызықкан шақта мансапка,
Тілегін құдай бермеген.

Үәлимен әуел дос болып,
Ерлердің жолын бөгеген.
Онда да ханға алданған,
Болса да Жәкең көреген.

Қартайған шақта менмен боп,
Тәубасы бидің журмеген.
Ордабасы болса да ол
Жұрт қадірін білмеген.

Марал ишан бауырын
Орынсыз Жәкең құндеген.
Елдің шайқап үйтқысын,
Болашак жайды көрмеген.

Үәли ханмен ұғыспай,
Сұлтандарға жұғыспай,
Достық қатынас үзіліп,
Қойған жок жаумен жұлыспай.

Абылай ханмен дос болды,
Ұлдарымен өш болды.
Төренің сатқын екенін
Түсінуі ердің кеш болды.

Жәнібек биді алдауға
Уәли хан да кіріскен.
Көрінбей көзге, астыртын
Ұлықпен істі шешіскен.

Болмас деп жолым тірестен,
Корқып ашық күрестен.
Керейдің күшін бөлуге
Уәли төре келіскен.

Көшерден бүрын Жәнібек
Үәлидің шапқан ауылын.
Алдын ала хан қашқан,
Көрген соң көптің дауылын.

Барыс жылдың күзі еді,
Қыркүйек айы кезі еді.
Көпке қылар қайрат жок,
Хандікі мылжың сөз еді.

Сока басын аман ап,
Нұраға қашқан «Аллалап»!
«Жәнібек көрсе шашады» деп,
Алтайда жатты панарап.

Ханды Алтайлар жасырды,
Есіркеп төре масылды.
Өздері де коркып шошынды,
Түсіреді деп Жәнібек жасылды.

Хан қысты сонда өткізді,
Алауыздық уын сепкізді.
Жыл жарым бүрын ұлыққа
Уәли сөзін өткізді.

Жасында Жәкең жайнаган,
Белге алдаспан байлаған.
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Қол бастап, жауды айдаған.

Қылыш, қанжар қайраған,
Қазактың қамын ойлаған.
Қалмактармен соғыста
Жұз кісіге тоймаған.

Абылай тіккен ордада
Бұлбұл құстай сайраған.
Сөйткен Жәкең бұл күнде
Халқының бағын байлаған.

Хан ауылын Жәкеңнің
Шапқаның қауым қолдады.
Неге десең ел-жұртқа
Ханнан ракым болмады.

Ұлықты Уәли жақтаған,
Қазаққа жаулық сақтаған.
Хакімді елге айдал сап,
Сол себеп көпке жақпаған.

Жәнібек пен ұлықты
Шағыстырған төрелер.
Сондыктан да, дариға-ай,
Көшпек болған қалың ел.

Пайдаланып бүл істі,
Том шаһарда жандарал
Бөлек хандық етем деп
Көрінді елге ап-адал.

Ап-адал бірақ болмады,
Уәли ханды ылғи қолдады.
Жәкеңе онысын білдірмей,
Елшіден рұқсат жолдады.

Жалған бұйрық, рұқсат
Түбебейлі іске саймады.
Білмей соған болып шат,
Көшуге Жәкең сайланды.

Ол көшкенде, шәкірт боп,
Оқып жүрген бала едім.
Ренжітпеген халқынан
Бөлінгеніне аң-таң едім.

Әкемізбен, Маралмен
Жанжалдаспай, таласпай,
Көшіп кетті Жәнібек
Ақылдаспай, жанаспай.

Әкеміз бен ағамыз,
Ел қамқоры жан еді.
Қысылшанда жаны ашып,
Жұртына үлкен пана еді.

Ордабасы бұл кезде
Марал ишан дана еді.
Шекарарада тыныштық кепім,
Аманатқа алған бала еді.

Бөлініп Жәкең көшкен сон,
Әлсіреді енді Керей деп.
Елші келді әкеме
Аманатқа бала бергей деп.

Қайтарып алып Сексенді,
Мені берді орнына.
Жіпсіз байлад әкемді,
Құлатпақ ұлық орына.

Аманатта болғанда
Орысша тіл үйрендім.
Жазу, оку менгеріп,
Зорлық істен жиіркендім.

Аманатта үш жыл боп,
Елге аман оралдым.
Келген соң жинап сарбазды,
Қоңыраулы найза қолға алдым.

Мен келген соң әкеміз
Кепілге бала бермеді.
Аманатқа ұл сұраған
Елшіге қолын сермеді.

Мұсылманша, орысша –
Екі оқуды менгердім.
Молда болмай бірақ та,
Қол бастауды жөн көрдім.

Әдепті казақ халқымыз
Ақ-караны айырды.
Кабылдамай елшіні,
Келген жөнге қайырды.

Ауылға шапқан жендетті
Тіршіліктен тайдырды.
Сұндеттеді мұсылман қып
Тұтқынға түскен майырды.

Аманатқа бала алып,
Шарт жасауды создырған.
Қолын бәтеп әкемнің,
Уақытын текке оздырған.

Ел ағасын шідерлеп,
Беделден мүлде тоздырған.
Осындай жайсыз патша ісі,
Намысын бидің қоздырған.

Шығарам өлең бәйіт деп,
Жүрмейін босқа кейіп деп,
Әкеміз Шақшак ту алды
Өлсем болам шейіт деп.

Бұрынғы ісін жалғады,
Қару-жарақ қамдады.
Жылқысынан ат бөліп,
Ереуіл тұлпар тандады.

Балгер-емші жинады,
Оларға соғым сыйлады.
Жаралы болған сарбазды
Емдегу жайын милады.

Сынықшылық өнермен
Ие болған жақсы атқа.
Қызықпаған әкеміз
Өз бетімен мансапқа.

Халқы би қып сайлаған,
Жұрттың қамын ойлаған.
«Шақшақ, елге бас бол» деп,
Жәнібек топта сайраған.

Аманатта біз болсақ та,
Халықпен әкем бірге еді.
Беделін оның жоймады,
Жұртқа көмек бергені.

Керей-Уақ саны көп
Ел еді ғой іргелі.
Сөйтсе-дағы Жәнібек
Аулак салды іргені.

«Халқыңды, Жәке, басқар» деп,
Берген еді әкем билігін.
Жасқанбай билер жастар деп,
Алмады бірақ билігін.

Бағалаған әкемнің
Карт Жәнібек ерлігін.
Атсалысқан әуелде
Сақтауда жұрттың бірлігін.

Тікпей-ақ Керей қаһарын,
Шашпаса да заһарын,
Тастап қашты гәуірлер
Қызылжардың шаһарын.

Қазақ пен гәуір аралас
Қоныстанған қала еді.
Тастап қашқан үйлерін
Гәуірдің ісі шала еді.

Шаһарда сауда болсын деп,
Қалаға мұсылман толсын деп,
Татарларға Ер Марал
Бұйырды кентке қонсын деп.

Босап қалған үйлерге
Көшіп кеп кірді татарлар.
Осылайша көбейген
Шаһарда алыпсатарлар.

Сатылады жиі базарда
Бұхардан келген ақ мата.
Саудадан татар байымак,
Сөзімде менің жоқ қата.

Қазақ, естек – кос халық
Саудаға мұлде жоқ еді.
Мал өсіріп, егін сап,
Қарындары тоқ еді.

Жартылай Керей көшпелі ел
Диқандыққа көшкен ел.
Балық пенен аң аулап,
Бие, інген сауып өскен ел.

Қызылжарға шакырған
Барын менен Ескерді.
Жабдықтауға киіммен
Бұйырған Марал ғаскерді.

Барын, Ескер дейтүғын
Татардың екі тайпасы.
Қазактарды қолдаған,
Болғанда қалмақ шайқасы.

Олардың да сарбазы
Жорыққа бізбен қатысты.
Жер-су үшін байғұстар
Аянбай жаумен атысты.

Тұменде де, Корғанда
Оқ атып, қылыш шабысты.
Шетқурайда жаулармен
Қызыл қанға батысты.

Шатырлыны алмакка,
Дүшпанға ойран салмакка,
Босатқан соң қонысты,
Мекен етіп қалмакка.

Кекке атылып кей аттар,
Иесіз шықты ойнақтап.
Жер жастанды гәуірлер,
Ажал қайда ойлатпак.

Шатырлы, Шеткурайды
Жауыздардан босаттық.
«Құн жаусын!» деп тілек қып,
Сол жерде бердік тасаттық.

Қайтарып беріп қыстауын,
Кемпір-шалды жасарттық.
Камалға шапқан ерлерге
Жасақты бөліп басқарттық.

Ғаскердің бір бөлегін
Есілкөлде де топтадық.
Жасамай жорық Омбыға,
Аз уақытқа тоқтадық.

Сібірде ұсақ елдердің
Шоқындырған гәуір біразын.
Қырылыпты сол жұрттар,
Білмедім бірақ көп-азын.

Баланың ғұмыры ойыншық
Болды гәуір тажалға.
Сәбілерді ылғи сатады
Мал есепті базарда.

Бөбекті солай қорлайды,
Адам өмірімен ойнайды.
Кісі өлтіргіш бұзықтар
Дүниеге көзі тоймайды.

Қатын патша шаһарына
Қоршай барып оқ аттық.
Жылжытпас үшін белдеуді
Жау әскерін тоқтаттық.

Садақтан жебе бораттық,
Жау әскерін сұлаттық.
«Күлдірмамай» мылтықпен
Жұз қадамнан құлаттық.

Ер жігітке лайық
Қолдан қылыш, наизасы.
Би кісіге лайық
Халкына тиген пайдасы.

Сардарларға лайық
Майданда тапқан айласы.
Ұтылмай ма жауынан
Болмаса егер қайласы.

Өлігіне толды дүшпанның
Ұрыс болған сай басы.
Ашынған біздің ғаскердің
Белгілі жауды қоймасы.

Қатын патша қаласын,
Оқ атып алып мазасын,
Қолма-колда гәуірдің
Бердік талай жазасын.

Баһрам батыр атаным,
Халайықтан бата алдым.
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Ел қорғауға аттаным.

Жауға қарсы шыққай деп,
Жұртқа нұсқа тастадым.
Сайланып жастар келген сон,
Жасакты құрап бастадым.

Қоңыраулы найза қолға алып,
Қылыш пен садақ асындым.
«Ошыбайлап!» ұран сап,
Дұшпанды қырып қашырдым.

Қазақ, естек, татардың
Жаулап орман, даласын,
Ушықтырды сүм патша
Жұрттың сөйтіп жарасын.

Жерімізге кеп тажалдар
Тауып жатыр корегін.
Отын болды-ау гәуірге
Қарағай, кайын, терегім.

Мекен болды сүмдарға
Жасыл желек талдарым.
Тамак болды-ау гәуірге
Бағып жүрген малдарым.

Жер-су үшін сол себеп,
Бастадық ұрыс-жанжалды.
Майданда талмай соғысып,
Сындырдық қылыш, қанжарды.

Тұтқын мұңы

Нелер сұнқар торда тұр
Қанаттары кесіліп.
Талай тұлпар орда тұр
Тұяқтары тесіліп.

Қасымда болмай мұсылманды,
Кенесе алмадым шешіліп.
Оқ тиғен саным таңулы,
Жатырмын аяқ көсліп.

Арыстандай ақырған,
Жауын шөптей жапырған,
Шақшак бидің баласы
Менің атым – Баһрам.

Шапқам талай қамалға,
Шебер едім амалға.
Тұтқын болдық ақыры
Осыны-ау қапас заманда.

Тұмен шаһар маңында,
Жараландым шар түсіп.
Омақаса жығылды
Ақ көк атым оққа ұшып.

Зенбіректен доп атып,
Шегіндірді жасақты.
Қырмак болды дұшпандар
Татар, башқұрт, қазақты.

Қолға түссе көрсетпек
Үш халыққа азапты.
Құштар емес біздің жақ
Көргө жаудан азапты.

Ашындырды жауыздар
Нелер маңғаз, дегдарды.
Жаралы күйде қоршады,
Біз сияқтылар дағдарды.

Кешігіп қалып сол кез жол,
Құтқара алмады қалың қол.
Жаралы шақты ескермей,
Салынды маған бұғау, тор.

Керегі жаудың мен едім,
Ордабасы ер едім.
Дұшпандар үшін қатерлі
Асуы биік бел едім.

Жорыкта өтті, жарандар,
Жиырма үш жылдай өмірім.
Үмітім менің үзілді,
Жабырқап қатты көнілім.

Аяқ-қол түгел бұғаулы,
Оны қалай кесерсін?
Өлшеулі күнің санаулы,
Тұтқын бол мәнгі өтерсін.

Ақын деген ат қандай,
Таңдайға қонған бақ қандай?!

Кол бастап, қамал бұзғанда
Тұра алмас батыр шаттанбай.

Қарашада қамығып,
Уақыт өтіп барады.
Кісендеулі кол-аяқ,
Ішім оттай жанады.

Мал мен жерге көз салған
Замана болды қарбалас.
Мекендеуші ек Сібірде
Үш халық бірге аралас.

Көлік деп алмақ малдарын,
Солдатка алмақ ұлдарын.
Мұсылманды солайша
Құл етпекші сүмдарын.

Көнбейміз деп ондайға
Қарсы шыққан батырмыз.
Жер-су үшін соғысқан
Біз бір ғаріп-пақырмыз.

Халықтың қамын көп ойлап,
Майдан аштық ақыр біз.
Жиырма үш жылдай ұрыс сап,
Тұтқын бол бүгін жатырмыз.

Көресін дәulet тұрғандай,
Көзінді ашып-жұмғандай.
Дүниеге алданып пенде жүр,
Сән-салтанат құрғандай.

Шапқылап жүріп күн өтер,
Болсаң да мыкты арыстандай.
Неше түрлі жан өтер
Тіршіліктен дәмін тауысқандай.

Жігіттіктің бейнесі –
Бақшадағы қызыл гүл.
Денсаулықта шарлап қал,
Екі келмес жастық күн.

Лебі жаман аждаға
Жұта ма деп корқамын.
Мұсылманның баласын
Жалматпауға жортқанмын.

Өткелсіз алда дария бар,
Қалайша оны кешермін?
Құрулы жолда торлар бар,
Немен оны кесермін?

Аяқ-қолда бұғау бар,
Қалайша оны үзермін?
Кемшілік тұрмыс кез болды,
Оны қалай тұзермін?

Қолда жоқ қобыз, қаламым,
Қалайша өлең жазамын?
Емендей сүйек бүгіліп,
Зарлы да әнге саламын.

Тынысымыз тарылыш,
Көре алмай елді зарығып.
Отырған жай бар бұл күнде
Абақтыда ұзак сарылып.

Тұыстарды сағынып,
Санамен қатты сарғайдық.
Амалсыз торға маталдым,
Дей алмаймыз үлғайдық.

Басқа түсіп ғаріптік,
Азап көріп, тарықтық.
Күзетші көп, не істейсің
Болса да бойда алыптық?

Уақыт жылжып озады,
Қайнаған кек қозады.
Құтқаруға біздерді
Кімдер қолын созады?

Бұғаулаулы жатқан соң
Науша боп қалай өсерсің?
Күйінгеннен пайда жоқ,
Қайғының сұын ішерсің.

Жылдан жүрсөң жеткісіз,
Көзің қиып кеткісіз,
Шұрайлы жерді жау алды,
Ел күні қараң, белгісіз.

Орман мен жазық, бел қайда?
Жұрт мекендер жер қайда?
Үйрек ұшып, қаз қонған
Өзен мен бұлак, көл қайда?

Қол бастайтын ер қайда?
Еретін оған ел қайда?
Ол заманың жоғалып
Келмес енді ыңғайға.

Қыз-бозбала той болса
Салушы ең әнге-угайға.
Бұл күнде жұртым шошынып,
Бытырап кеттің сай-сайға.

Күтімсіз бейне қызыл гүл –
Қапастағы біз бұлбұл.
Ақын Баһрам атанып,
Отыз тіс пен сайра тіл.

Ер басына құн туса,
Тасындаи дірмен дөңгелер.
Жер-суынан айырылып,
Халқым қалай құн көрер?

Мұхаммедтің ұмметі-ай,
Аждаға келіп таянды.
Қазактың өз билігі
Болмас енді баянды.

Көк торғын жерің алынды,
Тарлыкта басың қалынды.
Қамынды жұртым ойлай бер,
Алады дұшпан барынды.

Төрт түлігін сай қылып,
Баға алмассың малынды.
Көптен бері алып жүр
Өзенді өрлең талынды.

Егістік жерді өлшейді
Айтқанына қөндіріп.
Жат билейді елінді
Бұйрығын айтып төндіріп.

Әскерін ертіп, жол жүріп,
Мизамын жаңа ендіріп.
Санын тізіп мал-жанның,
Алады салық өндіріп.

Талай шонжар баласы
Жатаққа енді айналып,
Қолды болып даласы,
Дәулетті болмас жайланаң.

Жолатпасқа дұшпанды
Қамалға шаптық желігіп.
Айбарлы сардар атандық,
Көл алдында көрініп.

Бес каруды асынып,
Қайратқа сыймай тасынып.
Аттанбасқа шара болмады,
Келген соң жаулар басынып.

Атқа мінді мұсылман,
Корлық көріп ашынып.
Сол себепті жат елмен
Арамыз кетті ашылып.

Сөз айтпаймын асырып,
Сейлемеймін асырып.
Болар іс болып қалған соң,
Қайтемін оны жасырып.

Қызығы қысқа тар өмір,
Майданда өтті бар өмір.
Қақпан басқан қасқырдай,
Шатағы көп шар өмір.

Жұртымды ойлап егіліп,
Он екі мүшем сөгіліп,
Қайғырамын амалсыз,
Аузымнан тарих төгіліп.

Екпіндейді ел десе,
Тұтқында ерлер иіріп.
Өткенді ойлап, Баһрам,
Қайғыға кетпе беріліп.

Өзегім қатты өртеніп,
Өтім ашып жарылып.
Басқа төңген қара бұлт
Тарқамай тұр арылып.

Қатері көп бұл өмір,
Пайдасы жоқ сүм өмір.
Зарландырды акырда
Тұтқын етіп қу өмір.

Біреуден біреу өнеді,
Уыстап тұқым шашкандай.
Сол өнімді құртпакшы
Аждана төніп жасқанбай.

Қан майданға шығысып,
Жағаластық ұрысып.
Сол себепті жат елмен
Кету қыны ұғысып.

Сахарада жүрген қазак ең,
Меймандос, жомарт ғажап ең.
Сойыл, шокпармен соғыста
Келмес еді саған ешкім тең.

Белгісіз өмір баста тұр,
Ары жоқ ажал қаста тұр.
Жолықкан бейнет арылмай,
Сақал-мұрт пен шашта тұр.

Босқа өтумен жасым тұр,
Қайғылы болып басым тұр.
Тұтқын болып қалыда
Жұмсалмай бойда асыл тұр.

Бітпейтін боп жылым тұр,
Пайдасыз баста білім тұр.
Қасымда жоқ мұсылман,
Жұрт жайын сөйлеп тілім тұр.

Айтатұғын жырым тұр,
Қиналамын текке құр.
Мойын ұсынып тағдырға,
Шығарда шықпас жаным тұр.

Жүректе құсық шер де тұр,
Самайда салқын тер де тұр.
«Елім-ай» десем егіліп,
Емі жоқ ауру менде тұр.

Көтеріп бәрін ағаң тұр,
Тұтқын боп кеміп бағам тұр.
Тағасы түсken тұлпардай,
Таямын деп табан тұр.

Алты жерде ақыл тұр,
Асуға да жақын тұр.
Қиялым ұшып қияға,
Тартыла жаздал тақым тұр.

Кетемін деп жан да тұр,
Қарайып қажып қан да тұр.
Разы болып ризыққа,
Таусылам деп нан да тұр.

«Жат міне» деп жер де тұр,
Көбейіп көлкіп шер де тұр.
Аясына алам деп,
Аузын ашып көр де тұр.

Адамзаттан таралып,
Топырақтан жаралып,
Ғақыл инсаф иесі
Бәни инсан саналып,
Жақ мұсылман қауымынан
Болғанның қадірін кім білген?

Рамазан шариф айында,
Өз үйінде жайында.
Ораза ұстап отыз күн,
Уақыттымен оқып тарауык.
Шарғы-шариф жолында,
Отырғанның қадірін
Ойласақ, сірә, кім білген?

Отыз күн тәмам бітіріп,
Нәпсінің кірін кетіріп.
Уағыз тыңдал, хұтпа оқып
Мешітке барып отырып.
Жамиғат болып, ғайт оқып,
Қайтқанның қадірін кім білген?

Екі ай он күн өткенде,
Зұлхижжа³¹ айы жеткенде.
Барша мұмүн шаттанып,
Мейрамдап дінін күткенде.
Құрбан шалып, ғайт оқып,
Тәкпар ташрик сол күнде
Айтқанның қадірін кім білген?

Шақырысып, барысып,
Ағайын-туған қауышып.
Қырға шығып кәрі-жас,
Жүйрік, жорға жарысып.
Екі жак болып отырып,
Құресіп балуан, алысып.
Дода тартып дуылдап,
Көкпарға да шабысып.

Кешкі тұрым болғанда,
Кейінгі қалған ауылға
Қуаныш сыймай қойнына
Қайтқанның қадірін кім білген?

Ағайын-туған, карындас,
Замандас, қатар құрбылас.
Енді ойласак еске алып,
Шығады көзден ыстық жас.
Еркін жүрген кезінде,
Ел қадірін кім білген?

³¹ Зұлхижжа – мұсылманша ай аты (ред.)

Айдын шалқар көлі бар,
Жағалай қонған елі бар.
Орман ағаш, ну тоғай,
Жасыл алқап белі бар.
Көшіп жайлап жүргенде,
Жер кадірін кім білген?

Қазақтын арын арлаған,
Білім біл деп зарлаған.
Қорғаны болып халқының,
Шеп құрып жауын барлаған.
Жұртты үшін қол бастап,
Майданда басын жалмаған
Ер кадірін кім білген?

Мал иесі бай болып,
Төрт құбыласы сай болып.
Қатын-бала қасында,
Қайғысыз көніл жай болып.

Ақынға өлең айттырып,
Күшіге күйін тарттырып.
Қиссаны хатқа түсір деп,
Молдаға жігіт шаптырып.

Жабағы семіз сойғызып,
Мейманды етке тойғызып.
Шұбат пенен қымызды,
Алдына кезек қойғызып.

Кезек тыңдал ән-күйді,
Қызықпен таңды атырып.
Жатарда әкеп тегене
Қымызды жігіт сапырып.

Құс төсекті салдырып,
Мамық жастық жастанып.
Шәйі көрпе жамылып,
Дем алар уақыт басталып,

Ұйқыны әбден қандырып
Тұрғанның қадірін кім білген?

Бетті жуып, шайынып,
Дастарқан алға жайылып.
Жомарт мырза атанған,
Төрт түлігін сай қылып.
Мәжіліс құрып ордада,
Шаттану қадірін кім білген?

Саламаттық денсаулық,
Ақ шымылдық, құс мамық,
Сүйіп алған ақ жаулық,
Жылқы-түйе, қой-ешкі,
Сиырлар топтап жайылып,
Тартылған ұзын желінің
Басында жүрген жұз саулық
Түгел тұрған күнінде
Дәүлеттің қадірі!! кім білген?

Дүниеден шын өтерін,
Басы жұмыр пенде еске алып,
Құрық сап, ұстал үйретіп,
Жаратып жүйрік, бесті алып,
Шарықтап шығып алыска,
Ит жүгіртіп, құс салып,
Сахарада сайрандал,
Жүргеннің қадірін кім білген?

Ана ауыл мен мына ауыл,
Аулак конған малды ауыл,
Тамыр-тансыс, құда, дос,
Қадірлес, көрші сан ауыл,
Амандасып аралап,
Сыйласу қадірін кім білген?

Ажал, тағдыр жолымен,
Имам, ислам нұрымен,

Басына жастық, аузына
Сусын болып шынымен.
Ақ жуып, айқын арулап,
Ағайын-туған көлымен
Ортасында Отанның
Қайтқанның қадірін кім білген?

Нәсіп етіп Алласы,
Көрсін мұны пендесі.
Жиылып келіп қоршалап,
Жанашыр, туыс һәммасы.
Фаруана болып айналып,
Қатын-бала, қимасы,
Мақұлдасып, колдасып
акыреттік жолдасы
Басына келіп отырып
Мешіттің имам, молдасы,
Жан тәсілім шағында
Кәлима шаһадат
Айтқанның қадірін кім білген?

Бәрін айтқанның бірін айт,
Істің болған жерін айт.
Бес намазын қаза етпей
Оқыған дұрыс, еріп айт.

Ерте оянып ыныранып,
Орнынан тұрып қозғалып,
Жылды суды құйдырып,
Таһарат құман қолға алып.

Ман-ман басып керіліп,
Басуға аяқ ерініп,
Жігіт ағасы шығады
Шынымен дінге беріліп.

Жалбағай-шекпен жамылып,
Етек-жені малынып.

Аққала, албар, маяның
Сыртына барып қағынып.

Дәрет орнына шым үйшік
Еркіндең қажет өтеудің
Сірә да қадірін кім білген?
Осыған жауап берген жөн.

Мұның да қадірін біз білген,
Бәрін бастап өткізіп,
Оны біздің көз көрген.
Бұған да жауап берелік,
Білгенге токтап ерелік.
Анық сөзді азамат
Айқындаپ ашып көрелік.
Риясый рас сөз,
Бұның да қадірін біз білген.

Мектеп көріп, ес білгем,
Сауат ашып, жөн білгем.
Молдадан дәріс алған сон,
Мөлшерлі ғылым үйренгем.

Жамандықтан жиренгем,
Шариғат жолын игергем.
Мұсылманша, орысша
Оқуларды менгергем.

Жоғарыда баян еткенді
Хал хадари мен білгем.
Біз білудің мәнісі,
Абақтыда отырып,

Түкке аспай әдісі.
Қайғыменен аһ ұрып
Мұқтаждықтың әр түрін,
Аткарып бастан көз көрген.

Асқынады келген дерт,
Даусын бірден таппаса.
Жүйріктің болар арманы
Жеріне жете шаппаса.

Хас данышпан белгісі –
Артында ұлғі қалғаны.
Хас аңғалдың белгісі –
Киюсыз сөзге нанғаны.
Жомарттықтың белгісі –
Мұқтаж үйін салғаны.
Жұрты ерсе сонына
Көсемнің ісі онғаны. .

Кетпесе дүшпан кимелеп,
Мандайдан шырақ жанғаны.
Өмірден алған сабақ бұл,
Сөзімнің жоқ жалғаны.

Зердесіздер зерігіп,
Сәулесі барлар елігіп.
Сөз мәнісін ұққандар
Жырымнан кетпес жерініп.

Тұтқын боп сынды біздің ажарымыз,
Айнала қоршаған соң тажалыңыз.
Бұғаулы аяқ-қолым, көз жайнайды,
Колымда болмай мылтық, қанжарымыз.

Кең мінездер айналды ашуашанға
Жыл сайын тарылған соң жан-жағымыз.
Жолдаймын жырмен сәлем ағаларға,
Қол бастап бірге шапқан қамалдарға.
Алладан жәрдем күтіп біз жатырмыз,
Түскең соң жау қолына амал бар ма?

Басыңа қапас түссе келмес халық,
Жағдайын әрбір істің шамаларға.

Жүріндер тілеулең боп інінізге,
Ауылға аман-есен ораларға.

Ұлықта бізге жасар мейірім жоқ,
Құдая кездестірме пейілі тарға.
Шұбар төс, шынжыр балақ арыстан ем,
Қамалдым құтылмас боп түйік жарға.

Тәнірім есіркегей, рахымайлап,
Азапта қалдырмағай, бақты байлап.
Сан етте алынбаған жау оғы бар,
Жатырмын абақтыда көзім жайнап.

Зынданды он екі жыл орын еткен
Әйгілі дана Жүсіп пайғамбар да.
Алланың арыстаны – Фали-Хайдар,
Ол-дағы талай түскен қазған орға.

Аюб да неше жылдай құртқа жем бол,
Шүкір қып о да жатты бір құдайға.
Жанәбіл, Хамза сынды сардарлар да
Соғысып бейнет шекті екі ұдайда.

Қаншама пайғамбарлар мехнат тартқан,
Бұйрықсыз іс болмайды жаббар Ҳақтан.
Азырақ өлеңменен ой ілес бердім (қозғадым),
Бұрынғы азап көрген шаһизаттан.

Жиені Мұхаммедтің имам Ҳасен,
Жауына тұтқын болып ол да жатқан.
Мұхаммедханафия неше жылдай
Жорықта қыншылық дәмін татқан.

Шөлінде Кербаланың дұшпан қоршап,
Басынан Зікірия ара тартқан.
Ғаламға он сегіз мың патша болған
Жұзігін Сүлейменнің балық жұтқан.

Жұзіктін қайғысынан қапа болып,
Айырылған қырық күн ол да патшалықтаң.
Жоғалып дәulet жүзік табылған сон,
Бұрынғы дәрежесін қайта тапқан.

«Бейнетсіз зейнет болмас» деген макал,
Бұрынғы ғибрат алсаң асыл заттан.
Әркімге осы ерлердің жолын беріп,
Біздерді құтқар Алла мұхнаттан.

Ер жігіт ак орданың басқұрындай,
Токтамас тұлпар басы тасқа ұрылмай.
Өзіме өз жорығым бөгөу болды,
Тағдырдың бір жіберген тасқынындай.

Жаратушы бір құдай,
Мұміннің ісін ондағай.
Ислам жолы тарылып,
Өте ме өмір осылай?

Өзі білсін Алланың,
Ел-жүртіма арнадым.
Белгі етіп артқа бұл жырды,
Әрі қарай толғадым.

Зерделі жастар тұсінер,
Жаманың жаксы ел білер.
Осы өлеңді үққандар,
Бізді еске алып күрсінер.

Шығардық қисса неше дүр,
Жігіттік шағың қызыл гүл.
Дүниеден өтсөң Баһрам,
Ұрпаққа қалсын асыл жыр.

Елде қалған бауырлас,
Есен сау бол, құрбылас.
Жалғастырсам болған-ды,
Созылып жырым таусылмас.

Өтіпті бізден бұрын талай ақын,
Өнерге жастайынан болып жақын.
Егер де елге оралмай, өліп кетсем,
Ел-жұртым, туған туыс, болғай бақул.

Бақул бол, әкем менен аға-інім,
Артымда қалған балам – жеті гүлім.
Орнымды тірі болсан, басарсындар,
Ақ сазан, торсық шеке, айым-күнім.

Ішінде Орта жүздің Керей затым,
Белгілі ел ішінде жазған хатым.
Шығарған бұл дастанды кім десеніз,
Баласы Шақшақ бидің Баһрам атым.

Байланып көкірегіне қайғы мен шер,
Дүниеден өтіп кетті мыңдаған ер.
Сайраған қызыл тілім тыйыларсын,
Жұтса егер көп ұзатпай сүм кара жер.

Ғұлама ойшыл ұғар жырдың парқын,
Бұл күнде ішім жалын, көніл салқын.
Омбыда шынжырлаулы біз жатырмыз,
Осымен доғарайын жырдың артын.

Желдетпей тұман ашылмас,
Желпінбей жүйрік басылмас.
Көп мұңайма, Баһрам,
Татар дәмің таусылмас.

Қай заман, мына заман – қасқыр заман,
Ұлық жок мұсылманға қас қылмаған.
Көзі көк, жүзі сары тергеуші сүм
Қабакты қатты қарап аштырмаған.

САПАРҒАЛИ ҚУАНЫШҰЛЫ

Толыбай сыншы ұрпағы Сапарғали Куанышұлы Гүлтөбе-Маманай жерінде 1855 жылы туып, 1915 жылы Түмен облысының Кошқарағай дейтін жерінде қайтыс болды. Айтулы сурыпсалма ақын. Троицк медресесін тәмамдаған.

«Ер Жәнібек», «Бөрібай батыр», «Дәстем батыр», «Сары қасқа атты Ер Костан», «Ер Токымбет», «Айсары–Шорман», «Назымбек пен Құлше» сиякты дастандар шығарған. Ерғали, Таразы, Айсулуу ақындармен айтысқан. Нұржан Наушабаевпен жұмбақ айтысы мектептің әдебиет оқулығына енген.

Куаныш – Серіз Серінің атасы Шақшак билін ең кіші баласы. Серіз Серінің кейінгі тәрбиесі Куаныштың колында болады.

СЕГІЗ СЕРІ

Әмірі мен шығармашылығы

Біз Сегіз серіден сөз қозғауымыз керек-ті. Алайда қазір-гі баспасөз беттеріндегі аталмыш серінің айналасындағы дау-дамай біз айтар әңгіменің кисынына кедергі боллары хак. Бірақ даудың басы – Сегізді өмірде болды-болмады деуге бір тіреледі де, екінші қайта өмірде жасаған серінің шығармашылығына бір күмән келтіреді. Даулардың төнірегінде дақпырт көп. Айтылған уәждердің айғағынан күмәні басым болғандықтан, біздің айтар әңгімемізге тоқсауыл бола алмайды. Өйткені Сегізді жокқа шығарушылардың келтіретін уәждерінің ешбірі де ғылыми тұрғыда мойындалмайды, әншейін «солай болмаққа керек-ті» деп келтіретін жорамал ғана. Себеп Әлкей Марғұланның жазғанын (1, 331) жокқа шығарғысы келеді. Ғұламағалымды «сегістанушылар сендерді» (2, №31) дейді. Бұл кисын ба? Егер академик Әлкей әркім айтар әңгіменің әсерімен тарихи, әдеби тақырыптарда адасушылыққа жол берсе, ертерек ескертпес пе еді? Біз Сегіздің қазіргі әдебиет тарихында қалыптасқан өміrbаянына әзірге токталмай тұра тұралық. Даудың басында И. Кенжалиев дейтін тарихшы тұр. Алайда бір қызықты да күмәнді жайт 1970 жылдардан соң Сегіз сері хакында деректер айтыла бастағанда «Қазақ әдебиеті» газетінде (3, №9) «Тағы да Сегіз сері туралы» деген макала жарық көреді. Макала авторы – тарих ғылыминың кандидаты И. Кенжалиев. Бұл жазбада өнер-паздың сегіз қырлылығына барынша токталған автор ел аузындағы әңгіме-шежірелердің ақырат, құнды дүниелер екендігін баса айтып, Исатай–Махамбетке де қатысынан еш күмәнсіз дерек келтіреді. Келесі жылы Солтүстік Қазақстан облыстық газетінде аталмыш тарихшының «Сегіз серінің туған жерінде» (4, №15) атты ғылыми зерттеу макаласы жарияланады. Солтүстіктері серінің туған ауылы Айымжанда болған зерттеуші артына өлмес мұра қалдырған ақын үрпактарымен кездесіп, көптеген құнды деректерге жолықканын бұлтартпас айғақтармен дәлелді түрде келтіріп

жазады. Содан араға 18 жыл салып «Жалын» журналында «Сегіз сері деген кім?» атты (5, №9-10) карсы мақала шығады. Өзі халыққа кеңінен насиҳаттап жазып жүрген тарихшы И. Кенжалиев аяқ астынан Сегіз серіні танымай, тулас шыға келгені өте құдікті жайт болды. Өзін-өзі жоққа шығаруышы Исатайдың уәжі – М.О. Эуезов атындағы әдебиет жөне өнер институтының қолжазба қорындағы деректерге күмәнділігі. Тарихшы ғалым неге өзінің көзі жетіп, көнілі сенбекен іске қалам терберендейтігі түсініксіз. Осы дауға қатысты дәлелді де бұлжытпас айғақты деректерге толы карсы мақала республикаға кеңінен тарайтын «Сарыарқа» журналында (6, №7) «Тағы да Сегіз сері хақында» деген тақырыпта жарияланды. Бірақ карсы топтың мұндай уәжді, байыпты пікірлер мен қарсы мақалаларға көніл аударуға жүректері дауаламайды. Пікірталасқа қатысушы адам – өнер зерттеушісі, Республикалық Музыка қайраткерлері одағының мүшесі Қайыржан Байпакұлы Мақанов. Кейінгі осы төніректегі дау-дамайдың әңгіме шенбері И. Кенжалиевтен бастау алады да, К. Мақановтың пікірімен санаспайды. Сегізді жоққа шығаруышылардың осындай сынарезулігі таңдандырады. Кенжалиев бастаған күмәншіл де кінәмшіл топтың әрекеті жыл өткен сайын ел санасында нық қалыптасқан сері жөнінде алыпқашпа, дәлелсіз, дүдәмал уәждерінен шыққан корытындыны біз көре алмадық. 2000 жылдан бастап «Ана тілі» газетінде (7, №30, 31) Б. Кәртен дейтін автордың «Сегіз сері ертегісі» атты көлемді мақаласы шықты. Бұл автордың айттар түпкі ойының әлгі Сегіз сері төнірегіндегі дауды бастап жүрген И. Кенжалиевтің занды жалғасы екендігін анғару қыынға соқлады. Өте ықжадағатты түрде дайындалған, ұйымдастырылған тірліктің түп максаты әдебиет тарихынан Сегіз серіні мүлдем аластатьып, халық санасындағы өнерпазға деген қошаметке көленкे түсіргісі келетін көртартпа, көкезулердің қылышы екендігін бірден әшкере етіп алды. Осы тақылеттес тақырыпта тағы да біраз қарсы мақалалар дайындалып, баспа бетінен көрінді. Филология ғылыминың докторы, әдебиетші ғалым Ш. Көрімнің «Өкінішті әрекет» атты мақаласында (8, №14) тіпти

Сегіз сері өмірде болмаған адам, оны «сегістанушылар (?) колдан жасап жүр» дейтін де уәжге барды.

Ш. Керімнің болжамынша «Жас Алаш» газетіндегі (9, №21) «Екі кісі бір жақ, екі жұз кісі бір жақ» тақырыбындағы Б. Кәртен мен И. Кенжалиевтің қара қүйелі макалаларына жауап жазбаны да «сегістанушылар» даянында, Петропавл қаласының тұрғындары Қайролла Мұқанов пен Социал Жұмабаевтардың атынан берді деп сырттан тон піше сөйлейді. Шәмшиден Керім, шын мәннінде, аталмыш авторлар Қызылжар қаласының қарт тұрғындары екендігінен де, сол өлкенің қазіргі сез білер, өткен бабалар мұрасын жиып-теріп жүрген ұлт рухына барынша адад қызметшілер екендігінен де бейхабарлығын көрсетті. Себебі біз де осы жұмысымызды зерттеу барысында 2001 жылы Омбы қаласына арнайы барып, Қызылжар, Гултөбе-Маманай қоныстарындағы шежіреші карттармен жүздесіп, Сегіз серінің, Кожаберген жыраудың төнірегіндегі әңгімені туған топырағындағы үрпактарынан барынша байыппен тыңдағанбыз, керегін жазып алғанбыз. Осы сапарда көзіміз жеткен бірақиат – Солтүстік Казакстан облыстық өлкетану мұражайында құрылған «Асыл мұра» орталығының кеңекті жиылсысында «Кожаберген жырау» атты кітаптың тұсауқесері. Құрастырушылар: Ғалым Қадырәліұлы, Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаевтар еді. Кітап қазақ-орыс тілдеріндегі зерттеу макалалар мен құнды деректерден тұрады. Авторлардың қатары тарихшы ғалымдармен толықтан. Ш. Керімнің жалалы мақаласындағы авторларға таққан кінәсі негіzsіз екендігіне көзіміз содан жеткен. Ш. Керімнің тағы бір негіzsіз байбаламдарының бірі «сегістанушылар» деген түрнакшалы терминінде астарын байқап көрелік. Сегіз сері жайында алғаш сез бастап айтқан құдіретті қalam иесі – F. Мұсірепов, әрі жерлесі. «Ұлпанды» былай қойғанда (себебі қаралаушы топ «Ұлпанды» көркем шығарма деп қана таниды) Ғабиттің күнделігіне (10, 177) үнілуге қарсы топтың ары жібермейді. Қойын дәптерінде Ғабен білер әңгімесінің бас-аяғын тәптіштеп жазбаған. «Сегіз сері – ақын» деген тақырыппен «Сері, ақын, әнші, балуан...», «Гауһартас», «Жылы ой», «Файни», «Әйкен-ай», «Топқараған», «Қарғаш»,

«Макпал» әндерін шығарған» деп бітіреді. Эрмен қарай «1835 ж. Көтібар, Арыстанның ауылы...» т.б. деп кетеді, бұл басқа әңгіменің арқауы.

Келесі Серіз сері жайында жазған адам әдебиет зерттеушісі, ф.ғ.к. Есенкелді Жақыпов (11, 35–40). «Дастаннан драмаға» атты қазақ драматургиясын зерттеу еңбегінде «Айман – Шолпан» жырының авторы ретінде Серіз серіні танитындығының ашық түрде төптіштеп жазады. Сол уақытта бұл ақиқатқа күмән тудырған ешбір қаламгер де, көлденең оқырман да болмаған! Одан кейін «сегізтанушылар» «сендірген» адам академик Э. Марғұлан. Бұл жөнінде әңгімеміздің басында айтылған. «XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы» атты кітапты Қазақ ССР Ғылым Академиясы, М.О. Эуезов атындағы өнер институты дайындаған, 1985 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген. Бұл жинақ – хрестоматия. XIX ғасырда жасаған ақындар шығармаларына орын берілген. Серіз серінің он шақты өлеңдерін ұсынған. Ескеретін жай – осы жинақтардағы барлық ақындардың дерлік өлеңжырлары Әдебиет және Өнер институтының колжазба корынан дайындалғандығы. Кітапты құрастыруға қатысқандар – Э. Дербісалин, Б. Ақмұқанова, С. Дәуітов, М. Жармұхамедов, Ә. Күмісбаев, Ж. Тілепов, К. Сыдықов, Г. Тұрсынова. Эрмен қарай «сегізтанушылар» қатарынан тағы да (!) әдебиетші ғалым ф.ғ.к. М. Жармұхамедов 1988 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «XIX ғасырдағы қазақ ақындары» атты жинақта «Серіз сері Шақшақовты» бүгешігесіне дейін жазып, оқулыққа кіргізеді. Бұл тараушада Жармұхамедов (12, 103–117) Серіздің төкпе ақындығымен катар, сал-серлік дәстүрі, әнші-күйшілік, шешендік өнерін көнінен сөз қылатын қаламгер-зерттеушілерді тізіп береді. Олар – С. Әліпов, К. Жексенов, С. Барқытов, Ж. Бектұров, К. Мұқамедқанов, М. Болатов, Б. Кенжеғозин, Е. Қалданов, Е. Рахмадиев, И. Жақанов, Н. Әбуталиев, Э. Марғұлан, М. Жармұхамедов секілді зерттеушілер дейді. Осы кітаптың редакциялық коллегия мүшелері З. Ахметов, М. Базарбаев, Э. Дербісалин, М. Жармұхамедов, К. Сыдықовтар да еш күмәнсіз «Серіз сері» тараушасын кітапқа жіберген. Ал қарсы топ бұл кітапты да назардан тыс қалдырып отыр. Ал ендігі

кезекте «сегістанушылардың» катарында, дау-дамайдың бел ортасында қалған автор – ф.ғ.к. Төлеш Сүлейменов. Бұл қalamгердің 1991 жылы «Өнер» баспасынан жарық көрген «Өнер тақырыбындағы туындылар» сериясымен «Сегіз сері» кітабы болды. Тарихи-ғұмырнамалық хикаят етіп Сегіз серіге қатысты ел аузындағы барлық әңгімелер мен әдебиет институтындағы барлық қолжазба деректерді кеңінен пайдаланған қalamгердің тың туындысы оқырмандар таралынан тамаша қызығушылыққа ие болады. Автор бұл хикаятында замана талқысымен қатпарлы жылдардың сағымына оранып, аумалы-төкпелі кезендер дүрбеленінде жұрттымыздың зердесінде көмексі тартып, ұмытыла жаздаған, халқымыздың тарихы мен өнерінде ойып орын алар біртуар тұлға Сегіз серінің асқақ бейнесін халық сана-сында қайта жаңғыртуды мақсат тұтқан. Қозасы өшкен коламтадан қайта үрлеп, сері бейнесін сомдауға тырысқан қalamгердің бұл қажырлы еңбегін бағалаудың орнына қарсы топтың тырнақ астынан кір іздегені – халықтық өнерпаз-ға деген қошаметсіздік емес, авторға деген жеке бастың көзқарастарынан туындал отыр. Мәселе – автордың көзі тірісінде жазған еңбегіне құрметпен қараған кей қазактар кейін ол кісі дүниеден озғаннан соң «Сегіз сері» кітабын тәрк еткісі келетіндігінде. Б. Кәртен «Сегіз сері» туындысының «Ертек кітап» деп атайды да, авторын «Фантаст жазушы» дейді. Сосын бір ескертрлік жайт, пікір қайшылығы бір басқа, қарсы топ баспа мәдениеті дегенді тіптен естен шығарған. Бұл да басқа әңгіменің арқауы шығар.

Ал енді біздің келесі «сегістанушымыздың» бірі – белгілі драматург жазушы әрі Сегіз серінің, Қожабергеннің мұраларын мұқияттап жинаушы Нәбиден Эбутәлиев «Сегіз сері» кітабын шығарды. Осы тақырыпта драмалық шығарма жазды. Қаншама ғылыми негізді макалалар жариялады. Махамбет Өтемісов атындағы сыйлықтың иегері Н. Эбуталиев – Қазақстан ғылым академиясы, Эдебиет және өнер институтының ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сақталған материалдарды жинаған, тапқан адам. Мәшінур Жүсіп Көпейұлы (1857–1931) жазбаларының Қожаберген жырауға арналған жолдарынан, Асанбек шешен Нұрғожаұлы

(1752–1846), Жанак Сағындықұлы (1770–1845) және басқалардың жырларынан құнды деректер алған. Жиырма жылдан астам уақыт ізденістің арқасында фольклоршы ғалымдардың колына түсіп, академиялық институттың қолжазбалар корында, кітапханаларда сакталған Сегіз серінің шығармаларын жинап, 1991 жылы «Жалын» баспасынан жарыққа шығарған Нәбиденнің «Өттің, дүние!» пьесасы және оның спектаклі арқылы Махамбет бейнесін жасауы өзінен бұрынғы Ығылман Шөрекұлы, академик Қажым Жұмалиев сияқты қаламгерлердің де арманы жузеге асты деп білемін деп ағынан жарылған қаламдасы Сапабек Әсіп «Егемен Казакстан» газетінде «Қоламтадан от тұтатқан қаламгер» атты қөлемді мақала береді. Б. Қартенің кезекті күйелі мақаласына «Жас Алаш» газетінде өзінің тиянақты уәжін берген де осы – Н. Эбутәлиев.

«Мамандығы әдебиетші болмаса да сөз өнеріне талғамы құшті, ұзак жылдар бойында фольклор мен ақындар поэзиясының асыл үлгілерін жинап, жарияладап, елеулі іс тындырған, бүтінде жасы сексеннен аскан енбек зейнеткери Сейітқали Қарамендін де – сол катардағы қадірлі қарияларымыздың бірі. Ол – қазақ поэзиясының асқар шыңы Абай туып-өсken, сөз өнерін кие санаған елдің перзенті. Жасынан ақын, жырши, шешендер сөзін көп естіп, зердесіне токыған, жадында сакталған ақық сөздер мен аңыз әңгімелердің бәрі болмаса да көбі хатқа түсіп, баспасөз бетінде жарияланып, кейбіреулері кітап болып шығуы да аз олжа емес. С. Қарамендін жинаған әрі оларды Әдебиет және өнер институтының колжазба корына тапсырған, мақала ретінде жарияланғандары да баршылық. Солардың қатарында «Бөгенбай батыр», «Енлік – Кебек», «Қалқаман – Мамыр», «Төрт Бөгенбай», «Көбей би», «Наурызбай – Фатима», «Сегіз сері», «Бұғыбай батыр», «Шежіре туралы шындық», «Өліге құрмет – тіріге міндеп» тәрізді жарияланымдарды көрсетуге болады» деп жазады «Казак әдебиеті» газетінде академик Р. Бердібаев (13, №41). Аталмыш авторымыздың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаудағы орасан зор енбегін біз академиктен артық айта алмаймыз. Енді осы адамның Әдебиет және өнер институтының колжазба

корына тапсырған ұшан-теніз әдеби жәдігерлерін біздің фольклорист ғалымдарымыз ел кәдесіне қалай асырып жүргендігі бір тебе әңгіме де, Сегіз серіге қатысты жазбалары «іске жарамсыз» деп табылады. С. Карамендин жинаған мұралардың барлығы халық қазынасы болып табылады да, ішіндегі Сегіз серінің өлең-жырлары неге татымсыз болып шыға келеді? Бұл, яғни Сегізді мансұқтаушылардың сынарезу, біржакты пікірі. Қазакта «Жақтырмagan баксының демі сасық» деген мақалды осы тұста Сегіз серінің әдебиет тарихындағы бүтінгі тағдырын сергелденге түсірушілерге айтуға тұра келіп тұр. Әдебиет тарихынан Сегіз сері Шакшақовты мұлдем аластатқысы келгендер саны аз болса да, күйесі мол бол тұр.

Әңгіме Сегізге қатысты болған тұстарда Арқада 1845 жылы Сәтбай Шөтікұлының үйіндегі қуаныш Имантайдың шілдеханасында қазактың барлық иті жақсылары мен Сегіз сері де конак болса керек. «Ақиқат» журналында әдебиетші ғалым Ш. Сәтбаева «Сегіз Серінің мадак өлеңдерінің тарихилығы» атты тақырыпта үлкен еңбек жазған: Сегізді тарихтан сзып тастап жүрген азamatтар Сәтбайдың тұқымы, ғұлама ғалым Қаныштың қызы, профессор, қазак әдебиетінің тарихи мәселелерімен айналысқан Шәмшиябанудың бұл еңбегін назарларынан тысқалдырады. Сегіз серінің Имантайдың атын койыпты деңгеге мұрындарын шүйіріп қараушылар енді Қаныштың қызы жазған ақиқатқа қалай қарайтындығын Алла білсін.

«Сегіз сері Шакшақов пен Сәтбай Шөтікұлы (1823–1902) жұзбе-жұз кездесіп, сыйлас-қадірлес болған. Мүмкін Сәтбайдың да әкесі де, атасы да бүкіл ауыл Шакшақовтармен бұрын таныс болуы, өйткені арғы аталары – Толыбай сыншының үрпактары қолөнер, аңшылық, құсбегілік-саятшылық, емшілік өнер иелері болған, әрі оларға ақындық, батырлық та дарыған деседі» (14, №3). Бұл – Ш. Сәтбаеваның өз ата-баба тарихынан жазған бір үзік сырь. Бұдан әрі әдебиетші ғалым Ш. Сәтбаева Сегіздің өз атасына айткан арнау өлеңінің түп-төркінің талдап, өлеңдегі аты аталағын қазактың иті жақсыларының қадір-қасиеттерін тұл құлдертімен суреттеуін саралап береді. Арнау-батаның өн

бойындағы сөз болған қазақтың сол уақыт пен ілгерісінде ғұмыр кешкен батыр-бағландарының, би-шешендерінің тарихи түрғыдағы салмақ дәрежесін Серіз сері өлеңімен өрілген өрнекті тұстарын талдайды. «Серіз серінің бұл өлеңінде талай тарих сырлары ашылған. Шығарма ұлы ғалым Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың атасы Сәтбай отбасында шығарылуымен құнды. Бұл арнау өлеңде Серіз сері «Сәтбай атаң секілді сабырлы бол» деп, Сәтбай атын бірінші рет өлеңге қосуы, ол кезде Сәтбайдың жас та болса бойында байсалдылық, сабырлылық қасиеттері калыптасқанын айтады. Кейін Сәтбаевтардың бірсызырасымен аралас-құралас болған белгілі металлург, академик Евней Арыстанұлы Бекетов «Сөнбес жүлдyzдар» мақаласында: «Сәтбай тұқымына тән салқын жігер...» – депті. Бұл енбектің ғылыми салмақ дәрежесі де дұрыс ниетті зерттеушіге таптырмас құнды екендігін айту орынды секілді. Егер алдағы уақытта Серіз серінің толық шығармалар жинағы жарық көретін болса, Сәтбайдың отбасында айтылған осы бір ұзақ толғаудың да шығатынына бек сеніп кетіпті әдебиетші ғалым Ш. Сәтбаева.

Қазақтың ғалым қызының Серіз сері туралы жазған енбегі тек бір ғана бұл емес. 1999 жылы жарық көрген «Сәулелі әulet» кітабында, 2000 жылы оқырман қолына тиген «Уақыт шуағы» кітабында да Серіз серінің шығармашылық келбетіне кеңінен тоқталған. Мысалға, Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының хабаршысында жарияланған Ш. Сәтбаевың «Ода сыры» атты мақаласында (15, №4)былай делінген: «Оданың негізі – Әмір, ондағы қуаныш, сән-салтанат болғандықтан талай халықтардың көркем сөз саптауларында, ой-түйіндерінде, әдебиетінде осы жанрдың кездесуі занды дүние. Қазак поэзиясында мадақтау, дәріптеу жырлары фольклордан, жыраулар, ақындар шығармашылықтарынан бастау, негіз алтып, XIX ғасырда қалыптасты да, кейінірек біршама дамыды. «Ораз ақынның Балқы Базарды мадақтауы» сиякты өлең-жырлар барышылық десек, қазак поэзиясында өткен ғасырда оданың дамуына Серіз сері ақын да едәуір үлес қосты». Ғалымның осынау ғылыми негізді енбегі де

әдебиетті әр қырынан саралап жүрген жандардың көзіне ілігетін дүние емес пе?

Серіз серінің ғұмыры мен шығармашылығы жайлы қаншама ғылыми-зерттеу макалалар мен екі кітап шыққан еді. Осы еңбектер негізінде серінің энциклопедиялық өмірбаяны да жарық көрді. 1999 жылы «Білік» баспасынан «Қазак әдебиетінің энциклопедиясы» Серіз серінің өмірбаянын былай келтіреді: Мұхаммедқанафия Баһрамұлы (1818, қазіргі Солт. Қаз. обл. Жамбыл ауд. «Благовещенка» с-зы – 1854, сонда) – ақын, әнші-композитор. Он жасынан бастап әншілік, ақындығымен аты шығады. Ескіше, орысша білім алады. Серіз Серінің «Топқараған», «Үкілім», «Көкем-ай», «Қаралғаз», «Ғайни қызы», «Жылы ой», «Әйкен-ай», «Гайхартас», «Мақпал», «Қалқаш», «Қарғаш», «Бес карагер» әндері халық арасына көнінен тарады. Серіз сері сонымен қатар «Ғұмыр», «Әсем арман», «Тұған жер», «Қызы келбеті», «Қызы сипаты», «Қашқын келбеті», «Дүние-ай», «Не ғаріп», «Тұсын жаксы қандай-ды», «Мұхит – Жамал», «Ғайнижамал», «Шолпан қызы», «Сайра да зарла қызыл тіл», «Көрініс» т.б. өлең-жырлар шығарған. «Ер Сәтпек», «Ер Жасыбай», «Айман – Шолпан», «Қызы Жібек», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» т.б. тарихи лиро-әпостық жырларды айтумен қатар, шығыс тақырыбында ғашықтық сюжеттерді де өз бетінше жырлаған Серіз сері шығарды деген «Тұлпар», «Қос қыран», «Алмас қылыш», «Көк наиза», «Семсер», «Болат қанжар», «Садак», «Ақ түйе», «Бозжорға» деген күйлер халық жадында сақталған. Біржан сал, Жаяу Мұса, Кемпіrbай сияқты белгілі айтыс ақындары Серіз серіні ұстаз тұтқан. Нұржан Наушабаев «Ер Серіз» атты дастан жазған. Бірқатар шығармалары ҚР ҰҒА-ның қолжазба қорында сақтаулы. Осындай ғылыми негіздегі ақын шығармашылығы мен ғұмыры ақиқат болып танылуға, өкінішке орай кейбір жаны ашымас адамдардың кіслікіз қылығы кедергі болуда.

Қазак поэзиясының екі мыңжылдық тарихын қамтитын, біздің заманымыздан бұрын өмір сүрген Заратуштра, А呐арис бабаларымыздан бастап бүгінгі жас ақындарға дейінгі қазак даласының ең талантты тұлғаларының жауһар

жырлары қамтылған «Екі мыңжылдық дала жыры» атты жинаққа біз сөз етіп отырған Сегіз сері ақынның да өлеңдері бекерден-бекер еніп отырған жок (16, 297)!. Осы кітаптың «Энші-акындар сазы» айдарымен қазак даласында XIX ғасырдағы салдық-серілік дәстүрінін бірегей өкілі ретінде Сегіз серіге қошті бастатқан құрастырушылар да құр сезімге бағынбаған шығар:

*«Гаунармын» таразыға салынбаған,
Қылышын қынабынан алынбаған.
Керейдің Сегіз атты саңлағымын,
Секілді жанған оттай жалындаған.*

*Көп жігіттің топ бастар серкесімін,
Ортасында білгі – өркешімін.
Сал-серінің жетекші өнерпазы,
Үш жүздің бұл күндегі еркесімін, –*

деп өз бағасын өзі білген сері ақынның бүгінгі тағдыры неге сергелденге түсіү керек еді? Бұл шумақ жоғарыдағы «Қазак әнциклопедиясы» шығарған кітаптан алынып отыр.

Сегіз серіні тарихтан сызып тастаушылар бізге сері ақынның шығармашылығынан дерек беретін қазактың Сегізден кейінгі энші-акындарының калдырған жыр мұрағаттарына да құдік келтіреді. Қазір, құдайға шүкір, тәуелсіз Қазақстанның қаншама рухани құндылықтары түгенделді. Кешегі Абайдың айналасының өзі қолжазба қорында құні бүгінге дейін архив боп қатталып келіп, енді ғана жарыққа шыға бастады. Қарағанды университеті колға алып Нармамбеттің жеке шығармашылығын жинақ етті. Қостанайдан Нұржан Наушабаевтың жеке жинағы «Алаш» боп елінің қолына тиді. Семей елінен Жанатайдың Көкбайының өлең мұрасы құнтталып, халық қадесіне жарап жатыр. Айта беруге мысалымыз жеткілікті. Осының бәрі архивке өткізген құймақұлақ шалдарымыздың жазбаларынан алынып, сараланып, саптыаяққа құйған астай ел иғлігіне айналған жоқ па? Арқадағы Сегіздің сән-салтанатты ғұмыры кейінгі өнерпаздардың үлгілі сокпағы екендігін ақындарымыз өздері жырлап жеткізген. Н. Наушабаевтың «Алаш» жина-

ғындағы «Сегіз сері» дастаны сонын дәлелі. (17, 108). Ф.Ф.К. М.Жармұхамедов 1984 жылы осы Н. Наушабаевтың «Сегіз сері» дастанын жариялад, талдай отыра былай деген: «Осы тұста мына мәселеге көніл аударған жөн. Нұржан ақын осы дастанында «Айман – Шолпан», «Қобыланды», «Қызы Жібек», «Қамбар» сияқты жырларды Сегіз «шығарды» деген сыңай білдіреді. Шындығында, Сегіз бұл жырларды «шығарды» ма, оны зерттеп, ақиқатына жету – болашақтын ісі. Сонымен, ойымызды корыта айтсақ, Н. Наушабаевтың осы атаптан «Сегіз сері» дастаны – фольклор мен әдебиеттандыра кейбір мәселелерді қайта карауға мұрындық болатындағы шығарма» (18, №13). Қазақтың «бір жоқты бір жоқ табадысы» тағы рас. Осы Н. Наушабаевтың шығармашылығы жөнінде кандидаттық диссертация қорғалған. Онда Сегіз ақын да әңгіме арқауына ілінеді. К. Жанатайұлының ақындығынан ғылыми еңбек жазып, ақынның шығармаларын жүйелеп, құрастырып халыққа ұсынған ф.Ф.К. Жандос Мағазбекұлы Әубәкір дейтін азамат.

Осы кітаптан орын алған Көкбайдың «Жүсілбек Шайқысламұлына» (19, 29) атты өлеңінен Сегіз серіге қатысты ақиқаттың бір ұшығын аңғартады. Жүсілбектің қазақ ауыз әдебиетін жиып, баstryрушысы болғандығын әдебиетші кауым жақсы білсе керек. Өлеңде:

...Қожа, сен құлғыңды асырыпсың,
Қазанда бұл құссаны бастырыпсың.
Өзіңе өз қылмысың майдай жағып,
Бойыңнан ар-иманды қашырыпсың.

...Бұл құсса Орта жуздің Керейінен,
Қазақтың Сегіз сері мерейінен.
Шығарған осы жырды кім екенін,
Білмесең елге айтып берейін мен.

Наурызбай – Ханшайым қызы елдің ері,
Шығарған дастан етін Сегіз сері.
Сегіздің көп құссаны шығарғанын,
Әлі де ұмытқан жоқ қазақ елі, –

дей келе, Жұсіпбектің әрекеттерін өшкере етеді. Рас, Сегіз серінің шығармашылық тағдыры сөз болғанда сонау Қазаң қаласында баспа ісімен айналысып, кисса-дастан, жырларды жиып, өзатынан бастырған Ж. Шайқыисламұлының осынау оспадар қылышына кейінгі ақындардың наразы жырларына кез боламыз.

...Әбілхайыр хан әuletі ұлық болған,
Кәсібі кей төрелер қулық болған.
Ер Сегіз бен Науанды жек көрген соң,
Қысқартып бүл дастанды бұзып қойған.
Құлатар сені халық жсанған отқа-ай.
...Жыраудың сөзі шындық атқан оқтайды,
Арнаған осы өлеңді кім десеңіз,
Шәкіртімін Абайдың, атым – Көкбай, – (20, 30)

деп жырлаған ақын жырынан көрер көзге менмұндалап тұрған ақиқат бар секілді. Көкбайдың осы кітабында «Наурызбай – Фатима» атты ғашықтық дастанында:

«...Ел басшысы Тілеуқабақ деген кісі,
Шатақпен әрқашанда болмас ісі.
Өткен жылы үлкен қызы қайтыс болып,
Жалғыз-ақ сол себепті өртенді іші», –

деген шумакпен Науан мен қыздың сөз таластыруында бір сыр бар:

«Қызы: Ашпадым жездей келмей қабагымды,
Балдыз деп искелейтін тамағымды.
Серіні келеді деп мен отырмын
Етіп жүр кімдер ермек қарағымды?
Балдызben сәйлеспей ме сырын ашип,
Кетемтін жөні бар ед амандасып.
Анамның өліт кеткен күйігінен
Кетті ме батыр жездем Хиуага асып?»

Мына жолдардан байқайтынымыз: Тілеуқабактың үлкен қызы Патшайымға Сегіз сері ғашық болып сөз салғандығын, серінің оған арнаған тамаша «Патшайым» атты өлеңі барлығын дерек көздері бізге жеткізген-ді. «Манғыстау

облысындағы халық қазынасын жинаушы ділмар қартымыз Шонай Алшын Мендалиевтің айтқандары негізінде жазылды» дейтін «Адай» шежіресінде мынадай дерек бар: «Кіші жүздегі ақылды апаларымыздың атын кейінгі үрпак-қа жеткізу жолында айрықша үлес қосқандардың бірі – атакты Сегіз сері... Патша әкімдерінің қудалауында жүрген Сегіз сері бір ауылда екі-үш күннен артық тұра алмайды. Кіші жүз өлкесін аралап жүргенде ол Табын тайпасындағы Тілеуқабак байдың еліне келеді. Тілеуқабактың Әли, Мұса деген ержүрек екі ұлы, Патшайым, Ханшайым атты екі сұлу қызы бар екен. Ханшайым кәдімгі Наурызбай Қасымұлына үйленген қыз. Сегіздің ерлігіне, өнеріне сүйсінген қыз әкесі Патшайымды бермек болады. Бұған көнілі тасыған Сері атакты «Тілеуқабакты» шығарады. Осы сапарында «Патшайым», «Қаракөз» әндерін шығарады. «Қыз Жібек» операсында да, фильмінде де Төлегеннің негізгі әні болып жүрген «Ақ сұнқарым, Жібегім» дейтін әндердің шын кайырмасы:

*«Аққу құсым, Жібекім,
Жалғыз сенде тілегім.
Соңғы кезде қашқын бол,
Шерлі болды-ау жүрегім.*

*Oy, Сүмбіл шаш, сенсің уайым,
Сәулетайым, түскенде
сен есіме не қылайын?» –*

деп біtedі... Бұл ән біздің Кіші жүз өніріндегі ақылды апаларымызға арналған. Эркімге бір телімей бұл әнді өз иесіне кайыруымыз керек (21, 136)». Осы дерек пен Қекбайдың жыры дәлме-дәл келіп тұрған жоқ па? Қекбайдың жыры былай аяқталады:

*«Менсұлу екі асылдан қалған екен,
Күнімжан бауырына салған екен.
Сол қызды бойжеткен соң қалың беріп,
Сегіздің Мұстафасы алған екен...
...Қазақтың Сегіз сері данасы да,
Жырлапты мұны өзі, баласы да.*

*Жырладым сол ерлерден басқаша етін,
Ел-жұрттың қалмау ушін жаласына.
Сабалақ деген атпен даңқын жайдым,
Әuletін өлең қылдым Абылайдың.
Шәкірті Абай аға, атым – Көкбай,
Еркесі ем Тобықтыда Жанатайдың (22, 115).*

Ал енді осындай қисынды дәлел, дерегі мол Көкбайдың бүл айтқандарын біздің Сегізден «секемденушілер» кайда қояр екен? Белгілі ауыз әдебиетінің білгірі, Абайтанудың алғыры Сейітқали Қарамендін құрастырган Көкбай ақынның «Абылай» жинағында да бүл жырдың толық осы нұсқасы берілген. Кітап сонында құрастыруышы былай дейді: «Мен 1950 жылдары Қазақ ССР Наркомзэм және Мемлекеттік Бақылау комиссариатында қызмет істеп, командировкаға барғанымда Қызылжар қаласында төре қыздарын көзімен көрген, Мұстафа батырдың туған інісі Мұсайын ақынның баласы – Нұрмұхаммед (1873 жылы туған) аксақалмен жолықтым. Ол кісі: «Наурызбай – Ханшайым» жырының үш түрі бар» деп айтты: 1) Сегіз серінікі; 2) Сегіз сері баласы Мұсайындікі; 3) Көкбай ақындікі. Үшеуін де Нұрмұхаммед аксақал толық біледі екен (23, 101).

Бұл да шындықты шырап алып іздеуші жан болса – айдай ақиқат.

Сегіз серіге арналған толғаудың бірі «Ер Сегіз» атты Жаяу Мұса Байжанұлынікі. Осы туралы С. Қарамендін кезекті бір зерттеу мақаласында былай жазады: «Мұса тоғыз жасқа келгенде, оны қызылжарлық (петропавловскілік) Көшебе Керей Итемір Барлыбайұлы мырзаның саудасын жүргізіп жүрген немере ағасы Шымыр Тайжанұлы алып кетіп, Қызылжардағы медресеге окуға береді. Мұса ол медреседе атақты Сегіз сері ақынның ағасы имам Көрпеш жырау Баһрамұлынан екі жыл дәріс алып, араб, парсы, шағатай тілдерін және орыс балаларымен бірге жүріп, орысша тіл үйренеді. Қызылжар базарында Сегіз сері тобының өнерін көріп, тамашалаған жас бала Мұса солардай салсері, өнерпаз болуды армандаиды» деп бір түйеді. Ақыры арманына жеткен Мұса Сегізге шәкірт болған деседі. 1854, яғни барыс жылы тамыз айының аяғында белгілі өнерпаз

Сегіз сері ауырып, өз жайлауы – қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданындағы Докучаев атындағы Дос бөлімшесі орналасқан жердегі Дос көлінің жағасында кайтыс болғанда, ұстазы Шакшақов ақынға арнап оның кырық бес шәкірті жоқтау өлең шығарған. Сол өлеңдердің бірінің авторы – Жаяу Мұса. Осы реттегі Жаяу Мұсаның «Ер Сегіз» дастаны бізге толығымен жетпегендігін айткан С. Қарамендин үзінділерді ел аузынан жинап алып, қолжазбаға тапсырғандығын, өзі де бір мақала арнап: «Биыл атақты әнші-ақын, композитор Жаяу Мұсаның туғанына 155 жыл толды. Соңдықтан Байжанұлының «Ер Сегіз» атты әнмен айтылатын өлеңін оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік» деп сол дастанды баспаға ұсынған екен.

*Жігіттер, өнер қусаң Сегізге ұқса,
Шәкірті ем Сегіз сері, атым – Мұса.
Қазақтың ел қорғаны мақтаныш қой,
Үш жүзде Ер Сегіздей көп үл туса.*

Бұл – «Ер Сегіз» дастанының басталуы (24, 1991).

Бұл деректерге біздің басқадай алып-қосарымыз жок. Қайта Сегіздің жинағын әзірлеу тұсында кітапқа кіргізіп койғанмын. Біздің біршама қарастырғанымыз Сегізге қатысты ақын-жыршылардың өлеңдері болды. Енді тарихшы, шежіреші ғалымдар еңбегіне аздал тоқталсақ. Тарих ғылыминың докторы, профессор, қазақтың этникалық, жүздік, рулық шежіресімен айналысқан Марат Мұқановтың еңбегінде Сегіз серінің өмірдерегі анық беріледі. Біздің Сегіздің жалпы өмірін де мансұқтаушы ағайындарымыз мұндай тегеуінді енбекті қарауға корқыныштары басым болса керек. Сөзіміз дәлелді болсын, тарихшыға сөз берейік «...К XIX веку шежире Кереев дошло в единственной рукописи. В первой четверти XIX в. ее дополними образованные люди из Кереев, такие, как Табей сын Барлыбая (1783–1863), Шонке сын Маманая, Сенкен сын Шакшака, Есиней сын Естемисса (1787–1870), записав родословные из уст Итеке батыра, Тленши батыра, Шакшак бия, Боксан бия, Киикбай бия и дополнив своими сведениями.

Особое место среди летописцев принадлежит Сегиз сери (1818–1854), человеку образованному, интересной и нелегкой судьбы. Сегиз был шестым сыном Бахрана и внуком известного в степи своим красноречием, справедливостью и неподкупностью Шакшак бия. Сегиз родился в 1818 году на берегу озера Букпаколь (современные ориентиры – Пресновский район Северо-Казахстанской области).

Несмотря на раннюю смерть отца, Сегиз с помощью родственников окончил аульскую школу, медресе в Кызылжаре – к четырнадцати своим годам. Затем он обучался по-русски в кодетском корпусе в г. Екатеринбурге, закончил его в 1835 г. и получил квалификацию переводчика (тілмаш). Однако он не стал чиновником, а пробыв неделю в ауле, уехал на Сырдарью в кочевья родов Берш, Байбахты и Жагалбайлы Младшего жуза.

В августе 1835 г. на одном тое Сегиз сери выступил борцом от имени Среднего и Младшего жуза в состязании с палуаном из племени конрат, выставленного Кокандским ханом. Сегиз сери победил, получил богатые призы. На этом празднике он познакомился с Бахтияром, который пригласил победителя себе в аул в местность озера Айманколь. Там он и встретил красавицу Макпал. Молодые полюбили друг друга. Весь приз, полученный за победу, ушел на уплату калыма. Сегиз сери получил согласие Бахтияра на брак с его дочерью. Сегиз сери сочинил в ее честь песню. К сочинениям Сегиз сери принадлежат так же песни «Жылы ой», «Каргаш», которые были распространены в народе известными акынами, как Нияз сери и Биржан сал» (25, 14). Осы келтірлген үзіндіден байқағанымыз тарихшы ғалымның өз айтарына сенімділігінде тұр. Дерексіз сөйлемес тарихшымыздың Сегізге арнаған жазбасы, тіпті қандай шығармаларының тағдыр талайы болмасын шежіреші карттарымыз айтатын әңгімелерге дөп келіп тұр. «С. Мұқанов егер Сегіз сери жерлесі болса неге жазбайдының астына алып жүрген байбаламның жолы енді бола қоймас. Марат Сәбит Мұқановтың ұлы болғандығынан ғана емес, тарихшы ғалым ретінде айтқаны ақиқатты болар. Ғылыми соклағы

бар, тарлан тарихшы ретінде мойындалған. Сонымен қатар, атап да енбекінде Сегіз серінің шежіресін де таратып береді.

Серікбай Қосанның «Ана тілі» газетіндегі «Әдебиет – ардың ісі» атты мақаласында мынадай сөйлем бар: «...Әрине, көзі ашық оқырман, әсіресе ғалымдар Мемлекеттік Жоғарғы сараптау комиссиясынан өткен, ғылыми кенестерде қорғалған занұды құқығы бар енбектерге сене ме, алде әдебиет ғылымынан аулакта жүрген фольклор жинаушыларына ден қоя ма? Оны өздері білсін. Сондықтан біз де бір білгенімізді жазып байқайық... (26, №11)». Әрине, ол да өз білгенін жазған. Сонда Серікбай Қосан әдебиеттің, ең алдымен, ұлттымыздың көркем тарихы екендігін ұмытқаны ма? Алдымен, Сегіз серінің әдебиеттен аластатқысы келетіндер әуелі оны тарихтан да өшіріп алуды ұмытпаса кепек! Сегіз серіге архивтік құжат талап етеді. Мәскеудің тарих-архив институтын тәмамдаған, еш уақытта дерексіз ауыз ашпайтын жазушы Амантай Сатаевтың мұрағаттан тапкан деректері мынадай: Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық тарихи архивінің 338 фондысында Сыртқы округтерде казактардан сұltан, старшын және заседательдер сайлау туралы құжатта 1837 жылы 7 қантарда көшебе-керей болысының управителі Табей Барлыбаев, оның орынбасарлары Қырғыз Малдыбаев, Итемер Барлыбаев, Отыншы Жанұзақов, 13 наурызда старшина Чакчак Кочуков сайланғанын көрсетер құжат. Ал Шакшактың Сегіз серінің оқытқан атасы екендігін білеміз. Айтарымыз, атасының құжаты шыққан соң баласының жазбасы да бір архивтерден табылар, тек соны жабыла қараламай, ел болып колға алсақ ол күнге де жетерміз деген ақеділ тілек бізден. Омбыда жарық көрген «Очерки истории казахов Омского Прииртышья» кітабының «Просвещение казахов в XVIII – начале XX вв.» атты тарауы бірден Сегіз серіден басталыпты. 1789 жылы Омбыда тілмаштар даярлау үшін Азия мектебі ашылған. 1790 жылы оқыған 25 шәкірттің жетеуі казак болыпты. «Среди окончивших азиатскую школу числился Мухамет Шакшаков (Сегиз серии). В школу он поступил в 1830 году. К моменту ее окончания в 1836 году

она была преобразована в особый класс восточных языков училище сибирского казачьего войска.

Историк и поэт в гневных стихах он изображает генерал-губернатора Горчакова разорителем казахского народа, не желая участвовать в корательной экспедиции против восстания Кенесары Касымова, он бежал из Омска в Младший жуз (27, 27)». Авторы Омбыда тұратын, сол елдегі қазактардың тарих жолын білер азamatтың бұл жазбасын да тәрк етуге кімдер ғана баруы мүмкін? Сөзді қысқартға айтсақ, Сегіздің сергелден тағдыры әлі де болса зерттеу нысанамызыда. Сөз болып жүрген деректерден жиналған, әр алуан кітап, газет-журнал беттерінде ертелі-кеш жарық көрген Серіз ақынның әдеби мұраларын жинап, саралап, баспаға «Гауһартас» атты жинақ дайындағы.

Қазактың ел корғаған батыр, арманы асқақ ақындары мен небір көсем ұландарына қашанда қошеметі әр кезеңнің ақын-жазушыларының шығармашылығынан орын алғып жататыны ақиқат нәрсе. Ел санасындағы ердің, азamat ақынның есімі кейінгі ұрпактарының тіліне тиек, өлең-жырына арқау болғандығы анық. Осы ретте Серіз сері жөніндегі жазушы Б. Тоғысбаев «Серіз сері» атты тарихи баян жазғаны, зерттеуші әрі драматург жазушы Н. Эбуталиевтің «Серіз сері» атты пьеса жазғаны, талантты ақын Е. Асқаров «Серіз сері» атты дастан жазғаны, жазушы Т. Әлжантегінің «Серіз сері» атты роман жазғаны еріккеннің ерменгі емес. Тек ұрпак санасында мәңгі өнерінің өлмес елесі бол сакталған бабалар ғана мұндай құрметке лайық екендігін ескерткім келеді. Сегіздің шығармашылық қыры әлі де болса айшыктала түсетініне мен имандай сенемін.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Ә. Марғұлан. Ежелгі жыр-аныздар. – Алматы, 1983. – 331 б.
2. И. Кенжелиев. Қазақ әдебиеті. – №9, 1978.
3. И. Кенжелиев. Қазақ әдебиеті. – №9, №15, 1978, 1979.
4. И. Кенжелиев. Жалын. – №9-10, 1997.
5. К. Маханов. Сарыарқа. – №7, 2000.

6. Б. Қәртен. Ана тілі. – №30, 2002.
7. Б. Қәртен. Ана тілі. – №31, 2002.
8. Ш. Керім. Жас Алаш. – № 14, 2001.
9. Н. Әбуталиев. Жас Алаш. – №21, 2001.
10. F. Мұсірепов. Құнделік. – Ана тілі, 1997. – 177 б.
11. Е. Жакыпов. Дастаннан драмаға. – Ғылым, 1979. – 35-40-6.
12. М. Жармұхамедов. XIX ғ. қазақ ақындары. – Ғылым, 1988. – 103-117-б.
13. Р. Бердібаев. Қазақ әдебиеті. – №41.
14. Ш. Сәтбаева. Ақиқат. – №3, 1997.
15. Ш. Сәтбаева. ҚРФА хабаршысы. – №4.
16. Екі мың жылдық дала жыры. – 2000. – 297-б.
17. Н. Наушабаев. Алаш. – Қостанай, 1999. – 108 б.
18. М. Жармұхамедов. Қазақ әдебиеті. – №13, 1984.
19. Ж. Әубәкір. Шындықтан басқа жолға түсе алмаймын. – Алматы: Информ-Арна, 2002. – 29-б.
20. Ж. Әубәкір. Шындықтан басқа жолға түсе алмаймын. – Алматы: Информ-Арна, 2002. – 30-б.
21. Адай шежіресі. – Ақтау, 2002. – 36-б.
22. Көкбай Жанатайұлы. Шығармалары. – Алматы, 2001. – 115-б.
23. К. Жанатаев. Абылай хан. – 1993. – 101-б.
24. С. Қарамендін. 1991 ж.
25. М. Мұқанов. Из исторического прошлого. – Алматы, 2000. – 14-б.
26. С. Қосан. Ана тілі. – №11, 2002.
27. О. Турсунов. Очерки истории казахов Омского Прииртышья. – 1999. – 27-б.

*Дәuletкерей Кәпүлұ,
 Л. Гумилев атындағы Еуразия
 ұлттық университетінің ұстазы.
 2004 жыл*

МҰСТАФА АҚЫН СЕГІЗ СЕРІ ҰЛЫ

XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген сұрыпсалма әнші-ақын, қүйші, композитор әрі халық батырларының бірі – Сегіз сері (Мұхамед-Қанафия) Шакшакұлы екендігі баршаға мәлім. Өйткені Сегіз серінің 2 томдық шығармалар жинағы, көптеген зерттеу мақалалар баспа беттерінде жарық көрді.

Осы жолғы әңгімемізді ақынның Мұстафа атты баласына арнал жазып отырмыз.

Сегіз серінің шежіресі бойынша, оның Мұстафа, Мұсабек, Мұсайын, Мұсажан, Мұсахан, Мұсағұл, Есболған атты 7 ұлдары және Бибізара есімді жалғыз қызы болыпты (бәрі де Үрісбике анадан туған). Осылардың ішінде Мұстафа, Мұсайын, Бибізарадан тараған ұрпақтар бар. Мұстафа Сегізұлы 1840 жылы туып, 1899 жылы қайтқан. Ел ішінде Мұстафа атты кісілер көп болғасын «Сегіздің Мұстафасы», «батыр Мұстафа» аталағып кеткен. Мұстафа – халықтан батырлық атақты қайын ағасы Сыздық сұлтан Кенесарыұлының касында болып, орыс армиясына қарсы соғыста алған кісі. Кенесары қайтыс болғаннан кейін балаларының ішінде оның жолын жалғастырып, Қоқан хандығы әскерлерінің құрамында орыс армиясымен соғысты жалғастырған Сыздық сұлтан екенін тарихтан жақсы білеміз. Мұстафа Сыздық сұлтанның 15 жыл жолсерігі бол жүрген. 1877 жылы колынан жаралы болған Сыздық «енді патша үкіметімен құресуге шамам жоқ» деп, орыс өкіметіне өз еркімен беріліп, Мұстафанды туған елі Гүлтөбе-Маманай жеріне кайтарады.

Мұстафа 1877-1899 жылдары туған жерінде бейбіт өмір сүреді. Елге келгесін де қоқандық қайқы қылышын тастамай тағып жүріпті. Оның үстіне мінезі де өте тігін, тәртіп бұзған, кисық, қыңыр мінезді адамдарға қол жұмсаған. Тәртіпсіз адамдарды Мұстафаға айтамын деп коркытады екен. Жұрттың бәрі Мұстафа отырған жерде бірденені булдіріп аламын ба деп қорқып отырады екен.

Мұстафа Кенесарының інісі Наурызбай сұлтанның жалғыз қызы Менсұлуды алған. Менсұлудың анасы Фатима Менсұлу бір жасқа толар шағында дүние салып, нәресте

кезінен бастап Кенесары мен Күнімжанның тәрбиесінде болады. Солардың бауырында өскендіктен, Менсұлу өле-өлгенше «Кенесары ханның қызымын, шешем – Күнімжан ханым» деп кетіпти. Мұстафа Кенесарыны атам деп, Сыздық сұлтанды кайын аға ретінде қатты сыйлаған екен. Жоғарыда айтқанымызға дерек ретінде Абайдың досы және шәкірті Көкбай Жанатайұлының «Абылай» атты шығармасынан үзінді келтірейік.

*Бұл жайды ел ішінде көп айтады,
Бірі жаңсақ, біреуі деп айтады.
Ер Науан мен Фатима бір жыл тұрып,
Олардан бір қыз туған деп айтады.
Жыл өттіп Кене келінін көрген дейді,
Сұлу деп аса көңіл бөлгөн дейді.
Фатима таңданғаннан науқас болып,
Көз тиіп, уш күн жатып өлген дейді.
Менсұлу екі асылдан қалған екен,
Күнімжан бауырына салған екен.
Сол қызды бойжеткен соң қалып беріп,
Сегіздің Мұстафасы алған екен.
Лайық Мұстафага жар болған соң,
Батырлық Мұстафада бар болған соң,
Ұзатқан Сыздық сұлтан қарындасын,
Өзіндей Мұстафа да нар болған соң.
Қазақтың Сегіз сері данасы да,
Хисса еткен мұны өзі, баласы да.
Жырладым сол ерлерден басқаша етіп,
Ел-жүрттың қалмау үшін жаласына.
Сабалақ деген атпен өзін жырлап,
Әuletін өлең қылдым Абылайдың.
Шәкірті Абай аға, атым – Көкбай,
Еркесі ем Тобықтыда Жанатайдың...*

(*Кұрастыруши Сейітқали Қарамендин. «Көкбай ақын». «Абылай». – Алматы: Дария пресс, 1993 жыл, 98-99-беттер*).

Мұстафа – әкесі Сегіз серіге тартқан батырлығымен қоса әнші, композитор, қобызшы, домбырашы, ақын-жыршы болған адам. Ол нағызсалдық-серілік құратындеруақытында кайын ағасы Сыздық сұлтанмен бірге болғандықтан, бұл

касиеттерімен көріне алмай қалған. Алғашкы әнін ғашық болып қосылған Менсұлуға арнап «Менсұлуды» шығарады. Одан кейінгі жарына арнап «Кербесті», «Қамажай» әндерін шығарады. «Қаһарман», «Жұсіп – Зылиха», «Шәкір – Шәкірат» атты дастандары туады. Бір өкініштің, осы шығармалары өзінің авторлық атымен емес, халық әндері ретінде аталып жүр.

Мұстафа Менсұлудан кейін Омбы өзенінің Ертіске құяр сағасында тұратын Қамажай Дастанқызына үйленеді. Қамажайдан Келден, Кеген, Мерген есімді үш ұл туған, олар жас жігіт кездерінде ауырып қайтыс болған. Осы жарына арнап атақты «Қамажай» әнін шығарады. Ел арасында дәл осы «Қамажай» әніндегі кең тараған және тен келер ән кемде-кем екеніне ешкім таласа қоймаса керек. Ендеше бұл ән Мұстафа Сегізұлының композиторлық өнерінің дәрежесін көрсетеді деуге болады.

«Қамажай» әнінің авторы Мұстафа екеніне мынадай дәрек келтірейік:

Қазақ ән өнерін зерттеуші және осы саланың атақты білгірі Жәнібек Кәрменов «Халық әндері мен халық композиторларының әндері» атты жинағында былай деп жазады: «Мұстафа Сегізұлы Баһрамов қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты Благовещенский совхозы жеріндегі Гүлтөбе-Маманай деген жерде туған. Әкесі Серіс сері елге атағы жайылған әнші, ақын болған. Мұстафа әке жолын қыып, ән шығарған, қобыз, сыйбызы тартқан. Көлемді толғаулар, дастандар жазған. Бірақ олардың көбі бізге жетпеген. Соңғы табылған деректерге орай ел ішінде кең тараған, «халықтік» аталып жүрген «Қамажай» әнін Мұстафанің дей аламыз» (*Халық әндері мен халық композиторларының әндері*. Құрастырған Жәнібек Кәрменов. Алматы: Өнер, 1991 жыл, 1 том, 241 бет).

Қазақ әндерін зерттеу саласында Жәнібек Кәрменовтің сінірген еңбегін білетін адамдар зерттеушінің бұл корытындысына күмәндануы мүмкін емес деп ойлаймыз.

Мұстафа Серіс сері ұлының ел аузында сакталып қалған бір әні – «Кербесті» атты әні. Бұл әннің төмендегі мәтіні де

«Қамажай» әнінің авторы Мұстафа ақын екеніне дерек бола алады.

*Баласы Сегіз сері Мұстафамын,
Өнерді пайдага әр кез үқсатамын.
Ертісте Қамажайға жаалықпақ бол,
Омбыға Қызылжардан түн қатамын.*

*Мен баптап кербесті атты жаратамын,
Қалайша жарды көрмей тек жатамын.
Қасымда бір топ сері ән салғанда
Шылбырын жүйрігімнің шұбалтамын.*

*Белбеудің ұшын жисмай шұбатайын,
Тобыма әсем әнді шырқатайын.
Кербесті ат қысқа таңға аштан өлмес
Бастасып Қамажаймен бір жатайын.*

Тағы бір дерек келтірейік. «Қамажай» әнінің авторы Мұстафа ақын екенін Үкілі Ұбырай өзінің «Жақсыларға» атты өлеңінде айтып былай деген:

*Қазақтың бірдей көрген кедей-байын
Айттай-ақ білетүғын ердің жайын.
Сегіздің Мұстафасын ұстаз тұтып,
Шырқадым ол шығарған «Қамажайын».*

Мұстафа Сегізұлынан қалған тағы бір белгі – Біржан сал Қожағұлұлының зиратының басына койылған құлпытас. Республикамызға танымал ауыз әдебиетін зерттеуші, жерлесіміз Қаратай Бифожиннің дерегі бойынша, 1897 жылы қайтыс болған Біржан сал зиратына қойылған құлпытасты орнатқан Мұстафа екен. Ұзак жыл тұрғандықтан арабша жазылған жазулары өшіп, жағалай мұжіле бастағанымен әлі сактаулы тұр дейді. 2009 жылы маусым айында Преснов ауылында Біржан салдың немересі Мұхамедқалиды (Теміртастан туған) кездестіріп, осы құлпытас туралы сұрағанымызда: «Менің әкемнің (Теміртастың) інісі Қалкен 1932 жылы қайтыс болған ғой. Кезінде Степняк шахтасында жұмыс істеп, «Ленин» орденімен марапатталған. Сол кісінің

жолдасы Рақила апамыз құймакұлак шежіреші адам болды. Көп жасаған. Дүниеден өткеніне 7-8 жыл ғана болды. Сол кісінің Біржан сал зиратының басына руы Таузар Көшебе Сегіз серінің үлкен баласы Мұстафаның құлпытас орнатканын айтып отырғанын талай естідім», – деген еді.

Мұстафаның төрт әйелінен 28 бала туған: Тастан, Тасбай, Тасқұл, Сырым, Арғынғазы, Науша, Исатай, Арыстан, Махамбет, Жәүке, Ағыбай, Қозыке, Қокыш, Бекен, Жұкен, Шегін, Әлке (Менсұлу Наурызбайқызынан); Қалдыбай, Алдажар, Иман, Ержан, Базар, Уса, Жанайдар (Қамажай Бермағамбетқызынан); Сәтібек, Мерген, Берден (Ақлима ападан); Бөген (Шөңкейден).

Жиyrма сегіз баласы болғанымен, олардың көпшілігі жас бала, жас жігіт шағында ауырып қайтыс болып, үрпак қалмаған. Тасбай атты баласы Бұхара медресесін тәмам етіп, Омбы, Қызылжар шаһарларындағы медреселерде ұстаз болыпты, бұдан да үрпак болмаған. Мұстафаның тек аз ғана жыл отаскан Шөңкей есімді төртінші әйелінен туған Бөгеннен ғана үрпак бар. Бөген 1899 жылы туған, Ұлы Отан соғысына алынып, 1943 жылы соғыста қаза тапқан. Бөгеннен Амантай атты ұл, Сәбира, Гүлзира атты екі қыз туған. Амантай 1938 жылы туған. Жамбыл ауданының Троицк ауылында тұрады. Өзінің шаруа кожалығы бар. Жұбайы Гүлшара – «Ардакты ана» атағына ие болған ана.

Бөгеннің үлкен қызы Сәбира да сол Троицк ауылында, кіші қызы Гүлзира Жамбыл ауданының Орталық ауылында тұрып жатыр. Қазір Мұстафа Сегізұлынан тараған үрпактар он бестен астам шаңырақты құрайды. Бәрі де батыр атадан тарайтынын мактанды етеді.

МҰСАЙЫН АҚЫН СЕГІЗ СЕРІ ҰЛЫ

*Әкем – Сегіз, Мұсайын – менің атым,
Біржанға шәкірт болып шыққан даңқым.
Исатай, Махамбетті, Ер Бекетті
Жыр еткен жария болды жазған хатым.*

Қазақ халқының XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында өмір сүрген суырыпсалма әнші-ақындары мен ірі балуандарының бірі – Мұсайын Сегіз сері ұлы.

Мұсайын кім? Ол – әйгілі суырыпсалма әнші-ақын, күйші, композитор әрі халық батыры Сегіз сері Шакшакұлының (1818-1854) үшінші баласы. 1843 жылы – қоян жылы сәуір айының басында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Жекекөл (Благовещенка) жеріне қарасты Гүлтөбе (XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Маманай атанған) деген ну орманды, тұшы қөлді, көк шалғынды әсем конысты мекендейтін Кожаберген ауылында тұратын атақты әскербасы-батыр Сегіз сері Баһрамұлының шаңырағында дүниеге келген. Аталмыш облыстың Жамбыл ауданындағы Айымжан ауылына қарасты өзінің соңғы конысында – Қожамжар би қыстауы деген орманда 1920 мешін жылы желтоқсан айының аяғында бір апта ауырып, жетпіс жетіден жетпіс сегізге қараған жасында қайтыс болған. Мұсайын ақынның сүйегі сол маңдағы Сексен қажы бейтіне жерленген.

Мұсайын жас бала кезінде әуелде ауыл молдасынан оқып, қадымша хат таниды. Онан соң оны әкесі Сегіз сері сол төңіректегі қазақ, татар, орыс аралас тұратын елді мекен – Болатынай қалашығындағы медресеге оқуға береді. 1854 барыс жылы тамыз айының аяғында әкесі Сегіз сері ауырып қайтыс болады да, Мұсайын жетім қалады. Серінің зайыбы Ырысбике Мұсайын, Есболған деген екі ұлы мен қызы Бибізараны, асыранды бала – Сәпіні ертіп, Сегіздің немере ағасы Иман қажының ауылына көшіп келеді. Алайда конысының бөлектігіне қарамастан, Маманай ауылында тұратын Сегіз серінің немере ағасы Бәділ (шын аты – Бәделхан) балуан Шағырай сал ұлының көмегімен Мұсайын

окуын әрі қарай жалғастырып, Болатынай медресесін тәмам етеді. Соңан кейін Мұсайынды, Мұсажанды Бәділ балуан Қызылжар шаһарындағы (Петропавловскідегі) шағын медресеге оқуга береді. Мұсайын сол медресені 1858 жылы жазда тәмамдайды. Ол әрі қарай оқуды доғарып, ақындық жолға түседі. Бала ақын, бала балуан атанған Сегіз сері ұлы Біржан сал тобында болып, 1866 барыс жылышында караша айының басына дейін салдық-серілік құрады. 1866 жылы қараша айының басында Көшебе Керей Ақбас баласы Иман қажыға сәлем бере келген ел ағасы Есеней батыр Естемесұлына (1798-1871) (ол жылдары Батыс Сібір генерал-губернаторының Бас кенесшісі қызметінде болған) Сегіз серінің зайыбы Ырысбике Елғұнқызы (1821-1904 ж.) (елі – Бағаналы найман, оның ішінде – Қарабала) өз қолында қалған Мұсайынның үй шаруасына қарамай, қанғыбастыққа салынып, тындаусыз болып кеткенін айттып, шағым жасайды. Бірнеше ай бойы үйге келмей жүріп, жана ғана ауылға келіп, аттан түсіп жатқан Мұсайынды анасы көріп қалып, дереу Есенейге хабарлайды. Есеней советник шабармандарын жұмсап, Иман қажы Ақбасұлының орда-сына Мұсайынды шакыртып алып, одан көкіргене Құран ұстасып, сал-серілікті, ақындықты, ел аралап құресуді токтататынына серт беруін қатан түрде талап етеді.

Теріс батадан қорыққан Мұсайын Есенейдің талабын орындауға көкіргене Құран ұстап серт береді. Сол күннен бастап, Сегіз сері ұлы салдық-серілік құрумен қош айттысып, бірынғай қолөнершілікпен айналысып, сүйектен, темірден, ағаштан, қайыстан түйін түйетін он саусағынан өнер тамған жан-жақты шеберлігімен танылады. Сонымен қатар, ол егіншілікті де кәсіп қылады. Мұсайын ат бапкері, құс бапкері, тазы, қайың қаптал бапкерлері болған екен. Әрине, бұл аталғандар әнші-балуан Мұсайынның ата кәсіптері болса да, әкесі Сегіз сері батырдан он бір жасында жетім қалған ол аң аулауды, құсбегілікті, мергендікті қарт аңшы Есбол Сағындықұлынан (1780-1885), Сибанбай күйши Өтемісұлынан үйреніпті, ал ат баптауды аталас ағайыны Құдас Әлібекқұлынан, қолөнершілікті өз әкесі Сегіз серіге шәкірт болған, өзімен аталас ұста-зергер, балташы Сары

Карауылұлынан үйренген екен. Мұсайынды балуандыққа Аңдамас Есболұлы, Жұдырық, Доби, Қазы, Күшбай сияқты Керей елінің балуандары баулыған екен.

Сонымен бірге ол мал емшісі, керуен басы да болыпты. Ол ән-күй аспаптарында шебер ойнауды аталас туысы Сазанбай батыр Маманайұлынан үйренген екен. Есеней мырза Сегіз сері ұлына ауылға келіп түскенде, беташар той бастар, аужар шығарып айтуда ғана, елдегі атакты кісілер дүниеден өткенде, соларға арнап жоктау өлөндер шығарып беруге ғана, сырт елдің балуандарына қарсы құресетін өз жұртынан балуан шықпаған жағдайда ғана құреске түсуге рұқсат еткен екен.

Мұсайын жырау 1866 жылдың қараша айына дейін «Наурызбай – Ханшайым», «Жиенбай – Балқия», «Жарылғамыс – Алуа», «Айсара – Шорман», «Жаяу Мұса – Гүлхашима», «Жаяу Мұса – Сұрша қызы», «Бекет батыр», «Ерназар – Бекет», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Балта Керей Тұрсынбай батыр», «Ер Баһрам мен Гуландам», «Жанайдар батыр», «Жәуке батыр», «Дастан батыр», «Ер Ағыбай», «Қоянак женгей» және басқа тарихи әрі ғашықтық жырлар, қисса-дастандар шығарған. Осы арада бір ескертеп кететін мәселе, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Баһрам мен Гуландам» оқиғаларын Мұсайынға дейін де көп ақындар жырлаған. Ал «Наурызбай – Ханшайым» жырының Сегіз сері, Мұсайын, Көкбай нұсқалары бар, яғни оны осы үш ақын жырлаған екен. Жұсілбек қожа Шайхисламұлы «Наурызбай – Ханшайым» жырының авторы емес, ол тек оны кітап етіп бастыруши ғана. Өйткені, «Наурызбай – Ханшайым» дастанының Сегіз сері нұсқасының үзінділери 1857 жылы, толығы 1859 жылы Орынбор ведомствосында жарық көрген. Ал Жұсілбек қожа ол кезде дүниеге келмеген. Тіпті ол 1857 жылы туған күнде де бөбек шағында дастан шығаруы мүмкін емес. Ол былай да елге белгілі жайт. Бекет, Ерназар батырларды Мұсайыннан басқа сол Кіші жүз Әлімұлы ішінде Алты Шекті елінің өзінен шыққан Мұсабай деген ақын дастан етіп шығарған. Сол сияқты Тұрсынбай Ертісбайұлы, Ағыбай Қоңырбайұлы батырлардың әрқайсы-

сын жеке-жеке кисса етіп Мұсайыннан өзге де ақындар жырлағандары жүртқа мағлұм.

Сегіз серінің «Наурызбай – Ханшайым» дастанын шығарғанына оның өмірі мен көркем де тарихи туындыларың жинап зерттегендердің бірі әрі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басында өмір сүрген қазактың ірі ақындарының бірі – Шәңгерей Сейіткерейұлы Бекеевтің (1847-1920) «Сардар сегіз» атты тарихи киссасының ішіндегі мына төмөндегі шумақтың өзі-ақ дәлел бола алады:

*«Наурызбай – Ханшайымдай» Сегіз жыры
Орынбор баспасынан жарық көрген.
Бұл қисса қысқартылып шыққан кезде,
Бала едім медреседе оқып жүрген.*

Мұсайынның жоғарыда аталмыш дастандарын жатқа білетін адамдардан кезінде ешкім керек қып жазып алмағандықтан, ол мұралардың басым көпшілігі қолымызыда жоқ. Мұсайын ақынның біздің кезенге «Жәуке аға», «Қайран, Жәкем» (соңғысы Жанайдар батыр Орынбайұлына арналған жоқтау) атты жоқтаулары, «Жанайдар батыр» дастаны, «Сараң байға», «Үлкен тойда» және басқа аздаған өлеңдері, Дәмелі кызбен айтысы ғана келіп жетті.

Мұсайын ақынның 1908 мешін жылы қыркүйек айында екі көзі көрмей қалады. Ол жайында біреулер түсінде аян берген ақ қиімді, ақ түйеге мінген, колында асатаяғы бар ақсақалға ақын, балуан болам деп берген сертінен тайғаннан болды десе, енді біреулер ұсталық құрып отырғанда, көзіне шоқ тиген, сол шоқ болған ұсақ көзге тиген темірді Сарқыз деген етті әйел тіл салып алған дейді. Соңан соң Мұсайынның көздері нашар көретін болып, ақыры соның зардабынан екі көзі көрмей қалған деседі. Ал Мұсайын ақынның өмірінен ешбір мағлұматы жоқ кейбіреудердің: «Әкесі Сегіз серіден дарыған ақындықты екі көзі зағип болғандықтан Мұсайын әрі карай дамыта алмапты» деуі шындыққа жанаспайтын бос сөз екенін айтпасқа болмайды. Себебі ақындық дарындылыққа зағиптық токтау салған емес. Өйткені бала кездерінде екі көзінен зағип болған Шәже, Тоғжан, Өміrbай, Қақпан, Ажар, Зейнеп, Сахария,

Артық, Темірғали сиякты суырыпсалма ақындар өлеңді картайғанша айтқан ғой.

Әрине, Мұсайын заманында суырыпсалма әнші-акын, ірі балуан, дикан, аншы, құсбегі, атбегі, мал емшісі, ауа райын болжаушы (сәуегей), жан-жақты қолөнерші атанса да, өз әкесі Сегіз сері секілді аскан батыр, күйші, композитор, орысша сауатты кісі болмаған. Оның ағасы Мұстафа да әкесі Сегіз сері сиякты үлкен батыр, үлкен композитор, үлкен күйші танылmasa да, біршама жақсы батыр, біршама жақсы композитор әрі сынықшы, әрі жауырыншы адам болыпты. Бірақ ол да орысша оқымаған кісі, тек қадымша сауатты, молдалық білімі бар. Мұсайын да, оның ағасы Мұстафа да орыс тілінде біршама жақсы сөйлей білген. Оны соларды көздері көрген карттардан естідік.

Мұсайын Біржан салдан басқа Көрпе, Шәрке сері сынды суырыпалма әнші-акындарды да ұстаз тұтқан.

Мұсайын қобыз, сыйбызы, сырнай (гармонь), скрипка, домбыра, жетіген сиякты ән-күй аспаптарын да өте жақсы тартқанын, оның аскан қобызышылардың бірі болғанын көнекөз кариялар әңгімелеп отырушы еді.

Сондай-ақ, Сегіз сері ұлынан балуандық жолға түсөрде Жансейіт Тәсібекұлы (1863-1914), Конқай Қойшыбайұлы сиякты аталас інілері бата алған екен.

Әнші-акын Мұсайын өз тұсында Сыздық төре Кенесарыұлымен, Мұқан Құлыкешұлы, Акан сері Қорамсаұлы, Байеке Айдаболұлы, Біржан Толымбайұлы, Жақып³² сынды жүйріктермен, Мейрам қажы Жанайдарұлы (1844-1921), Жүсіп қажы Жансақалұлы, Шынтемір қажы Шорманұлы, Әлти қажы Көкенұлы, Үмітбай мырза Күзембайұлы, Нұрғожа Құрымбайұлы сынды мырзалармен, Наурызбай, Ораз, Сегіzbай, Тоқа сынды балуандармен төс қағысқан дос болған.

Мейрам қажы Жанайдарұлы, Әлти қажы Көкенұлы (1843-1921), Ақыш қажы Алжығанұлы, Нұрмәғамбет қажы Сағынайұлы (1848-1925), Үмітбай мырза Күзембайұлы,

³² Жақып – Тобыл өзені бойын мекендейтін Балта Керейден шықкан суырыпсалма әнші-акын.

Нұрғожа Құрымбайұлы, Жұсіп Жансақалұлы, Шынтемір Шорманұлы, Дәүлетімбет Керей Байжан, Жұрнаш, Қантай Керей Дүйес, Баубек шонжарларға Мұсайын шебер киіз үйдің әр түрінің сүйегін жасап, әрі терезе орнатып берген екен. Сонымен бірге Мұсайын балуан қолы ашық, жомарт кісі болыпты. Ол өздеріне конакқа келген құдалары Сыздық, Ахмет, Жәкі Кенесары хан ұлдарына үш бәйге атын мінгізіп, иықтарына қасқыр ішіктер жауып, құймені қоса сыйлаған екен. Сол үш жүйрік ат барған сон, бір жылдан кейін Созак өнірінің жеріне үйреніп, бұрынғыша астарда, тойларда жарыста озып келіп, бірінші, екінші бәйгелерге иеленген. Сол үш аттың ішіндегі өрен жүйрік қек қасқа ат Созак, Үзкент, Түркістан, Шымкент өнірлеріне «Мұсайынкөк» деген атпен танылған. Әрине, ол атқа Мұсайынкөк деген есім берген Сыздық төре екен. Наурызбай төреден қалған жалғыз қыз – Менсұлуды ағасы Сыздық сұltан Көшебе Керей Сегізсерінің үлкен баласы Мұстафа батырға ұзатыпты. Сондықтан Мұсайын ақын Кенесары хан балаларымен туған құда екен.

Малы жұтқа ұшырап, киын халде қалған құрдасы Ыбырайым Алдайұлы аңшыға Мұсайын әнші «Осының бәйгелеріне келген малдарды өсіріп, шаруанды түзетіп ал!» деп, өзінің бірдің соңы боп келіп, екінші бәйге алыш жүрген ак қек атын сыйлапты

Сегіз сері ұлы өзі жасаған бұйымдарының артылып қалғанын жетім-жесірлерге, кедей-кепшіктерге, жарымжандарға, перзенті жок кәрілерге, көршілеріне тегін береді екен.

Көшебе Керей Құзембай мырза Итемірұлы (1826-1919) Қызылжар уезіндегі мұсылмандарға төбе би болған кезенде Мұсайын соның жүз жігітін басқарып, ел ішіндегі барымтаға, үрлыққа тыйым салған екен. Ол кей кездерде сол Құзембай мырзаның керуенбасы болған.

Әлти қажы Көкенұлы сән-салтанат құрған Мұсайын құрдасын «Керейдің де, кедейдің де кербезі» деп, кемітіп сөйлейді екен. Бірақ Сегіз сері балалары Әлти айтқандай, кедей болмапты. Мұстафа, Мұсайын, Мұсақан, Есболған Сегіз сері ұлдары ауқатты шаруалар болыпты. Өйткени олардың әрқайсысы 150 (жүз елу) жылқыдан, 100 (жүз)

шакты түйеден мал, аз да болса егістік, шабындық жерлер иеленген. Әуелде қонысы мол Толыбай сыншы ұрпақтарының жер-сүн казак-орыс байлары кесіп алып, ақыры олар қоныссыз қалған екен.

Серіз сері ұлынан ақындық жолға түсерде Қылыш Тұрлыбайұлы (1857-1923), Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы (1858-1930), Қожамбет Ордабайұлы (1858-1932), Мұстафа Бейсенұлы (1870-1936), Намаз, Ахметжан, Әміре, Жұніс есімді әнші-ақындар бата алған екен. Қолөнершіліктегі Мұсайыннан Рахмет Оспанұлы, Айтбай Ізтөлеұлы, Теміrbай Хайралапұлы, Омар, Сағындық балуан деген шеберлер шәкірт болып, одан үлгі-өнеге алыпты.

Мұсайынның Дәмелі ақын Айтасқызы есімді әйелінен Ақжұніс есімді қызы, Шаймұхаммед, Нұрмұхаммед атты екі ұл туған екен. Шаймұхаммед (1875-1894) атасы Серіз серіге тартқан әнші, балуан, өжет кісі екен. Серіз сері атасына, Мұсайын әкесіне тартқан Шаймұхаммед өте әдемі, батыр тұлғалы, биік бойлы, сымбатты, өткір көзді, айбарлы жігіт болыпты. Эрі молда, әнші-балуан Шаймұхаммед, оның келіншегі – Жәмила, анасы – Дәмелі ақын – үшеуі арасы қырық бес күннен 1894 жылқы жылы жазда ауырып қайтыс болады. Шаймұхаммед көздігіп ауырған екен, одан ұрпақ жоқ. Ал Ақжұністен (1871-1957), Нұрмұхаммедтен (1877-1961) ұрпақтар бар.

Нұрмұхаммедтің лақап аты – Тырқай, қызы – Рәбиға (1898-1972), баласы – Нұрғожа (1900-1975) алғаш рет қадымша өз атасы Мұсайын қобызшыдан хат танығандарын айтуши еді. Серіз сері ұлы жыраудың шәбересі Қаби Нұрғожаұлы (1927-1977) ірі әнші болды. Оның кіші ұлы Бектас Солтустік Қазақстан облысының Преснов ауданындағы Айымжан орта мектебінде мұғалім болып қызмет атқарады. Бектас Қабиұлы да домбыра тартып, ән салады, бірақ ол ақын емес.

Мұсайынның әкесі Серіз сері сиякты ауа райын болжайтын сәуегейлік қабілеті болғанын соңғы әңгімелеген Құрманғожа Шошайұлы (Шошайдың шын аты – Ғабдолла) Каражанов аксақал Солтустік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Кайранкөл кеңшарында тұрды.

Мұсайын қайтыс болғанда (сол 1920 жылы желтоқсан айының аяғында), оған Қылыш Тұрлыбайұлы, Шағырай Төбетұлы, Үкіл Ұбырай Сандыбайұлы, Қожамбет Ордабайұлы, Мұстафа Бейсенұлы, Әміре, Жұніс ақындар арнап келіп, оның баласы мен немересіне өлеңмен көңіл айтып, аруақтың орнына дүға оқып, Сегіз сері ұлы балуанға жоқтаулар шығарады, ол туындыларды жазбаша күйінде қалдырады. Жоғарыдағы атамыш жырауларға жоқтаулар шығарып, өзіне сыйлағаны үшін Нұрмұхаммед Мұсайынұлы бір-бір бие беріп, иықтарына бір-бір жаңа қара тон жауыпты.

Мұсайын жыраудың Дәмелі қызбен айтысының үзіндісі 1988 жылы «Қазақстан әйелдері» журналының 6-санында жарық көрген Ғазиз әнші Мұсағұлының «Дәмелі ақын» атты ғылыми мақаласынан орын алды. Сонымен бірге Сегіз сері ұлы жыршы өз әкесі туралы филология ғылымдарының кандидаты әрі ескі жазудың шебері Т. Сүлейменовтің «Өнер» баспасынан, драматург-жазушы Н. Әбуталиевтің «Жалын» баспасынан 1991 жылы жарық көрген бір-бірімен аттас «Сегіз сері» атты әдеби зерттеу енбектерінде кездеседі.

Мұсайын ақынның толғауы

Дәл он алты жасымда,
Ел ішінде ерке едім.
Қыз-бозбала қасымда,
Ойын-тойдың көркі едім.

Әншілер еріп соныма,
Домбыра, қобыз қолымда.
Балуан болдым топ жарған,
Болмай бөгет жолымда.

Жиырмадағы жасымда
Құндыз бөрік басымда
Мұсайын ақын атандым,
Біржанның еріп қасына.

Сайран салдым, жыр айтып,
Көрген емес бет қайтып.
Дестелеп өлең шығардым,
Қобызға қосып кисса айтып.

Сол бір жастық шағымда
Райхан гүлдей жайнадым.
Сөйлес қылып боз үйге,
Кермеге бәйге ат байладым.

Жарыска қосып атымды,
Аста, тойда бәйге алдым.
Көпке сыйлап олжамды,
Жұрттың қамын ойладым.

Бұлбұл құстай сайдадым,
Сыннан өтіп қайралдым.
Әнші, күйші, сері боп,
Еркімше той-тойладым.

Жиырма бесте зергер боп,
Қылыш, мылтық жасадым.
Бейітке кояр тастарға,
Жазуды жазып (оыйып) қашадым.

Найза, кол оқ ұштарын
Сегіз қырлы етіп соғушы ем.
Әрім талдар дайындал,
Шалқайма қорап тоқушы ем.

Ағаштан шауып әсем қып,
Аяқ, табак, тегене,
Әдемілеп жасадым,
Жұқаяқ пен кебеже

Өгіздің кос-кос мүйізінен,
Төрт сирағын орнатып,
Арқалықты жұм-жұмсақ,
Орындық жасап жайнатып.

Тұзу ағаш қайнатып,
Ретке салып игенмін.
Он сегіз, жырма қанат қып,
Жасадым орда сүйегін.

Ноқта, жүген, делбенің
Өруші едім талайын.
Өрдім қамшы түр-түрін,
Дейтіндей қайсын алайын.

Мақтаншылық жараспас
Біз сияқты көріге.
Сонда да болса айтамын,
Шындық істі бәріңе.

Дұрыс жүріп, адап боп,
Қасиетімді жоймадым.
Алпыс алтыға келгенде
Көзімді аман қоймады.

Жазуы шығар Алланың,
Көрдік басқа салғаның.
Ұлғайған кезде қын-ау,
Фаріп болып қалғаным

Екі көзден айырылыш,
Орнады маған ауыр күн.
Қос шамшырақ нұры өшіп,
Белгісіз болды күн мен түн.

Рабиғам мен Нұрғожам,
Қолымнан мені жетектеп.
Орыннынан қозғалсам,
Айды келінім өбектеп.

Келін балам Еркетай,
Ренжіме дейді атам.
Нұрмұхаммед ол да жүр,
Жанында дейді үш ботан.

Данқы шыққан ерлерім

Жасымнан жетім қалсам да,
Ат жалын тартып мінгенмін.
Біржан салға шәкірт боп,
Он бес жастан жүргенмін.

Шәкірт болдым Біржанға
Сегіз жылдан артықтау.
Бозбалалық күндерде
Кызықтан кім бас тартыпты-ау.

Жиырма үш жастан асканда,
Өлеңді тастап кетіп ем.
Балуандықты тоқтатып,
Қазыға³³ қызмет етіп ем.

Шабарман боп әуелі
Жұзбасыға жетіп ем.
Колөнерін қәсіп қып,
Шеберліктен кетіп ем.

Өтінген соң халайық,
Айтайын өлең азырак.
Ерте солған гүл едім,
Болсам да бір кез қызғалдақ.

Әкем Сегіз тұсында
Айтайын болған ерлерді.
Серілік құрып жүргенде,
Шарлап ем біраз жерлерді.

³³ Казы деп ақын бұл жерде Аманқарағай, Кекшетау дуандарында аға сұлтанға орынбасар, яғни заседатель болған Итемір Барлыбайұлын айтып отыр. Кызылжарлық Орта жүз Көшебе Керейден шыққан сұлтандардың бірі – Итемір мырза Барлыбайұлы 1861 жылы 4 сәуірде Ресей патша өкіметінен Анненская лента қадаған алтын медаль алған, Казак аксүйегі атағын алған

Арқадан шыққан ерлерім
Нияз сері, Кошқарбай.
Дастан, Кеген, Бекбатыр,
Жанайдар, Жәуке, Ағыбай.

Иман, Қошқар, Шәкір мен
Әлке, Базар, Төлебай,
Сүйір, Сүйін, Қуаныш,
Сазанбай мен Мәненбай.

Басықара, Жолан мен
Аңғал, Мыңбай, Таңыбай.
Кіші жұзден шықан еді
Махамбет пен Исадай,
Ерсары мен Қалдыбай,
Таңатар мен Иманбай,

Есмағұл мен Қабыланбай,
Ахмет пен Қожаҳмет,
Науша менен Нысанбай³⁴,
Арыстан мен екі Есет³⁵,

Есмайыл мен Досмайыл,
Жанғожа мен Төлебай³⁶.
Ырысалды, Үбі, Жанғожа,
Ақтан, Құрман, Бұғыбай,
Ерназар, Бекет, Бұқарбай.
Досқожа мен Толыбай –

Осылардың ішінде
Таныс болған асылдар,
Жас кезінде ер болып,
Жауға түскен жасылдар –

³⁴ Нысанбай – Исадай Тайманұлының інісі

³⁵ Екі Есет деп Беріш Есет би мен Шекті Есепті айтып отыр

³⁶ Төлебай – Исадай Тайманұлының екінші інісі

Нияз, Дастан, Сазанбай,
Жанайдар, Жәүке, Ағыбай,
Жолан, Кошкар, Шәкір мен
Жанғожа, Есет, Бұқарбай.

Әкемді көрген осы ерлер
Жас жігіт демей өзімді
Мейман етіп құрметтеп,
Тыңдады өлең сөзімді.

Сегіздін ұлы келді деп,
Маңайын түгел жинады.
Шығарып өлең айтқан соң,
Ағайыны да сыйлады.

Әрқайсысы бұлардың
Ат мінгізіп, шапан кигізді.
Дос болғанын әкеммен
Әнгіме айтып білгізді.

Бұларға кейін өзім де
Киіз үйдің сүйегіне
Күймені қоса сыйладым,
Мейман боп елге келгенде.

Аруақ қонған кәрінің
Батасын алдым бәрінің.
Жасап бердім әр түрін
Мал емдейтін дәрінің.

Жоғарыда аталған
Орта жұз, Кіші жұз ерлері
Көп соғысқан кәпірмен
Тазарсын деп елдің жерлері.

Өз тұсында батырлар
Үш жүздің болған қорғаны.
Сакталсын деп қазактың
Өзен, көл, тау, орманы.

Әкесі Серіз серіге шығарған өлеңі

Әкеміз Кенеге ермей Арқадағы
Шығарып талай дастан, әсем әнді.
Кіші жұз, Конырат, Найман елде жүріп,
Жыр еткен өзі көрген замананы.

Нагашым Бағаналы, затым Керей,
Жүйрік ем озып жүрген Бәйгекердей.
Серлікті жиyrма үш жаста мен тастадым,
Жақсының сөзін сыйлап Есенейдей.

Көрсе де жетімдікті ғаріп басым,
Әкемнің сақтап қалдым қолжазбасын.
Кадымша хат жазатын сауатым бар,
Әлеумет айтсам егер сөздің расын.

Әкем – Серіз, Мұсайын – менің атым,
Біржанға шәкірт болып шықкан данқым.
Исатай, Махамбетті, Ер Бекетті
Жыр еткен жария болды жазған хатым.

Дәмелі Айтасқызымен айтысы

Қазак халқының XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген суырыпсалма әнші-ақын қыздарының бірі – Дәмелі Айтасқызы (1843-1894).

Дәмелі қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының орталығы – Қызылжар (Петропавловск) қаласынан бір жарым шақырым жерде Отарбай қыстауын мекендейтін Әзберген ауылында Айтас жыраудың отбасында дүниеге келген, яғни 1843 қоян жылы көкек айында туған. Анасының есімі – Бәтіш.

Ол бала кезінде ауыл молдасынан оқып, қадымша хат таниды. Кейін Айтас жырау жалғыз кызы Дәмеліні Қызылжардағы медреседе оқытады. Өзі ақын-жырау, әнші, музықант болғандықтан, Дәмеліні өнерге де баулиды,

кисса-дастандар, өлеңдер жаттатып, ән салғызып, домбыра, сыйбызғы, кобыз тартуды үйретеді. Дәмелі өзі туып-өсken өнірдегі ертеректегі және әкесі Айтаспен тұтас ақын-жыраулардың өлең-жырларын жаттап өседі. Ол Кожаберген, Салғара, Сегіз сері, Нияз сері сияқты сол өлкеден шыккан әйгілі композиторлардың әндерін шырқап, күйлерін тартады. Дәмелі Дәстем сал, Жанкісі, Жанак, Шағырай сал, Жанат сері, Сазанбай, Сибанбай, Дайрабай сияқты белгілі күйшілердің шығарған күйлерін де домбырамен, сыйбызғымен, қобызбен жақсы орындаған. Ол Кожаберген жырау шығарған «Елім-ай», «Ер Қекше», «Ер Қосай», «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Омбы шайқасы» киссаларын, Жанкісі Қошекұлы жырау (Найман Жанкісі емес, одан үлкен Керей Жанкісі) шығарған «Бердіғожа батыр», «Бөгенбай батыр» (үлкен Бөгенбай, яғни Керей Бөгенбай туралы жырды (Қанжығалы карт Бөгенбайдан бұрынғы Бөгенбай)) дастандарын, Сегіз сері шығарған «Айман – Шолпан», «Кыз Жібек», «Қозы Қорпеш – Баян сұлу» (басқа ақындардікінен бөлек екі нұсқасы), «Бармак батыр», «Ер Тарғын» (бір нұсқасы), «Қамбар батыр» (бір нұсқасы), «Қабанбай батыр» (үшінші нұсқасы) және басқа эпостық жырларды жатқа білген.

Дәмелі әнші, ақын, домбырашы қыз, молда қыз, тігінші қыз атанып, ел ішінде зор беделге ие болған шакта оны сол Қызылжар (Петропавловск) аймағына данқы шыкқан, балуан, әнші, күйші ретінде көпке таныла бастаған жас ақын Мұсайын Сегіз сері ұлы 1860 мешін жылы ел жайлауға шығардан бұрын жаздың бас кезінде әдейілеп іздеп келеді. Оның қасында Жүсіп Алдай баласы деген жігіт жас әнші жігіт болады.

Кермеге ат байлаған екі жігіт Айтастың он екі қанат ак ордасына сәлем беріп, кіріп келеді де, өз беттерінше төрге шығып, жайғасып отырады. Себебі Айтас қария тәсағашта (ағаш кереуетте) жалғыз өзі үйықтап жатады. Боз үйдің ішінде басқа ешкім болмайды. Айтас жатқан тәсағаштың тұсында үкілі домбыра ілулі тұрады. Мұсайын домбыраға қызығып, оны алып тартқысы келсе де, еш реті болмайды. Өйткені Айтастың тәтті үйқысын бұзғысы келмейді. Жол-

дасының домбыра тарткысы келгенін сезген Жұсіп сыртқа шығып, коржындағы құрама домбыраны алып келеді. Ақбоз үйге Жұсіп қайта кіргенде, Айтас үйқысынан оянып, көзін ашады. Сол шакта Мұсайын мен Жұсіп «Асса-лау мағалайкум!» деп дауыстап сәлемдесіп, Айтасқа қол бе-ріп амандасады.

Айтас екі жігіттің берген сәлемдерін алып, олардан жөн сұрайды. Жастар жөнін айтады. Соナン кейін Айтас жастықтан басын басын көтеріп алып, көрпесін иығына жамылып, маңын қымтай отырып: «Жарайды бөтен балалар емес екенсіндер. Сегіз серінің баласы болсан, домбыраны босқа ұстап жүрген жоқ шығарсың. Сыңайы ақын жігіт көрінесін, лебізінді тыңдайық, тезірек бірдене деп жібер» дейді. Сол кезде есіктен бір көркем қыз кіріп келіп сәлемдесіп, қайтадан сыртқа шығып кетеді де, көп айналмай, үйге қымыз қүюлы тегеш әкеледі. Онан соң барып, шара аяқтар мен қымыз ожау әкеп, тегештегі қымызды ожаумен сапырып, шара аяқтарға құйып, әкесіне, екі мейманға бір-бірден ұсынып, колдарына ұстатады. Иек сипап, қымыздан нығыз бір жұтқан Мұсайын домбырасын құрап, жөнге келтіріп, әнді биік шырқап, былай дейді:

— Көп елді, ақын ата, араладың,
Байқадың сан жыраудың шамаларын.
Мен сізге сәлем бере бұрылып ем,
Аман ба бәйбішеніз, балаларың?

Ақынсыз кезінде айтқан бектің мінін,
Адамсыз аттамаған алаш жібін.
Амандық-саулық сұрау бізге міндет,
Саламат шығар, ата, аға-інің.

Есен бе, ауыл-аймақ, елі-жұртың,
Келе сап оятуға бата алмадым.
Төсекте тәтті үйқыға шомып қапсың,
Дауыстап сізге жауап ката алмадым.

Эуелден атағыңды естіген соң,
Бөгелмей тұсыныздан өте алмадым.
Жасы үлкен осы ауылда қария деп,
Тоқтамай шаңыракқа кете алмадым.

Кісі емен жұртты әуре қып қинайтұғын,
Саудагер емеспін мал жинайтұғын.
Кешегі Сегіз сері баласымын
Үлкенді әрқашан да сыйлайтұғын.

Кәрілікке белшенізден батып қапсың,
Күш қайткан карт бурадай жатып қапсың.
Бақ қонған тандайына жүйрік едін,
Жас жетіп, қайран ата, жүдеп қапсың.

Жолшыбай ауылдарды араладым,
Бәрін де жағдайлы деп шамаладым.
Жұрттыңың үлкен-кіші ұлын көріп,
Ішінен сөзге ұстасын таба алмадым.

Жөн сілтер жеткіншекке болса данан,
Үлгілі ер адаспайды басса қадам.
Осы үйдің кермесіне ат байладық,
Әйгілі бар деген соң жырау адам.

Атеке, келгеніме болма алан,
Талапкер еліндегі мен бір балан.
Ақ марал ордаңызда бар деген соң,
Көрмек боп жарқын жүзін бастық қадам.

Ежелден істін жайын ақын білген,
Дұрыс қой жөн сұрасып «бұл кім?» деген.
Жат емен тұбім бірге Көшебемін,
Жас аңшы ем ақбөкенді іздеп жүрген.

Жан емен жыр дүниесін тарта алмаған,
Кезім жоқ қашағанды қайтармаған.

Дем алған төсағашта сізден басқа,
Бар еken мұнда ақмарал жаутандаған.

Төрінізде ілулі түр сар домбыра,
Дегендей ұстап көріп құлақ бұра.
Арада сіз жатқан соң алу қыын,
Ұят қой үлкенді attап бару турға.

Сұлудан үміттіміз сылаң қаққан,
Шашқа шолпы, құлаққа сырға таққан.
Жігіттің біз сияқты көзі түсер
Бар еken ақку құсын қолда баққан.

Аққуын домбыраны әпермей түр,
Шамасы көрінеді ән-қүйден құр.
Болмаса әдел сақтап тұрғаным,
Әйтпесе, гөзел ме еken сөздері пұл.

Ақ марал бота көзі жаутаң қағып,
Сөйлейтін сияқтанады сөзін бағып.
Бозша нар инабатты қарап қалды-ау,
Жымын, касын керіп, күлім қағып.

Ақбекен ыңғайлы еken жүртқа жаққан,
Әлде бұл жүйрік пе еken жұлдызыша аққан.
Данқты Сегіз сері баласы едім,
Қатардан жас болсам да оза шапқан, –

деп, дауысын көтере шырқап, одан кейін дауысын баяулата келіп, бір тыныстыңды. Бұл кезде Дәмелі жинамалы, төрт сиракты дәңгелек үстелді әкеп құрып, үстіне дастарқан жайды да, дастарқанға тағамдарын әкеп қойып, шыныаяқтарды әкеледі. Онан соң ак самауырынды қайнаған күйінде әкеліп қойып, шай беру қамына кіріседі. Меймандарды, әкесін қыз шайға шақырады. Бірақ Мұсайын қыздың сөзін естімеген болып өлеңді әрі қарай жалғастырып, қайтадан әнін шырқайды. Сегіз сері ұлы ендігі өлеңін Дәмеліге арнайды:

Ақ марал кездескенде дәл осылай,
Ақындық шарты келмес жыр жосылмай.
Сибанда Шимойынның бұлбұл құсы,
Жарыска қаласың ба шын қосылмай?

Сөйлемен, құрбым, сізге сөзді бұлдай,
Жүрем бе жас болған соң сауық құрмай.
Фархад пен Шырын болып отырап ек,
Аккұман, ақ самауырын бөгет болды-ай.

Аккұман, бүйтіп тұрған күйің құрсын,
Бурадай жын шақырган құнің құрсын.
Бұрқырап иінінен буың шыққан,
Самауын, сарқыраған үнің құрсын.

Қалайды сүйген жүрек көркем жарды,
Тарқатпақ боп келіп ем шер, құмарды.
Қосуға қос ғашықты кедергі боп,
Дастархан арамызда тұра қалды.

Бекенді мейманынан бірден қорып,
Төрт сирак дөңгелек үстел бөгөу болып
Тұрса да, замандасым, телдесейік,
Өмірдің келешегін оймен шолып.

Сонда Дәмелі төрде ілулі тұрған домбыраны алып тартып,
әнге басып, былай депті:

Жігітсің өлең қонып, шабыттанған,
Жүйріктей арба жегіп қамытталған.
Замандас, жүрісіңін мәнін айтшы,
Сапарың қай тұстарға бағытталған.

Ісіннен ойыңа алған ұтылмассын,
Тұсуге келсен, тордан құтылмассын.
Койылса ықыласың біздің жакқа,
Ешқашан дәл осындей жұтынбассын.

Алдымен ас ауыз ти, құрбыласым,
Құрметтеп үй иесі ықыласын.
Әдейі қойған шайды ішпей кетсен,
Ісіңнен ойына алған ұтыласын.

Әнші-ақын болсан-дағы өнер қыскан,
Күндеген не демейді сырттан дұшпан?
Жолаушым, кербезденбей, асынды іш,
Пайғамбар дәм дегенде тақтан ұшқан.

Мейманым, мынау ісің келіспейді,
Қандай жан біздің колдан ас ішпейді.
Ермісің мейманасы асып жүрген,
Кастықтан бұл қылышың кем түспейді.

Мұсайын алдындағы шара аяқтағы қымызды басына көтеріп, іше салып, домбырасын қағып-қағып жіберіп, әнге салады. Айтыс осылайша басталады.

Мұсайын:

Сөзінді өуелі айтқан ұға алмадым,
Мойнымды ән айтудан бұра алмадым.
Жастықтың әуресімен саят құрып,
Мәжіліс кер маралмен құра алмадым.

Бабамыз Адам ата жаралғанда,
Жаратқан сынар етіп Хаяу ананы.
Жалт етіп әлдекалай қарағанда,
Гөзелсің, ғашық еткен бозбаланы.

Дәмелі:

Анғардым көмейінде жырдың молын,
Ән салып, күй тартудан тимей қолын.
Молдалар медреседе айтпаған ба,
Үлкен деп әрқашан да дәмнің жолын.

Замандас, әнді тоқтат, шайынды іш,
Орынсыз өлең айтып, көрсетпе күш.

Тостырып берген асты қоямысын,
Көргендей шала үйқыда қолайсыз тус?

Мұсайын:

Тәнірғе аманат қой пенде жаны,
Төгілген кей ғашықтың босқа қаны.
Жолында қосылудың жапа шеккен,
Еске алсан Жұсіп пенен Зылиханы.

Айтпасам келген жайды болмас білем,
Оны айтпай сөзге құлак салмас білем.
Болмаса Жайылғанның ақ маралы,
Несіне басқа қызыбен ойнап-құлем?

Дәмелі:

Сұнкарсын, шырқай үшқан қона алмайсын,
Тұлпарсын, етін қызыса оралмайсын.
Құрбылас, аскактамай шайынды іш,
Кайтсендे дәмнен үлкен бола алмайсын.

Құрама домбыраны алдың қолға,
Ағылтып өн шырқайсын оң мен солға.
Құмартқан қызыл көріл сен бір қыран,
Тұсерсің ұзамай-ақ құрган торға.

Мұсайын:

Мен болсам – жем іздеген қыр сұнкары,
Кез боп түр Қызылжардың аққулары.
Жігіттің тіршілікте арманы жок,
Жолықса іздел жүрген ғашық жары.

Қорлықта Ханафия болған шакта
Дәм жазып ғашық еткен Әминаны.
Құмармын атағыңа көптен, құрбым,
Азапқа салма біздей бозбаланы.

Дәмелі:

Өзінді өнер қуған жігіт десек,
Жақсының баласы деп есептесек.
Тым шапшан, қызба жігіт көрінесін,
Болар деп жайың қалай көніл бөлсек.

Болсан сен – қарабайыр я топыраш,
Жұргенде су төгілмес мен – бір жорға.
Асықкан ажалыңа, аңғал жігіт,
Құларсың омақа аса қазған орға.

Болғанмен көркем жігіт жырың кесек,
Күғаның ертелі-кеш өнер десек.
Қаз мойын, жібек жалды сәйгүлікпін,
Шаңыма ілеспейсің қатар жұрсек.

Мұсайын:

Жігіттің сұлу көрмей бармас дәті,
Кей кезде түсе қалар істің сәті.
Кез келген адам ерттеп мінетүғын,
Жылқының болсан-дағы қазанаты.

Пенденің бағалайды пенде басын,
Түсірер ару ердің ықыласын.
Жұргенде су төгілмес жорға болсан,
Іліндің бұғалыққа, құрбыласым.

Гөзелмен сал-сері ойнап құлетүғын,
Асылды жаксы танып білетүғын.
Сәйгүлік екенінді өзің айттын,
Жүйрікті біздей ерлер мінетүғын.

Мінуге ерге лайық болсан жорға,
Иншалла түсіп тұрсын біздің торға.
Ерттеп ап сәйгүлікті мінген жігіт,
Құлар ма шұқанақтай қазған орға?!

Өзім де қаз мойын ат іздел едім
Шыдамды қажымайтын ұзак жолға.
Аккуды ілгермін деп көздел едім,
Дәмелі, қонып тұрсын бүгін қолға.

Дәмелі:

Дегендей осы тұстан аялдарсың,
Абайлап сөзбен қақтың, күрбыласым.
Ағат сөз айтып қалсам, көңіліңе алма,
Мен сізден алыс кетпес замандастың.

Әкемнің жыры асыл, дәстүрі артық,
Жеңіп тұр оны бірақ шіркін қарттық.
«Білмеген у ішеді» дегендейін,
Ғафу ет, айтқан сөзде болса артық.

Кек тұтпау белгісі ғой жақсы адамның,
Қатесін кешіріңіз біздей жанның.
Әзіл сөз күрбыға айтқан айып болмас,
Кеменгер ісін шешкен адасқанның.

Мұсайын:

Замандастар, ренжіме келгеніме,
Қуанам қарабайыр дегеніне.
Ақыны Көшебенің атансан да,
Келмеген жас жігітпін кемеліме.

Ақын қызы Жайылғанда бар деген соң,
Құмартып келіп едім өнеріне.
Ғашықтар пірі болған Ләйлі-Мәжнұн
Жетпеген косыла алмай дегеніне.

Тұсалып туласан да құтылмас бол,
Таузардың кез бол тұрсын мергеніне.
Шын сұлу көзі жетсе, ұялмас бол,
Өзінің уәде берер сүйгеніне.

Дәлдеген тоқтата алмас мерген оғын,
Әр пенде іздел шығар қолда жоғын.
Дәмелі, токетер сөз сізде қалды,
Тәмамдап аяктағым сөздің соңын.

Тірліктे өнерлінің алды жарық,
Ыңғайлы есті кісі болмас ғаріп.
Мен сізге үмітті боп құрдым ауды,
Болсан да терен жүзгөн суда балық, –

деп Дәмеліні сөзден тоқтатады. Сөйтіп барып, тағам жеп, шай ішеді.

Тамақтанып болған соң жас өнерпазға қазак рәсімін жасап, бет сипайды. Онан кейін балуан ақын: «Ата-еке, үлкеннен сарқыт!?» – деп, қолындағы домбырасын әдеп-пен Айтас жырауға ұсынады. Айтас жас жырау ұсынған домбыраны қолына алып қағып-қағып жіберіп, тамағын бір кенеп қойып:

Жыр айтып елді аралар,
Жақсы келдің, балалар.
Сіздерге тілек тілейді
Біз сияқты бабалар, –

деп бастап жастарға өлеңмен алғыс айтады. Екі өнерпаз карт жырауға ризашылықтарын білдіріп, көп-көп раҳмет айтады. Соңан соң Жүсіп біраз ән мен күйді домбырага қосып орындал береді. Мұсайын сол жолы Дәмеліге сөз айтып, екеуі қосылмақ боп уәделеседі. Серіз сері баласы ауылына барған соң, арнаулы кіслер жіберіп, Дәмеліні өзіне атастырады. Сол жолы ел хан жайлаудан оралған соң, Мұсайын мен Дәмелі қосылып, бас құрайды. Сол 1860 жыл – мешін жылды қыркүйек айының басында үлкен той жасайды.

Дәмелі қыз кезінде көп бозбалаларды айтысып женген, бірақ Серіз сері баласынан ұтылып қалған. Дәмелі ақынның боз балалармен айтыстарынан басқа өзінің көшке мінетін бозжорғасымен айтысы, ақ лак пен одан жеріген саулы

ешкіні айтыстырғаны бар. Өзінің көзі тірісінде оның өлөндері ел ішінде кеңінен тараған. Қазір жұрттың қолдарында Дәмелінің жоғарыда берілген Мұсайынмен айтысығана толық сақталған.

Дәмелі Айтаскызы 1894 жылғы жылдың басында ел хан жайлауға шығардан аз-ақ қун бұрын ауырып, казіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Айымжан ауылына қарасты «Қожамжар қыстауы» деген жерде өз үйінде қайтыс болған. Бейіті сол мандағы Сексен балуан қорымында.

Жанайдар сардар

(Дастан)

Бісміллә деп бастайын,
Жансақ сөзді қоспайын.
Жанайдар ерді қисса етіп,
Ұрпаққа мұра тастайын.

Орта жүз Арғын ішінде
Сүйіндіктің жұртынан
Шықкан еken Жанайдар
Батыр болып құлпырған.

Төртуыл Арғын атасы
Сүйіндіктен тараған.
Биғаш деген ерінің
Аузына жұрты қараған.

Дұшпанды қуған кезінде
Биғаш батыр бабасы,
Дуалы ауыз ол ердің
Қабыл болған тобасы.

Биғаштан туған Орынбай
Шешен боп топта сөйлеген.

Мәжік ата әuletіне
Тоқтауылды қосып билеген.

Ашамайлы Керейде
Тіленші биден бата алған.
Ғаділ болып жасынан
Орынбай қазы атанған.

Содан туған арыстан –
Жанайдар деген сері еken.
Дұшпанның тісі батпайтын
Адамзатта бөрі еken.

Тірісінде Жанайдар
Аты шұлы ер еken.
Төртуыл, Тоқтауыл елінің
Заманында begі eken.

Енді айтайын, жарандар,
Жанайдар сардар жағдайын.
Талаптанған шаһбаздын,
Алла түзер мандайын.

Он бес жасқа келгенше
Медреседе оқыған.
Ғұлама сөзін бек тыңдал,
Миына білім тоқыған.

Алты жастан сабаздың
Дінге ауған ансары.
Мәлім болған асылға
Молданың жай-жапсары.

Он бес-он алты жасында
Қызылды-жасыл киінген.
Тойға барса ән шырқап,
Бойжеткенге шүйілген.

Он жеті жасқа келгенде,
Жылқыдан ұстап асауды,
Үйретіп мінген ер салып
Алдына қойып астауды.

Дайындал ер-тұрманды,
Жылқыдан тандап жорғаны,
Қару-жарап жинауды,
Болам деп елдің қорғаны.

Кек жорға атка ер салып,
Домбырасын қолға алды.
Сері жігіт атанып,
Ас пен тойда ән салды.

Он сегізге келгенде
Ақбалтыр балуан атанды.
Күреске топта түсерде
Ақсақалдан бата алды.

Он тоғызға жеткенде
Дүшпанин жылқы айырды.
Найзалап жауды түсіріп,
Жұрт есесін қайырды.

Он сегізге толғанда
Бас құрауды ойлады.
Әзі ұнатқан сұлуын
Көнбесіне қоймады.

Сол ұнатқан гөзелі
Тоқтауылдың елінен.
Шалғай емес қонысы
Ауылына таяу жерінен.

Қаракесек Арғын ішінде
Жантудан тарап Тоқтауыл.
Төртуылмен бірге бол,
Көшіп-қонған мол қауым.

Каракесек, Сүйіндік –
Бір туысқан ел еken.
Он ата болып арасы
Қыз алысар кезі еken.

Токтауылдың тәуірі
Жанайдарға қыз берген.
Төртуыл мен Тоқтауыл,
Тізе косып бір жүрген.

Жиырма жасар Жанайдар
Ақкошқарды ертіп жүріпті.
Ел жағдайын еске алып,
Жан-жаққа құлақ түріпті.

Жолаушылап жүріп екеуі
Ұйықтап жатқан шағында,
Сұлтанның түскен қолына
Кез болып бөгет бағына.

Амалсыздан Кененің
Төзбек болды сынына.
Кын еken сынағы
Сұлтандардың шынында.

Шыдап бакты екі Арғын,
Болмаса да еш төзуге.
Кіші Арғын Шеген жолықты,
Сынакта жүрген кезінде.

Ақкошқар мен Жанайдар
Калыда қолға тұтылған.
Бағына Шеген кез болып,
Сынактан олар құтылған.

Сонан кейін Ақкошқар
Жоламаған Кенеге.
Кекті болған көкжалдар
Онайлықпен көне ме?

Қорлық көріп орыстан,
Айырылған соң қоныстан,
Жанайдардай батырға
Ағыбай сардар болысқан.

Болса да шағын дәuletі,
Салтанатын байдан асырып.
Орынбайұлы Жанайдар
Іілмеді жауға бас ұрып.

Салдардың бірі еді Жанайдар
Ит жүгіртіп, құс салған.
Ас-тойлардағы бәйгеде
Тұлпары озып, жүлде алған.

Алған жерін орыстар
Қайтарып онай бере ме?
Ағыбайды кия алмай,
Жанайдар келген Кенеге.

Ағыбай ерді аға деп,
Қысылған шакта пана деп.
Жанайдар ерген Кенеге
Төреден шыққан «дана» деп.

Алайда естен кетпеген
Ханнан көрген сынағы.
Мойнына ағаш ілгенде,
Қайтқандай болып ер бағы.

Ағыбай сөзін құп көріп,
Қылышын ханның кешірген.
Сый-сияпат көрген соң,
Кекшілдік отын өшірген.

Есенкелді, Саржан мен
Қасым сұлтан мерт болып.
Үш төренің қазасы
Айықпастай дерт болып.

Ел тізгінін Кенекен
Алмак болып шынымен.
Тізгін тисе қолына,
Табыспақ казақ ұлымен.

Осы орайда төрөніз
Пайдаланған ерлерді.
Қайтармақшы кәпірден
Нұлы, сулы жерлерді.

Мешін жыл мамыр айында
Кененің тарап үндеуі.
Бас көтерді елермен³⁷,
Кәпірдің батып жүндеуі.

Кене хан конған Ортауға,
Жан-жақтан ерлер ағылды.
Ұлықтан қорлық көргендер
Маңынан ханың табылды.

Жайма-шуақ мінезбен
Әуелде жайлы көрінген.
Тұлпар мінген астына
Құйрық-жалы өрілген.

Түйе жұн шекпен ұстінде,
Кәмшат бөрік басында
Кенекен шықкан ту ұстап,
Отыз бес³⁸ кәміл жасында.

Шұбыртпалы Арғын Ағыбай,
Кіші жүзден Толыбай,
Куандық Арғын елінен
Әлке, Базар, Төлебай,

³⁷ Елермен – Аламан, ер-азамат деген мағынаны білдіреді

³⁸ Отыз беске тұған жылын қоса есептегендеге, Кенесары келгеннің айтып отыр

Кіші жұз Керейт Досқожа,
Сүйіндік Арғын Жанайдар,
Тыңшы болған төреге
Жағалбайлы Мыңжасар,

Ұзын Қыпшақ Иман мен
Қарауылдан Бөгенбай
Қасымұлын қолдады
Алды-артын ойламай.

Ақ сауыты үстінде
Астында жүйрік бесті кер.
Хан тобына қосылған
Көшебе Керей Дастан ер.

Кенесары дара емес,
Тұыстары бар еді.
Сонынан ерген інілері
Уақ, Шуак нар еді.

Олардан басқа туысы –
Көшек, Бокы, Сапақбай.
Құдайменде, Ержан мен
Жас жеткіншек Наурызбай.

Қызылжар, Қорған, Омбыға
Жасады ерлер жорықты.
Тұтасып соғыс қылар деп,
Қазақтан орыс қорыкты.

Ойрандап кетіп шет жағын
Айтылған үш шаһардың.
Олжала болған батырлар,
Кәпірге төгіп қаһарын.

Көрінді сонда ерлікпен
Орынбайұлы Жанайдар.
Ақыл мен қайрат сай келіп,
Ханмен болған барабар.

Омбы мен Барнауыл арасы
Кәпірлер жок жер еді деп,
Көшіп-қонған ол жакта
Орта жүздің ел еді деп.

Алтай таудан танда деп
Тұрактайтын қонысты.
Бекініп әбден алған сон,
Аямай шап деп орысты.

Қытайға бағынышты Керейді
Ғаскеріне қосқай деп.
Сайлап алып жасақты
Кәпірдің жолын тосқай деп.

Дұшпаныңа жібіме,
Батсын деп әбден тақымың.
Кенесарыдай құдасына,
Есеней³⁹ айтқан ақылын.

Барнауыл мен Омбыда
Казак, татар, орыс аралас.
Сейтсе-дағы ол қамалда
Билікке мұсылман жоламас.

Аласталған биліктен
Мұсылманның баласы.
Зенбіректі кәпірге
Қолданар жок шаrasы.

³⁹ Есеней – Орта жүз Ашамалы Керейдін басшысы, ру көсемі. Ол Батыс Сібір генерал-губернаторына Тұрлыбек Көшенұлынан кейін бас кенесші болған, шекаралық комиссияға мүше болған, оған дейін Аманқарағай дуанында аға сұлтан болған, Құрметті казак атағын алған. Жас жігіт кезінде Есеней Марал ишан Құрманұлы (1780-1841) бастаған Батыс Сібірдегі мұсылман шаруаларының көтерілістеріне белсене катысып, отаршыл әскерлерге карсы соғыста ерліктер көрсетіп, мынбасы-сардар атағын алған екен. Есенейдің туған інісі Еменала мырза Естемесұлы Кенесарының өзінен екі жас кіші қарын-дасы Бопайды алған.

Омбы мен Барнауыл арасы
Мекен етер жер екен.
Қоныстанса қазакка
Әлі де болса кең екен.

Есеней айтса айткандай,
Көк шалғынды жасыл бел.
Мекендеуге тым жайлышы,
Нұлы, сулы жазық жер.

Сол жақты көріп қайтуға
Жанайдар мен Ержанға
Досқожаны қосып жіберген
Кене хан тез арада.

Алтайға дейін аралап,
Барғандар шын өзгерген.
Алтайды да тез барлап,
Қоныс деп жақсы мензеген.

Алтай жағын суреттеп,
Досқожа жырын арнаған.
Естісе де жайлышы қонысты,
Кене хан көшіп бармаған.

Ерлер айтқан шын сөзге
Кенекен құлақ салмаған.
Ортауда жатып сұлтаның
Жаксының тілін алмаған.

Сол қынырлық себеп боп,
Бастарын кейін жалмаған.

Аралап шыққан асықпай
Құлышының даласын.
Ертпек болған соңына
Орта жүздің баласын.

Болдырмасқа тырысқан
Ағайынның аласын.
Орынбайұлы Жанайдар
Есенейдегі ағасын
Қадірлеп қатты сыйлаған.
Құлақ қойып сөзіне,
Әбден үйіп тындаған.

Уағдаласып сол жерде
Алтайға көшіп келмек боп,
Орнығып алып мекенге,
Орысқа сокқы бермек боп,

Есенейлермен қоштасып,
Аттанып кеткен жөніне.
Разы боп Керей ағасы,
Олар да кеткен еліне.

Кіші жұз Кереит Нысанбай,
Хан інісі Наурызбай
Мешін жылы жас болып,
Қалған еді бара алмай.

Әуелі Кене хош көрген
Есеней ердің талабын.
Софысуға кәпірмен
Сайлап қару-жарағын.

Көшіп барса шаппак боп,
Барнауылдың қаласын.
Қоныстанбақ болған еді
Құлындының даласын.

Жанайдарды сыйлады,
Ханға ерген елдер батыры.
Көрсеткен соң сан ерлік,
Атанды сардар ақыры.

Үстінде сауыт жарқырап,
Астында тұлпар арқырап,
Жауды жеңген Жанайдар
Қолында қылыш жарқылдал.

Анда-санда хан Кене
Ұлытау маңын қыстаған.
Жүртқа корған болам деп
Атаның жолын ұстаған.

Тау бектеріне тігілген
Кенесары сұлтан тулары.
Соны естіп шошынған
Сандыбайдың ұлдары.

Кене ханнан әрдайым
Балталы-Бағаналы тосылып.
Ерден, Жүзен мырзалар
Қатты састы шошынып.

Кеңес құрды Ерден кү
Жинап алып қауымын.
Қыз бермекші Кенеге
Шаптырпау үшін ауылын.

Ушінші әйелінен туыпты
Сандыбайдай биінін,
Маржан, Дәржан екі қыз –
Көркі болған үйінін.

Маржан менен Дәржанды
Кенеге беріп құтылды.
Төлеңгітіне қосып қыздарды,
Іс қылды Кене ұтымды.

Ілестірді Жанайдар,
Кіші Арғын балуан Жәуkeni.
Шәкірт етті және де
Торы Қыпшақ мерген Тәуkeni.

Батырлыққа баулыды
Екі бірдей еркені.
Ұстаз көрді олар да
Жанайдар сынды серкені.

Ақмола, Ақтау, Торғайды
Алуға Жәкен⁴⁰ қатысқан.
Қан майданда қаймықпай
Солдаттармен атысқан.

Соғысқанда Жанайдар
Қаһарманға ұқсаған.
Казак, орыс, қалмақ тобына
Аянбай наиза жұмсаған.

Ұрыстың қызған шағында
Жалтармай қылыш шабысқан.
Аттан түсіп орыспен
Ұмар-жұмар алысқан.

Солдаттарды бүктеген
Орынбайұлы алыбын.
Қандай киын күндерде
Бұзбай кеткен қалыбын.

Асқан жершіл Жанайдар
Қараңғыда жол тапқан.
Аса бір үлкен дауларда
Шешендікпен сөз тапқан.

Ел қамқоры Кенекен
Кейінгі жылдар адасқан.
Орыспен қойып соғысын,
Қазактарға жармасқан.

⁴⁰ Жәкен деп ақын бұл жерде Жанайдар батырды айтып отыр

Хан болам деген Кенекен
Орынсыз беріп бұйрығын.
Асылық жасап соңында,
Үш жүзге салған құрығын.

Сатылды деп сөз тауып,
Сылтау іздел ел шауып,
Ата жаумен соғыспай,
Төндірді жұртқа зор қауіп.

Орысша сөйлеу білмеген
Сатқын деген ауылы.
Орыспен бірге жүрмеген
Себепсіз шапқан қауымы.

Жол көрсетсе солдатқа,
Онда обалы өзіне.
Өсек айтса арада,
Қара болар жүзі де.

Ондайға бірақ бармаған,
Кезі жоқ ханды алдаған.
Шапқан жұрты жазықсыз,
Аузына харам салмаған.

Мінер ат пен соғымын
Беруден бас тартпаған.
Бейбіт жатқан ауылдар
Ханға міндет артпаған.

Көшіп-қонған момын ел
Орыстан көрген азапты.
Білсе де соны төрелер,
Жазықсыз шапқан қазакты.

Орыс келе жатыр деп
Қорқытқан тентек баласын.
Қалайша сол жұрт дос етер
Ата дүшпан баласын?

Көтермекші қашанғы ел
Ханның жапқан жаласын?
Хан жорығы көбейтті
Халықтың мұн мен наласын.

Мың сарбазды бастап кеп,
Шоға-Уақ Қожық пен
Үәлінің шапты ауылын.
Хан бүйріғын орындал,
Жылатқан қазақ қауымын.

Осындай бір ретсіз
Жанайдар да іс кылды.
Кінәсі жок Қожыққа
Тым орынсыз күш кылды.

Тартып мінді Қожактың
Үш жүзге мәлім құласын.
Көрсетті Құдай көзіне
Шапқыншының күнәсін.

Қожықты шапқан жақпады
Жанайдарға, ханға да.
Ажал келді ұзамай
Малына да, жанға да.

Екеуінің сол шақта
Екі бірдей ұлы өлді.
Қапияда өрт шығып,
Індет тарап, мал өлді.

Кене ханға жақпады
Елге жапқан жаласы.
Жақсы ұлынан айырылды,
Қожықтың соғып наласы.

Кіші Арғын Шокай қайтартты
Қожықтың жылқы, түйесін.

Кенесары да ұғынды
Жазыксыз жанның киесін.

Бес жасар сәби ұлы өліп,
Жанайдар іші өртенді.
Шапасқа шын бел буды
Бұдан былай еш елді.

Орында масқа лаж жоқ
Кене ханның бүйрекін.
Екі жыл мінген Жанайдар
Қожықтың құла жүйрігін.

Бір жорықта кездесіп
Әкеміз Серіз серіге,
Сыйға тартқан құланы
Жомарттықпен көріне.

Жанайдардың сыйлышын
Әкеміз қабыл етіпті.
Алған соң құланы аз мініп,
Қожыққа табыс етіпті.

Серіз сері әкеміз
Қожыққа атын табысталап,
Ат мініп, ішік киіпті,
Иесінен алғыс ап.

Жанайдарды бас қылып,
Кене хан жасақ жіберген.
Балғожа биді шабуға
Жарамас деп кідірген.

Алдын ала хабарлап,
Балғожаның орнын сипаған.
Жок болсын деп барғанда,
Шабуға биді қимаған.

Жанайдардай сардарды
Балғожа биді шабуға
Тағы екі рет жіберген,
Оңай олжа табуға.

Әдейі сардар кешігіп,
Балғожаға жетпеген.
Соны сезіп хан Кене
Жанайдарға кектенген.

Жаппасты да шабуға
Орынбайұлы бармаған.
Казак-орыс мекенін
Шабуға сапар арнаған.

Ханның теріс бағытын
Жанайдар балуан сезінген.
Жорығын арнап кәпірге,
Ел шабудан безінген.

Әскерге жігіт беруге
Төрт момын⁴¹ жұрты келіскең.
Бірігіп шауып қамалды,
Ханмен олжа бөліскең.

Сөйтсе-дағы оларды
Кенесары дос көрмеген.
Ұсынысын төрт елдің
Төрелер хош көрмеген.

Соңғы жылдар Кене хан
Бітімге жұртпен келмеген.
Тақ иесін кенеттен
Астамшылық кернеген.

⁴¹ Төрт момын деп басқа қазақ елдері Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл руладын атаған

Максұтынан ауытқып,
Тілекті құдай бермеген.

Қазакты шабу болмас деп
Жанайдарды Жәуке жактаған.
Ел шапқан пенде оңбас деп,
Жұрт мұнын олар жоктаған.

Торы Қыпшак Тәуке мен
Күдері қожа, Күренкөз,
Досқожа ақын кеңесіп,
Ел шаппасқа байлап сөз,

Уағдаласты өнкей нар,
Оларды тындалап сарбаздар.
Ел мен жерді қорғауға
Серт етісті дегдарлар.

Ел шапқанын көрген соң,
Ханнан мұлде түніліп,
Көшебе Керей Ер Дастан
Ертерек кеткен бөлініп.

Даулайтының қоныс деп,
Жауласарың орыс деп,
Тозып кеткен үш жұзге
Шамаң келсе болыс деп,

Жанайдар, Жәуке, Досқожа
Шаппандар деді қазакты.
Былай да елдер көріп жүр
Орыстан деді азапты.

Осылай деп батырлар
Ханға койды талапты.
Ел қорғасаң табасың
Деді әрқашан сауапты.

Мыңаралға жеткенде
Қалың жасақ кеңесті.
Тұған елмен соғысып,
Қарғыс алдық біз десті.

Соғыспасақ орыспен,
Тарап кету жөн десті.
Жанайдардай сардарға
Бұл сөзге, басшым, көн десті.

Шаршағанын ғаскердің
Жанайдар көптен білген-ді.
Сол себепті жасақтың
Құлакқа сөзін ілген-ді.

Оның үстіне оларға
Алауыздық сор болған.
Төрелердің жағынан
Күндеушілік зор болған.

Жанайдар мен Жәуkenі
Ержан мен Науан күндеген.
Кеудесін керген төрелер
Ер қадірін білмеген.
Кара қазақ төмен деп
Кемітіп босқа тілдеген.

Қазақты босқа шапканын
Кене хан сезіп өкінген.
Есеней айтқан Алтайға
Дұрыс еді деп бекінген.

Сезуі ханның кеш болған,
Еңбегі ерлер еш болған.
Ел шабатын Кенеге
Тұған халқы өш болған.

Алауыз болған кездерде
Төрелер тағы жүрмей жай.
Торы Қыпшақ Тәуkenі
Өлтірмек болған Наурызбай.

Тәуке сынды мергенді
Орынбайұлы жақтады.
Хан інісі Наурызбай
Жанайдарға батпады.

Арғын-Қыпшақ бірміз деп,
Бірге туған елміз деп,
Өлтірткендей бауырды
Төреден қорқар кімбіз деп,

Торы Қыпшақ Тәуkenі
Корғап қалды Жанайдар.
Орынбайұлы сардарды
Қостады сонда сарбаздар.

Жанайдардай басшыны
Ғаскердің көбі жактаған.
Ерліктерін жыр етіп,
Досқожа ақын мақтаған.

Кенеден естіп қаңқу сөз
Күдері қожа Күренкөз,⁴²
Қылды Қарауыл Бөгөнбай
Хан тобынан кеткен тез.

Қалжырап ұзак соғыстан
Мыңарада ғаскер бөлінген.
Жасақтың көбі кеткен соң,
Кене хан жүрттан түнілген.

⁴² Күренкөз – қожа әuletінен шыққан беделді кісі, әуелде Кенесарыны колдап, кейін ханға қарсы болған

Қалжыраған ғаскерлер
Жанайдар ерге ілескен.
Пайда жок деп соғыстан,
Елге кайту жөн дескен.

Мынаралда келісіп,
Ғаскердің көбі тараған.
Жанайдардай сардарды
Артықша ер деп санаған.

Қателеспей өтпеген
Адамзаттың баласы.
Кенесары – Наурызбай
Тұсында елдің «данасы».

Менсұлу⁴³ сынды женгеміз
Наурызбайдың жалғызы.
Күнімжан мен Кененің
Бауырында өскен жалбызы.

Жырым емес, халайық,
Тере әuletін кеміткен.
Шындықты айтсам әрдайым,
Пейілімді Алла кеніткен.

Осы жырды, жарандар,
Он жеті жаста шығардым.
Шындық істі қисса етсем,
Ұнап деп жұртқа ұйғардым.

⁴³ Менсұлу – Кенесарының інісі Наурызбай сұлтанның Ханшайым Тілеукабакқызы деген алғашқы әйелінен туған жалғыз қызы. Ханшайыммен Наурызбай бір-ак жыл отаскан. Наурызбайдың Ханшайымнан басқа әйелі болмаған. Менсұлуды Серіз серінің үлкен баласы Мұстафа батыр алған. Мұстафаның балаларының көпшілігі Менсұлу әжеден туған екен. Мұстафа батыр (1840-1899 ж.) – Мұсайын ақын Серіз сері ұлының (1843-1920 ж.) туған ағасы

Қызылжарлық Керейде
Ер сегіздің ұлымын.
Есімім менің Мұсайын,
Алланың бір құлымын!

Жанайдар Орынбайұлына шығарған жоқтау өлеңі

Сөздің басы бисмиллә,
Пайда болған мың жылда.
Жиылып келген әлеумет,
Мұсайыннан сөз тында.

Қазақтың бір данасы,
Орта жүздің ағасы,
Дүниеден өтіпті
Орынбай бидің баласы.

Есімі оның Жанайдар,
Ерлігі мәшһүр Алашка.
Жұртына еңбек сінірген,
Кәпірмен жерге таласта.

Қайтадан мекен аларда
Оралып істің қолайы.
Қыстау болған Жәкене⁴⁴
Терісақкан өзен, тоғайы.

Алла салса аузыма,
Жыр етем бектің мән-жайын.
Аз да болса білуші ем
Жанайдар ердің жағдайын.

Балалық шақтан талпына,
Жаны ашып жалпыға.

⁴⁴ Жәкен – Жанайдар

Елдікті ерте ойлаған,
Топқа түсіп алқына.

Жанайдар ерді жоқтайын,
Рұқсат етсең, халайық.
Ел жақсысын қисса ету
Ақынға біздей лайық.

Керуен бастап базарға,
Атбасарға еніп ем.
Өтті деп естіп Жәкенді,
Көңіл айта келіп ем.

Мейрам інім өтініп,
Аз күнге бізді кідіртті.
Әкейден сөз қозға деп,
Көп тілегін білдіртті.

Жанашыр туыс, ағайын,
Сабырлық қып шыдайық.
Жылағанды тоқтатып,
Аз мәжіліс құрайық.

Қайырын берсін өткеннін,
Төзімділік қылайық!
Ерліктерін еске алып,
Кобызға қосып жырлайық!

Адам ата, Хая ана,
Әулие мен әнбие,
Мәңгілік өмір сүрмеген.
Жұз жиырма төрт мың пайғамбар,
Отыз үш мың сахаба,
Сексен сегіз сәруәр –
Бәрі де өткен дүниеден.

Данқы шыққан төрт мәзһаб –
Имам Ағзам, Имам Шафих,

**Имам Ахмет, Имам Мәлік
Мәңгілік дәурен сүрмелеген.**

Атағы зор төрт шарияр,
Әбубекір, Ғомар, Ғосман да,
Хазіреті Ғаш шері де
Өткені анық дүниеден.

Солардан мирас үрпаққа
Тұмак – сұннет, өлім – хак.
Жалғанға келген пендеден
Өлмей тірі кім қалмак?

Мәңгілік жасап қалмаған
Алла елшісі – Мұхаммед.
Жанды-жансыз мұсылман
Мұхаммедке бәрі үммет.

Тұсті елдің басына
Ойда жоқта зор нәубет.
Оргадан көсем кетіп тұр,
Болса да онда сән-сәулет.

Шейіт болған Хұсайын
Кербаланың шөлінде.
Кәпірлермен соғысып,
Қаза тапқан кезінде.

Жан-жануар бағынған
Тілін алып өзіне.
Тақытылып желге үшкан
Патшалық құрған кезінде
Сүлеймен өткен дүниеден.

Жоқтауға енді құлақ сал,
Қайғыға ортақ жарандар.
Мәңгілік ешкім қалған жоқ,
Өткенге көз сап қарандар!

Қожаберген бабамыз
Ақсауыт пен тұлпарға,
Кару-жарак түріне
Баға берген термелеп.

Бабама ұқсан мен-дағы,
Орынбайұлын жырлайын.
Болмасам да ірі ақын,
Шыншылдықпен сырлайын.

Кисса етейін шамамша,
Өлеңменен өрмелеп.
Бойға қонған дарынды
Қойсам да ұзак кермелеп⁴⁵.

Ардакты аға, Жанайдар,
Адамзатта сұнқарсын,
Қатардан озған тұлпарсын.
Садуақастай жомарт ең,
Калайша естен ұмытыларсын?

Ашамай ерге отырып,
Бес жаста атқа мініпсіз.
Молдаға барып талаппен,
Алтында хатты біліпсіз.

Жеті жаста сүйкімді
Шәқірт болып жүрдіңіз.
Дәріс алып үстаздан,
Құлакқа сөзін ілдіңіз.

Медреседен кол үзбей,
Он беске дейін оқыдын.
Ғұлама берген білімді
Миға берік тоқыдын.

⁴⁵ Кермелеп деп жыр иесі бұл арада өзінін ақындыкты ертерек тоқтатқандығын айтады

Он алтында ат тандап,
Жылкыдан жорға міндіңіз.
Бозбалаға ілесіп,
Ойын-тойда жүрдіңіз.

Он жетінде аң аулап,
Қасқырдың көзін жойдыңыз.
Лашын баптап, құс аулап,
Серілікке ден қойдыңыз.

Саят күрып әрі қарай,
Балапан бүркіт ұстадың.
Арғын ата тауының
Жайлы жерін қыстадың.

Каршыға, бүркіт көп баптап,
Құсбегі болдың үлгілі.
Жастай түсіп дауларға,
Жұртынның болдың бұлбұлы.

Он сегізде сері боп,
Бозбалаға бас болдың.
Домбыра алып, ән шырқап,
Өнерің асқан жас болдың.

Он тоғызда балуан боп,
Мықтылармен белдестің.
Үйіріп соғып талайды,
Шебері болдың күрестің.

Жиырма жасқа келгенде,
Болат сымнан сауыт соктырып,
Қару-жарақ жидыңыз,
Зергермен дос боп отырып.

Тазы баптап жүгіртіп,
Жыртқыштың жолын қидыңыз.
Қойға қасқыр шабуын
Аз уақытта тыйдыңыз.

Жиырма екінде белсеніп,
Жаксының жүрдің қасында.
Құбыларға сыйлы боп,
Топтың болдың басында.

Батыр болып жайнадың,
Дәл жиырма үш жасында.
Қылышынды жаныдың
Арғанаты тасына.

Жиырма төртке келгенде,
Жаудан жылқы айырдың.
Дұшпандарды найзалаң,
Тіршіліктен тайдырдың.

Жауларды жеңіп желіккен,
Батырлықты өрлеттің.
Дүре соғып бұзыққа,
Ұрлаған малын төлеттің.

Жиырма беске келгенде,
Ұлықтармен тірестің.
Ойда жокта танысып,
Ағыбай ерге ілестің.

Ақжолды ермен жолдас боп,
Еріп жүрдің жанында.
Сіз барғанда топталған
Батырлар оның маңына.

Озық ойлы шынар ең,
Тындауға кисса күмар ең.
Кәпірлермен соғыста
Жауыздың мойнын бұрап ең.

Жұртқа мейірімсіз жеңдетті
Наркескенмен турап ең.
Іріктең сайдың тасындай,
Ерлерден жасақ құрап ең.

Қоқан ханы жендетін
Ұстап алып кинадын.
Уәде берген байлардан
Зекет пен ұшыр жинадын.

Ақ торғын мен жібекке
Кенесары сұлтан малынып,
Төсекте жатып, дем алған
Түйе жүн шекпен жамылып.

Сырткы дауыс естіліп,
Ұйқысынан төре оянды.
Қолтық астынан өткізіп,
Асыранды бала коянды.

Төсектен тұрды Кенекең,
Кер маралдай керіліп.
Ойға қалды кенеттен,
Басуға аяқ ерініп.

Мойны жуан, басы үлкен,
Орта бойлы, дембелше.
Жазық жауырын, кен қеуде,
Тұлғасы бөлек өзгеше.

Қызылсары кескіні,
Кен мандалы, өткір көз,
Орақ тұмсық Кене хан
Ерлерге арнап айтпақ сөз.

Оқалы шапан үстінде
Есікке қарай беттеді.
Сыртқа шықты ордадан,
Ерлермен кенес еткелі.

Кәмшат бөрік басында,
Төрт нөкөрі қасында,
Сәлемін алып, қол берген,
Ағыбай батыр асылға.

Сонда Жәке, өзінді,
Жүзінен сұлтан таныған.
Ерліктерің төренің
Құлағына шалынған.

Барған ерек кіндікті
Ілтипатқа алынған.
Жылы сөйлеп хан Кене,
Ойынан көптің табылған.

Сәлемдесіп сіздермен,
Жүртқа жайлы көрінген.
Шариғат жолын тәрк етпей,
Шынымен дінге берілген.

Еркімен ерлер келгенге,
Кене хан тұрды таңданып.
Дауысын созып баршаға,
Сөз сөйлеген панданып.

Ағыбаймен екеуін,
Көмектестің Кенеге.
Сіздер жәрдем етпесен,
Қасымұлына ерлер ере ме?

Атың шықты сол кезден,
Қол бастаған батыр боп.
Кеткен емес қасынан
Соныңа ерген қалың топ.

Кызмет етіп Кенеге,
Жақсы-жаман іс көрдің.
Талай жылғы жорықта
Басшысы болдың әскердің.

Кене ханмен жолdas боп,
Тоғыз жыл енбек сіңірдің.
Сенімді болып жасаққа
Адалдықты білдірдің.

Беделің артқан шағында
Көп батырдан бата алдың.
Ғаскерге жағып ерлікпен,
Жанайдар сардар атандын.

Қол астында Кененің
Сардары болып жүрдіңіз.
Қазақтың бейбіт ауылын
Шапқаның ханның білдініз.

Зарланған жұрттың дауысын
Есітіп катты шошындын.
Қаза бол ұлың сол жайдан,
Алғаш рет тосылдын.

Жылқы, түйеден айырылып,
Қарғаған соң иесі,
Жаксы ұлынан айырып,
Кенені сокты киесі.

Жәукеменен екеуің
Зор сұмдықты сезіндін.
Көп естіп зарлы дауысты,
Ел шабудан безіндін.

Қыпшақты барып шабарда,
Он тоғызды Алтынсарыны
Наурызбай сұltан өлтірген.
Жылқы, түйесін тағы алып,
Балғожаға азап келтірген.

Қол бастап кеп Кене хан,
Жапасты қанға бөктірген.
Ұл-қызынан айырып,
Кемпір-шалды шөктірген.

Жәуке батыр екеуің
Жұрт жайы бөліп ойынды,

Намыс кернеп бойынды,
Ордаға бардың ертемен.
Жұздерін сұық болған соң
Өзегі ханның өртөнген.

Кәпірден колды қақпа деп,
Қазакты босқа шаппа деп.
Кінесіз момын ауылға
Бекер жала жаппа деп.

Жазығы жок ерлерге
Орынсыз кінә тақпа деп.
Халқымызбен араз қып,
Басымызды шатпа деп.
Ел қарғысы тиген соң,
Сарбаздар болды қатпа деп.

Қойдыңдар ханға талапты,
Асынып қару-жаракты.
Дәлелдеп айтқан сөздерін
Кенені жерге қаратты.

Қазакты шабу жөн емес
Деп айтқан соң төреге,
Айбарыңдан сескеніп,
Айлаға көшкен Кене де.

Айла жасап Кене хан
Кек алмақ боп Қоқаннан.
Орта жүздің ерлерін
Сартқа қарсы жұмсаған.

Жасағымен Қоқанның
Бірнеше рет соғыстың.
Созақты хан шабарда
Тайынбай жаумен ұрыстың.

Арқанызда сіздердің
Серкеш пен Тама жер алды.

Қазаққа төтеп бере алмай,
Шапқыншылар сандалды.
Сол жолы Кене адаспай,
Қыздырған екен ұрысты.
Қокандық жасақ женіліп,
Босаттындар қонысты.

Сабыр сақтап тоғыз жыл
Ханның болдың қасында.
Тұлпар мініп, ту ұстап,
Дулыға киіп басыңа.

Өртеп едін ерлерге
Хан кигізген қамытты.
Жат жерде өтіп дүниеден
Өлімің жұртты налытты.

Кәпірлерге айбатың
Алатудай бар еді.
Сонына ерген нөкерің
Бәрі бірдей нар еді.

Есілөм дінін уағыздал,
Кәпірлермен соғыстың.
Жаһаннамға жібердің
Бірнешеуін орыстың.

Құрдас ең Мұсіреп⁴⁶, Жоланмен⁴⁷,
Және де Шыңғыс⁴⁸ төремен.

⁴⁶ Мұсіреп – қызылжарлық (петропавловскілік) Орта жүз Сибан Керейдегі ауқатты шаруалардың бірі, ол – белгілі академик, жазушы Ғабит Махмұт (Махымет) ұлының бабасы

⁴⁷ Жолан – Қызылжарлық Орта жүз Қантай Керейден шыққан ба-тыр, әрі мырза, әрі қажы

⁴⁸ Шыңғыс – Уәли ханның баласы. Ол – белгілі саяхатшы-ғалым Шокан Уәлихановтың әкесі

Ата жаумен шайқасып,
Тұсында болдың елермен.

Қан майданда әрқашан
Сізді Алла жебеген.
Әулие-әнбие, аруактар
Қорғаушы бол демеген.

Тағы да желеп-жебеген
Данқы шықкан мырза бол
Айтқожадай бабаңыз.
Биғаш батыр атанаңыз,
Естіген халық кешірер,
Айтуда болса катамыз.

Хан жолынан тайғанда,
Жаның ашып халқына.
Түзулікті жақтадың,
Бабаның тартып салтына.

Наурызбайдан қаймықпай,
Қорғадың Қыпшак Тәуекені.
Төрелер қарсы болғанда,
Қолдадың Арғын Жәуkenі.

Ғаділ болмай Кене хан,
Істері кері кеткенде.
Жасақтың көбін тараттың,
Мынаралға жеткенде.

Сарыарқаңды қия алмай,
Көштерді бүрдыш еліне.
Басқалар конып қойыпты
Туып-өскен жеріне.

Қоңырқұлжа әуелден
Айғаксыз жауып жаланы.
Қайғыға тап қып елінді,
Кебейткен мұн мен наланы.

Ұстастырды ұлықлен
Қонырқұлжа себеп бол.
Басына қауіп төнген соң,
Маңайына жидың топ.

Оралып елге келгенмен
Қонысынды ала алмай.
Ұлық пен тәре қудалап,
Жұртқа басшы бола алмай.
Қиналдыңыз төрт-бес ай,
Күйнүп теңдік ала алмай.

Ертеректе кездесіп,
Жорықта жүріп танысып,
Бір-біріңен әрқашан
Жүйрік, жорға алысып.

Достасқан соң әкеммен
Тілекtes болып жүріпсіз.
Қысылғанда еске алып,
Серіге арнап келіпсіз.

Кене ханнан бөлініп,
Ат басын кейін бұрган соң,
Атбасар, Ақмола дуанда,
Биліктे жаулар тұрған соң,

Уақытты оздырмай,
Тобынды ерген тоздырмай.
Біздің жаққа бет бұрдың,
Өнешін жаудың создырмай.

Көшінді бастап Есілден
Керейге қарай өтіпсіз.
Сегіз сері сактар деп,
Сенімді болып бекіпсіз.

Бөлінген ханнан уақытын,
Қоян жыл⁴⁹ мамыр айы еді.
Арада төрт ай өткізіп,
Келгенің бізге жай еді.

Мейман етіп әкеміз,
Құрметтеді сіздерді.
Қошқарағайға⁵⁰ жеткізді,
Білдірмей жауға іздерді.

Серіз сері – жан әкем
Сіздерді бөтен көрмеген.
Таныстырыды ондағы
Өзі жиган елменен.

Патшадан кешірім алғанша,
Петерборға барғанша,
Бес жыл түрдін Керейде
Бағын өрлеп жанғанша.

Астық, тұз, мал саудасын
Бес жыл бойы жүргіздің.
Қайырымды боп көршіге
Мырзалықты білгіздің.

Жәрдемдесіп жетімге,
Кіім-кешек кигіздің.
Аш-арықты мұсіркеп,
Қымыз-шұбат ішкіздің.

Әкемменен бірлесіп,
Тәнібай, Тілен, Аулабай
Бес жыл сізді қорғады,
Ерлік етіп аянбай.

⁴⁹ Қоян жыл – 1845 жыл

⁵⁰ Қошқарағай – казіргі Түмен облысына қарасты орманды, суды, кек шалғынды әсем қоныстардың бірі

Қоярда-коймай әкеміз
Графтарды сендерді.
Сізге кешірім беруге
Омбы ұлығын көндірді.

Тұрлыбек, Табей, Есеней
Кене ханға өкпелі еді.
Бірак сізді есіркеп,
Ағайыншылық еткен еді.

Сиыр жыл тамыз айында
Он көкжалдың бірі боп,
Кене ханның жағынан,
Келген едің елші боп.

Аулабай, Табей, Тіленмен
Таныс болдың сол кезден.
Есеней, Тәнібай беренмен
Таныссың арғы кезеннен.

Мәлім болып ұлыққа,
Бөлінген ханнан ахуал.
Сіздің топты ақтауға
Келісім берген жандарал.

Араласқан ақтауға
Шөңке, Сексен, Байдалы.
Көшебе Керей Байдалы ер
Кеңесші екен айлалы.

Сіздің топтың атынан
Патшаға жазып өтініш.
Ұлықтың келісімін қосты әкем
Болмасын деп өкініш.

Мұсылманша, орысша
Сауатты Керей бектері.
Петерборға сізді апарды,
Іске асып еткен серттері.

Орысша жазып әкеміз
Көрсеткен толық жағдайды.
Астана барып акталдын,
Алла түзеп мандаиды.

Араға ерлер жүрген соң,
Ақ екенін білген соң,
Жасады сізге кешірім
Антқа патша сенген соң.

Тұрлыбек, Табей, Есеней
Ақтатам деп серт қылған.
Сөздерінде тұрып ақыры,
Өзінді елге бек қылған.

Сейтіп бақыт оралды,
Жанайдар әке, басына.
Жоламай жүрген би мен бек
Барлығы келді қасына.

Мал өсіріп, егін сап,
Жанайдар аға, байыдын.
Бұл сияқты үйірілген
Тарады бәрі қайғынын.

Қыстау, күздік, жайлауды
Рұқсатпен алдыңыз.
Атақоныс, мекенге
Қайта көшіп бардыңыз.

Керейдін би, бек, батыры
Қорғауға сізді жарады.
Қысылшанда туыс бол
Ағайын ер деп қарады.

Қонақ етіп баршасын
Көшерде катты сыйладын.
Көрмеген соң жамандық,
Достарынды қимадын.

Би менен бек, ерлерге
Мінгіздің ылғи жорғаны.
Сіз де ұғып оларды,
Екен деп елдің корғаны.

Бірінші рет олармен
Сиыр жылы жазда таныстын.
Хан елшісі боп келгенде,
Татуласып табыстын.

Содан бері Кереймен
Үзілген жоқ достығын.
Төрт момын елі түсінді
Көніліңнің хоштығын.

Жетім қалған кезімде
Есіркеп едің өзімді.
Ер Сегіздің көзі деп,
Бағалап өлең сөзімді.

Әкемізге бата қып,
Азаға мал салдыныз.
Құран оқып бейітіне
Жұрт алғысын алдыныз.

Кешірім алып патшадан
Тұғырға қайта қондыныз,
Тәртуыл, Токтауыл еліне
Аға старшын болдыныз.

Жұрт басшысы болған соң,
Нашарға болған қайырын.
Дұшпаныңа көрінді
Бұрынғыша айбынын.

Молда ұстап қолыңа,
Балаларды оқыттын.
Ұл-қызға дәріс бергізіп,
Миларына тоқыттын.

Ислам дінін мықты ұстап,
Көрсettін көпке өнеге.
Сіздердей жақсы айтпаса,
Надандар тәлім бере мे?

Қыстың құні болғанда
Күмелі шана міндіңіз.
Үш қара атты жеккізіп,
Салтанатпен жүрдіңіз.

Жаздың құні болғанда
Күйме арба міндіңіз.
Үш боз атты жегіп ап,
Қызығын дүние көрдіңіз.

Атбасар мен Коянды,
Болатынай, Бағылан
Жәрменекесіне барғанда,
Жол берді сізге мұсылман.

Ірбітте де болдыңыз,
Шатыр тігіп қондыңыз.
Катар жүріп бектермен
Кемеліңе толдыңыз.

Катардан қалмай жыл сайын,
Зекет бердің малыңнан.
Ел басқарып жүргенде,
Аулақ болдың алымнан.

Жасыңнан дінге беріліп,
Намазың қаза болмаған.
Жұрт алғысы себеп бол,
Жауқазының⁵¹ солмаған.

⁵¹ Жауқазының деп ақын бұл арада Жанайдардың жалғыз баласы Мейрам қажыны айтып отыр

Алла, аруақ жарылқап,
Өзінді ханға теңеген.
Ырысыңды арттырып,
Койыңды қасқыр жемеген.

Қатар қонып дәulet, бақ,
Керменен бәйгі at кетпеген.
Қорламақ болған дүшпанның
Жағана қолы жетпеген.

Аққошқар мен екеуін,
Нөкерлер ертіп қасына.
Арнаулы мал апардың
Кіші Арғын Шеген асына.

Байтал менен тайлақты
Әрқайсын жұзден шығарып.
Азаға деп салдыңдар,
Шын сауап деп ұйғарып.

Аққошқармен екеуін
Хас жомарт деп аталдың.
Разы етіп аруақты,
Астағы елден бата алдың.

Кіші Арғын Шеген ағаңыз,
Сіздерді ханнан қорғаған.
Кенесары сұлтанның
Ісіне разы болмаған.

Мұсаның ұлы Шеген би
Әділдікті ылғи жақтаған.
Беделі зор Шегенге
Кенесары батпаған.

Тарту етті екеуіңе
Он сегіз қанат екі үйді.
Шегеннің екі баласы
Көрсетті сізге зор сыйды.

Қазыбек пен Бірімжан
Сіздерді жаксы тындаған.
Аға өлсे ініге мұра деп,
Шешелерін де екеуіңе сыйлаған.

Сіздерге арнал сол аста
Тіктерген үлкен ақ үйді.
Өлең айтып, ән шырқап,
Ақындар тартқан сан күйді.

Қазыбек пен Бірімжан –
Шегеннің екі баласы.
Женгелерді ал деді,
Ешкімнің жоқ деп таласы.

Разы болып оларға,
Айттыныздар көп раҳмет.
Көрсеткен бізге құрметің
Болсын деп жұртқа ғанибет.

Келіп-кетіп тұрамыз,
Ағаның орнын бос қоймай.
Орнында женгейлер болсын деп,
Бердіндер жауап ой ойлай.

Петербор бардың тағы да,
Жауыңа есе бермеуге.
Патша өлгенде сонда боп,
Қатыстың оны жерлеуге.

Бөлінген соң Кенеден
Еш қазаққа тимедің.
Қол үшын бердің ғаріпке,
Менмендікті сүймедің.

Арыстанды шауып қылышпен,
Жолбарыспен алыстың.
Мандайалды бек болып,
Ерлермен дос боп таныстың.

Әуелде асыл жарапып,
Сардар болдың шынардай.
Сабырлы бولып әрдайым,
Алдырмадың қуларға-ай.

Қазағынның жері үшін
Жасында көрдің майданды.
Бек болған соң елге кеп,
Жарлылар көрді пайданды.

Орынбайұлы begimiz
Берік болдың болаттан.
Айтулы ердің бірі боп,
Қалған жоқсың санаттан.

Ата жолын құған соң,
Байлығың шалқар көл болды.
Тірілігінде дәрежен
Хан ұлымен тең болды.

Тілек қылдың әрқашан,
Жолықтырма деп кесірге.
Көмектестің пана боп,
Жетім менен жесірге.

Тең келе қоймас өзіңе
Ақсүйектің баласы.
Заманында болдыңыз
Үш жүздің бір данасы.

Болыстық штат алдында
Владимир уәзір келгенде,
Қасындағы оқымысты,
Суретке түсірем дегенде

Алладан сұрап кешірім,
Аккошкармен, басқамен
Суретке де түстініз,
Өңшең шонжар, қасқамен.

Жақсылығың көп еді,
Оныңды Алла кешірер.
Намазды қаза етпедің,
Перште хатқа түсірер.

Владимир бекпенен
Ауылдарды аралап.
Мәжіліс құрып жүрдіңіз,
Жағдайды айтып шамалап.

Өзінізден бата алған,
Тоқа менен Мұсахан.
Жас ерлердің пірі едің,
Қатарында ірі едің.

Жайылды данқын тірлікте
Қазақ пенен татарға.
Мұсәпірдің талайын
Адам қып қостың қатарға.

Кемітсе де кей дұшпан
Сүйіндіктің азы деп.
Арғын-Қыпшақ сыйлады
Өзінді әділ қазы деп.

Қарызың жоқ еді мойнында,
Құраның бар еді койнында.
Қажылыққа аттандың,
Бар шаруаны қойдың да.

Құдай үйін көрем деп,
Арнап бардың Меккеге.
Қазаң жетіп сол жакта,
Жан тапсырдың кемеде.

Қайран Жәкем өтіпсін,
Оралмас жакқа жетіпсің.
Мейрам сынды ұлынды
Тұп қазық елге етіпсің.

Ен байлыққа ие қып,
Ұстатып тізгін кетіпсің.
Болашағын балаңның
Шынымен болжап өтіпсің.

Арыздаспай жұртыңмен,
Жат жерде өттің дүниеден.
Бейіштің мініп пырағын
Тон киініз хұлләдән.

Өзгеше еді басқадан
Қайран, Жәкем, порымың.
Жаның болып жаннатта,
Ұжмақтан болсын орының!

Кем-кетікке жәрдем қып,
Қол ұшын ылғи ұсынған.
Жанайдар ерге дұға қыл,
Есімін білген мұсылман.

Қоршауды бұзған ұрандалап,
Найзаны жауға көп жұмсалап.
Жолдас болып әкеммен
Дүшпаннан елдің кегін ап.

Дүшпанды шапқан ту байладап,
Жекпе-жек шықкан айғайлап.
Тізе қосып әкеммен
Қамалды бұзған гүл жайнап.

Жанайдар өтті жалғаннан,
Пайдасы тиген халыққа.
Иманды болсын әкеніз,
Мейрам інім, қамықпа!

Көтермеске лаж жоқ
Алладан келген жарлықты.
Ауыр қаза болса да,
Көрсеткей, інім, нарлықты.

Жанайдарға

(*Tolғay*)

Ассалаумағалайкем, ағамыз,
Қара ағаштай панамыз.
Сәлем берген кім десен,
Мұсайын деген балаңыз.

Орта жүздің ішінде
Асыл затым Керейден.
Он бестегі жас ұлмын,
Күн сайын жырым көбейген.

Сегіз сері досынның
Жыр шығарап ұлмыын.
Бала ақын дейді жұрт,
Аз болса да ұғымым.

Осы өнірде жүрген соң,
Сәлем бере келіп ем.
Жолдас болған әкеммен
Ерлердің бірі деген ем.

Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болдың сыналған.
Ғашық бопты өзіне
Нелер сұлу бүралған.

Наурызбай сынды құдамнан⁵²
Батырлықты асырдың.
Кене ханға адал боп,
Жамандығын жасырдың.

⁵² Наурызбай сынды құдамнан деп ақын өзінің туған ағасы Мұстафа батырдың алғаны Наурызбайдың жалғыз қызы Менсұлу екендігінен айткан

Әр елден жылқы алдырған
Жұмсал тентек-тасырды
Ханның сыры мәлім боп,
Ұзамай-ақ ашылды.

Сардары болып жүрсөң де,
Ғаділдік билеп ойынды.
Кенесары сұлтаннан
Аулақ салдың бойынды.

Өкпелеме, хан ием,
Тоғыз жыл қызмет еттім деп.
Ел шабатын жайым жок,
Арқаға мұлдем кеттім деп.

Ашылғаның хан білді
Ғаскерімен арасы.
Токтатуға елді болмады
Әбден құрып шаrasы.

Басыңа бақыт оралып,
Қырық жаста болдың би.
Жұртынды жақсы басқарып,
Елден көрдің құрмет-сый.

Болып жүрсіз бұл күнде
Ғаріп-касер панаы.
Үш жүзге ісің паш болған,
Халқындың едің данасы.

Тілектеспін, көкежан,
Арта берсін данқыныз!
Үлгі болсын жастарға
Құрып жүрген салтыныз!

Осылар еді шын жүйрік

Мұсайынның жетпіс жасында 1913 сиыр жылы жазда Орта жүз Ашамайұлы Керейдің Көшебе елінен шыққан Күзембай мырза Итемірұлы Барлыбаевқа (1826-1919) еріп, Омбыға барып, Романовтар әuletінің патшалық курғанына 300 жыл толған құрметіне жасалған тойға қатысып, сонда өлең бастап айтып, сол уақытқа дейін тіршілік еткен бұрынғы ақындарды өлеңге қосып, оларға төмендегіше баға берген:

Тойы болып патшаның
Жетпіс жаста қақсадым.
Күзекене еріп кеп,
Өлеңді қайта бастадым.

Жиырма үште тастап,
Жарандар, балуандық пен серілікті,
Атаның жолын қуа алмай,
Қойып едім ертерек ақындықты, ерлікті.

Тоғыз жаста жыр дарып,
Ақын боп кобыз қолға алдым.
Өлең айтып, ән шырқап,
Сыйлыққа нар мен жорға алдым.

Кыран құстай самғадым
Дәл он жеті жасымда.
Үш күн, үш түн жырладым
Ырсай бидің асында.

Басшы болдым сол шақта
Өзіммен қатар жастарға.
Киялдап көз тастадым
Нелер шың, биік аскарға.

Ертегі мен аңызды
Айналдырдым талай дастанға.

Ақын болып шарладым
Серілікті өуел бастанда.

Сұнкардай қанат қомдадым
Ұядан алғаш үшқанда.
Балалықпен мәз болдық
Сұлуларды қүшқанға.

Өлеңші, ақын елде көп
Айтысқа түскен жекпе-жек.
Сынаулы оқтай тиер дәп,
Би-болыстар көрер кек.

Сондықтан сөзім теңелмес,
Тартыла қалсам мысқалға.
Басқа пәле тілден ғой,
Тап боласың дүшпанға.

Артық айтсам халық түр,
Сыналмайтын іс бар ма?
Жырдың парқын танып түр,
Көрсетер оған күш бар ма?

Сегіз сері баласы ем,
Атым менің Мұсайын,
Қызылжарлық Керей ем,
Қарт қыранға үқсайын.

Өтінген сон әлеумет,
Өткір ғып жырды үштайын.
Өлең айт деген сөздерін
Аяқсыз неге тастайын.

Шығарып қисса, бата алғам
Нелер бір Рұстем, Дәстемнен.
Дін жырларын толғағам
Ғали, Хұсайын, Хасеннен.

Шешен емес табанды
Асылын сөздің таппаған.
Шынайы жүйрік болмайды,
Сурырыла сілтеп шаппаған.

Жыр гауһарын жұртқа шаш,
Мылтықтай тұзу оқтаған.
Кеңесің болса кең толға,
Жетпіске жасың тоқталған.

Тәубасынан жаңылар
Аңзы-тұшыны татпаған.
Дананың сөзі дәл келер
Артына нұсқа хат қалған.

Бұрынғы көсем бабалар
Соларды оқып жаттаған.
Алдыңғыдан үйреніп,
Бойларын таза сактаған.

Ақылмен ылғи іс етіп,
Жоқ іске басын шатпаған.
Торлаған дәмді қарбыздың
Ләzzатын білмес татпаған.

Ежелгі ақын Фирдоуси
Кейінге назым тастаған.
Науай мен Физули
Өзгеше жырды бастаған.

Атағы мәшіһүр әр кезде
Ақын-жырау көп болған.
Солардың алтын нақылы
Бірлесуге сеп болған.

Толыбай сыншы, Жиembet
Киырға басқан сан қадам.
Марғасқа мен Дәстем сал
Шұбәлі сөзге баспаған.

Қожаберген озық боп,
Жыр қылышын саптаған.
Бұқар жырау – шын бұлбұл,
Қадірлеп халқы баптаған.

Тәтіқара, Үмбетей
Наркы қымбат басқадан.
Ақтамберді шешен би
Татулыкты жақтаған.

Каздауысты Қазыбек,
Халқын сүйген қадірлеп.
Әйтеке мен Төлені
Жұрт сыйлаған ғаділ деп.

Қарт Бөгөнбай, Ер Сырым –
Қазактын болған сардары.
Малайсары, Аксуат –
Алшынның бұлбұл, дегдары.

Салғара, Көтеш, Торыайғыр
Жырларын Үш жұз жаттаған.
Киіkbай, Тоқсан, Тіленші
Жұрт шешені баптаған.
Жел сөз де өрлең токтаған.

Әлмәмбет би, Шал ақын
Жұрттың мұнын жоқтаған.
Имамғабит, Көрпеш те
Үйтқып соққан қос боран.

Қос Жанкісі, Төрт Жанақ,
Перзентсіз өткен Қобылан.
Бауыржанұлы Ер Көшен,
Жырласа жүйрік тұлпардан.

Шокай, Жазы, Мұсіреп –
Арғын-Қыпшақ көсемі.

Қарлыбайұлы Досбол би –
Сыр бойының шешені.

Өске, Асылбай, Әлеке,
Арыстанбай, Орынбай,
Көрпеш, Шәркө көрінді
Шатынап талдың отындей.

Қос Байеке, Әмірхан,
Қанжығалы Қыпшакбай,
Құшан сері, Мейрам сал,
Сейітжан сал, Мергенбай,

Шауып келдің Көшени,
Жаманқұл, Мұқан, Жәмшібай
Жырлары өткір бұлардың
Тіліп түсер қамшыдай.

Сақау, Шәже, Кемпіrbай,
Нұркей, Тоғыжан, Тезекбай,
Ілесе шыққан оларға,
Әзделбай мен Есенбай.

Балта Дулат, Шортанбай,
Қалқа, Тұбек, Сабыrbай,
Кем түспеген солардан
Серәлі мен Шағыrbай.

Жақып, Бектұр, Мұстафа
Ән дәстүрін дамытқан.
Ақындықтың тиегін
Жұртқа паш қып ағытқан.

Өртеміш, Ақпан, би Маңдай,
Тілен, Балға, Аулабай,
Есеналы, Құрымсы,
Сакқұлак пен Асаубай,

Шәнкі, Бектас, Елембай
Салмакты жорға саспаған.
Айтас жырау, Байдалы
Білгішпін деп таспаған.

Жыр алыбы – Біржан сал
Атағына мақтанам.
Балтекей мен Құлтума
Топтан озған актабан.

Сазанбай мен Сибанбай,
Тәттімбет пен Дайрабай –
Күй шығарған өрендер
Тірлігінде киналмай.

Жаяу Мұса – ірі ақын,
Өнері тым басым ер.
Зиянды болып ерлігі,
Бейнет көрді асыл ер.

Бағаналы Найман ақыны
Қожабек пен Қожабай.
Өлеңін айтқан шығарып,
Шабыты келіп қозғанда-ай.

Ұйқасұлы Қалқаның
Өзімен аттас әні бар.
«Қалқа» деген сол әннің
Жастар үшін мәні бар.

Тоғызбайұлы Өтеулі
Ағызды жырын бұлақтан.
Тобықтыда Байкекше
Өлеңін халық ұнатқан.

Қыпшақтағы Ыбырай
Алтынсары баласы,
Оған ұстаз Жаманқұл
Қатарының данасы.

Шұбартаудың Бодауы,
Шыңғыстаудың Абайы
Жазба ақында майталман,
Үлгі еткен жыршы талайы.

Ырысбай мен Жұмабай,
Тоқа менен Төлебай –
Арқадан шыққан төрт асыл,
Шығарған өлең токталмай.

Темеш Арғын Жоламан,
Шашты Қыпшақ Бұдабай
Қатардан озған сәйгүлік
Қалған жоқ көпке ұнамай.

Ақан сері құрдасым –
Жазба ақын бөлекше.
Қалдырмаймын жырымнан
Оның орна ерекше.

Осылар еді шын жүйрік
Жиында сөзді бастаған.
Алқалы топ болғанда
Жыр айтудан қашпаған.

Өзімнің әкем болған соң
Сегіз сері батырды,
Жолдасы оның болған соң
Нияз сері ақынды

Ұялып жырға қоспадым,
Қос деген сөзді тоспадым.
Әкем менің ақын деп
Мақтанбауды коштадым.

Артымыздан ілескен,
Көптің мұнын тілескен,
Жеткіншек көп ақын бар
Ағалар сөзі жөн дескен:

Сапарғали, Намазбай,
Мұстафа, Қылыш, Үбырай,
Ахметжан, Наурызбай,
Мәшһүр Жүсіп, Мұқандай.

Осы күнде бұл ерлер
Түсіп жүр топқа жасқанбай.
Бедел алды бәрі де
Өнеріне мастанбай.

Даңқы шығып кетті алыс,
Суындағы Есіл қаптаған.
Кіші жүзде Махамбет
Жыр қазынасын сатпаған.

Әкемнің досы Асанбек
Шешендік орнын сактаған.
Ақтандегі, Шынияз
Ел үмітін актаған.

Есет, Абыл, Төлеген
Ерлердің ісін жактаған.
Қалнияз, Ұзак, Қуатты
Жырау деп халық мактаған.

Жайықтағы Алшында
Әнші-ақындар көп болған.
Еділдегі Алшында
Құрманғазы топ құрған.

Еділ-Жайық күйшісі –
Құрманғазы, Байжұма.
Дәүлеткерей күйші де
Төреден шықкан сом тұлға.

Маңғыстауға барып ем
Дәл жиырма бір жасымда.
Шәкірт едім ол кезде
Біржанның ерген қасына.

Әкемді менің білетін
Кәрі ақындар табылды.
Карт жыраудан көріп ем
Есет пенен Абылды.

Іздеп барып екеуін
Сәлем бердім арнайы.
Бата берді қос жырау
Ақын бол деп мандайлы.

Сүгір, Нұрым, Қашқынбай
Жырлары күшті тасқындаі.
Құлманбет пен Қашаубай
Үлгі айтқан тентек, асаяға-ай.

Бала Ораз, Шәйтім, Арапбай
Белгілі Жайық, Арапға-ай.
Кубала, Досжан, Қашаған
Шебер ақын амалға-ай.

Өтебай, Ақтан, Ерғали
Әйгілі жүртқа дабысы.
Мұрат, Мұхит, Әубәкір
Өнімді жырмен шабысы.

Жүйріктің бірі – Шәңгерей
Мұратқа таяу өлеңі.
Еділ-Жайық еліне,
Мәлім болған өнері.

Жетісуга Сүйінбай
Жыры екпінді құйындаі.
Ілесе шығып Құлмамбет
Келеді арты сүйілмай.

Тұбі – Үақ Қарқабат,
Үйсінге сіңген үл болып.
Тұбекке ерген жасында
Өлең айтқан пұл болып.

Толғанбай, Құл, Төребай,
Сарбас, Майкет, Бактыбай
Би-болысты сынға алған,
Пара алғанын жактырмай.

Сыр бойында болды ақын
Досқожа мен Нысанбай.
Қатар еді Күдері
Жолдас болған соларға-ай.

Тұстас еді олармен
Қожа ақыны Мәделі.
Майлышқожа, Құлыншак
Жырау еді өнерлі.

Әзілкеш пен Ешнияз,
Жүргей ақын жігерлі.
Соларменен замандас
Базар жырау беделді.

Өз тұсында осылар
Жырау болды кемелді.
Шамамша бәрін қалдырмай
Өлеңге қостым көлемді.

Дүшпаннан өлді Ақмолда
Халықтың қамын көп жеген.
Өлеңге еді шын жорға,
Кез болды ажал көлденен.

Осы айтқанның көбін-ақ
Ажал келіп жалмады.
Ұлғайған жасы азын да
Жалған дүние алдады.

Отырсындар, халайық,
Тыңдал мына өлеңді.
Ақындарды еске алған,
Ұмытпа Мұсайын беренді.

Осы атаған жақсының,
Көбісін көзбен көргенмін.
Мылтыққа да, жырға да,
Оза шыккан мергенмін.

Опасыз жалған дүние-ай,
Өте шыктың омыраулап.
Неше бір жайсан қасқадан,
Күймеге ат жеккен коныраулап.

Жырладың тілім кең толғап,
Меруерттей таза сөз жолдап.
Өз шамамаша сөйлемдім,
Келген соң қауым қолқалап.

Әлеумет жасап кеңшілік,
Кез болған соң көпшілік.
Көкірегім ашық, көніл ояу,
Болғанмен көзде кемшілік.

Жиналыпты халайық,
Талайдан басын қоспаған.
Сегіз сері ұлы жырлар деп,
Болса да жүрт тоспаған.

Жетпіске келген шағымда,
Ұқсап жастық сағымға
Осыны айтып тоқтадым,
Көпшілік сіздің алдында.

Мен – қарт ақын Мұсайын,
Бастап бердім өлеңді.
Жастарға сырнай ұсынайын,
Айтсын жырын көлемді.

ҚОЗЫБАЙ ШЕШЕН

Қазак халқының XIX ғасырда өмір сүрген айыркемей, жезтандай шешендерінің бірі – Қозыбай шешен.

Қызылжар аймағынан шықкан өнерпаздардың бірі саналған Қозыбай шешен өз заманында Үш жүзге атағы әйгілі ел адамы болыпты. Ол дауларда әділ төрелік беріп, халық алдында зор беделге ие болып, көпшіліктен алғыс алған еken. Оның үстіне ол қолы ашық мырза кісі болып, елдегі ғаріп-касер, міскін, жарымжан, жетім-жесірлерге, баласыз кәрі-құртандарға көп жәрдем беріп, соның арқасында жұртшылықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, Қозыбай жомарт атанады.

Қозыбай салдық құрып, жас жігіт кезінде Кіші жүзге жататын елдерді көп аралапты. Сөйтіп жүргенде, ол Кіші жүз Алшын ішінде Әлімұлы, Жетіру тайпалық одағы саналатын жұрттардың небір мандайалды сабаз жігіттерімен танысып, олармен төс түйістірген дос болады. Сол достарының бірі – Кіші жүз Алшын ішінде Әлімұлының Алты шекті руының Қабақ атасынан шықкан жас батыр Бекет Серкебайұлы (1822-1857) еken. Ақыры Қозыбай сері сол елдегі Кенжалы есімді тәуір кісінің Айнұр деген қызын өзіне атастырып, қырық жетіні қырқа матап беріп алады. Кенжалы беделді де, ақылды да адам болыпты. Ол Бекет батырдың жақын туысы еken.

Бекет Серкебайұлы кім? Бекет – Есет Көтібарұлы бастаған Кіші жүз қазактары көтерілісіне (1855-1858) қатысқан батыр. Елінің еркіндігі мен ата қонысы үшін қүресіп, Ресей отаршылдарына қолдау қөрсеткен Арыстан төрені өлтіруге қатысқан. Көтеріліс женіліс тапқан соң ел арасынан жаңадан жасақ жинап жүргенде қолға түсіп, Сібірге жер аударылады. Артынан анасы мен жары іздеп шығады. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Бекет батыр өзін опасыздықпен ұстап берген Шернияз ақынды өлтіріп, заң орындарына барып: «Өз жауымнан кегімді алдым, енді мені жазалай беріңдер» депті. Бекет батырға байланысты ерлік пен елдікті, азаттық пен адалдықты өсінет ететін «Бекет батыр» атты дастан жазылған. Бұл дастан «Ерназар – Бекет» болып

та аталған. 1942 жылы Мұхтар Әуезов осы дастан негізінде 4 актілі драма жазған.

Шекті еліне күйеу жігіт Қозыбай сал ақырында екі жакты қанауға қарсы казак шаруаларының халық-азаттық қозғалысының әрі насиҳатшысы, әрі үйымдастырушыларының бірі болады. Ол 1853-1858 жылдары Шектінің ағайындас батырлары Есет Қөтібарұлы мен оның немере інісі Бекет Серкебайұлы басқарған Кіші жұ Алышын ішінде Әлімұлына жататын Еқкете, Шекті, Шемішті елдерінің шаруалар көтерілісіне белсene қатысып, әуелі жұзбасы, онан соң мынбасы болады. Соңғы жылдары (1855-1857 жылдары) Қозыбай құрдасы Бекет Серкебайұлы Сардардың екінші орынбасары болады.

Бекет Серкебайұлы батыр 1857 жылан жылды ақпан айында қапыда жау қолына түсіп, әскери дала сотының үкімімен өмірлік каторгаға кесіліп кеткенде, Қозыбай сыңарынан айырылған қырандай қатты қайғырып күзеледі.

1858 жылқы жылдының аяғында Сам құмы деген жерде Есет батыр Қөтібарұлы бастаған қазак шаруалары патша өкіметі отаршылдарының бакайшағына дейін қаруланған зенбіректі жазалаушы әскерлерімен соғыста жеңіліске ұшырап, Есет патша өкіметіне қарсы шығын токтатқанда, Қозыбай сардар бала-шағасын, өзіне ілескен үш жұз сарбазды ертіп, еліне қашып келеді. Қызылжарлық Керей жұрты шешен де батыр баласын жаксы қарсы алып, қатты қуанып, той жасайды.

Тойдан кейін Қозыбайды аға сұлтан Есеней Естемесұлы деген Керей елінің басшысы оңаша шақырып алып, оған пайдалы кенестер айтып, Қозыбай шешенді әуелі Сіргелі Уакқа старшина сайлатады, артынан үш жыл өткен соң бүкіл Уак атаулыға аға старшина (рубасы) сайлатады. Уакты өз ырқынан шығармау үшін Есеней ол елге өз елінің адамы Қозыбайды әдейі басшы қояды.

Әуелі Сіргелі Уакқа старшина сайланарда Қозыбай балуан өзімен елдес Көшебе Керейден шыққан Қызылжар аймағының (Қызылжар өлкесі деп Омбы қаласы мен Аманқарағай орманы аралығындағы кен өнірі атайды) әйгілі қазысы Табей Барлыбайұлының қауіп-қатерден

сактандыра айткан кеңесін құп алады да, оны іс жүзінде пайдаға асырады. Табей сол кезде төбе би еken. Ол руласы Қозыбайға уақытша болса да, руының, әкесінің, жерінің аттарын, туған жылын өзгертіп, алдын ала құжаттар жасап алып, күтін-сүргіннен ада болу үшін бірден сактық жасау туралы ерекше акыл береді. Алда-жалда Орынбор шенеуніктері Қозыбайды іздеп, Омбы ұлықтарына хабар салған күнде ізін жасыру үшін жерінің, руының әкесінің аттарын басқаша етіп, жасын да кішірейтіп көрсетеп, өзін жауға тапқызбау керектігін ойластырып кояды. Оның үстіне, Табей Қозыбайға Кіші жүздегі шаруалар көтерілісіне катыскандығы туралы елге дабыра етпеуі қажеттігін қатты ескертеді. Табейдің ол кеңесі Қозыбай үшін аса қажет еді.

Қозыбай Нәупілұлы шешен өзін ұлықтарға тапқызбас үшін Есенғұлов Қозыбай, Балташев Қозыбай деген екі түрлі атқа документ жазғызып алады. 1822 жылдан он жылға кейін шегеріп, 1832 жылғы етіп, туған жылын да құжатта басқаша көрсетеді, руын Бидалы Уақ етіп жазғызады. Сөйтіп, ол басқа Қозыбай, яғни Уақ Қозыбай боп шыға келеді. Қазакта не көп Қозыбай атты адам көп, ұлықтар оның қай Қозыбай екенін қайdan білсін?!

Орынбар генерал-губернаторы алғашында қолға түспей кеткен мынбасы сардар Баһрамов Қозыбайды қауіпті кашқын деп іздесе де, одан ешбір дерек таппаған соң, істі әрі қарай қозғамаған. Қалың ел, яғни Төрт момын деп аталатын Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл жұртшылығы Қозыбайдың қызылжарлық Керей екенін білсе де, оның құжатта калай жазылғанын да, Кіші жүздегі шаруалар көтерілісіне катысқанын да сезбеген. Тіпті Қозыбайда ешкімнің шаруасы да болмаған, оны ел жақсысы, ер жігіт деп қатты қадірлеген. Тек «екі бірдей нағашысында ер бала болмаған соң, нағашысы Есенғұлдың атына көшкен фой» деп, өздерінше топшылай салған.

Қозыбайдың туған жылы – 1822 жылқы жылы екенін де Керей-Уақ, Атығай-Қарауыл елдері өте жақсы білсе де, оның туған жылын он жылға кейін шегергенін білмеген, онда жұмысы да болмаған. Тек кейбір ауылнайлар мен старшиналар ғана білген. Олар «Қозыкен әйелі қартаймай

тұрып-ак, жас тоқал алғысы келсе керек. Жасару үшін қағазда жасын кішірейтіп беріпті» деп, оны сырттай өзіл ғып қана қояды да, біраз жылдан сон, ол мәселе тіпті әңгіме де етілмей кала береді. Қалың жұрт ол жағын мұлде еске де алмайды.

Тек біраз жыл арада өткен сон, бұл мәселеге Козыбайды күндеуші жасы оның балаларымен қатар Шайгөз Уактан жана шыққан болыс Торсан Тілемісұлы ғана көп көніл бөле бастайды. Ол Козыбайды жену үшін жоғарыдағы айтылған жайттарды егжей-тегжейіне дейін қалдырмай сұрастырып астыртын білген.

Саудагер Уак байшігеші Торсан Орынбор базарына еki жылда бір барып, ылғи жаздың аяғына қарай сауда жасап жүріпті. Ол жол-жөнекей құдайы қонақ ретінде Кіші жұз Әлімұлының ауылдарына тунеп, дәм ішіп, оларға базарлық сыйлаг жүргенде, сол елдің аксақалдары бірде Торсанға: «Сен шырағым, қызылжарлық Уак болсан, сол қызылжарлық Керейде Қозыбай Баһрам ұғылы деген өнер-паз да батыр кісіні білетін боларсын. Ол осы елден қыз алған, біздің жакқа қүйеу еді. Өзі баяғыда Ер Бекетпен жолдас болып, патша әскеріне карсы соғысқан мыңбасы, балуан, жауынгер болған өжет, шешен адам еді. Ол тірі болса, біраз жаска келіп қалды. Бекет батырмен құрдас болатын. Ұмытпасақ, солардың жылы жылқы шығар. Ер Бекетпен төс қағысқан дос болды. Ерназар Кенжалыұлының апасын алған жездесі еді. Әйелі де өзімен құрдас болатын. Қозыбай бұл жақта беделді болды. Ол кобызшы, сыбызғышы, домбырашы, әнші еді. Ол атқұмар да кісі болатын. Саятшы, аңшы, мерген болды. Ана бір болыстық штат шыққан жылдары бір-екі рет Орынбор базарына келіп кетті. Содан кейін келмей кетті. Әуелде Орынбор ұлықтарының қолына түспей кеткен кісі ғой. Сол жағын еске алды ма? Кейін бұл жақтан қатынасын үзіп кетті. Өзі балалы-шағалы жігіт еді. Оны көрген шығарсын. Сол ардагер тірі ме, бар ма, аман ба?» – деп сұрайды. Сонда оларға Торсан: «Біздің Уакта төбе би болып жүрген бір қызылжарлық Көшебе керей Қозыбай деген беделді кісі бар – бірак оның әкесінің аты Баһрам емес, Нәупіл болса керек. Барған соң сұрап білейін. Сол

Қозыбай болса, сіздердің сәлемдерінізді жеткізейін!» – деп, жауп береді.

Сол сапарында өзіне керекті материалды Торсан болыс тауып қайткан секілденсе де, оны оған анықтай тұсу қажет болады. Торсан Орынбор базарынан оралған соң, бір жылдан кейін құндердің бір қунінде Қызылжар базарында Қозыбайдың кіші баласы Тұмырзаға кездесіп, онымен амандастып тұрып: «Осы Қозыкең Қөшебе Керейдің кай руына жатады? Ол кісінің әкесінің аты – Нәупіл батыр емес пе еді?» – деп, тосыннан оған сауал қояды. Сонда оған Тұмырза: «Әкесі Нәупіл батыр екені рас. Бірақ әкем Бидалы уактағы нағашылары: Есенғұл, Балташ деген екі балықшыға ортақ бала болған фой. Руымыз Ашамайлы Керей, оның ішінде Қөшебе, оның ішінде Жауынгер, оның ішінде Таузар Керейміз. Біздің Қөшебе Керей Жауынгер Қөшебе, Құрама Қөшебе, Жалайыр Қөшебе боп үш рұлы елге бөлінеді. Қөшебенің бес ұлынан тараған көп елді Құрама Қөшебе дейді.

«Қөшебе өлер кезде, Керей атаулы ел аттың жолындай как айырылды» деп, дау кезінде туған Қөшебенің кіші ұлының есімін Жалайыр деп қойған екен, сол атамыздан тараған ел Жалайыр Қөшебе деп аталады, олар небәрі жұз жиырма шаңырак, өспеген ата, Қекшетау өнірінде тұрады. Біздің Жауынгер Қөшебені кейде Бәйбіше Қөшебе Керей деп те, кейде Үлкен Қөшебе Керей деп те атайды. Себебі арғы бабамыз Жауынгер батыр Қөшебе би Танаш сардар ұлының бәйбішесі Балумаржаннан жалғыз туыпты. Сондықтан Жауынгер Керейді Бәйбіше ұлы Керей немесе Бәйбіше баласы Керей деп те атайды. Балумаржан анамыз Кіші жұз қызы екен. Танаш бабамыздың немере інісі Ақылбай батыр Сарматұлынан он екі ата Абак Керей тарайды. Абак – шешенің аты, ол анамыз Естек Сәлім бидің қызы екен, ол шешенің бейіті Тұмен жақта, ол жер Абак ана деп аталады. Біздің руымызды, атамыздың атын неге сұрадыңыз?» – депті. Сонда Торсан оған: «Анада Орынбор базарына барып жүргенімде, жолдағы Кіші жұз ауылдарына Құдайы мейман боп тунеп, бара жатқанда да, қайтып келе жатқанда да, дәм татып едім. Сол кездерде ол елдің жасы

үлкен адамдары «Шырағым, сен қызылжарлық Орта жұз Уақ болсан, сол Уақпен бірге туған ел қызылжарлық Орта жұз Керейде Қозыбай Баһрамұлы деген өнерлі кісіні білетін шығарсың. Ол кісі тірі ме, бар ма, аман ба? Қөрсөң, оған бізден сәлем айт. Өзі біздің елден қыз алған күйеу еді» деп сұрады. Мен оларға: Баһрам баласы Қозыбай деген Керейді білмеймін. Керейден шыққан Қозыбай Нәупілұлы деген атақты кісі бар» дедім. Солардың сұрауына байланысты саған сауал қойып тұрмын», – дейді. Оны естіген Тұмырза: «Баһрам батыр Шақшакұлы – біздің бабамыз. Ал атам Нәупіл балуан – сол Баһрам ақынның ортанышы ұлы. Атақты Сегіз сері ақын атам Нәупілдің туған інісі еken. Баһрам бабамыз Омбы шаһарындағы медреседе сабак беріп, шәкірттерді тәрбиелепті. Эрі сондағы бір мешітте имам бол жүріп, ауырып қайтыпты. Кіші жүздегі нағашыларымның менің әкемді Баһрам баласы деуі де әбден дұрыс!» – деп, жауап береді Торсанға. Соған қарағанда Қозыбай шешен Кіші жүзде жүргенде өзінің текті жерден шыққанын жүртқа білдіру үшін өз әкесі Нәупілдің орнына Үш жүзге есімі әйгілі Ордабасы Баһрамды атаса керек.

Торсан Баһрамның атақты батыр екенін жүрттап естісе де, оның Қозыбай шешеннің атасы екенін білмеген еken.

Қозыбай 1912 тышқан жылы қоқтемде ауырып, содан сол жылы қазан айының ортасына дейін катты науқастанып, ақыры балалары, үлкен немерелері күймелерге үш аттан жегіп, әр елден емші, балгер жинал әкел, әкесін емдетеуді. Қозыкеңді дәрігер де қарайды. Ақыры тышқан жылы қазан айының ортасында жасы тоқсан бірден аскан кәрілігіне қарамастан, атақты шешен өлім аузынан калады. Сырт елге «Қозыбай шешен қайтыс болып кетті» деген лақап та тарайды. Ол лақаптың бекер екендігін айтып Қозыбайға жанашыр адамның бірі, әрі оның ұлдарының досы белгілі әнші-акын Жақсылық Қарауыл Ақан сері Қорамсаұлы (1843-1913) төмендегіше өлең шығарады:

*Өткені Ер Қозыкеңнің бекер еді,
Жайлауы Бозшакөл мен Мәтепен еді.*

*Есілдің бүгілісін таңдал алып,
Өзіне жайлы қыстау еткен еді.*

*Заты оның Ашамайлы Керей еді,
Керей мен Үаққа ортақ мерей еді.
Қартайса да Қазы бол жүрді сабаз,
Қазақтың баршасына бірдей еді.*

*Қозыкең жең ұшы емес, жаға болды,
Жетім-жесір, міскінге пана болды.
Керейдің Таузарынан шықса-дағы,
Төрт болыс ел Үаққа аға болды.*

*Ел айтпас Қозыкемді еді-ау паң деп,
Қарадан айттар едім шыққан хан деп.
Бетімнен келгенім де қаққан емес,
Өзімді еркелеткен Ақанжан деп.*

*Өзінің ұлдарынан кем көрмеуші еді,
Мениң жынды дегенді жөн көрмеуші еді.
Сан қашқанды қорғаған бәйтерегім
Пендені жауға ұстап еш бермеуші еді.*

*Өтті деп Қозыкеңді қате естін,
Қайғыдан жүрттың есі кетін еді.
Арыстан қартайса да тез жазылсын,
Халыққа жақсылығы өттін еді.*

*Кезінде Ақмолла ақын панағаған,
Кем-кетік қорғаң көріп жағалаған.
Үш жүздің шешендері бас қосқанда
Бәрі де Қозыекемді ағалаған.*

Ақанға осы өлеңі үшін Қозыбай да, оның ұлдары да алғыс айтып, сыйлық берген. Эрине, біздің қолға бұл өлеңнің толық нұсқасы түсken жоқ.

Қозыбай 1868-1870 жылдары Орынбор базарына барып жүргенде, сондағы жаңа ұлықтармен тіл тауып сөйлесіп,

оларға астыртын сыйлық беріп, өзі туралы жазылған қара-лаушы материалдың көпшілігін жойғызған көрінеді. Өйткені 1898 жылы күзде Қозыбайды айыптау кезінде оны қаралап жазылған құжаттардың басым көпшілігі Орынбор ұлықтары кеңесіндегі архивтерден табылмаған. Оның үстіне оқиға ескірген. Сондыктан да Қозыбай мен оның ұлдары, нәкерлері каторгаға кесілмеген, басқа аймактарға жер аударылған.

Қозыбайдан көп жақсылық көріп, оған жетім кезінде панаған адамның бірі – Уак Ысқақ Сәлібайұлы жыршы еken. Қозыбай оны медресеге оқуға беріп тәрбиелеп, Қызылжардан медресе бітіріп келген соң, оған келіншек әперіп, алдына мал салып, оны жеке отау үй қып шығарады. Өзіне Ысқақты әрі өкіл іні, әрі шәкірт, әрі ақын етіп, оны Нәупілұлы шешен қасына ертіп жүріпті.

Қозыбай 1912 жылы қатты ауырып, сол жылдың қазан айының бас кезінде өлім қүтіп жатқанда, ер үшін қатты қайғырып күйзелген адамның бірі де сол Ысқақ Сәлібайұлы еken. Қозыбайдың басында отырған ақын Ысқақ: «Жас бала кезімде ата-анам бірдей кайтыс болып, панасыз қалдым. Сол шақта әке орнына әке, аға орнына аға бол, мені біреле ұлыңыздай, біреле ініңіздей көріп, асырап сақтап, әуелі ауыл молдасынан, онан соң Болатынай, Қызылжар медреселерінен оқытып, адам етіп едіңіз. Онан соң келіншек әперіп, басыма үй тігіп, алдымға мал салып, отау етіп шығардыңыз. Ақыры ақыныңыз, шәкіртіңіз болдым. Бұл жақсылығыңызды екі дүниеде де менің кайтаруға шамам келмейді. Жолыңызға жаным құрбан!» – деп, солқылдаپ жылап жібереді. Сонда ем алып, шамалы әл жиған Қозыбай шәкірті Ысқаққа қарап жатып: «Мен дүниеден өтсем, маған арнап жоктау өлең шығаратын ақындардың бірі – сенсін. Ал сонда шығаратын жоктауынды қазір шығарып айтшы, шырағым?! Өз құлағыммен естиін!? «Жақсы сөз – жарым ырыс» дегендей, менің ауруымның жартысы кетіп, сенің жоктау өлеңіннен бойым женілденіп, дерттен айығар ма екем!?” депті.

Қозыбайдың көнілі тетік болып, бері қарал, өлім аузынан қалғанына оның бала-шағасы да, ауыл адамдары да, көнілін

сұрауға келген кісілер де қатты қуанады. Солармен бірге Сәлібайұлы ақын да бек қуанады. Ыскак ақын қуанса да, Казының өзіне қойған талабынан қысылып: «Ой, би аға, о не дегеніңіз? Tipi кісіге жоқтау шығарған үят емес пе? Иншалла, енді былай да сауығып кетерсіз», – депті.

Бірак қарт балуан Нәупілұлы онын сөзіне тоқтамай, қайратын жиып, басын жастықпен көтертіп: «Алла, аруақ өзі кешіреді. Ешбір ұяттығы жоқ. Жоқтау өленді шығаруды өзім сұрап отырмын. Менің өзіне жасаған азды-көпті жақсылығым қайтын десен, мені разы болсын десен, мені тәуір болып, науқастан айықсын десен, жоқтауды қазір шығар! Бәрібір түбінде шығаратын жоқтау өлеңің ғой. Қысылмай тез арада қазір шығар. Өзім рұқсат еттім ғой», – депті.

Сонда Қозыбайдың төсегінің маңында отырған ел адамдары да, шешеннің өз балалары да, олардан туған немере, шөберелері де: «Өзі рұқсат беріп, сізге тілек қойып отыр ғой. Ағаныздың сөзін қайт қылмаңыз?! Рас, бәрібір түбінде шығаратын жоқтауыңыз ғой. Соны қазір-ак шығара берініз?! дейді де, Ыскактың қолына қобыз бен домбыра әкеп ұстатаады. Сонда әkkі ақын Сәлібайұлы кинала отырып, әуелі қобызben шешеннің арғы бабаларының бірі – Қожаберген жырау Толыбай сыншы ұлының «Елім-ай» қүйін тартып береді. Онан соң қобызды қасына қойып, қолына домбыра алып, домбыраға қосып, сол Қожаберген жырау шығарған «Елім-ай» әнін орындалап береді. Сол шақта Қозыбайдың аз да болса көnlі сергіп қалғанын үйде отырған кісілер анғарып калады. Содан үміттеніп көnlі орныға бастаған Сәлібайұлы жырау домбыраға қосып, әндептіп, жоқтау өленді шығарып айта бастайды. Ақыры толық шығарып аяктайды. Жоқтау өлең Қозыбайға да, басқаларға да қатты ұнап, олар Ыскак ақынға көп-көп алғыс айттыпты. Қажы Қозыбай сол арада Сәлібайұлы жырауға: «Казір онаша үйге барып, қолына қағаз, қалам, сия алып, осы жоқтау өленді хатқа түсіріп әкеп, өз қолыма табыс ет!?!» – деп, бірден тапсырма береді.

Ыскак медресе үйіне барып, шәкірттер тарай салысымен-ак, қолына қағаз, дәуіт, қалам алып, үстел басына орнығып отырып, өзі шығарған жоқтау өленді «Қозыбай қажыны жоқтау» деген атпен табан аузында хатқа түсіреді. Сол жоқтау

өлеңді Қозыбай би кіші баласы Тұмырзаны шакырып алып, оған қаражат беріп, колына Орынбор ведомствоныңдағы, сондағы мешіт, медреселерде қызмет атқаратын достарына хат жазып, сәлем жолдап, қасына сенімді серік қосып беріп, Орынборға аттандырады. 1913 жылы Орынбордағы «Дін һәм мешіт» баспасынан Қозыбайға арнап шығарылған Ысқақ Сәлібайұлының жоқтау өлеңі шағын кітапша боп шығып, елге тарапады. Соған байланысты Қозыбайдың руы – Бидалы Уақ, әкесі – Есенғұл, туған жылы 1832 жыл, қайтыс болған уақыты 1912 жылдың қазан айының 12-сі (жоқтау шығарылған күн) болып қалыптасып кеткен. Қозыбай шешеннің өмірбаянының бұлай өзгеру себебі жоғарыда баяндалған.

Қозыбай сыңды қазының көзі тірісінде өзіне жоқтау өлең шығартып, оны арнаулы кісі арқылы Орынборға жолдап, сонда кітапша етіп шығарғанына онымен көрші отырған елдердің діндар адамдары да, шонжарлары да, болыс, би, ауылнайлары да қатты таңғалады.

Шайгөз Уақтың шонжарлары Торсан мен Молдаш «Қозыекен көп жасады, оны кәрілік адастырған-ақ екен!» десті. Қозыбай 1858-1861 жылдар арасында Сіргелі Уаққа старшина болса, 1861-1868 жылдары Қызылжар өніріндегі 4000 үйлі Уаққа аға старшина боп (рубасылық) қызмет атқарады. 1868-1890 жылдар арасында ол Қызылжар уезіндегі Құсмұрын болысында болыс (волостной управитель) болып, қызмет атқарады. 1890-1898 жылдар арасында ол төрт болыс Уаққа төбе би әрі указной имам болады. 1898-1901 жылдар арасында Қозыбай қажы Семейге жер ауып, үш жыл бойы сол жақта болады.

Қозыбайдың Семей жеріне жер аударылуы

Қозыбайдың Семей жеріне жер аударылуы былай болған екен. Қазіргі Солтүстік Казақстан облысы Жамбыл ауданы Ақбалық ауылы жерінде Керейдің Тарышысынан тарағанын Самай атасының атакты байы Құрымбайға ас беріледі. Ас беруші шетінен мынғырлаған бай болғандықтан тоғыз

ауылға бөлініп отырған Құрымбайдың тоғыз баласы еді. Аска Қызылжар уезіне қарасты бес болыс Керей-Уақтың жаксы-жайсандаres тегіс жиналады. Эр болыс өздерінің сән салтымен, ақындарымен, балуандарымен, бәйгеге қосатын аттарымен келген.

Осы сияқты Керей Уақтың думандатып өтіп жатқан жиынның сәні пышақпен кескендей үзілді. Ол былай болады. Аламан бәйгеге 500-дей ат қосылған. Алдымен аттарды елу шақырымнан шаптырмақ болған ел ақылдаса келе отыз шақырымға жібереді. Үлкен «Өтеп» көлінен Қапсыттың Балықбай аулының «Жалтырша» көлі арқылы Ақбалық көліне дейін шаптырады. Ат жарысына Құрымбайдың жеті ауыл болып отырған жеті баласының өзі 50-ден астам бәйге атын қосады.

Атадан келе жатқан дәстүр бойынша Құрымбай балалары бәйге аттарын көптең ұстаған. Бәйге аттарының ішінде араб, орыс, түрікмен жылқыларының тұқымдары болған. Қай жерде жүйрік бәйге атын естісе, ондаған жылқы беріп калайда қолдарына түсіріп алған. Сондықтан Құрымбай балаларының аттары бәйге алдын бермейтін.

Осы ат бәйгесіне Шағырай шешен Төбетұлы да өзінің аты жаңада шыға бастаған Кертөбелін қосқан.

Шағырай кім? Шағырайдың руы – Уақ, оның ішінде Бидалы Уақ, Қызылжар уезі Ақкусақ болысы Беркін ауылында (казіргі Есберлі ауылы. – С.Ж.) 1838 жылы дуниеге келген. 1924 жылы желтоқсан айында 86 жасында дүниеден өткен. Аталары былай таратылады: Уақ – Ергенекті-Жантелі – Жантай-Сәбітек – Құдайқұл – Қайдауыл – Сағындық – Шындәулет – Төбет.

Шағырайдың 11 жасында әке-шешесі қайтып, панасыз қалады. Әкесі Шындәулет те ерте қайтыс болған. Жас кезінен тұрмыс тауқыметін тартып, әркімнің қолында «қол бала» болып жүреді. Тұрмысының қындығына қарамай, өлең-жырға әуестенеді.

Жас кезінен бастап «Әнші Шағырай», «Жыршы Шағырай» атанип, елге танымал бола бастайды. 16-17 жасында Біржан салға, Ақан серіге, Шәрке салға еліктеп, әкеден қалған аз ғана мұраға жүйрік ат, ер-тұрман сатып алып,

әнші Байеке Айдаболұлымен қосылып, сал-серілік құра бастайды. Тай кезінен сатып алған Кертөбелі бәйге алдын бермейтін жүйрік ат болады.

Маңайдағы ойын-тойлардағы ат жарыстарында бәйге алып келгенімен, мұндай 500-дей ат қосылған ірі жарысқа бірінші қосылуы еді. Осы бәйгеде бірінші болып келіп, Шағырайдың мәртебесін өсіре түседі. Құрымбай балаларының бәйгеге қосқан осынша атының біреуінің бәйге алдында келмеуі намыстарына тиеді. Құрымбайдың ең үлкен баласы Эйміш ашу шақырып «Босағамыздан қосылған атымыз бас бәйгені бермеуші еді. Сінірі шыққан бір қу кедей мәстегінің бірінші келуін карашы!?!» дейді көпшілікке естіртіп. «Шын жүйрік сенің босағаңмен құйрықын сұртсін бе?» дейді жұлып алғандай Шағырай басынан сөз асырмайтын әдетімен. «Иттін баласы, сен не дейсің?!» деп, Эйміш Шағырайдың басына қамшымен салып калады.

Жұрт алдында таяқ жеген албырт мінезді Шағырай ашуға шыдай алмай, Эйміштің бет-аузын ала қамшымен тартып жібереді. Оқыс тиген қамшы Эйміштің бет-аузын канға бояйды.

Ас беріп жатқан Құрымбай балалары қатты намыстанып, Шағырайды жер аудартпақ болады. Эйміштің Ыбыр атты баласы Самай ауылшының старшинасы екен, Шағырайды жер аударуға қағаз дайындауды. Бұған Шағырайда өштігі бар Шайгөз Уақ Торсан болыс та қосылады. Құсмұрын дуанына қарасты Уақ руының басшысы Қозыбай шешен мен Жансары Уактың би Жарылғамыс Токбайұлы Шағырайды қорғайды. Бұл оқиға жанжалға ұласып, Ыбыр мен Торсан Қозыбайдың Бекет бастаған шаруалар көтерілісіне қатысып, қазір Қызылжар жерінде жасырынып жүргенін жазып жібереді. Сөйтіп Семей жеріне 12 жылға жер аударылады. Тек Абайдың қөмегімен 12 жыл қысқартылып, Қозыбай шешен Семей жерінде үш жыл – 1898-1901 жылдар арасында болады. Семей жерінде жүргенде Тобықтының Тұсіп ақыны Қозыбай шешенге былай деген екен:

*Жігітке сайран да серуен,
Сергелден де серуен.*

*Уа, Арқаның арыстаны,
Қозыбай шешен қамықпа,
Қайғыланып жабықпа,
Жалғызбын деп тарықпа.
Беделің зор ер едің
Пайдан тиген халыққа.
Бұл да өз елің ғой,
Сапарың оң болсын.
Дәм-тұзыңды мұнан жазса
Топырағыңды туған жеріңнен жазсын!*

Қозыбай Семей жерінде уақыты бітсе де, елге оралмай жүріп қалыпты. Жарылқамыс би мен Шағырай Семей жеріне елге кайтару үшін іздел барады. Сондағы Шағырайдың шығарған өлеңі:

*Аман ба, Қозыбай аға, хош ба уақытың?
Орнаған бір жері едің дәулет-бақтың.
Тұрады сыры кетсе, сины кетпей –
Белгісі ер салдырған ғимараттың*

*Баласын көп қазақтың шөлдептің ғой,
Суаты құлағандай шығанақтың.
Өзенді ағыны қатты лайлайды
Көз салсаң негізіне қиянаттың.*

*Қазақтан асып туған сұнқарым-ау!
Қарғаға жүнді балақ қуалаттың.
Белгілі күшігенге жем болары
Бөлінген өз тобынан дуадақтың.*

*Оралып туған елге қайтпайсыз ба,
Қажеті сізге қанша бөтен жақтың?
Күншілдер, пасық, надан көре алмайды
Қонғаның кеменғерге дәулет, бақтың.*

Шағырайдан ел сәлемін естіген Қозыбай шешен «Битке өкпелеп, шапанымды отқа жақпайын» деп еліне оралған екен.

Қозыбай шешенниң елге оралуы

1901 жылы күзде Семейден еліне келеді. 1901-1914 жылдар арасында халық сайлаған казы болып, өле-өлгенше ел арасы дауларында төрелік айтады. Ол өз өмірінде Меккеге үш рет қажылыққа барыпты. Бұрын да қабырғалы азаматтар қатарына ілікпеген нағашылары Есенғұл, Балташ Қозыбайдың арқасында дәулет иелеріне айналады. Жиені Қозыбайға еріп Меккеге барып, Есенғұл, Балташ та қажы атағына ие болады.

Нәүпілұлы балуанның өз көзі тірісінде өзіне арнаулы жоктау өлең шығартып, соны Орынборда кітапша етіп бастырып, елге таратқанын естіп, оны лайықсыз деп білген белгілі адамдардың бірі – көкшетаулық Орта жұз Жансары Уак Мұқан Құлыкешұлы (1841-1915) әнші-акын екен. Ол 1913 жылы – сиыр жылы күзде ел құздікке қонғанда, Қозыбай биге сәлем бере келіп, сол үйде мейман болып отырып, мына төмендегі «Қажыға» атты өленді бірден шығарып айтады.

Сәлем беріп Қозыке,
Халінді білдік біз келіп.
Және де отыр аузыма
Айтатұғын сөз келіп.

Ілім мен білім, өнердің
Бар еді бәрі бойында.
Қартайғанда, қажыға,
Өзгеріс бопты ойында.

Топқа түскен балуан ең,
Алыптармен алысқан.
Оза шықкан жүйрік ең
Қалмай жүрген жарыстан.

Кешіре гөр, жақсы аға,
Ұқсаса сөзім түрпіге.

Тоқсан бірден асқанда
Душар бопсыз күлкіге.

Опасыз жалған дүние,
Ұқсайды қашқан тұлкіге.
Ешкімге жолдас болмайды
Тырнақтап жиған мұлкі де.

Өліп кетсем Үақтар
Жоктамас деп ұйғардың.
Тірінде жоқтау жаздырып,
Кітап етіп шығардың.

Болатынайдан, Қазы аға,
Медресені оқып, тәмамдап.
Онан кейін бөгелмей,
Қызылжар бардың аяңдап.

Қызылжардан Қозыке,
Үйрендің нұсқа-өрнекті.
Тәмам еттің орысша
Екі жылдық мектепті.

Ата-анаңыз қаза бол,
Нағашы атаң алдырыды.
Ажыратып ортаннан,
Көніліңе қаяу салдырыды.

Туған кезден талпынып,
Құрмак болдың серілік.
Бойыңызда тұтанған
Атадан мирас бөрілік.

Он жетінде, Қозыке,
Атқа міндің шыдамай.
Салдық күрдің өзінше,
Нағашың ісі ұнамай.

Домбыра тартып, эн салдың,
Той-думаннан құр қалмай.
Жолдас болдың Бекетпен,
Артынша көп ұзамай.

Ас пен тойда қүресіп,
Жықтың талай балуанды.
Кіші жүзден қыз алып,
Түзедін сонда шаруанды.

Қорғаймын деп қазақты
Басына ерді жастадың.
Ер Бекетпен дос болып,
Серлікті де таstadtың.

Есет пенен Бекетке
Адал дос боп жақтыңыз.
Кешегі өткен женгейді
Шектіден таңдал таптыңыз.

Алшынның бастап жасаған
Бекіністерге шалтыңыз.
Нысана етіп патшаның
Әскеріне оқ аттыңыз.

Шектінің құшып сұлуын,
Сол елге сыбай қондыңыз.
Қүйеу болып Әлімге,
Алты жыл дәмдес болдыңыз.

Уақтағы балықшы еді
Есенғұл, Балташ нағашың.
Есіктен төрге шығарып,
Құндыз еттің жағасын.

Женіліп Есет қалғанда,
Елге қарай қайттыңыз.
Есеней мен Табейге
Жағдайды болған айттыңыз.

Ақылымен Табейдің
Уақ болып өзгердің.
Сезбесін деп ұлықтар
Жасынды кейін шегердің.

Нағашынды әке қып,
Ада болдың өсектен.
Ауыстырып қонысты,
Сактандың тиер таяктан.

Сіргеліге басшы бол,
Ел билеуді жөн көрдің.
Старшын болған шағында
Жарлы мен байды тең көрдің.

Есенғұл, Балташ нағашын
Кісі емес атақ іздеген.
Олар да қажы атанды
Меккеге барып сізбенен.

Мейман боп барып әр елден,
Сыйлыққа нар мен ат алдың.
Үш рет барып Меккеге,
Үлгілі қажы атандың.

Бидалы мен Бұйдалы,
Сіргелі Уақ басшысы ең.
Тартысқанда сырт елмен
Орта жүздің жақсысы ең.

Арқа түгіл Үш жүзге
Жақсы даңқың жайылды.
Жабылған кейін бір жала,
Аздап жолдан тайдырды.

Ақ ағашқа, көкежан,
Қүйе жүқпас дегендей,
Жіберген жоқсыз қателік
Кісінің хақын жегендей.

Аудартса да Семейге
Жақсы атақпен оралдың.
Баяғыша сыйлы бол,
Тұғырға қайта қона алдың.

Жер ауғанмен өздерің,
Тозған жоқ ешбір ауылың.
Үй ішінді жүдептей,
Сақтап қалды қауымың.

Төрелік айтып көп елге,
Қазы болдың тақытты.
Ала алған жоқ дүшпандар
Басыңа қонған бақытты.

Затыңыз Керей болса да,
Бидалы Уақ бегісің,
Тоғыз ұлың ер болып,
Кеніді, аға, өрісің.

Кигізіп киім жаңасын,
Болдыртпай жаттың табасын.
Жарлыны бәділ қажы еттің,
Жазып жанның жарасын.

Алланың сүйген құлышыз,
Нәупіл батыр ұлысыз.
Ортадан кетсөн, жақсы аға,
Таптырмас елдің пұлышыз.

Еркімен сайлап халайық,
Атқардың міндет қазылық.
Әділ айтып билікті,
Еткен жоқсыз асылық.

Ысқақтай өкіл балана
Жазғыздың жоқтау өтініп,
Кітап етіп бастырттың,
Қалмасқа кейін өкініп.

Бұл ісіңе, көкежан,
Таңданды біраз халайық.
Тіріде жоктау шығарту
Емес қой тіпті лайық!

Мұқан Құлыкешұлының өлеңін тыңдалп отырып, оның сөзінің дұрыс екенін, Ысқақ шығарған жоктау өлеңнің ішінде бұрмалау да бар екенін мойындаған Қозыбай шешен өзінің қадірлі мейманына былайша жауап қайтарыпты:

Мұқанжан, бұл айтқаның теріс емес,
Жоктаудың кей сөздері дұрыс емес.
Кітап қып Тумырзажан шығартыпты,
Сөз қозғап етпей-ақ қой, інім, егес.

Ас, тойда алып жүрдім сан бәйгені,
Менің Керей екенім көпке әйгілі.
Ысқақжан бізді Уақ деп жазыпты
Жеткенше өзіндегі сөз байлығы.

Тұған жыл, ел менен жер, әкем аты
Жоктауда қате айтылып кеткен қапы.
Мұқанжан, жоктау жазсан түзетерсін,
Қазактың бұзылмасын ата салты.

1915 қоян жылы жазда хан жайлауда Қозыбай шешенге ас берілетін болып, алдын ала асқа сауын айтылады. Асқа көкшетаулық Орта жұз Жақсылық Қарауылдан шықса да, қызылжарлық Орта жұз Керейдің бесті жүйрік ақыны атанған Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы (1856-1934) катысып, жоктау өлеңін айтады. Бұл жоктау өлеңнің төмендегідей Үзіндісі ғана сақталған.

Атанған Сарыарқаның арыстаны,
Керейдің алтын дінгек босағасы.
Күзінде барыс жылы дүниеден өтті,
Қозыкең қызылжарлық ел ағасы.

Уакта Бидалы мен Бүйдалы бар,
Екеуі екі тайпа ел өскен қатар.
Соларға қазы болған Ер Қозыкем
Қайтпас боп алыс жолға шеккен сапар.

Ер тумас Қозыкемдей енді шаһбаз,
Көтерген еркелікті есіл маңғаз.
Қазактың би мен бегі көп болғанмен,
Ішінде Қозыкемдей асылдар аз.

Қозыкем ту ұстаған еді сабаз,
Оқыды имам болып ылғи намаз.
«Әкемнің қоян жыл жаз асы бар» деп,
Тұмырза әр руға жазды қағаз.

Тұрсын деп хабардар боп жақын мен жат,
Ас бар деп, сауын айттып, жіберді хат.
Әр жүрттың жақсысына сәлем жолдап,
Міндеттен біз құтылдық болмасқа ұят.

Қозыкем заманында топтан асқан,
Шеберлік ауылында дүкен ашқан.
Көп жасап құздігүнде дүние салды,
Кезінде тоқсан үшке аяқ басқан.

Қозыкем Керей Нәупіл ердің ұлы,
Туыпты Гүлтөбеде жылқы жылы.
Жәмиғат өлеңімде айттым шындық,
Шешеннің өз аузынан естіп мұны.

Шешесі Қозыкемнің – Балым ана,
Уактың қызы екен, өзі – дана.
Қозыкем ата-анадан жастай қалып,
Өсірген туыстары болып пана.

Қозыбай шешенге 1915 қоян жылы жазда Бозшакөл
жағасында ел хан жайлауда отырғанда, арнаулы үлкен ас
беріледі. Аста бәйгеге 572 ат қосылады. Бірақ атты екі топқа
бөліп жарыстырады. Бірінші топта үш жұз сәйгүлік бәйгеге

косылып, жарыс болады. 300 аттын алдында Көшебе Керей Күзембай мырза Итемірұлы Барлыбаев деген Қызылжар өнірі қазактарының төбе бійнің Сұрқасқа аты келеді. Ол бас бәйгеге ие болады. Екінші топта 272 аттың алдында сол Күзембай мырзаның Ақжамбас деген қаз мойын, апай төс, бура сан арғымағы келеді. Ақжамбас ат Семей губерниясындағы Шыңғыстау өнірін мекендейтін Тобықты Арғын елінен Күзембайға 1909 жылы жазда сыйлыққа келген ат екен. Жүйрік ат жер тандайды. Өз жерінде оза шауып, бәйге алған жүйрік басқа жерде тосырқап, көпке дейін үйрене алмайтын болса керек. Ақжамбас Семей губерниясында бас бәйге алған асқан жүйрік ат болса да, Қызылжар өніріне келгеннен бері ылғи бірдің соңында келіп, екінші бәйге алып жүріпті. Енді сол Ақжамбас ат Қозыбай асында екі жұз жетпіс бір атты байлаған бұзаудай артқа тастап, қарақышға басқа аттан жарты сағат бұрын келеді. Ақжамбас Күзембайға сыйлыққа берілгенде, жеті жасар бәйге ат екен. Құнан қунінде-ақ бас бәйге алыпты.

Бәйгеге косылған аттар 120 шақырым жерден жарысыпты. Бара жатқанда, ақырын барады. Әдетте сол белгілі жеткен жерде түнеп, ертеңіне қайтарда жарысады. Аттың көбісі болдырып, жолда тоқтап та қалатын кездері аз болмаған.

Күзембай екінші топтағы ат жарысының бас бәйгесінде ие болады. Сұрқасқа ат Күзембайдың атадан үзілмей тұқымы сақталған өз жылқысының баласы еди. Күзембай ертіп апарған Көшебе Керей Тілеужан Еленұлы (1870-1932 ж.) балуан бас балуанды жығып, бас бәйге алады. Күзембайдың екінші балуаны Базарбай Үбырайұлы (Көшебе Керей Нұржан қажының немересі) өз қарсыласын жығып, екінші балуан бәйгесінде ие болады. Күзембайдың үшінші балуаны Сибан Керейдің Шимойын руының Жайылған атасынан шықкан Қанафия әнші Тоғанасұлы да өз қарсыласын жығып, үшінші балуан бәйгесінде ие болыпты. Сөйтіп, Қозыбай асында да Күзембай Итемірұлы Барлыбаев (Қызылжар уездік начальнигіне орынбасар әрі советник болған, Күзембайдың жалғыз ұлы Үмітбай 1871-1916 жылдар арасында №1 Таузар болысында волостной управитель болған. 1916 жылы май айында болыстықтан

бас тартқан) үлкен абыройға ие болған. Құзембай өзі алған бәйгелерінен ас берген үйдің ошағына екі ат, екі нар байлаған. Астан кейін Құзембайды Бидалы Уак елі алып қалып, оны құрметті қонақ етіп нөкерлерімен қоса қатты сыйлап, еліне салтанатты түрде шығарып салыпты. Қозыбайға көп жоктау өлендер шығарылған. Бірақ ол шығармаларды білетін адамдар бұл құнде қалған жоқ. Қозыбай шешеннің өмірі жайлы деректерді семейлік Задидолла Қауменұлы (1890-1989) ақынның төмендегі өлең шумактары да растай алады.

Кіші жүзде Шектіге қүйеу екен,
Уакта Бұйдалыға жиен екен,
Қозыбай өзін солай таныстырыды
Қызылжар аймағының Керейі екен.
Бала боп нағашысы Есенғұлға,
Уакқа жас кезінен сіңген екен.
Бекетпен дос болғаны ашылып қап
Жер ауып Семей жаққа келген екен.
Сонан да шежіре жазып алған әкем
Жасынан өлең-жырға құмар әкем.

Жоғарыдағы деректерді Қозыбай асында бәйгеге жас кезінде ат қоскан Қекшетау облысының Рузаев ауданындағы Рузаев совхозының тұрғындары ағайынды Молдахмет, Мәлік Рамазанұлдарынан 1952 жылы республикаға танымал өлкетанушы Қаратай Биғожин жазып алған. Молдахмет, Мәлік Рамазан балалары белгілі аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханұлы (1811-1902) төренің туған жиендері еді. Олардың әкесі Рамазан Бесейұлы Керейдің белгілі алдыбы Балуан Шолактың төс қағысқан досы болыпты. Мәлік Рамазанұлы – белгілі классик ақындардың бірі Мағжан Жұмабаевпен Қызылжарда, Уфада медреседе, Мәуліттегі орыс мектебінде бірге оқыған кісі.

Мұқан Құлыкешұлы 1841 сиыр жылы Қекшетау облысының Рузаев ауданындағы Рузаев совхозының жерінде дүниеге келіп, сол туған жерінде ауырып, 1915 қоян жылы желтоксан айының аяғында қайтыс болған, руы – Жансары Уак, ол Қозыбай шешенге жоктау өлең шығарған

көп ақындардың бірі. Мұқан да Қызылжар, Болатынай медреселерінде оқып, жас бала кезінде діни білім алған. Ал ол бала жігіт кезінде Қекшетаудағы белгілі ғұлама Науан хазіреттен оқып, білімін толықтырған. Мұқан мен Ақан сері екеуі жолдас болып, атакты Шәрке салға, Біржан салға шәкірт атанған. Мұқан – өз тұсында сұрыпсалма әнші-ақын, композитор болған адам. Оған Қарауыл Әміре Сұлтанмұратұлы, Жансары Уақ Ғалинұр Ғалиакбарұлы ақындар шәкірт болып, одан үлгі-өнеге алған.

СЕЙІТЖАН САЛ КӨРПЕШҰЛЫ

Сейітжан сал – Сегіз серінің Көрпеш атты ағасының баласы. Кезінде Қызылжар өніріне танымал сурыпсалма ақын болды. Шығармалары сақталмаған.

Имам Сейітжан сал Көрпешұлының өзі туралы шығарған өлеңі

Кобызға қосып ән шырқап,
Мейірін жүрттың қандырған.
Имам Көрпеш баласы –
Менің атым Сейітжан.

Сейітжан сал атанаңп,
«Қанатталды» әнім жайылған.
Жаратқанның берген еншісі –
Ақылға қүшті сай қылған.

Күшке ақындық сай болып,
Өнерге жастан бай болып.
Серіктерім қатты қуанды,
Жегені ет, жент, май болып.

Қымыз ішіп желіккен
Қасыма ерді бозбала.
Көп емес алған білімім,
Оқығанмын аз ғана.

Қызылжар мен Омбыда,
Медресені тәмамдап,
Атадан жүйрік туған сон,
Қын ғой қалу шабандап.

Аузының суы құритын
Үлкен деп қазақ баласы.

Данкты шаһар бүл күнде
Қатын⁵³ патша қаласы.

Әкем Көрпеш айтқан сон
Қалма деп балам қатардан,
Малды емдеу дәріс оқыдым
Қатын патша шаһардан.

Оны шықтым тәмамдап,
Төрт жыл уақыт өткізіп.
Емші-молда болмадым,
Өнерге қолды жеткізіп.

Мерген болдым таңдаулы,
Саят құрып, аң аулап.
Балуан болдым топжарған,
Кей кезде жүрдім дау-даулап.

Алыппын деп есіріп,
Мақтанбаймын күшіме.
Жұртysma қызмет етсем де,
Толмайды көнілім ісіме.

Мақтаншақтар тап болар
Өзінен мықты адамға.
Ақыл түсер сол шакта
Кеуде керген наданға.

Халайықты кем көрген,
Еспе, әулекі адам ба?
Ұрсаң қамшы өтер ме
Арба тебер шабанға?

Сегіз – дария, мен – көлшік,
Тенеле алман ағама.
Артық қой деп таңданба
Берген оған бағама!

⁵³ Қатын патша – қазіргі Екатеринбург қаласы

Замана

(Ұзінди)

Тобылдан өтті қоштасып,
Тарылған соң заманы.
Кеп соғысып жүрсе де,
Таяр болды табаны.

Патша әскері қумалы,
Таусылған соң амалы.
Шатыр арттық қос нарға
Шығарып жолға салғалы.

Қанша батыр болса да,
Бастың қымбат аманы.
Бұркітбай қызын тапсырды,
Шыққан соң ұзап шамалы.

Оралмасам елге мен,
Баянтауға бар деді.
Ақбеттей асқан сұлуды
Рұқсат еттім, ал деді.

Қайта айналып келуім
Екіталай болар деді де,
Қош айттысты бізбенен
Бұылған салға мінді де.

Қасына ертіп Ниязды,
Атқарса да көп тойды.
Тұрмысы кенет өзгеріп,
Кіші жүзге бет қойды.

Тенбілі мол боз шұбар –
Жылқыдан таңдап мінгені.
Көкеміз соққан сұр қалқан –
Қарына арнап ілгені.

Шығышық сауыт кигені,
Емен садақ асынып.
Ұзынды-қысқа найза алды,
Қайраты кернеп тасынып.

Басына киіп дұлға,
Беліне іліп наркескен,
Соғыспақшы аянбай,
Жолықса жауы өштескен.

Салған екі қынапқа
Қанжары мен семсері,
Беліне бұған кісеннің
Оқ жағына ілгені.

Батпасын деп денеге
Ішінен киді сауыттың,
Ақ түйе жұн шапанды
Орнына балап мауыттың.

Былғары шалбар киініп,
Қосай етік аяқта.
Киімі сай Сегіздің
Барса-дағы қай жакқа.

Жуан мойын, үлкен бас,
Бойы ұзын елден ерекше.
Қайратты қысқа қара шаш,
Тұлғасы ірі бөлекше.

Денесі тіп-тік сымбатты,
Кең мандалы, отты көз.
Үйытады ел-жұртты,
Аузынан шыққан өлең сөз.

Ақ құба өнді, ат жақты,
Үлкен қырлы мұрынды.
Сақтана көз тастайды,
Жорықшыдай жырынды.

Қақтай жазық жауырын,
Әнші-күйші һәм ақын.
Елемес жағдай ауырын,
Жібермес жауға ол хақын.

Бота көзі от шашып,
Ту сыртынан өткендей.
Жайран қағар нұр жүзі,
Айырықша шабыт біткендей.

Жинақы бойы, ой сергек,
Кымылы шапшаң өзгеше.
Майданда тәсіл қолданар,
Өз қолынан келгенше!

Эпилог орнына

ҚАРАТАЙ БИФОЖИН

Достық парыз

(«Солтүстік Қазақстан» газеті 29.06.2010 ж.)

Республикамызға танымал ауыз әдебиетін зерттеуші жерлесіміз Қаратай Биғожинмен таныс-білістігім 1990 жылдан басталып еді. Бұл кезде Жамбыл аудандық «Ауыл арайы» газетінің жауапты хатшысы болып істеп жүрген кезім болатын. Жаңадан шығып жатқан газетке қайырлы болсын айтып, газетке басуға Кожаберген жыраудың өмірі мен шығармашылығы туралы макала мен семейлік ақын Зәнидолла Қауменов ақынның өлеңмен жазған Уақ руы шежіресін газетке бастыруға ала келіпті. Менің Уақ руынан екенімді білген Қарекең менің көнілімді табу үшін бұрын басылым көрмеген Уақ шежіресін әкелгенін менен жасырмады. Екеуміздің арамыздағы алғашқы танысу әңгімеміз бірден жарасып кетпеді. Өйткені, біріншіден, кісімен жақындастып кету жағы жок, «Келсең кел, келмесең қой» дегендегі өзін түйік ұстайды екен. Екіншіден, әңгіме барысында бір дерегімен келіспей қалып, «бұныңыз қалай?» деп қалсан, катты ренжіп, ашулануға дейін баратын кіді міnezі бар екен. Бірақ реніші көпке бармай тез қайтып, әңгімесін жалғастырып әкетеді.

Алғашқы әңгімеміз жарасып кетпеді десем де Қарекең арамыздағы достық жібі бірінші танысып-білісүімізден басталды деуге болады. Тезірек тіл табысымызға екеуміздің жеке куәлігіміз бойынша бір жылы туғанымыз да себеп болды. Қашанда адамдар арасындағы алғашқы кездесу есте жақсы қалатыны сияқты екеуміздің алғашқы кездесу әңгімеміз менің жадымда осы уақытка дейін берік сакталыпты. Мені Қарекеннің катты таңғалдырғаны – өнір тарихы, ауыз әдебиеті жайлы терең білімдарлығы, сирек кездесетін есте сактау кабілеті, Қазақстанның барлық облыс-

Кожаберген жырау мен Сегіз серіні тану, халыққа наси-хаттау ісіміз Қарекенмен осы жақындаудан басталды деуге болады. Қазақ тілінде шығатын «Ауыл арайы» газетінің тізгіні қолымызда болған соң Қожаберген жырау мен Сегіз серіні елге таныстыру үшін олардың колда бар шығармаларын және зерттеу мақалаларын газетке бастырды.

Жамбыл аудандық партия комитетінің ен соңғы бірінші хатшысы және осы ауданның бірінші әкімі болған Шаймұрат Смағұлов ұлтжанды және әдебиет пен мәдениетке жақын адам еді. Қаратай екеуміз Шаймұрат Смағұлұлының лауазымды қызметін пайдаланып, республикалық газет-жорналдарға осы кісінің атынан Қожаберген жырау туралы зерттеу мақалаларымызды жариялаттық. Шакенің Қожаберген жырауды тану ісіне қосқан үлесі аз болған жок. 1994 жылы Гүлтөбе жеріндегі Толыбай қорымында ескерткіш орнатып, бүкіл облыс жұртшылығына сауын айтып ас бергізген де Шәкен екенін айтпай кету бұл кісінің рухына жасалған қиянат болар еді. Сол уақытта Қожаберген жырауды ұлықтау істеріне араласқан ауданда басшы қызмет атқарып жүрген Тобыл Мырзабаев, Таңат Сүгірбаев, Дәстен Баймұқанов, аудандық кітапхананың директоры Дикан Сүгірбаевалар болды. Бұл істеріміздің бәрі Қаратайдың ықпалымен, одан алынған деректермен іске асып жатты.

Қаратайдың зейін коя, түбегейлі зерттеген ісінің бірі Сегіз серінің өмірі мен шығармашылығы екені белгілі. Бірақ, ел ішінен тірнектеп жүріп жинаған дуниесін кітап қылып шығаруға қолының қысқалығы байлау болды және өзінің бабасы жайлы мадактап жазуды ынғайсыз көрсе керек. Сегіз сері жайлы жинаған деректерін жазушы Нәбиден Эбуталиевке және филология ғылыминың кандидаты Төлеш Сүлейменовке береді. Нәбиден Эбуталиев біздің өнірге келіп тағы басқа Сегіз сері жайлы деректер жинап, 1991 жылы «Сегіз сері» атты тарихи-танымдық кітап шығарды. Төлеш Сүлейменов те осы жылы «Сегіз сері» атты кітап шығарды. Бір қызығы, екеуі де бір тақырыпка бір уақытта кітап жазып жатқандары туралы бір-бірімен хабарсыз болған. Екі жазушыға дерек беруші бір адам болғандықтан, бірін-бірі

қайталаушылық болғанмен, екі кітап та Сегіз сері жайлар жазылған бірден-бір көлемді ғұмырнамалық туынды болды. Кітаптардағы деректер мен баяндалған оқиғалар қызықты, женіл оқылады. Бұл кітаптарда Сегіз сері еңбектерінің өзінікі екендігіне дәлел ретінде біршама айғақтарды көлденең тартса да ақын шығармашылығына, тіпті оның өмірде болғаны туралы құдіктенушілер болды. Сөйтіп, республикалық басылымдарда Сегіз серіні зерттеушілер мен карсы топтың айтысы болғанын, зерттеушілер жағынан айтыс туын Қаратай ұстағанын көпшілік жақсы біледі.

Қаратай 2001 жылы денсаулығы нашарлай бастағасын ел арапап ауыз әдебиетін жинастыруды қойып, елге оралды. Қалада Балта атты немере інісінің үйінде тұрды. Жамбыл ауданының орталығы болған Благовещенкада басталған достық қарым-қатынасымыз қайта жалғасып кетті. Екеуміз ақылдаса келе Қожаберген жырау шығармаларының бір томдығын, Сегіз сері шығармаларының екі томдығын шығаруды жоспарлап, іске кірісіп кеттік. Жинақтарды дайындағанмен, баспахана шығынын төлейтін қаражатқа тірелгенде қыындық көрдік. Ол кезде кәсіпкерлер де әлі шыға қоймаған, заманның тарылып, кедейшіліктің кернеп тұрған уақыты еді.

Сол уақытта облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы болып істейтін Қосыл Абдрахманұлы екеуміз Қаратайды алып, облыс әкімінің әлеуметтік істер бойынша орынбасары Қуат Есімхановтың қабылдауында болып, Қаратайдың барлық жағдайын баянdap бердік. Кабинетінде болған бір сағаттың ішінде телефонмен пәтер мәселесін шешіп, жинақтарды шығаруға қаржы тауып бермек болды. Осылайша, Қожаберген жыраудың бір томдығы мен Сегіз серінің екі томдығы Қуат Есімханұлының көмегімен жарыққа шықты. Бұл жинақтарды шығаруға зан университетінің ректоры Аманжол Күзембаевтың еңбегі көп болды. Аманжол Күзембаев кейін Сегіз сері шығармалары жинағының бір томдығын қайтадан шығарды.

Осы жинақтарды шығару барысындағы Қаратайдың бір мінезін айта кетейін. Кітаптардың титулдық бетін тол-

тырғанда «Жинақты құрастырушылар: К.Биғожин, С. Жұмабаев» деп жазып едім:

— Жоқ, мені құрастыруши деп жазба, өйткені, батыстын, кейбір алматылық әдебиетшімін деп жүргендер мениң Қожаберген жырау, Сегіз сері туралы жазғандарыма құдіктене қарап жүр. Құрастырушыға өзінді ғана жаз, — деді. Мен бұл өтінішін амалсыздан қабыл алдым, өйткені Қожаберген жырау мен Сегіз сері жайлы деректердің қоймасы Қаратай екенін жұртшылық жақсы біледі. Ақыры құдіктенгенім бекер болмады, Қаратай еңбегін өз атына пайдаланды деп тұра атпаса да, сөз құйрығын тигізіп газетке жазғандар да болды.

2007 жылы сол кездеңі облыстық соттың төрағасы Бекет Тұрғараевтың қолдауымен Қожаберген жырау шығармаларының жинағын қайтадан өндеп, академик Манаш Қозыбаевтың «Дауылпаз баба – Қожаберген» атты еңбегін кіріспе етіп қайтадан шығардық. Осы кітап шыққаннан кейін Қаратайды Бекет Тұрғараіұлымен таныстырдық. Қаратайдың білімдарлығына, таланттына риза болды. Қосыл Абдрахманұлы үшеуміз кабинетінде суретке түстік. Қысқы соғымның кезі еді, Бекет Тұрғараіұлы мені шақырып алып: «Бір жылғы соғымының құнын берейін, Қарекене көмегім болсын» деп, 150 мың теңге акшаны Айымжанда тұратын Қаратайға жеткізіп беруімді өтінді. Кейін Қаратайдың дүниеден өткенін естірте барғанымда, өзінің жұмыстан шыға алмайтынын айтып, менің жасаған батам болсын деп 70 мың теңге акша беріп жіберіп еді.

Енді, міне, Бекет Тұрғараіұлы төрағалық ететін «Жеті жарғы» және Қожаберген жырау» қайырымдылық қоры марқұмның берілгелі жатқан ас шығының толық төлеуге шешім шығарды. «Жақсының жақсылығын айт, нұры толсын» дегендей, менің ынғайсыз болса да ақшаның есебін айтып жатқаным, ешқандай туыстығы, іліктестігі, тіпті жолдастығы жок адамдар арасындағы бүндай көмекті екінің бірі жасай алмаса керек. Бұл – үлкен жүректі адамдардың қолынан ғана келетін іс.

Қаратай туралы сөз қозғағанда жоғарыда аталған Аманжол Қүзембаевтың да қайырымдылық көмегін айтпай кетуге

болмайды. Аманжол ініміз Қожаберген жырау, Сегіз сері жинақтарын шығаруға көмектесуімен катар, Қаратайдың тұрмыс-тіршілігіне де қарайласып жүрді. Жер алшақтығына қарамай, қайтыс болғасын да жаназасына, баталарына Костанай қаласынан арнайы келіп, бата жолын жасап жүр.

Сөз орайы келгенде айта кету керек, «Ауыл арайы» газетінің тілшісі Тілеген Жетеев соңғы кезде Қаратайдың көпшілік біле бермейтін қазак ауыз әдебиетіне сіңірген еңбегін, ерекше таланттын, шежірешілік пен зерттеушілігі туралы көлемді макалалар жазып, марқұмның рухын аскактатты.

Міне, зымырап өтіп жаткан күндер Қаратайдың өмірден өткеніне бір жылды толтырып отыр. Содан бері мен өзімді дүниеден өткен Қаратай Қожаберген жырау, Сегіз сері бабалары шығармаларын корғауды, насхаттауды және ұлықтауды маған аманат етіп кеткендей сезінемін.

Сондыктан Қожаберген жырау қорын құру, кіндігінің каны тамған жері Преснов селосының орталық алаңына мүсінін орнату, осындағы қазак мектебіне атын беріп, мұражайын ашу істеріне мұрындық болмасам да, себепші болғанымды, осындаі істерге жегіліп жүргенімді бір жағынан Қаратай рухы алдындағы достық парызым деп білемін. Өйткені бұл істер Қаратайдың арманы болатын.

Осы естелігімді жазуды аяқтап жатқанымда Бекет Тұрғарайұлы телефон шалып, қаламыздағы әскери институтка Қожаберген жыраудың атын беру туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне өтініш жазу керек екенин хабарлады. Құдай қаласа, бұл іс те қолға алынбақшы. Ісімізге сәттілік тілейміз.

Социал Жұмабаев

МАЗМУНЫ

Кіріспе	3
Өнерпаздар әuletі	7
Қожаберген жырау	17
Дәстем сал	37
Есет батыр Қожабергенұлы	58
Жанкісі жырау	59
Шақшак батыр Көшекұлы	91
Сартай батыр	96
Салғара Жанкісіұлы	99
Аруактармен айтыспайық	144
Сексеннің мұны	154
Баһрам Шакшакұлы	159
Сапарғали Куанышұлы	212
Сегіз сері	213
Мұстафа ақын Сегіз сері ұлы	232
Мұсайын ақын Сегіз сері ұлы	237
Қозыбай шешен	317
Сейітжан сал Көрпешұлы	340
Каратай Биғожин	345
(Достық парыз)	345

Социал ЖҰМАБАЕВ

ӨНЕРПАЗДАР ӘУЛЕТИ

Редакторы *Сәрүар Қасым*

Техникалық редакторы *Әльмира Заманбек*

Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқапов*

Корректоры *Шолпан Оразбаева*

Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

Компьютерде терген *Нұржамал Бәйтенова*

Басуға 20.09.12 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{16}$. Қазақ оффсеттік. Оффсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 13,4.
Тапсырыс №116. Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13
«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13